

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

АСТАНА
2004

«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Асқаров Ә.А., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қасқабасов С.А.
Қойгелдиев М.Қ.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.
Нұрпейісов Ә.К.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫҚ

Хикаялық дастандар



FOLIANT

ББК 82.3 (2 қаз)
Б12

«Мәдени Мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:
Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б., Тұрғанбаев А.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:
Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Қасқабасов С., Нарымбетов Ә.,
Рақышева Ж. (*жауапты шығарушы*)

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған:
Әзібаева Бақытжан, *филология ғылымдарының докторы*

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2004.
Т. 2: Хикаялық дастандар. — 2004. — 352 бет, суретті.

ISBN 9965-619-62-X

«Бабалар сөзі» сериясының екінші томына «Шаһмаран» атты хикаялық дастан енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05)-04}$ ББК 82.3 (2 қаз)

ISBN 9965-619-62-X (т. 2)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2004
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2004

ҚҰРАСТЫРУШЫДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

«Бабалар сөзі» сериясы — ғылыми басылым. Бұл серияның негізгі принципі — шығарманың табылған нұсқаларын жүйелеп, өзара салыстыра зерттеп, оның сюжеті мен жанрлық белгілері туралы толық көрініс беретін мәтінді оқырманға ұсыну. Керек болған жағдайда бірнеше варианттары жарияланады.

Әрбір том ғылыми қосымшалармен толығып отырады. Ғылыми қосымшалар томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелерді және олардың табылған варианттары жөнінде мәліметтерді қамтиды. Сондай-ақ бұған сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастанның жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кіреді.

«Бабалар сөзі» сериясының оқырман жұртшылыққа ұсынылып отырған екінші томы жарық көрген бірінші томы секілді хикаялық дастандарға арналған.

Бұл томға хикаялық мазмұндағы 9194 жолдан тұратын «Шаһмаран» дастаны еніп отыр.

«Шаһмаран» — көп қабатты, көп тақырыпты, сюжеті шытырман шығарма. Оның негізгі идеясы — жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды дәріптеу, жоғары адами қасиеттерді насихаттау, үндеу.

Шығармада көне дәуірлерде қалыптасқан тотемдік түсініктерге негізделген архаикалық мифтер, қиял-ғажайып ертегілер мен дастандық эпостың көптеген мотивтері мен сюжеттері, Құран Кәрім хикаяттары және шығыстық аңыз, әңгімелер кең көрініс тапқан. Жыршы оларды мазмұнына сәйкес шығарманың негізгі идеясын жүзеге асыру мақсатымен пайдаланып отырады.

«Шаһмаранда» ортағасырлық дүниетанымдық көзқарастар уағыздалады. Бірақ та олар жалаң ақиқат түрінде емес, шығыс халықтары әдебиеті мен фольклоры тұрғысынан, онда қалыптасқан көркем бейнелер арқылы және жалпы алғанда хикаялық [новеллалық] рухта талданып түсіндіріледі.

Томды дайындау барысында XX ғасырдың басында араб әрпінде басылып шыққан мәтіндерді дұрыс тану үшін оларға мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекске сәйкес түзетіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер жақшаға алынып берілді.

Томға еніп отырған шығарманың тілі мен сөз саптау мәнері дастандық эпостың кітаби үлгілеріне тән. Мұнда араб, парсы сөздері жиі кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікте топтастырылды. Сонымен бірге «Шаһмаран» дастанында көне түркілік формалар сақталғанын айтып кеткен абзал. Мысалы, тірлік сөзі көне тіріклік түрінде, илану сөзі көне инану түрінде берілген; деу етістігінің бірнеше ескі формалары сақталған: дейе, дейүр, дерділер, дейділер, дейе-дүр, дейүп, т.б.; «мен» тұлғалы шылау «бірлән», «илә», «илән» түрінде жиі қолданылған; етістік, сын есім тұлғалы сөздер «дүр» тұлғасында жиі кездеседі: аян-дүр, бар-дүр, т.б.; сондай-ақ басқа да көне формалар сақталған: мысалы, айт-сәна, андан соңыра, андан соң, жақындағаш, менім, т.б. Олар еш өзгертусіз берілді. Демек, түпнұсқаның сөз қолданысы толық сақталынды.

1909 жылы Қазан қаласында кітап болып шыққан «Шаһмаран» мәтіні араб әрпімен жазылған түпнұсқадан еш өзгеріссіз дайындалып, кирилл әрпінде бірінші рет оқырманға ұсынылып отыр.

Томның көлемі — 22 б.т.



МӘТІНДЕР



شاهمران

Шаһмаран*

Әуел баста жазайын Құдай атын,
Есім, затын тағы да әм сипатын.
Андан соңыра тағы да жазамын мен
Мұхаммед пайғамбардың салтанатын.

Көріңдер құдіретін Хақ Қадірді,
Құдіретімен жаратты көк пен жерді.
Жүз жиырма төрт мың пайғамбардан
Артық қылды Мұхаммед пайғамбарды.

Ол ғазиз пайғамбардың шариф атын
Естігенде айтыңыз салауатын.
Қиямет күн болғанда баршамызға
Хақ Көрім нәсіп етсін шапағатын.

Сүннетін Расулдың тұтыңыздар,
Шапағаттан үмітті етіңіздер.
«Аллаһуммә, салла әлә Мұхаммед
Уа әләйһиссалам», — деп айтыңыздар.

Енді мақсұт сөзіме келейін мен,
Жәрдем қыл деп Құдайдан тілейін мен.
Тыңдауға көңілі болған адамдарға
Шаһмаранның қиссасын сөйлейін мен.

Адамның ойы ұзын, ғұмыры қысқа,
Қысқалықта жазылды үшбу қисса.

---

* Шаһмаран, шаһимаран [п]—[маран — жылан]— жыландар патшасы. Оның аты — Имлиха. Бірақ мәтінде оның титулы кейіпкердің есімі ретінде қолданылған.

«Қисса жазып ғұмырың өткіздің» деп,
Иә, Рабби, қиямет күн мені қыспа.

Мұны жаздым жүректер солған үшін,
Қайғы-уайым көңілге толған үшін.
Бұ қиссаның ішінде һәр орында,
Расулдың шариф есімі болған үшін.

Бұрынғы өткен жамағат, бір заманда,
Пасықтар бек көп болған бұ жаһанда.
Адине дер бір шаһар болар екен
Даниал пайғамбардың заманында.

Бір шаһар болған екен Адине дер,
Адамдары болыпты бәрі кәпір.
Хақ Тағала Даниалды жіберіпті:
«Дағуат қылып оларды дінге шақыр».

Даниал жүріп анларға барған екен,
Хақ хабарын оларға салған екен.
Бағзылары мұсылман болып оның,
Бағзылары кәпірлікте қалған екен.

Ол Даниал сондайын пайғамбар-ды,
Ғылым-хикмет Құдайым оған берді.
Кітап ашып жұлдызбен қарап тұрған,
Рәмил ғылымын тағы да білүр ерді.

Құдайым көп ғылымдық оған берген,
Кітабын ашып қарап, бір күн көрген,
Қиямет күнге шақты өлмейтұғын
Ажал шөбі бар екен, оны білген.

Даниал кітабынан қарар еді,
Керегін, бәрін біліп алар еді.
Ол шаһардың алдында, бір жағында
Жейхун деген бір дария ағар еді.

Даниал кітапқа бағар еді,
Іздегенін, бәрін де табар еді.
Ол дарияны көпірден өткеннен соң,
Ар жағында бір үлкен тау бар еді.

Ол Даниал пайғамбар бір күн тұрды,
Кітаптарын тексеріп қарап көрді.
«Ажал дәруі болатұғын шөп бар екен», —
Деп ол халайыққа хабар берді.

Даниал енді кітабын қолына алып,
«Тауға таман жүрем», — деп құмарланып.
«Ажал шөбін іздерге барамын», — деп,
Жейхунның көпіріне келді қалып.

Келіп қалды Даниал ол көпірге,
Кітаптарын өзімен алып бірге.
Хақ Тағала сол уақыт бұйрық қылды:
«Жылдам барып жетіс», — деп Жәбірейілге.

— Тез енді, — Жәбірейілге бұйырды Хақ, —
Даниал келе жатыр, көпірге бақ.
Қағаздары шашылып суға түссін,
Жылдам енді сен оның кітабын қақ.

Жылдам жетіс, көпірден жүрмес бұрын,
Таулардың арасына кірмес бұрын.
«Ажалға ем болатұғын шөп таптым», — деп,
Халайыққа хабарды бермес бұрын.

Тез жетпесең өтіп ол барар, — деді,
Тауға барып ол шөпті табар, — деді.
Өзі біліп тағы да жай тұрмас ол,
Жұртқа айтып бүлікті салар, — деді.

Даниал енді көпірге кіріп алды,
Ортасына көпірдің жетіп барды.
Адамның суретінде өзін қылып,
Жәбірейіл періште келіп қалды.

Жәбірейіл періште: — Әй, адам, — деді,
Барарсыңыз қай жаққа таман, — деді.
Біразырақ тоқта бірақ, тұра тұршы,
Сұрайтұғын сөзім бар саған, — деді.

Құдайдың жарлығымен келдім өзім,
Сұрайтұғын бар еді саған сөзім.
Көтеріп қолыңызға кітап алып,
Қайсы жаққа барасың сенің өзің?

— Атым — Даниал, шаһардан келдім, — дейді,
Бір күн қарап кітаптан көрдім, — дейді.
Ажалға ем болатұғын шөп бар екен,
Соны іздеп тауларға жүрдім, — дейді.

Ұзын ғұмыр — адамның досы, — дейді,
Малда болса көңлінің хошы, — дейді.
Сол шөпті іздеп тауып аламын, — деп,
Тауға бара жатқаным осы, — дейді.

— Бұл ойлаған ойыңыз сіздің бекер,
Дүниеге келген адам бәрі кетер.
Дүниеде бақи болып тұрмақ үшін
Жаратқан жоқ адамды Пәруардигар!

Боларсың өзің пәни, дүние пәни,
Бақи болған дүниеде адам кәні?!
Дүниенің тіріклігі бәрі мехнат,
Әуре болып іздеме бекер аны.

Тағдыр еткен адамның ғұмыры Құдай,
Ризықтарын жазыпты соған қарай.
Ризығы бітіп адамның, ғұмыры қалса,
Болады тірікліктің жөні қалай.

Бұл ойың шариғаттан теріс, — дейді,
Бұл жүрісің бір жаман жүріс, — дейді.
Ризығы бітіп, адамның ғұмыры қалса,
Тіріклігі бола ма дұрыс, — дейді.

Ризықтың артпағанын өзің білдің,
Ажалдың шөбін іздеп неге келдің?
Ғылым-хикмет білуің артық екен,
Андан басқа, тағы да бар ма ғылымың?

–Ажал шөбі бар екен, оны білдім,
«Іздеймін» деп кітабымнан соған келдім.
Андан басқа тағы да білемін мен
Тәжірибемен қарайтын рәмил ғылымын.

–Әй, Даниал, маған жауап берші, — дейді,
Ашып қарап, кітабың көрші, — дейді.
Жәбірейіл періште осы күнде
Қай мекенде екенін білші, — дейді.

Даниал енді кітабын ашып көрді,
Барша жерден іздеді Жәбірейілді.
— Жәбірейіл періште жерде емес,
Көкте жоқ екен, — деп жауап берді.

— Әй, Даниал, бұл сөзің не деген сөз,
Мақлұқ болған болар ма һеш мекенсіз.
Көктен, жерден шығып ол қайда кетсін,
Жақсылап қарап оны, айтыңыз сіз.

Есіткен соң Даниал бұған састы,
Қағаздарын қарауға тағы да асты.
Барша жерін қыдырып іздеп-іздеп,
Жәбірейілді табуға жақындасты.

Сол жерде жауап берді Жәбірейілге:
— Іздедім Жәбірейілді көк пен жерде,
Жер менен көк арасы, су үстінде
Мұғаллақ тұрған көрдім бір көпірде.

— Даниал, тағы бір қарап бақшы, — дейді,
Дәл оның тұрған жерін тапшы, — дейді.
Қай суда, қай көпірде болар екен,
Анықтап қара бірақ, айтшы, — дейді.

Даниал тағы кітабына салды көзін,
Қасында Жәбірейілдің білді өзін.
— Япырым-ай, енді маған шыныңды айт,
Жәбірейіл болармысың сенің өзің?

— Бәрәк Алла, Даниал, жақсы білдің,
Жаһанда артық екен сенің ғылымың.
Адамның суретінде болып өзім
Құданың әмірімен саған келдім.

Жәбірейіл тахсин қылды: — Бәрәк Алла,
Сендей ғалым болмас-ты бұл жаһанда.
Арқасынан сипаған болып оның,
Тірсегіні итерді сол заманда.

— Даниал, ғалымдығың сенің күшті,
Адам ұғылы білмес-ті мұндай істі.
Тірсегін итергенде қолындағы
Қағаздары шашылып суға түсті.

Суға түсіпті шашылып қағаздары,
Тереңге қарай ақты баршалары.
Ажал дәруі қағазы суға кеткен,
Тереңге қарай ақты баршалары.

Енді болды Даниалдың есі хараб,
Қағаздары қолынан кетті тарап.
Жәбірейіл періштеге не сөз айтсын,
Қайран болып бетіне қалды қарап.

Даниал айтұр жуастық білән ғана:
— Кітаптарым түсірдің менім неге,
Маған жапа болды ғой, бұл қылғаның, —
Деді, — [неге] қағылдың тірсегіме?

— Әй, Даниал, ақылыңмен ойлап қара,
Өлімнен құтылмаққа жоқ-дүр шара.
Баршалары өлімді татқышы-дүр
Жаратылған мақлұқат ғаламара.

Бақилықты іздеме дүнияатта,
Иманменен бақи бол ахиратта.
Ирадасы Құдайдың осы, — деп,
Ғайып болды Жәбірейіл сол сағатта.

Даниал енді Адине келді дейді,
Өлімге шара жоғын білді дейді.
Суға түспей қалған ол қолындағы
Қағаздарын тексеріп көрді дейді.

Қағаздарын тексеріп қарап көрді,
Керек қағаз кеткенін енді білді.
Бір Құдайдың бұйрығы сол екен деп,
Қалғаныменен үйіне қайтып келді.

Қалған кітап қағазын алған екен,
Қайтып жүріп үйіне барған екен.
Дүниеде ғылым-хикмет қанша болса,
Баршасы сол кітаптан қалған екен.

Түскен қағаз бір жайменен ағып кетті,
Ол жайдың барған жері егіндік-ті.
Егінді суғаратын сай екен ол,
Сонымен егіндікке келіп жетті.

Саймен ағып қағаздар жүріп келді,
Құдай хүкімі егінге бұрып келді.
Сол жердегі егіндік арпа екен,
Арпаның арасына кіріп келді.

Арпа жиың, мүлкіңде арпа болса,
Тиышты ғой, арпадан пайда көрсе,
Соның үшін төбиптер ауруларға
Арпа суын ішкізер қайда болса.

Сатпаққа қимат болар бидай басы,
Жемекке жақсы болар арпа асы.
Пайғамбарлар арпаны же дейді екен,
Болған үшін біз[дер]ге [зор] пайдасы.

Арпаңды сен алыстан келсең тартып,
Маған берші, алайын өзім артып.
Бидай жеген адамнан арпа жеген
Адамда болады дейді қуат артық.

Мұны қылдым насихат саған, әй, дос,
Арпа тауып аз ғана бидайға қос.
Асыңда берекесі болар сенің,
Сауаптан да тағы да қалмассың бос.

Фахредин, арпаның шарафатын
Айттың, оның сауабын, берекетін.
Ендіден соң арпаны қоя тұрып,
Айтып тауыс Даниалдың хикаятын.

Мұның білән бірқатар заман өтті,
Даниал енді үйінде ажал күтті.
Күнде бір күн Даниал ауырып қалып,
Қатынына айтады өсиетіні.

— Құдай маған білдірді, білемін мен,
Саған соны өсиет қылармын мен.
Мағлұм болды, ажалдың уақыты жетті,
Ықтият бол сен енді, өлермін мен.

Әй, халалым, өсиет есіт менен,
Мен өлген соң бір бала туар сенен.
Ғылым-хикмет ішінде ғалым болар,
Оны тағриф қылармын инсі-жындан.

Аманат ғылым-хикмет кітаптарым,
Бір сандыққа қойғайсың аның бәрін.
Ойына алып дұғалар қылу үшін
Балаға болсын менің жәдігерім.

Бір сандыққа қойғайсың бекітіп алып,
Жоғалмасын қағаздар түсіп қалып.
«Кәне, атам кітабы?» — деп сұрағанда,
Ол сандықтан бергейсің өзің алып.

Бірнеше түн Даниал тұрды аман,
Біраздан соң науқасы болды жаман.
Құданың рахматына уәсил болды,
Кетіп қалды Даниал бұ дүниеден.

Даниал өлді, қатыны отырды енді,
Қайғыменен көңілін толтырды енді.
Тоғыз ай, он күн тамам өткеннен соң,
Бір ер бала дүниеге келтірді енді.

Толтырған соң тоғыз ай күн медетін,
Бір еркек бала тапты ғаріп қатын.
Қуанысып тойын қылып ол баланың,
«Жамсыб» деп қойдылар оның атын.

Анасы ол баланы жақсы күтіп,
Асырап, сақтап өстірді, тәрбие етіп.
Анасы тәрбиесінде Жамсыб бала
Жақындап алты жасқа келді жетіп.

Ол Жамсыб жеті жасқа келді дейді,
Анасы оқытуға берді дейді.
Алты жылдай оқып ол молдалардан,
Жалғыз әріп біле алмай жүрді дейді.

Жамсыб бала heш нәрсе біле алмады,
Сабаққа бір де тілі келе алмады,
Алты жылдай үйреніп жүріп еді,
Жалғыз ауыз сөзін де біле алмады.

Келіп қалды ол бала он үш жасқа,
Алты жылдай таяқты жеді басқа.
Тым болмаса бір өнер білсе екен деп,
Берділер бір өнерлі өнерпазға.

Жамсыб байғұс heш нәрсе біле алған жоқ.
Өнерден хасил қыла алған жоқ.
Қандай кәсіп, өнерші үйретсе де,
Һешбір кәсіп үйреніп біле алған жоқ.

Ол анасы бейшара қапаланып,
Шағырады Жамсыбқа ашуланып:
«Ұрсам мұны һеш нәрсе болар ма», — деп,
Ұра берді басына таяқ салып.

Енді күні Жамсыбтың қараң болды,
Аңқаулығы күшейді, надан болды.
Ашуланып, өткізіп ұрғаннан соң,
Бұрынғыдан зияда жаман болды.

«Істеймін» деп бір істі алар еді,
Ұстап оны алдына салар еді.
Ұстаған нәрселері не болса да
Қолдарына жабысып қалар еді.

Һеш немәрсе білмеді Жамсыб бала,
Қайран қалды бұл іске ғаріп ана.
Уақыт жетпей һеш нәрсе бола алған жоқ,
Құдайдың құдіретіне қара-сәна.

Қайран қалды балаға ғаріп қатын,
Көрген соң баласының кепиетін.
Бір қапасы болып зар жылайды,
Көрген соң қолындағы жұрағатын.

— Әй, балам, әдіпсін адам бола алмадың,
Адамдай жұмысты қыла алмадың.
Неше түрлі кәсіпке салып едім,
Біреуін де үйреніп біле алмадың.

Зар қылады анасы ғаріп қатын:
— Дүниеге келген адам қимылдайтын,
Тым болмаса бір-екі көлікпенен,
Жүріп барып таулардан ап кел отын.

Екі көлік берейін сатып алып,
Отын ап кел сонымен таудан барып.
Базарға апарып, отын сатып,
Сонымменен тұрайық жыл аударып.

Сатып алып базардан екі есекті,
Екі көлік арбаға есек жекті.
Есек жеккен адамдармен жүріп бірге,
Жамсыб дағы еріп тауға кетті.

Жамсыб ол жолдастарымен тауға кірді,
Тау ішінде олармен отын терді.
Екі көлік арбаға отын салып,
Алып келіп базарға сатып жүрді.

Отыншылар баршасы тауға келді,
Бәрі бірге жиылып отын терді.
Баршалары базарға алып барып,
Сатып жүріп, бірқатар пайда көрді.

Отыннан көп пайданы етті бұлар,
Есектерін тағы да жекті бұлар,
«Пайда бәрі отында екен ғой», — деп,
Баршалары ол тауға кетті бұлар.

«Бар екен ғой отыннан бізге пайда,
Пайда қылған жақсы ғой осындайда»,
Бара жатқан шағында тауға қарай
Алдарынан бір бұлт болды пайда.

Қатты жауын алдынан болды пайда,
Шағырастылар есектерін «айда-айда».
«Жауғанша тау қуысына барып жетсек,
Бір пана болар еді терең сайда».

Есектерін таяқтап ұрды бұлар,
Мәзкүр таудың қуысына кірді бұлар.
Тереңірек сайдың ішінде тау қуысында
Тастардың панасында тұрды олар.

Айтамын жазғанымды сізге оқып,
Көңліңізге алсаңыз жақсы тоқып.
Жамсыб ол қолындағы таяғымен
Еріккен соң отырды жерді шұқып.

Ол шұқырдың ішінде Жамсыб пақыр,
Жолдастардан оңаша, бөлек отыр.
Есектерін айдайтын таяғымен
Еріккен соң қазынып жерді шұқыр.

Қазынғылап ол жердің бетін ашты,
Топырақтарын ақтарып шетке шашты.
Топырағын тастаған соң көрді Жамсыб
Астында балқып жатқан мәрмәр тасты.

Қиматты тас екенін Жамсыб білді,
Жолдастарға дауыстап хабар берді.
«Бір тас шықты, көріңіз» дегеннен соң,
[Жолдастарының баршасы келіп көрді]*.

— Әй, жолдастар, бұ тасты алайық біз,
Шығара алсақ шығарып бағайық біз.
Ғажайып, хикмет бұ қандай тас екен-дүр,
Жақсылап байқап оны қарайық біз.

Баршалары ол тасты қопардылар,
Қарасалар, астында бір құдық бар.
Құдықтың іші бәрі балға толған,
Көргеннен соң ғажапқа қалды бұлар.

— Міне қызық, жігіттер, міне қызық,
Балға толған бұ жерде неткен құдық.
«Жеп көрейін» деселер бәрі қорқып,
Баршалары Жамсыбқа қылды құлық.

— Әй, Жамсыб, осы жерде жатқан сенсің,
Тасты қазып, құдықты тапқан сенсің.
Мұны татып қарауға саған тиіс,
Осы күнде дәулетке батқан сенсің.

Бал секілді көрінер көрер көзге,
Болмасын басқа нәрсе балдан өзге.

* 1909 жылғы басылымда түсіп қалған бұл жол 1913 жылғы басылымнан алынды.

Жамсыб мұны аузыңа салып көрші,
Бал болса, Құдай берді мұны бізге.

Жамсыб көрді құдықтан балды татып,
Олар тұрды көздерін жарқыратып.
«Құдайдың бізге берген бағы шығар,
Бай болайық баршамыз мұны сатып.

Енді біздер отынға қарамайық,
Ыдыс керек біздерге балға лайық.
Арамыздан жіберіп біреумізді,
Бал салуға ыдыстар алдырайық.

Біреуіміз шаһарға барып келсін,
Ақшамызды базарға салып келсін.
Бәріміз де берейік ақша соған,
Бал салуға ыдыстар алып келсін.

Бұл қызметті Құдайдан білейік біз,
Жәрдем қыл деп Құдайдан тілейік біз.
Осы балдың бәрін де сатқаннан соң,
Ақшасыны тең қылып бөлейік біз».

Біреуіне жиысып ақша берді,
Ақшаменен базарға барып келді.
Ьәрқайсының жіберген ақшасына
Базардан көп ыдыстар алып келді.

«Бисмилла» деп бастады бұлар балды,
Тағы балға құдыққа қайтып барды.
Қайта-қайта апарып сата беріп,
Енді бұлар қисапсыз ақшаланды.

Балды бұлар күн сайын алды дейді,
Ала бергеш тереңге барды дейді.
Көп кісі көп көліктен алғаннан соң,
Таусылуға жақындап қалды дейді.

Арқан салып, шелекпен алысады,
Көліктері толғанша салысады.
Балды алу қиынға барғаннан соң,
Тағы бұлар Жамсыбқа жабысады.

— Әй, Жамсыб, осы жерде жатқан едің,
Жерді қазып бұ жерді тапқан едің.
Біз қорқысып тата алмай тұрған шақта,
Бізден бұрын ол балды татқан едің.

Тағы сенен бір тілек біз тілейік,
Тағы сенен жақсылық біз көрейік.
Енді сенің беліңе арқан тағып,
Бұ құдықтың түбіне ендірейік.

Тұрма, Жамсыб, сен енді қапаланып,
Құдықтан қалған балдың бәрін алып
Болғаннан соң, өзіңді аяғында
Шығарамыз құдықтан арқан салып.

Ендірейік құдыққа сені, — депті,
Түскеннен соң берерміз шелек, жіпті.
Сен толтырып берерсің, біздер қарсы
Алармыз, — деп ғаріпті көндіріпті.

Бұлардың сөздеріне көнді дейді,
Белін байлап арқанға мінді дейді.
Ол иттердің иттігін қайдан білсін,
Ол құдықтың түбіне енді дейді.

Бұлар салды шелек пен арқандарын,
«Аламыз» деп құдықта қалған балын.
Жамсыб енді неше күн азаптанып,
Тауысты құдықтағы балдың барын.

Жамсыб берді шелекті, олар алды,
Тауыстылар құдықта тамам балды.
— Жарандар, бал таусылды, енді мені
Алың, — деп дауыстап айқай салды.

Жолдастары ойлайды жаман істі,
Жамандық ойларына келіп түсті.
Ақылдасты бірігіп баршалары
Құдықта қалдыруға ол байғұсты.

— Жамсыб қой осы балды тапқан ілік,
Шығармайық, құдықта қалсын өліп.
Шығарсақ, ол ақшаның жарымыны
Алайын, — деп дауласып салар бүлік.

Әй, жамағат, тыңдаңыз мына гәпті,
Жақсылыққа жамандық бұлар етті.
Жамағат, бұ дүниеге алданбаңыз,
Нешелердің түбіне дүние жетті.

— Жамсыб енді құдықта қалсын, — деді,
Сонда өліп Құдайға барсын, — деді.
Мықты болса, құдықтан шығып келіп,
Малын бізден дауласып алсын, — деді.

Бастылар енді бұлар шайтан ізін,
Иттифақ болып бір жерге қойды сөзін.
Ол құдықтың аузын бекітіп тастап,
Қараңғыда қалдырды жалғыз өзін.

Енді Жамсыб құдықта жалғыз қалып,
Шақырады бұларға айқай салып:
— Иә, пәленің баласы, пәлен ұғлы,
Шығарыңыз арқанмен тартып алып.

Һешбір дауыс болмады жолдастардан,
Жақсы ойды ойлайды Жамсыб һаман.
«Көліктерден егесіп жүрген-дүр», — деп,
Үндемей күтіп тұрды бек көп заман.

Дауыстамай бұларға бек көп күтті,
Күте-күте бірқатар заман өтті.
Һеш дауыс болмаған соң, Жамсыб байғұс
Енді білді: жамандық бұлар етті.

Бекітіп алып құдықты, бұлар кетті,
Жамсыб білді: Құдайдан қаза жетті.
Тамам енді бұлардан үміт үзіп,
Дұға қылып, Құдайға зарлық етті.

Жамсыбтың есектерін ұстап алып,
«Қайтеміз мұны» деп, ой ойланып.
Мүлде сатып біреуін жіберділер,
Біреуін апардылар отын салып.

Есекті ақылдасып отырдылар,
Біреуін сатып, бәс[ін] жытырдылар.
Біреуін арбасына отын салып,
Анасы бейшараға келтірділер.

Бір көлік отын келген, кемпір көрді,
Көргеннен соң көңліне қайғы кірді.
— Бір көлік келіпті, біреуі жоқ,
Қайда менім балам? — деп хабар сұрды.

— Балаңыз біздіңменен бірге жүрді,
Біздіңменен бір жүріп тауға кірді.
Барғаннан соң түсіріп есектерін,
«Оттасын» деп далаға қоя берді.

Өзі жатып аз ғана дамыл еткен,
Есектері сол арада ұзап кеткен.
Есектердің ішінен шығып кетіп,
Қабыландардың сайына барып жеткен.

Тау ішінде шамасыз терең сайлар,
Қабыландардың сол жерде мекені бар.
Есектері сол сайға еніп кетіп,
Қақ қасына қабыланның барған олар.

Жамсыб мұнда оянып ашты көзін,
Іздеп кетті, есектің көріп ізін.
Есектердің ізімен сайға кіріп,
Қабыландар жеп қойған оның өзін.

Ол қабыландар Жамсыбты жей салып,
Есектерін қуғанлар қамап алып.
Есегінің бірі қашып құтылыпты,
Біреуісін жегенлер ұстап алып.

Аман қалған есегін келдік алып,
Жай келмедік, келтірдік отын салып.
Бір Құдайдың тағдыры сол болған-дүр,
Сабыр етіңіз, тұрмаңыз қайғыланып.

Жолдас болып еді ғой балаң бізге,
Пайдасы тиіп еді жүмләмізге.
Айырылып қалдыңыз балаңыздан,
Сабырлықты Хақ берсін енді сізге.

Беріп келдік қабыланға балаңызды,
Жолдас болып бірге жүрген ағамызды.
Ажал күні жеткен соң қай етейік,
Амал қылып өлімнен қалармыз ба?!

Қабыландардың сайына бара алмадық,
Көп қабыланға соғысты сала алмадық.
Жамсыб үшін біз дағы көп жыладық,
Жылағанмен тірілтіп ала алмадық.

Бәйбіше, енді сіздің балаңыз жоқ,
Дүниеде балалайтын балаңыз жоқ.
Оны Құдай қабыланға ризық қылған,
Көнбейтін Алла ісіне шараңыз жоқ.

Кемпір айтты: — Даниал ғалым болмады ма,
Баласының ахуалын білмеді ме?
«Ұзын ғұмырлы болар», — деп еді ғой,
Даниалдың айтқан сөзі келмеді ме?

Қабыландарға жем болса менім балам,
Құдайдың хүкімі болса, не-дүр шарам.
Бірақ енді Даниалдың айтқан сөзін
Екі қылмайтын еді Хақ Тағалам.

Кемпір тұрды тағдырды Хақтан біліп,
Сабыр қылып, төуекел Хаққа қылып.
Өзінің жақындары һәм достары
Көңіл айтты кемпірге бәрі келіп.

Андан соңыра Жамсыбтың жолдастары
Бөліп алды ақшасын баршалары.
Аз заманда һәрқайсы сауда қылып,
Бай болды, мырза болды олар бәрі.

Бұ мырзалар байлыққа тамам жетті,
Бағзылары кездеме дүкен тұтты.
Қайбіреуінің саудасы — алтын-күміс,
Һәрқайсысы һәр түрлі сауда етті.

Ол мырзалар кемпірге келіп жүрді,
Хал-ахуалын кемпірдің біліп жүрді.
Зекеті, садақасы, қайыры болса,
Һәр уақытта кемпірге беріп жүрді.

Мырзалар қарадылар ол кемпірді,
Алтын-күміс, ат-тонын бәрі берді.
Кемпір, сірә, бек жаман болғаны жоқ,
Не болды екен құдықта Жамсыб енді.

Әй, Фахредин, шаршатпа өзіңізді,
Көп сөз жазып талдырма көзіңізді.
Ол қараңғы құдықта жалғыз қалған
Жамсыбыңнан сөйлеңіз сөзіңізді.

Һәр уақытта Құдайдан жәрдем тіле,
Һәрне нәрсе Құданың жәрдемі де.
Ол қараңғы құдықта Жамсыб қалған,
Жамсыбыңнан білгенің болса сөйле.

Ол уақытта құдықта Жамсыб қалды,
Жолдастары оны тастап елге барды.
Жолдастардан үмітін үзген соң,
Дұға қылып Құдайға көп жалбарды.

Отыр еді Құдайға налыс қылып,
Жан-жағына бұрылып қарай беріп.
Сол уақытта құдықтың бір жағынан
Бір кесек түйір балшық түсті келіп.

Сол құдықтың түбінде Жамсыб пақыр,
«Қайдан түсті балшық?» — деп ойлап отыр.
Сол бір жақтан бір үлкен шаян шығып,
Жарқыратып көздерін келе жатыр.

Шаян келді Жамсыбқа жақындасып,
Отырғанда Жамсыбтың ақылы сасып.
Ұрайын десе қолында һештеме жоқ,
Аяғымен өлтірді оны басып.

Жамсыб тұрды ойланып сағат заман,
— Келді ме, — деп, — тысқарыдан осы шаян.
Тегінде жай емес, бұ бір ғаламат,
Білмек лазым болды ғой бұны маған.

Не хикмет-дүр, қай жақтан шаян келді,
Бұрылмай, тура жүріп маған келді.
Әдейі мені іздеп келгендейін
Жарқыратып көздерін жаман келді.

Келді ғой осы шаян жолын түзлеп,
Һешбір жаққа бұрылмай, мені көздеп.
Қолыменен қармалап ол шаянның
Келіп шыққан тесігін тапты іздеп.

Ол Жамсыбтың қасында пышақ бар-ды,
«Оямын» деп тесікке пышақ салды.
Пышақпенен тесікті ойып-ойып,
Адам басы сиярдай болып қалды.

Сиярдай болғаннан соң басын тықты,
Арғы жағы қуыс екен барып шықты.
Ол қараңғы жерменен біраз жүріп,
Алдынан көрді Жамсыб жарықтықты.

Көргеннен соң жарыққа қарай жүрді,
Темір қақпа алдында қарап көрді.
Қараса, есіктері ашық екен,
Ол қақпаның ішіне еніп кірді.

Қақпадан кіргеннен соң болды жарық,
Тамаша көрді Жамсыб ілгері барып.
Ілгері барып, алдында хауыз көрді,
Сулары тұр жарқырап, толқынданып.

Хауыздың төңірегі ағаш екен,
Ағаштарда һәр түрлі жеміс біткен.
Алтын менен күмістен күрсі қойған,
Жамсыб тағы ілгері жүріп кеткен.

Ол хауыздың ортасы құрғақ жер-ді,
Жамсыб жүріп көпірмен соған келді.
Ол хауыздың ортасы арал жер-ді,
Зүбәржаттан құрылған тақыт бар еді.

Зүбәржаттан ол тақытты құрған екен,
Судың беті жарқырап тұрған екен.
Сол жасыл зүбәржаттың нұры түсіп,
[Ол зүбәржат мұнарлы нұрдан екен][*].

Жамсыб енді тәуекел қылды Хаққа,
«Пәруардигар Құдайым, өзің сақта».
Ол тақыттың үстіне шығып алып,
Қарайды төңірекке, түрлі жаққа.

«Дариға, бұ жерлерге кім келіпті,
Менен басқа бұ жерді кім көріпті?».
Ол жасыл зүбәржаттан тақыт үстінде
Қызығына таңданып отырыпты.

«Жер үстінде бір заман тұрып едім,
Анда да бірқатарды көріп едім.

[*] 1909 жылғы басылымда түсіп қалған бұл жол 1913 жылғы кітаптан алынды.

Бұ секілді жерлерді көргенім жоқ,
Кім екен-ау иесі осы жердің?

Әгар мен жер үстінде болсам едім,
Осындайын тақыттар құрсам едім.
Дүниеде бір арманым болмас еді,
Осындай мекендерді көрсем едім.

Япырым-ай, кім қылыпты бұ істерді,
Кім тереді екен бұ жемістерді?
Бұ алтын күрсілерде кім отырар,
Кім көреді бұ толған күмістерді?».

Тақыт үстінде аз ғана ұйықтап қалып,
Оянған соң қараса көзін салып,
Ол алтын күрсілерде айдаһарлар
Отырыпты бәрінің көзі жанып.

Енді болды ғаріптің көңлі хараб,
Ақылдары басынан кетті тарап.
Күрсілерде отырған айдаһарлар
Көзін тігіп тұрыпты бұған қарап.

Көргеннен соң келбетін аждаһаның,
Қаны келді басына шашырап аның.
«Дариға, қаза маған мұнда екен», — деп,
Жаны да, үміті де қалмады бейшараның.

«Тағдыр маған екен ғой осы жайда,
Енді маған қашатын орын қайда?» —
Дегенде күн шатырлап, күркірегендей
Бір жағынан бір дауыс болды пайда.

Күрсіде айдаһардың бәрі сасып,
Қорқып, тітіреділер қалшылдасып.
Баршалары ақырын, әдеппенен
Алдына жүріп барды амандасып.

Көрген соң айдаһардың бәрі сасқан,
Алдына қарсы барып амандасқан.
Бір уақытта бір ғифрит шығып келді,
Бір табақты көтеріп лағыл тастан.

Отырғанда Жамсыбтың ақылы сасып,
Келе жатыр бір ғифрит жақындасып.
Тура жүріп, ол тақытқа келіп қалды,
Бұрқыратып аузынан оттар шашып.

Орап алған ғифритті аждаһалар,
Сәлем беріп табаққа бәрі қарар.
Ол ғифриттің басынан ол табақты
Әдеппенен көтеріп алды олар.

Ғифрит деген — айдаһардың күштісі,
Бегірек заһар, өткірірек тістісі-ді.
Патшалардың қасында қылатұғын
Қызметтің жөнін білген естісі еді.

Жамсыб бұрын көрген жоқ мұндай тойды,
Көргеш оны басынан ақылын жойды.
Айдаһардың ішінен бір айдаһар
Көтеріп ол табақты тақытқа қойды.

Орап алды ол тақытты аждаһалар,
Жан-жағынан баршасы құрмет қылар.
Оны тағы сіздерге білдірейін,
Ол табақтың ішінде не нәрсе бар.

Ол табақтың ішінде не деген жан,
Баян қылып айтайын, маған қараң.
Шарапатшы падиша осы екен ғой,
Жыландардың патшасы — Шаһимаран.

Тілі адам, басы һәм адам басы,
Жыландарға ұқсайды бар денесі.
Бастан-аяқ кеудесі аппақ екен,
Осы екен жыландардың халифасы.

Кішірек қана бір жылан оның өзі,
Қарауға бек жұмсақ оның жүзі.
Адамша да тіл біліп сөйлейді екен,
Тыңдамаққа бек лайық оның сөзі.

Жыланнан-дүр дейділер оның затын,
Имлиха дейділер оның атын.
Жыландарға падиша болғандықтан,
Шаһимаран дейділер қошеметін.

Шаһимаран Жамсыбты қарап көрді,
Әдеппенен Жамсыбқа сәлем берді.
— Қош келдің, жақсы келдің, иә, мүсәпір,
Қайдан біліп келдің сен осы жерді?

Мүсәпірім, келдің бе аман, — деді,
Айдаһардан қорқыпсың жаман, — деді.
Рұқсатсыз бұ тұрған аждаһалар,
Біреуі де тимеслер саған, — деді.

Бір ғазиз қонағымсың, болсын жолың,
Һеш қорықпа, бұ жерде емін болың.
Осы тұрған жыландар, аждаһалар,
Баршалары болады менім құлым.

Мүсәпірім, келгенсің қайсы жерден,
Осы тақытты Құдайым маған берген.
Бұ тұрған айдаһарлар көресің ғой,
Баршалары қызметшім менім жүрген.

Тақытты, бақытты Құдайым берді маған,
Мен тұрғанда жамандық болмас саған.
Атым менің — Имлиха, шын атым-дүр,
Қошеметшім дейділер — Шаһимаран.

Андан соңыра ол тұрған айдаһары,
Алтын-күміс, жауһардан табақтары,
Һәр табаққа һәр түрлі жеміс салып,
Шаһмаранның алдына қойды бәрі.

Шаһимаран: — Қонағым, алың, — деді,
Жемістерден аузыңа салың, — деді.
Мүсәпірсің, тамағың ашқан шығар,
Жеміс жеп, тойғызып алың, — деді.

Тізелерін жүгініп Жамсыб енді,
Әдеппенен дастарқанға таман келді.
Һәр түрлі жемістерден тағамданып,
Тойып алып, Құдайға шүкір қылды.

Бұ құрметті көрген соң Шаһмараннан,
Дұғалар қылып тұрды дастарқаннан.
Тағамданып алған соң ол Имлиха,
Сұрайды келген-жүрген жөнін андан.

— Мүсәпірім, бұ жерді қайдан білдің,
Жер астына қай жерден еніп кірдің?
Себеп неде бұ жаққа келуіңе,
Бұ жерлерге жол тауып қайдан келдің?

Жамсыб оған сөйлейді жүргендерін,
Уақиғасын, дүниеде көргендерін.
Бастан-аяқ қалдырмай бәрін айтты,
Жолдастары өзіне қылғандарын.

Бәрін айтты басынан өткендерін,
Құдыққа салып, тастап кеткендерін.
Ол қараңғы құдықта жалғыз қалып,
Құдайға көп зарлық еткендерін.

Ол құдықта бір шаян көргендерін,
Оны өлтіріп, ізімен кескендерін.
Сол шаянның жолымен шығып келіп,
Жарық көріп тақытқа келгендерін.

— Мұнда келдім таулардың дарасымен,
Бал толтырған құдықтың арасымен.
Адамзатпын, атымды Жамсыб дерлер,
Даниал пайғамбардың баласымын.

— Әй, Жамсыб, бал құдықты көрдіңіз бе,
Сол құдықтың ішіне кірдіңіз бе?
Ол бал құдық балханам еді менім,
Ойран қылып, бұ жерге келдіңіз бе?

Сөздерің жүрегімді өртеді ғой,
Мені тағы тұтқынға кіртеді ғой.
Бал құдықты құртқан адам ұғылы
Мұнда келіп тағы да құртады ғой.

Әй, Жамсыб, жүрегіме қайғы салдың,
Тыныштықты көңлімнен бәрін алдың.
Адам біліп бұ жерде тыныштық болмас,
Білесің ғой амалы көп олардың.

Жамсыб айтар: — Бұ жерге адам келмес,
Құдықты білселер де, сізді білмес.
«Келеді» деп қорықпа, падишаһым,
Білмегенді ізденіп адам жүрмес.

Тау басында отынға олар келді,
Себеппенен құдықты біліп еді.
Балын алып болған соң, ол құдықты
Қатты қылып бекітіп жүре берді.

Олар кетті құдыққа мені салып,
«Қабылан жеді» деділер елге барып.
Елім білсе, олардың баршасын да
Падишаға береді ұстап алып.

Патша білсе құдыққа салғандарын,
Өтірік айтып шаһарға барғандарын,
Баршасын да дарға асып өлтіреді,
Келтіреді басына қылғандарын.

Олар енді бұ жерге келмейді ғой,
Ол құдықтың қарасын көрмейді ғой.
Ол құдықтың орныны білселер де,
Сіздердің орныңызды білмейді ғой.

Олар енді бұ жерге келу қайда,
Менім халім, ахуалым білу қайда?!
Мұнда келіп өлімді іздегенше,
Шаһарында тыныш жатып өлу пайда.

Шаһым, сізді һеш адам білер деме,
Іздеп жүріп бұ жерге келер деме.
Көңіліңді тыныш тұт, падишаһым,
Олар енді бұ жерде жүрер деме.

— Әй, Жамсыб, Имлиханың сөзіне бақ,
Адамдардан қорқатын көзіне бақ.
Айдаһарды көргенде қалай қорықтың,
Мен сенен де қорқамын артығырақ.

Оның үшін аузымыз піскен, — деді,
Бірқатар іс басымнан көшкен, — деді.
Бір заманда Имлиха падишаһың
Адамдардың қолына түскен, — деді.

Адамдардың хайласы дүние құртқан,
Имлиханы бір уақыт зар жылатқан.
Ол Сүлеймен пайғамбар өткеннен соң
Ақап деген бір адам мені тұтқан.

Адамдардың қолына кірдім, — деді,
Көп мәкәрді олардан көрдім, — деді.
Балқия мен Ақаптың қолдарында
Қырық күндей тұтқында жүрдім, — деді.

— Құдай берген дүниеде бағың, — деді,
Мына тұрған зүбәржат тағың, — деді.
Адамдардың қолына тұтқын болып
Қалайшадан түстіңіз, шаһым? — деді.

— Әй, Жамсыб, бұрынғы өткен бір заманда,
Бір патша болыпты бұ жаһанда.
Есімін оның «Ушах шаһ» дерлер екен,
Патша болған Мысырдың шаһарында.

Мысырдың шаһарында болады екен,
Ғалым екен, кітаптар біледі екен.
Бәни Ысрайыл нәсілінен екен өзі,
Тауратпенен амалды қылады екен.

Одан ғалым жоқ екен ол заманда,
Тауратты бір күн алып оқығанда,
Мұхаммед салла Аллаһу әләйһи уассаламның
Мадх шәріптеріні көрген анда.

Тауратта Мұхаммедтің мадағын көрген,
Артық-ты бар көрген пайғамбардан.
«Мұхаммед шын Құдайдың досы екен», — деп,
Көргеннен соң көңілін оған берген.

Тауратта мақтапты Мұхаммедті,
«Үмбеттері һәм оның артық», — депті.
«Пайғамбардың ақыры болар өзі,
Бақұл қылар бұрынғы шариғатты».

Оқыған соң падиша қайран қалған,
Махаббатты көңлінде оған салған.
Пайғамбарды мақтаған сөздерінің
Қағаздарын қопарып бәрін алған.

— Заманның халқы бәрі надан, — депті,
Біле алмаслар ол қайсы заман, — депті.
Тумаған пайғамбарға ауып кетіп,
Айырылар діндерінен тамам, — депті.

Қай заманда туарын біле алмаслар,
Бұ заман тумайды, көре алмаслар.
Өз дінінен айырылып бәрі қалар,
Оның дағы дініне кіре алмаслар.

Ол пайғамбар бір уақыт болар, — дейді,
Оның уақытын біле алмас олар, — дейді.
Ол пайғамбар дініне кіреміз, — деп,
Өз дінінен айырылып қалар, — дейді.

Ол Таураттан шығарған қағаздарын,
Жиып-теріп қойыпты баршаларын.
Күміс сандық ішіне салып қойып,
Мөһірлеп бекітті құлыптарын.

Ол сандықты падиша қолына алған,
Қазына сарайына алып барған.
Ол сарайдың ішінде құжыраның
Түпкіріне апарып тығып салған.

Бір бөлменің түпкіріне оны қойған,
Есіктерін жоқ қылып бина қылған.
Есіксіз, терезесіз дүкен болып,
Неше жылдар бекілініп сонда тұрған.

Мұныменен неше жыл, заман өтті,
Падишаға ажалдың уақыты жетті.
Бір уақытта падиша науқас болып,
Үшбу пәни дүниеден өтіп кетті.

Кеткеннен соң падиша бұ дүниядан,
Екі ұғлы қалыпты падишадан.
Үлкенінің атыны Балқия дер,
Ғалымдықта тең болмас оған адам.

Кіші ұлын патшаның Қаһар депті,
Ғалымдықта Балқиядан кем болыпты.
Балқия ғалым болып, тақуа болып,
Ғибадатты Құдайға көп қылыпты.

Балқия бұ дүниені жек көріпті,
Қылған ісі Құдайға ғибадат-ты.
Жұрттың бәрі сайлап ол Балқияны
Атасының орнына патша қылды.

Шаһимаран: — Әй, Жамсыб, қара, — деді,
Сөз айтамын, тыңдасаң саған, — деді.
Мысырдың шаһарында хан болған соң,
Не болды екен Балқия оған, — деді.

Ол Балқия Мысырға сұлтан болды,
Бір күнде қазынаға жүріп келді.
Қазына сарайына кіргеннен соң,
Есігі жоқ құжыраны келіп көрді.

Ол Балқия падиша болып қалды,
Атасының істерін қолына алды.
«Қазынаны тексере барамын», — деп,
Қазына сақшысына хабар салды.

Падиша қазынаға кірді дейді,
Қазынасын тексеріп көрді дейді.
Қазынасын тексеріп қарағанда,
Есігі жоқ құжыраны көрді дейді.

— Бұрын мен көріп едім бұ сарайды,
Бір құжыра бар еді ғой осы жайда.
Ол бір бөлек құжыраны осы десем,
Енетұғын есігі мұның қайда?

Біле алмадым атамның есептерін,
Мұның неге бекіткен есіктерін.
Суалтып, белгісіз ғып тастапты ғой,
Қалдырмапты есік пен тесіктерін.

Ашыңыздар бір есік, кірейін мен,
Не бар екен құжырада көрейін мен.
Атам оны не үшін бекітті екен,
Көріп оның мәнісін білейін мен.

Аш деген соң аштылар, еніп кірді,
«Не бар екен мұнда», — деп қарап жүрді.
Мәрмәр тастың үстінде күміс сандық,
Мөһірлеп қойған екен, оны көрді.

Ол сандықты көрген соң, шықты алып,
Ашып көрді бір аулақ жерге барып.
Таураттан бөліп алған қағаздарын
Атасы қойған екен соған салып.

Ашып еді Балқия қағаздарды,
Мұхаммед пайғамбардың есімін көрді.
Оның қадірін, тағы да үмбеттерінің
Артықтығын жазыпты һәм оларды.

Жазыпты ол сондайын пайғамбарды,
Оның үшін жаратқан көк пен жерді.
Ғаршы Күрсі, Лаух-Қалам, ғылым, оның үшін
Жаратып-дүр жын менен перілерді.

Ақырзаман болғанда келер, — депті,
Өзі көркем қылықты болар, — депті.
Өзіне жапа қылған көпірлерге
«Иман бер» деп дұғалар қылар, — депті.

Ақырзаман болғанда келер, — депті,
Үмбеттерге шапағат қылар, — депті.
Қиямет күн болғанда үмбеттерінің
Хақ қасында күнәсін тілер, — депті.

Балқия қағаздардың бәрін ашып,
Оқыған соң кетті көңлі тасып,
«Мұндай ғазиз пайғамбар бар екен», — деп,
Шын хақиқат көңлімен болды ғашық.

Балқияның дүниеден көңлі суып,
Ғибадатқа кірісті белін буып.
Пайғамбарға махаббат бағлағаның
Себептен Құдайға болды жуық.

Енді жиды Балқия жұрттың бәрін:
Ғалымдарын, шаһардың ұлықтарын.
Сол мәжілісте жиылған халайыққа
Мәшһүр қылып оқыды оның бәрін.

Балқия қағаздарын оқып салды,
Жиылған жұрт баршасы есітіп алды.
Мұхаммед салла Аллаһу әләйһиссаламның
Мадағын естіп баршасы таңға қалды.

— Әй, жамағат, қоймайық хақты жауып,
Хақты жауып, қиыққа болмас ауып.
Атам мұны жасырып қойған екен,
Қазына сарайынан алдым тауып.

Жұртым-ау, менің атам қандай кісі,
Ойласам, болыпты ғой жаман ісі.
Мұндай ғазиз Расулды жұртқа айтып,
Білгізбей тығып тастап қойған несі?!

Балқияға айтады жамағаттар:
— Өткен шығар атаңнан талай гәптер,
Жасырғанның бір мәнісі болған шығар,
Олай-бұлай сөз айтпа оған, — деплер.

Андан соңыра ғашықтан Балқияның,
Тақаттары тақ болды бейшараның.
Мұхаммед пайғамбарға махаббаты
Күннен-күнге зияда болды оның.

Балқия махаббаттың саудасынан
Мүлде безді көңілі дүние ісінен.
Алып келіп, оқып ол қағаздарын
Жылап рұқсат сұрайды анасынан.

Балқия дер: — Әй, менің ғазиз анам,
Дүние, ақыретте риза бол өзің маған.
Қағазда жазылғанның иесіні
Іздемейінше, жоқ енді менің шарам.

— Аллаға тапсырдым, балам, — депті,
Апаттардан сақтасын аман, — депті.
Бұ ниетті ойыңа алыпсың ғой,
Рұқсат бермей қайтейін саған, — депті.

Балқия анасынан рұқсат алды,
Өзінің отауына жүріп барды.
Өз орнына Қаһарды патша қылып,
Сапар шығып кетуге даярланды.

Інісі Қаһарменен амандасты,
Падишалық киімін бәрін шешті.
Жолаушылар киімін киіп алып,
Шамға қарай жүретін жолға түсті.

* * *

Шам жолымен Балқия жүріп барған,
Бір теңіздің шетіне келіп қалған.
Теңіздің жиегінде көп кеме тұр,
Баршасына керуендер жүгін салған.

Балқия керуендерден сұрды хабар:
— Қайсы жаққа кетеді бұ кемелер?
Керуендер Балқияға жауап берді:
— Бұ кеменің баршасы Шамға барар.

Балқия ол кемеге мініп кетті,
Жолдас болып керуенмен жүріп кетті.
Неше күндер жүргеннен соң, енді бұлар
Теңізде бір аралға келіп жетті.

Келгеннен соң аралға енді бұлар,
Кемелерін жиекке байладылар.
Балқия һәм кемеде керуендер
Құрғаққа шығып сейіл ойладылар.

Ағашқа тарқалыпты керуен тегіс,
Ол аралда ағаштар бек көп емес.
Ағаштарды аралап жүріп көрсе,
Һәр ағашта һәр түрлі біткен жеміс.

Керуендердің баршасы жеміс жепті,
«Көп екен-ау бұ жерде жеміс», — депті.
Балқия да жеміске тойып алып,
Бір ағаштың түбінде дамыл етті.

Бір сәріде Балқия дамыл еткен,
Жүріп қайтып кетіпті керуен біткен.

Балқиямен олардың жұмысы жоқ,
Тоқтамаған, керуендер жүріп кеткен.

Олар анда бек ұзақ тұрмағанлар,
Ұйықтаған Балқияны көрмегенлер.
Кемелердің баршасы кетіп қалған,
Балқияны ескеріп білмегенлер.

Біраз жатып Балқия ояныпты,
Оянып жан-жағына қараныпты.
Адам да жоқ, дарияда кеме де жоқ,
Теңізбенен кемелер жөнеліпті.

Бәрі кеткен жөнеліп кеме біткен,
Қарасы да көрінбей алыс кеткен.
Балқия «Енді халім не болад», — деп,
Бір Құдайға сиынып, зарлық еткен.

— Әй, Құдай-а, сиындым саған, — депті,
Өзің жәрдем қыл енді маған, — депті.
Өзің жәрдем қылмасаң, әй, Құдай-а,
Менім ісім болды ғой жаман, — депті.

Балқия тәуекелді Хаққа қылды,
Су жиегін жағалап жүре берді.
Алдында құлағына Балқияның
Бір улаған-шулаған дауыс келді.

Су жағалап Балқия жүреді енді,
Ол дауысқа жақындап келеді енді.
Жақын келіп алдында улап тұрған
Айдаһар, жыландарды көреді енді.

Алыстан қараларын көріп оның,
Жүректері шошыды Балқияның.
Мойындары түйенің мойынындай
Бек үлкен екен ғой аждаһаның.

Айдаһардың баршасы бақырады,
Қатты қылып дауыстап ақырады.
Баршасы: «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла», — деп шақырады.

Айдаһарлар жад етер Мұхаммедті,
Мұхаммедті «Расул» деп зікір етті.
Мұхаммедтің атыны естіген соң,
Балқияның көңілінен қорқу кетті.

Балқия жақынырақ жүріп барып,
Қайран болып тұрыпты оған бағып.
«Суреттері айдаһар, жыландай ғой,
Адам тілін сөйлейді бұлар нағып?»

Балқияны көрген соң айдаһарлар,
Амандасып хал-ахуал сұрайдылар:
— Әсіліңіз, нәсіліңіз кім болады,
Қайдан келдің, мекенің қайда болар?

— Адамзаттан болады менім әсілім,
Бәни Ысрайыл қауымынан менім нәсілім.
Мысырдың падишаһы мен болармын,
«Балқия» деп айтарлар менім есімім.

Олар айтар: — Шаһарың Мысыр кәні,
Естімедік, көрмедік біздер оны.
«Адам бар деп дүниеде» естір едік,
Көрмеп едік адамды һеш заманы.

Адам ұғлы келді ғой қасымызға,
Әдемі екен адамды қарамаға.
«Адам деген осы екен ғой енді», — деп,
Қарастылар баршасы Балқияға.

«Адам» деген осындай болады екен,
Һеш көрмедік адамды сенен бөтен.
Балқия жауап берді һәм оларға:
— Сізді көріп мен дағы ғажап етем.

Айдаһарсыз қарауға өздеріңіз,
Оттай жанып тұрады көздеріңіз.
Айдаһарлар, жыландар болсаңыз да,
Адамша, молдаларша сөйлейтін сөздеріңіз.

— Әй, Балқия, таңғалма бізге, — дейді,
Біз айталық жөнімізді сізге, — дейді.
Жаһаннам тамұғында тұратұрған
Жыландардан боламыз біз де, — дейді.

Мекеніміз осы жерде жазғы күнде,
Қысты күні — жаһаннам тамұғында.
Жаһаннам «аһ» деп демін шығарғанда,
Сонымен атылып түстік мұнда.

Сұрасаңыз хабарды жаһаннамнан,
Жылында екі қабат ала-дүр дем,
Бір уақытта сулуын ішке тартып,
Бір уақытта шығарар тысқа демін.

Демін алса ішіне, күш болады,
Жер жүзі суық болып қыс болады.
Демін тысқа шығарса, жаз күн болып,
Дүниедегі жандарға хош болады.

«Аждаһа» дерлер біздерді көрген адам,
Бірақ біздер емеспіз аждаһадан.
Жаһаннамда бек ұсақ жыландармыз,
Жоқ шығар жаһаннамда бізден жаман.

Атылғанда бұ жерге ісіміз жоқ,
Бізге де жәрдем берер кісіміз жоқ.
Жаһаннамның демінің екпінімен
Атыламыз, биттей де күшіміз жоқ.

Жарты жылдай тұрамыз мұнда бүйтіп,
Андан соңыра барамыз анда қайтып.
Ішке тартып жаһаннам тағы демін,
Қайда болса алады бізді тартып.

Балқия дер оларға: — Тағы сіздер
«Лә иләһа илла Алла», — дейсіздер.
Мұхаммед пайғамбардың атын айтып,
Оны тағы білесіз екен сіздер.

— Әй, Балқия, дүниеге келген кісі
Тамақ ішіп тұрады ертең-кеші.
Алланы, Мұхаммедті зікір қылсақ,
Тамағымыз болады біздің осы.

Біреу болса дүниеде сенің достың,
Досты болса тағы ол байғұстың,
Ол достың үшін, әй, Балқия,
Артығырақ күтерсің оның достын.

Хақ Тағала біздерге жарлық етті:
— Мұхаммед-дүр хақиқат достым, — депті.
Мені зікір қылсаңыз, пенделерім,
Бірге зікір қылың, — деп, — Мұхаммедті.

Балқия бұ сөздерді есітіп алды,
Ғашығы артып көңілінде тармақтанды.
«Мен енді сол Сәруәрді іздейін», — деп,
Амандасып олармен кетіп қалды.

Амандасып олармен жүріп кетті,
Жүре-жүре құрғақ жер енді бітті.
Төңірегі баршасы дария болды,
Теңіздің дәл шетіне келіп жетті.

Анда көрді бір кеме суға батқан,
Адамдары баршасы өліп жатқан.
Баршалары өліпті ғарық болып,
Іздеп тағы сонда бір қайық тапқан.

Су бойында Балқия қайық тапқан,
Айдап келіп жел оны шетке қаққан.
«Тәуекел» деп қайыққа мініп алып,
Ақырындап желменен жүріп аққан.

Мініп алып Балқия бір қайықты,
Неше күндер суменен жүріп ақты.
Неше күндер теңізбен ағып жүріп,
Бір күндерде құрғаққа келіп шықты.

Әй, жамағат, бұл сөзді аңғарып тұр,
Шаһимаран Жамсыбқа айтып отыр.
Өзінің қолға түсіп қалғандығын
Айтуға ыңғайланып келе жатыр.

— Әй, Жамсыб, мен айтайын енді сізге,
Қаза келсе көрінбей келер көзге.
Балқияның құрғаққа шыққан жері,
Келіп шыққан дәл біздің үстімізге.

Көресің ғой бұ тұрған аждаһаның
Қасымда отыр еді бәрі оның.
Сол уақытта жаяулап келе жатқан
Қарасыны көрдік біз Балқияның.

Ол Балқия қайығын байлап жүрді,
Таулардың арасына еніп кірді.
Тау ішінде Балқия кенеттен
Жиылып жатқан жерімізде бізді көрді.

Көргеннен соң кескінін аждаһаның,
Қорқып кетті зәресі бейшараның.
Қорыққандығын білген соң айдаһардан,
«Қорықпа» деп қасына бардым оның.

— Адам ұғлы, келдің бе аман, — дедім,
Айдаһарлар қылмаслар зиян, — дедім.
Олар — менің әскерім, рұқсатсыз
Біреуі де тимеслер саған, — дедім.

Һеш те бұлар тимеслер сізге, — дедім,
Қорқып қылма көңіліңді өзге, — дедім.
Бұлардың падишасы боламын мен,
«Шаһмаран» деп айтарлар бізге, — дедім.

Мұны айтқан соң ол біраз алды демін,
— Қайдан шығып бұ жерге келдің? — дедім.
Адам ұғлы жүрмейтін жерлер еді,
Қайдан келіп, бұ тауға кірдің? — дедім.

Атым менім — Балқия, Мысыр — шаһарым,
Күйдірді ғой махаббат менім бағырым.
Мұхаммед пайғамбарға ғашық болып,
Оны іздеп сапарға шығып жүрдім.

Ғашық болдым Мұхаммед пайғамбарға,
Оны іздеп шықтым мен бұл сапарға.
Жаным, төнім оның үшін пида қылып,
Қайықпенен кірдім мен дарияларға.

Маған айтты қалайша келгендерін,
Мехнат көріп дарияда жүргендерін.
Шаһарынан шығып бізге жолыққанша,
Бәрін айтты уақиға көргендерін.

Оған дедім: — Келіпсің, әй, ғарібім,
Ғашық болып, іздеуге тастап жерің.
Ол сондайын пайғамбар, оның үшін
Ғалам халқын жаратқан Хақ Қадірім.

Құдай саған беріпті махаббатты,
Махаббатың маған да әсер етті.
Жібермейім, қасымда сақтар едім,
Сүйген үшін Хақ досты Мұхаммедті.

Бірақ енді мен саған рұқсат бердім,
Құрметіне ол ғазиз Пайғамбардың.
Дұға қыл маған енді, қабыл, — дедім,
Дұғалары сіздейін ғаріптердің.

Қайығыңа мініп ал, ғарібім-ай,
Түстік жаққа жүре бер Шамға қарай.
Қайыр дұға, Балқия, саған енді,
Жолыңызды оң қылсын Қадір Құдай.

Әй, Балқия, тағын да маған қараң,
Өсиетім бар менің тағы саған.
Екі түрлі өсиет айтамын мен,
Аманат-дүр барсаңыз есен-аман.

Өсиетім бірі сол: жүрерсің сен,
Пайғамбардың жүзіні көрерсің сен.
Қиямет күн болғанда менің үшін
Пайғамбардан шапағат тілерсің сен.

Әй, Балқия, ұмытпа енді бізді,
Аманат-дүр тыңдаңыз сөзімізді.
Пайғамбарды көргенде менің үшін,
Аяғына қойғайсың жүзіңізді.

Және бұ-дүр екінші менің сөзім,
Әгар салсаң сөзіме көңіл көзің.
«Пәлен жерде Шаһмаранды көрдім мен», — деп,
Һешкімге айтпағайсың бірақ өзің.

Тапсырдым Балқияға аманатты,
Аманатым Балқия қабыл етті.
«Тәуекел» деп меніменен амандасып,
Қайыққа мініп алып жүріп кетті.

Әй, Жамсыб, тыңдап отыр мына кепті,
Айырылып Балқия бізден кетті.
Неше күндер суменен, құрғақпенен
Жүре-жүре бір күнде Шамға жетті.

Келіп жетті Балқия бір күн Шамға,
Мағшұғын таппады іздеп анда.
Пайғамбар ол шаһарда болмаған соң,
Шығып кетті шаһардан сол заманда.

Шам шаһарында көп тұрмай жөнеліпті,
Андан Құдыс шаһарына ол келіпті.
Ол Бәйтул-Мұқаддистің шаһарында
Халайықтың бәріне білініпті.

Ол шаһарда Балқия көп тұрыпты,
Халайықтың ішінде көп жүріпті.
Өзінің не қыдырып жүргендігін
Жұртқа сөйлеп бәріне білдіріпті.

Ол шаһарда бір ғалым болған екен,
Ғалымдығы зиада молдан екен.
Аты — Ақап, симия, ғылым нүжүм,
Көкірегінде баршасы толған екен.

Ол бір ғалым бір күнде ой ойлаған,
Ойламаған ойыңда ой қоймаған.
Бұ дүниенің малына, дәулетіне
Адамның нәпсі менен көзі тоймаған.

Ол ғалым кітабына салған көзін,
Һешбір кімге айтпаған тапқан сөзін.
Бұрынғыда болыпты бір пайғамбар,
«Сүлеймен» дерлер екен оның өзін.

Ғылымменен ол молда ақыл түзіп,
Болыпты Сүлейменнің есімі түзік.
Дүниенің падишасы болуына
Себеп болған қолында жалғыз жүзік.

Сол жүзік бармағында жүрген екен,
Жәбірейіл періште берген екен.
Сол жүзікті киген соң бармағына,
Дию, пері хүкіміне кірген екен.

Онын да бір күн ғұмыры біткен екен,
Опат болып дүниеден өткен екен.
Осы Бәйтул-Мұқаддис шаһарында
Үшбу пәни дүниеден кеткен екен.

Өлгеннен соң жиылып барша жындар
Сүйегін Сүлейменнің көтергенлер.
Жеті теңіз өткізіп Сүлейменді,
Қап тауына бір жайға кетіргенлер.

Перілер Сүлейменді кеткен алып,
Бармағына жүзігін бірге салып.
Қап тауының сайында тақыт құрып,
Сол тақытқа қойыплар оны апарып.

Ақап молда ойлайды: «Етсем екен,
Сол жеті теңіздерден өтсем екен.
Сүлейменнің жүзігін киіп алып,
Патша болып мұратқа жетсем екен».

Көп қарады ол молда кітаптарды,
Теңіздерді өтуге хайла бар ма.
Қарай беріп кітаптан тауып алды,
«Өтуге хайла бар, — деп, — дарияларды».

Ақап молда ойлайды: «Не етсе керек,
Бұ дүниеде бір ағаш бітсе керек.
Сол ағаштың жапырағының суын сүртсе,
Аяқ батпай дариядан өтсе керек».

Ақап қарап кітапқа: — Айхай, — депті,
Бұл ағашты тапқызса Құдай, — депті.
Әгарда Шаһимаран қолға түссе,
Ағаштың табылуы оңай, — депті.

Молда Ақап бұ оймен жүреді екен,
Патшалықты көңілі тілейді екен.
«Бұ дүниеде бір жерде Шаһмаранды
Көрген кісі бар ма?» — деп сөйлейді екен.

Әлқисса, Балқия ол шаһарда,
Сөз сөйлесіп жүріпті һәрбір жерде.
— Менім өзім Пайғамбарға ғашық болып,
Оны іздеп келдім мен бұ шаһарға.

Мысырдың шаһарынан келдім, — депті,
Келе жатып мехнатты көрдім, — депті.
Жалғыз өзім кішкене қайықпенен
Бек терең теңіздерге кірдім, — депті.

Қайықпенен теңізге кірдім, — депті,
Аралдарға шығып та жүрдім, — депті.
Ол теңіздің ішінде аралдарда
Бірқатар айдаһарлар көрдім, — депті.

Бұл сөз шаһарларда көбейіпті:
— Мысырдан бір падиша келген, — депті.
Келе жатып теңіздің аралында
Айдаһарлар, жыландар көрінген, — депті.

Бұ сөз енді көбейіп өскен екен,
Біреулерден-біреуіне көшкен екен.
«Сондай адам Мысырдан келіпті», — деп,
Ақаптың құлағына түскен екен.

Ақап молда бұ сөзді есітіп алып,
«Бір ғажайып сөз екен», — деп, таңға қалып.
«Өз аузымнан анықтап сұрайын», — деп,
Пәтеріне Балқияның келді қалып.

Ол Ақап Балқияға келіп қалды,
Амандасып көрісіп қолын алды.
Ойы сол — Балқияны сөйлеттіріп,
Шаһмаранды білуге құмарланды.

— Айыптама, мүсәпір, енді бізді,
Жаңада есітіп едім өзіңізді.
«Пайғамбардың ғашығы» дегеннен соң,
Көргелі келіп едім жүзіңізді.

Жүзіңізді көргелі келдім мұнда,
Менің атым болады Ақап молда.
Пайғамбарды іздеп сіз жүр екенсіз,
Мақсұтыңды бергей-де сенің Алла.

Мүсәпірім, Мысырдан келіпсіз сіз,
Теңіздерде қайықпен жүріпсіз сіз.
Теңіздердің ішінде аралдарда
Бірқатар ғажайыптар көріпсіз сіз.

Һәрне қылса Құдайым қыла, — дейді,
Мақсұтыңды Құдайдан тіле, — дейді.
Өзімнің құлағыммен есітейін,
Кәрім қылып көргеніңді сөйле, — дейді.

Сөйлейді: — Теңіздерге кірдім мен, — деп,
Қайықпенен жалғызым жүрдім мен, — деп.
Қағып-соғып, қанша көп сөйлетсе де,
Айтпапты «Шаһмаранды көрдім мен» деп.

Ол сөйлеген сөздерін Балқияның,
Ақап молда тыңдапты бәрін оның.
Өзіне жарайтын сөз болмаған соң,
Ішіндегі айтады ойлағанын.

— Әй, Балқия, ойым бар менің, — дейді,
Ойың жөнін мен саған дейін, — дейді.
Ол ойлаған нәрсем көңілімдегі
Табылуы болды ғой қиын, — дейді.

Сол бір қиял өртеді жүрегімді,
Таба алмадым ойменен керегімді.
Сол ойлаған табылып қолға түссе,
Құдай берді, — дер едім, — тілегімді.

Сол ойлаған табылса барар едім,
Қайсы жерде болса да, алар едім.
Екеуімізге бек жақсы болар еді,
Сен дағы іздегенің табар едің.

— Молда Ақап, не сенің ойлағаның,
Ойыңыздан шығарып қоймағаның.
Ол ойыңыз не екен, молда Ақап,
Мәнісін білмедім ойлап оның.

— Менім ойым — Қап тауына барсам екен,
Сүлейменнің жүзігін алсам екен.
Ол жүзікті қолыма түсіріп алып,
Сүлеймендей падиша болсам екен.

Жүзік үшін Қап тауына кетсем, — деймін,
Жеті теңіз үстінен өтсем, — деймін.
Бармағынан жүзігін алып келіп,
Патша болып мұратыма жетсем, — деймін.

Бұ дүниеде бір ағаш бітеді екен,
Оны тапқан мұратқа жетеді екен.
Сол ағаштың жапырағының суын сүрткен,
Құрғақ жердей дариядан өтеді екен.

Сол жапырақтың суын сығып алып,
Суға кіріп аяққа соны жағып.
Аяқтар һеш суға батпайды екен,
Кетеді екен суменен желдей ағып.

Әй, Балқия, осы ғой біздің кеңес,
Оны тапқан дүниеде уайым жемес.
Шаһимаран табылса бұ дүние[де],
Ағаштың табылуы қиын емес.

Ұстап алып жыланның Шаһмаранын,
Кезіп жүрсе оныңмен таудың бәрін.
Ағаштың, шөптің бәрі сөйлейді екен,
Айтады екен өздерінің пайдаларын.

Шаһимаран табылса көрер едік,
Сахарада кездіріп жүрер едік.
Сахарадағы, таудағы бар шөптердің
Баршасының пайдасын білер едік.

Ол ағаш та бізге кез болар еді,
Өзіндегі пайданы сөйлер еді.
«Менің суым аяғына сүрткен адам
Теңіздерде батпайды», — дер еді.

Балқия дер: — Кездірсең ол жыланды,
Тауып алсаң көңіліңде ойлағанды,
Оны тауып мұратың хасыл болса,
Соңынан қайтесің Шаһмаранды.

Ақап айтты: — Шаһмаран қолда болса,
Ойлаған ағашымды табылдырса,
Азат қылып мен оны қояр едім,
Ниетім сол, жақсылық Құдай бұйырса.

Балқия дер: — Сандықты қойсаң жақсы,
Көңілдегі фитнәні жойсаң жақсы.
Соңғы күнде уағданы екі қылмай,
Бейшараны сен азат қылсаң жақсы.

— Әй, Балқия, тұрма сен ойға қалып,
Көңілдегі ниетім Құдайға анық.
Құдайдың есімімен ант қылайын,
Мұнда болсын, сөзіме Құдай танық.

Балқия дер Ақапқа сол заманда:
— Жақсылық ниетіңді алсаң алға,
Антың бұзып, қасарлықты ойламасаң,
Апарайын мен сені Шаһмаранға.

Тағы да шартым — бізді де көзде, — дейді,
Жәрдеміңнен бізді де үзбе, — дейді.
Мағшұғым Мұхаммед пайғамбарды
Меніменен бір жүріп ізде, — дейді.

Ақап енді шарттарын қабыл етті,
Арзыланып екеуі шығып кетті.
Жол тамағын, азығын бәрін алып,
Теңіздің жағасына келіп жетті.

Теңіздің жағасына келді бұлар,
Бір қайыққа екеуі мінді бұлар.
Қайықпенен теңізден өтіп алып,
Бағанағы аралға келді бұлар.

Шаһимаран Жамсыбқа айтып отыр,
Фахредин қағазға жазып жатыр.
— Енді, Жамсыб, қарашы Балқияны,
Ұстағалы біздерді келді ақыр.

Балқия ғой біздерге келіп еді,
Тұратұрған жерімді біліп еді.
«Һешкімге де жеріңді айтпаймын», — деп,
Біздіңменен уағдасын қылып еді.

Балқияның уағдасы қайда кетті,
Ақапты алып бізге келіп жетті.
Адам ұғлы опасыз болады екен,
Сөзінде тұрмайды екен олар тіпті.

Андан дағы Ақаптың амалы көп,
Мұндайын амалшыны көргенім жоқ.
Мені түсіріп «хайламен алайын» деп,
Ап келіпті қылғызып темір сандық.

Амалшы екен ол Ақап Құдай ұрған,
Темір сандық ішінде тұзақ құрған.
Дәл жүретін жолыма қойғанлар-дүр,
Бір тар жерде өздері тосып тұрған.

Қақпағын ашық қылып ол сандықты,
Екі кесе қойыпты ішпелікті.
Бірінде сүт, бірінде сәрке екен,
Адам ұғлы біледі жамандықты.

Ақап молда өзі бір молда кісі,
Молдаға лайық емес қылған ісі.
Дүниеге махаббаты күшті екен,
Амалға толған екен оның іші.

Һәр уақытта ол жерге келуші едім,
Сейіл қылып сол жерде жүруші едім.
Бұрын келген шағымда сол жерлерде,
Сандық жоғын бек анық білуші едім.

Тағдырға һешбір тәдбир болмайды екен,
Қаза болса, көрер көз көрмейді екен.
«Қайдан келіп қалды екен бұ сандық?» — деп,
Ойлануға ақылға келмейді екен.

Ол сандықтың қасына жүріп келдім,
Кеселерді сандықта көріп келдім.
Біреуінде кесенің сүт бар екен,
«Ішейін» деп сол сүтті еніп кеттім.

Құйып қойған кеседе сүтті іштім,
Тұзағына Ақаптың енді түстім.
Сүтке тойғаш екінші кеседегі
Сәркеге көңлі кеткен мен байғұстың.

Дұшпан нәпсім түбіме менің жетті,
Дос болар деп ойлама нәпсі итті.
Нәпсім мені сандыққа салып алып,
Асирлікті басыма келтіріпті.

Кеседегі бар сүтті ішіп алдым,
Ішіп алып ол сүтті құмарландым.
Екіншіде қып-қызыл сәрке екен,
Оны тағы байқамай ішіп салдым.

Қайтармадым, нәпсімнің тілін алдым,
Кеседегі сәркені ішіп салдым.
Ішкеннен соң сәркені мас болыппын,
Қозғала алмай сол жерде жатып қалдым.

Сандыққа енгенімді Ақап көрген,
Жасырынған жерінен шығып келген.
Сүт пен сәрке кеседе болмаған соң,
Мас болып қалғанымды менің білген.

Ақап мені көрген соң бек қуанған,
Кеселерін сандықтан шығарып алған.
Қиялы маған тамақ болсын деп,
Сандыққа түрлі жеміс теріп салған.

Жеміс салып сандығын бекітіп алған,
Екеулесіп көтеріп алып барған.
Қанша сонда әскерім айдаһарым
Біреуі де білмеген, ғапыл қалған.

Қаза болса һешбір кім білмес екен,
Білсе дағы һештеме қылмас екен.
Көңіліңді кезек кең тұт, кезек тар тұт,
Қаза келсе қайтарып болмас екен.

Яғни кезек жақсы бол, кезек жаман,
Жол таппассың қалуға һеш қазадан.
Мұнафиқ бол, тілесең әулие бол,
Тағдыр хүкімі келмейін қалмас саған.

Көтеріп сандықтарын алған енді,
Апарып қайығына салған енді.
«Айдаһарлар келгенше жүрелік», — деп,
Һеш кідірмей тез кетіп қалған енді.

Сондай қатты мас болып қалыппын мен,
Бір күн, бір түн жүргенше талыппын мен.
Бір күн, бір түн өткен соң оянып қалып,
Кеткенім сонда біліп алыппын мен.

Бір күн, бір түн өткен соң аштым көзді,
Ол сандықта көрдім мен өзімізді.
— Дарияға апарғандар кім болады,
Бекітіп алып сандыққа, — дедім, — бізді?

Анда маған айтады Ақап молда:
— Падишам, қорықпаңыз біздің қолда.
Керегімізді тауып алғаннан соң,
Азат қылып қоямыз сені, олла.

Ұстап едік бір керек үшін сізді,
Өлтіреді деп ойлама өзіңізді.
Һеш жамандық болар деп ойламаңыз,
Азат қылып қоямыз, шаһым, сізді.

Мен айттым: — Не-дүр сіздің керегіңіз,
Не нәрсені табуда тілегіңіз.
Бір жамандық қылуға бара ма, — деп,
Қатты қорқып келеді жүрегіміз.

Ақап айтты: — Сол біздің керегіміз:
Бұ дүниеде бір ағаш бітеді-міс,
Оның суын аяққа сүрткен адам
Теңізден батпай өтіп кетеді-міс.

Сол ағашты сенімен іздеймізлер,
Сабыр қылып жүресіз енді сізлер.
Ағашты тапқаннан соң аяқтарға
Суын сүртіп теңізге кіремізлер.

Мұндай қаза болған соң бүйде дедім:
— Не қылсам да жоқ енді пайда, — дедім.
Жеті теңіз үстінен жүріп өтіп,
Жолың болсын, барасың қайда? — дедім.

Ақап айтты: — Теңізден өтемін мен,
Сүлеймен мақамына кетемін мен.
Құдай бұйырса жүзігін алып оның,
Патша болып мұратқа жетемін мен.

Біліп алдым ойына алғандарын,
Ұзын ойға өздерін салғандарын.
Үндемедім, мен енді жай отырдым,
Тыңдап жүрдім һәрқайда барғандарын.

Кезді бұлар жапанның даласын да,
Ағаштарды, шөптердің арасын да.
Ағаштар, шөптер бәрі сөйледі енді,
Сахараларда, таулардың дарасында.

Барша шөптер көргендей көздеріне,
Пайдаларын сөйлейді өздеріне.
Дәл өздері керегі болмаған соң,
Иғтибар қылмадылар сөздеріне.

Һешбіреуін құлаққа алмадылар,
Тыңдау үшін қасына келмеділер.
Өздерінің ойлағаны болмаған соң,
Өзге сөздің қадірін білмеділер.

Қырық күн кездірділер шөл жапаны,
Ақыр бір күн таптылар тілегенін.
Ол ағашты тапқан соң бұлар енді,
Тұрдылар тыңдап оның сөйлегенін.

Олар тыңдар, ол ағаш сөйлер еді,
Маған дағы дауысы келер еді.
«Менің суым аяғына сүрткен адам
Теңіздерде батпайды», — дер еді.

Естіген соң Ақап дер Балқияға:
— Мұнда енді кіреміз дарияға,
Сүлейменнің жүзігін барып алып,
Падиша болдым ғой енді дүнияға.

Ол ағаштың басына бұлар шықты,
Жапырақтарын түсіріп, суын сықты.
Суын сығып бірқатар шыныларға
Толтырған соң жақсылап аузын тықты.

Ақап енді: — Әй, шаһым, суды, — деді,
Толтырдық қой бірқатар шыны, — деді.
Керегімізді біз енді тауып алдық,
Азат қылып қоямыз сені, — деді.

— Бір сөзім бар сендерде менім, — дедім,
Алыс жерде қалды ғой жерім, — дедім.
Мені азат қылсаңыз енді сіздер,
Өз жеріме жеткізіп келің, — дедім.

Суыңызды аяққа сүртіп алып,
Су үстінде құрғақтай жүріп барып,
Азат қылсаң, азат қыл адастырмай,
Өз жеріме апарып елтіп салып.

«Өз жеріме жеткіз» деп тілермін мен,
Тілек тілеп сендерге жүрермін мен.
Мұнда қалсам жете алмай өз жеріме,
Әуре болып адасып өлермін мен.

Тілегім сол сендерден менім, — дедім,
Өз жеріме апарып келің, — дедім.
Біздің жерден баруға Сүлейменге
Бір табан жақын болар, білгін, — дедім.

Суларын аяғына сүртіп алып,
Теңіздерде кеттілер аяқтанып.
Құрғақ жерде жүргендей жүріп өтіп,
Сандықтарын аралға қойды салып.

Жерге қойды сандықтың аузын ашып,
Өздері һәм алыстан тұр қарасып.
Ол атылған мылтықтың оғындай болып,
Атылып мен сандықтан түстім асып.

Оқтай қылып сандықтан өзім аттым,
Есім кетіп бірқатар сонда жаттым.
Біраздан соң басымды мен көтеріп,
Төңірекке көзімді салып бақтым.

Ғинаят болғаннан соң Хақ Жәлилден,
Есім жиып көтердім басым жерден.
Қарасам, ол екеуінің біреуісі
Бағанағы Балқия-дүр бізге келген.

— Әй, Балқия, не жаздым сізге, — дедім,
Уағдаңды қылыпсың өзге, — дедім.
Сандыққа бекітіп салып ұстағалы
Ап келіпсің Ақапты бізге, — дедім.

Жақсылық қылып едім саған, — дедім,
Қылмадым ғой биттей де зиян, — дедім.
Һешбір зарар қылдырмай айдаһарға,
Жөнелткенім жоқ па еді аман, — дедім.

Жазған жазығым сол ма еді менім сізге,
Жақсылыққа жамандық қылдың бізге.
Қырық күндей сандықта тұтқын етіп,
Мехнатты көрсетуің өзімізге.

Біліп едің мәнісін біздің жайдың,
Уәдеңнен, Балқия, неге тайдың?
Мысырдың шаһарына жетіп барып,
«Шаһмаранды көрдім» деп жұртқа жайдың.

Келген күнің сәті жоқ күн екен ғой,
Уағдасыздың біреуі сен екен ғой.
«Адам ұғлы опасыз» деуші еді,
«Опасыз» дегендері шын екен ғой.

Естіген соң Балқия қылды аһын:
— Бұ тұғырда жоқ еді һеш күнәһым.
Ақаптың түрлі-түрлі сөздеріне,
Алданғаннан бұл істер болды,шаһым.

Ақап алдап сөйледі мен пақырға:
«Ғашықпысың Мұхаммед пайғамбарға,
Ол ғазиз Пайғамбарды көргің келсе,
Шаһмаранға алып бар мені бірге».

Мінейік екеуіміз қайық, — деді,
Білмесін бізді бөтен халық, — деді.
Шаһмаран қолымызға кіре қалса,
Пайғамбарды көруің анық, — деді.

Кездірермін дүниенің жүзін, — деді,
Есітермін ағаштардың сөзін, — деді.
Бізге керек ағашты тапқаннан соң,
Азат қылып қоярмыз өзін, — деді.

Есітіңіз Ақаптың халін, — деді,
Әуарасын білдіңіз оның, — деді.
Пайғамбарды көрерсің дегеннен соң,
Алып келіп едім ғой, шаһым, — деді.

Андан соң мен Ақапқа: — Тоқта! — дедім,
Бір насихат менен де тыңда, — дедім.
Өз жеріме жеткізіп салған үшін
Разы болсын сендерге Алла, — дедім.

Ақап, — дедім, — алданба бұ жаһанға,
Жүзік іздеп бармаңыз Сүлейменге.
Ол жүзікті алуға бұйрық жоқ
Сүлейменнің соңында бөтен жанға.

Әй, Ақап, осы менім сөзім, — дедім,
Әгар салсаң сөзіме көзің, — дедім.
Бекер жүріп жаныңа обал қылма,
Һәлак болып қаларсың өзің, — дедім.

Бір су үшін кездіңіз дүниені,
Кем көрерсіз ол судан пайданы.
Сізге бір шөп жақсы сөз сөйлеп еді,
Иғтибар қылмадыңыз сіздер оны.

Һәр шөпте һәр түрлі сөз көп еді ғой,
Осындай пайдалы сөз жоқ еді ғой.
Сығып менің суымды ішкен адам
Ауырмайды, өлмейді, — деп еді ғой.

Суымды ішкен һеш кәрі болмас, — деді,
Қиямет күнге шақты өлмес, — деді.
Сондай пайда сендерден кетіп қалды,
Енді қайтып қолыңа кірмес, — деді[м].

Сіздер неге сол шөпті алмадыңыз,
Суын сығып ауызға салмадыңыз.
Тірі болып дүниеде һеш қартаймай,
Қиямет күнге шақты қалмадыңыз.

Ақап молда өкініп «ah» дейді,
— Сіз едіңіз құрметті шаһ, — дейді.
Ғапыл болып қалғанбыз екен біздер,
Сізден көрім тілейміз тағы, — дейді.

Падишаһым, тастама енді бізді,
Кездірейік сахарадан енді сізді.
Ол шөпті тапқаннан соң осы жерге,
Алып келіп қоялық тағы сізді.

Ол Ақапқа мен айттым: — Жүре алмаспын,
Ықтиярмен мехнатты көре алмаспын.
Аллаһу ағлам, шартым бар, ендіден соң
Адамдардың қолына кіре алмаспын.

Ақап: — Енді өткен іс өтті, — деді,
Пұрсатым қолымыздан кетті, — деді.
Өзімнің керегімді тауып алдым,
Енді маған сол су да жетті, — деді.

Шаһимаран Жамсыбқа сөзін айтты:
— Енді бұлар кетпекке қиял етті.
Ақап тілімді алатын болмаған соң,
Балқияға айттым мен насихатты.

— Балқия, бері маған қараң, — дедім,
Кемшілікті сен қылдың маған, — дедім.
Сен кемшілік қылсаң да мен қылмаймын,
Бір насихат айтайын саған, — дедім.

Бұ Ақаптың тілін алма, — дедім,
Насихатым тыңдамай қалма, — дедім.
Бұл Ақапқа еріп теңіз кешіп,
Сүлейменнің мақамына барма, — дедім.

Әгарда Сүлейменге бара қалсаң,
Насихатым осы-дүр құлақ салсаң:
Сүлеймен пайғамбардың бармағында
Жүзікке жақын барма, тілімді алсаң.

Ол жүзікті алуға кім ойланар,
Алайын деп тұрғанда отқа жанар.
Ала білсе Ақаптың өзі алсын,
Алғаны сол — сол жерде күйіп қалар.

Әй, Жамсыб, амандасып олар маған,
Сүлейменге кеттілер ол арадан.
Олар енді Сүлейменге бара тұрсын,
Өз ахуалым айтайын енді саған.

Әй, Жамсыб, Ақап келіп мені тұтқан,
Сандығына бекітіп алып кеткен.
Мұнда қалған айдаһар әскерлерім,
Мені жоқтап баршасы зарлық еткен.

Ол уақытта әскерім мені жойған,
Ізденіп, таба алмайды қырдан-ойдан.
Ыза болып, қалғанынан төбелесіп,
Біреусін-біреуі жеп қойған.

Мені біліп келділер қалғандары,
Жиылдылар қасыма олар бәрі.
Баршалары жыласып, зарлық етіп,
Аяғыма бастарын қойды бәрі.

— Сұлтаным, қайда кеттің тастап бізді,
Сондан бері таппадық іздеп сізді.
Уақиғаңды айтыңыз, сұлтаным, — деп,
Айдаһарлар сұрайды менен сөзді.

Мен оларға сөйледім уақиғамды,
Келіп ол басымыздан өткен күнді.
Ақап молда өзімді ұстап алып,
Сандыққа бекітіп, алып кеткен күнді.

Айттылар: — Балқияны білген болсақ,
Қайтып мұнда келгенін көрген болсақ,
Сонда бізге бек жақсы болар еді,
Сүйектерін жапырақтап тілген болсақ.

Айдаһарлар кеңесіп айтар сөзді,
Адам ұғлы білді ғой жерімізді.
Енді қойып бұ жерден кетсек керек,
Мұнда тыныш қоймаслар енді бізді.

Адамның баласының көп амалы,
Амал қылып келерлер жорамалы.
Енді көшіп бір жерге барайық біз,
Тау аралап, мекендер қарағалы.

Айдаһардың бәріне қорқу түсіп,
Ақылдасып тұрдылар жиылысып.
Бұрыннан ата-баба жұрты болған
Жерді тастап, бұ жерге келдік көшіп.

Осы жерде тұрамыз қысты күнде,
Жазды күні — Қап тауының етегінде.
Андағы жайлауымыз мұнан жақсы,
Жаз болғанда кетеміз көшіп сонда.

Андан соң ол аралға кірмедік біз,
Маңдайында енді аралдың жүрмедік біз.
Адамдардан қорыққаннан содан бері
Ол аралдың қарасын көрмедік біз.

Әй, Жамсыб, қорқуымыз біздің һаман,
Болармысыз атаңыз сіздің Адам.
Сол уақытта жаннаттан шыққаннан соң,
Дүниенің жұртына басты қадам.

Жаннаттан шығып Адам жерге енген,
Бір періште адамды алып келген.
Дүниеде тұратұрған жануарларға
Айғай салып періште хабар берген.

— Келіп қалды дүниеге Адам, — депті,
Балалары көп болар тамам, — депті.
Олардың мәкәрінен, хайласынан
Һешбір жерде болмассыз аман, — депті.

Бұ дауысты шағала естіп алған,
Су жүзіне дарияға ұшып барған.
«Дүниеге Адам деген келіпті», — деп,
Балықтарға шақырып хабар салған.

Шағала балықтарға хабар салған,
«Адам деген дүниеге келіп қалған,
Періштеден естідім», — дегеннен соң,
Шошып бәрі балықтар қайғыланған.

Шағала дер: — Не керек шошып, — дейді,
Онша қатты уайымға түсіп, — дейді.
Адам келсе, шомарсыз су түбіне,
Біз кетерміз аспанға ұшып, — дейді.

Адамдар су түбіне түспес, — дейді,
Қанаты жоқ, әуеге ұшпас, — дейді.
Сіздер менен біздерге зарар қылмас,
Құрғақтағы жануардан көшпес, — дейді.

Балық айтар: — Қорқады біздің жүрек,
Хақ Тағала оларды қылған зерек.
Адам деген хайласы, мәкәрімен,
Жер астында болсаң да тапса керек.

Әй, Жамсыб, адам деген құртады ғой,
Ақап менің жүрегімді өртеді ғой.
Бұ дүниеде арыстан, аю, қабылан,
Баршалары адамнан қорқады ғой.

Әй, Жамсыб, амал бек көп адамдарда,
Апарды ғой бізді де талай жерге.
Дүниедегі жануарлар рақат көрмес,
Жақынында адамдар болған жерде.

Жамсыб айтар: — Әй, шаһым, бұ күн сізге,
Қорқыныш екенмін ғой өзіңізге,
Адамменен тынышыңыз кетер екен,
Олай болса рұқсат бер енді бізге.

Адам болса, әй, шаһым, қорқатының,
Адаммын ғой қасында ғаріп құлың.
Адам сақтап қасында не қыласың,
Кете берсін қоя бер, тез құтылың.

— Әй, Жамсыб, сен оны білген жоқ па,
Ақап маған қылықты қылған жоқ па.
Қырық күндей тұтқында жүрмектігім,
Балқияның айтуынан болған жоқ па.

— Падишаһым, айтқаның рас, — дейді,
Сөзіңізге сіздің жоқ талас, — дейді.
Адамзаттың ішінде түрлісі бар,
Сонда да біз олардай емес, — дейді.

— Раст болса не үшін сөйлейсің сен,
Жер үстіне шығар деп тілейсің сен.
Опасы жоқ адамның қастарына
«Кетемін» деп рұқсат сұрайсың сен.

Жер үстіне шығарсам, кетер едің,
Жылдам барып еліңе жетер едің.
«Пәлен жерде, пәленше тау астында
Шаһмаранды көрдім» деп айтар едің.

Елдің бәрі есітіп білер еді,
Мені іздеп бұ жерге келер еді.
Өзімізді бекітіп ұстап алып,
Тәж-тағымды тас-талқан қылар еді.

Сені мұнан шығарсам ұтылармын,
Адамдардың қолына тұтылармын.
Не болса бұ жерден мүлде көшіп,
Өзге жерге жөнелсем құтылармын.

Әй, Жамсыб, сөз айтамын, қара бермен,
Сені мұнан шығарып қоя бермен.
Сені мұнан шығарып жіберіп мен,
Өлімнің шеңгеліне барып кірмен.

Бұрында да көрдім ғой көп мехнатты,
Мехнаттар сүйегімнен өтіп кетті.
Әгар сені жіберсем, маған — өлім,
Өлерім келмейді ғой, жаным тәтті.

Қысты күнде осында біз тұрамыз,
Жаз болғанда жайлауға біз жүреміз.
Жайлауда, Қап тауында сейіл қылып,
Неше түрлі тамаша біз көрерміз.

Қап тауында көресің ғажап істер,
Неше түрлі ағаштар, көп жемістер.
Бақ-бустан ішінде ағаштарда
Гүл-шешегі ғашығынан сайрар құстар.

Қап тауында бақта алмалар бар,
Жаратыпты Халиғым Пәруардигар:
Ендіден соң «жеріме кетем» деме,
Жібермеспін, әуара болма бекер.

Бұ сөздерді айтқан соң Шаһимаран,
Риза болды тұрмаққа Жамсыб ағаң.
Қыста мұнда болдылар, жазда тағы да
Сейіл қылып жүрділер екі арада.

Мұныңменен алты ай өтті заман,
Бір күн көрді Жамсыбты Шаһимаран.
Жерін сағынып, жүздері сарғайыпты,
Көргеннен соң аяды қатты жаман.

Жамсыб оған бек зағиф көріпті,
Мойны жіңішке, белдері бүгіліпті.
Жүзі сары, ғаріптің көздерінен
Селдей болып жастары төгіліпті.

Көргеннен соң Жамсыбтың қияпатын,
Білген соң көңліндегі жарақатын,
Жуатып, айналдырып тұрайын деп,
Сөйлейді Балқияның хикаятын.

* * *

— Көңілдер жуанады сөзден, — дейді,
Балқия қалды жаһан кезген, — дейді.
«Ақап пенен Балқия не болды?» — деп,
Жамсыб-ау, сұрамайсың бізден, — дейді.

Жамсыб айтты: — Оларды білістің бе,
Оларменен тағы да жүрістің бе?

Олар ол Сүлейменге кеткеннен соң,
Оларменен тағы да көрістің бе?

Имлиха дер: — Оларды көргенім жоқ,
Оларменен онан соң жүргенім жоқ.
Оларды мен жолығып көрмесем де,
Хал-ахуалын есітіп білдім анық.

Әй, Жамсыб, білгенің жоқ сенің, — дейді,
Қол астымда жылан көп менім, — дейді.
Сол жыландар ішінде жыландар бар,
Елші жылан дерлер, білгін, — дейді.

Елші жылан біздерге келер, — дейді,
Елшілікке біздерге жүрер, — дейді.
Өзі тағы құбылып жын секілді,
Һәрбір түрлі суретке кірер, — дейді.

Елші жылан сондайын жылан, — дейді,
Оны тағы айтайын саған, — дейді.
Жын секілді құбыла бергенінен,
«Елші жылан» дегенлер оған, — дейді.

Балқияның уайымын мен де жедім,
«Білсем екен хабарын оның», — дедім.
Хабарларын білгенім айрым-ашық,
Сол бір елші жыланнан естіп едім.

Шақырдым, келді маған елші жылан,
Келгеннен соң бұйрық қылдым оған:
— Құпия жүріп Мысырға барып келші,
Келді ме екен Балқия есен-аман.

Бұйырған соң Мысырға елші жүрген,
Патшаның мәжілісіне барып кірген.
Балқияның інісі — Қаһар патша
Тақытында отыр екен, оны көрген.

Падишаның қасында көп адам тұр,
Қағаз ашып бір адам кітап оқұр.
Жазыпты Балқияның жүргендерін,
Дүниеде жақсы-жаман көргендерін,
Пайғамбардың ғашығымен дүние кезіп,
Және қайтып Мысырға келгендерін.

Ол уақытта Балқия келген екен,
Ахуалын жұртқа мағлұм қылған екен,
Өзі тағы дүнияға араласпай,
Бір мүйісте ғибадатта болған екен.

Ол бір адам кітабын оқыр-мыс,
«Балқия көріпті, — деп, — бірқатар іс».
Тыңдаған жан баршасы қайран қалып,
Болады екен уақиға мұндай да-мыс.

Ол кітапты оқыпты қолына алып,
Жұрт тыңдапты баршасы қайран қалып.
Оқып болып адамдар тарқаған соң,
Кітапты қойнына қойған салып.

Кітапты қойнына салып алды,
Шығамын деп есікке жүріп барды.
Жасырынған жерінде елші жылан,
Қайда кетер екен деп көзін салды.

Тысқарыда аты бар, байлаулы тұр,
Елші ғиар бір шеттен қарап отыр.
Ол бір кісі есіктен шығып алып,
Атына мінейін деп келе жатыр.

Одан бұрын атына елші келген,
Атыны шешіп оның қоя берген.
Өзін қылып ол аттың суретінде,
Ол адамның алдына қарсы жүрген.

Болыпты ғиар елші ат секілді,
Алдына ол адамның жүріп келді.

Ол бейшара ғиарды қайдан білсін,
Өзімнің атым ғой деп оған мінді.

Өз атым деп елшіге мініп кетті,
Елші жүріп оны алып маған жетті.
Жұлып алып ол елші жөнелген соң,
Атты шошыған деп қиял етті.

Атым деп үзеңгіге қадам басқан,
Елші оны мінгеш алып қашқан.
Жуас ат, асау болып қалыпты деп,
Ұстай алмай атты жаман сасқан.

Елші жылан адамға бүлік салды,
Байлап алып қасыма келіп қалды.
Бейшара кенеттен мені көргеш,
Ақылы кетіп басынан талып қалды.

Көргеннен соң ол адам менім жүзім,
Хошы кетіп тастады аттан өзін.
«Су сеп» дедім, үстіне су септілер,
Ақылы келіп басына, ашты көзін.

— Басың көтер қорықпа, адам, — дедім,
Шаһмаран деп айтарлар маған, — дедім.
Осы жерде біздердің қасымызда
Бір де зиян қылмаслар саған, — дедім.

Андан біраз тыныштап көңлі оның,
Басына ақылы келді бейшараның.
Амандасып, сөйлесіп оныңменен,
Хал-ахуалын сұрадым Балқияның.

— Әй, шаһым, Балқияның жүргендерін,
Көп ғажайып дүниеде көргендерін,
Қайтып келіп, Мысырға кіргенінше,
Кітап қылып жазғанлар соның бәрін.

— Қасыма қой ол кітапты менім, — дедім,
Қайда болса мен оқып жүрем, — дедім.
Мен айттым: — Кәнеки, кітабыңды
Шығарып маған оқып көргін, — дедім.

Кітабыңды оқышы маған, — дедім,
Бастан-аяқ қалдырмай тамам, — дедім.
Бастан-аяқ кітабың оқыған соң,
Үйіңе жөнелтейін аман, — дедім.

Бастан-аяқ кітабын оқытып алдым,
Баршасын да көңілге бекітіп алдым.
Балқияның дүниеде көргендерін,
Баршасын да көңліме тоқып алдым.

— Және, — дедім, — Мысырдың шаһарында,
Не қылып тұр Балқия осы күн анда.
Падиша ма, падиша болған жоқ па,
Қай орында тұрад деп осы күнде.

Балқияда ойы жоқ бұ дүниенің,
Кеше-күндіз ғибадат ісі оның.
Мысырдың падишасы Қаһар патша
Інісі ғой бір туған Балқияның.

Білдім мен Балқияның бар жүрмісін,
Естідім ол адамнан бар көрмісін.
Сый қылып асыл тастан жауһар бердім,
Кітап оқып қызметті қылған үшін.

Қасымда тұр баяғы елші жылан,
Тағы да мен бұйрық қылдым оған.
Бұ адамды аулына апарып сал,
Һешбір зарар келтірмей есен-аман.

Елші болды тағы да ат секілді,
Мінгізіп ол Мысырға таман жүрді.
Мысырдың шаһарында ол адамның
Өз үйіне апарып қайтып келді.

Жамсыб оны есітіп қылды уайым,
— Жоқ еді ғой менім, — деп, — неш күнәһым.
Сол адамды үйіне жібергендей,
Жібер-сәна мені де, падишаһым.

— Жібермеспін, әй, Жамсыб, жүре алмассың,
Енді қайта еліңді көре алмассың.
Анда барғаш біздердің жайымызды
Адамдарға білдірмей тұра алмассың.

Біздердің жайымызды білдіңіз сіз,
Пышақпенен тесікті тілдіңіз сіз.
Жіберсем, анда барып сіз сөйлерсіз,
Адамдардың бәріне білдірерсіз.
Хайлакер адамдарды алып келіп,
Бұ тұрған мекенімді білдірерсіз.

Әй, Жамсыб, күдеріңді үз еліңнен,
«Жібер» деп тілеме енді бізден.
Болмайтұрғын нәрсені сұрағанша,
Сұра, Жамсыб, сен енді басқа сөзден.

— Әй, шаһым, өтінішім сізге, — дейді,
Мейірманшылық қылыңыз бізге, — дейді.
Біз ғаріптің көңілі уанбас па,
Балқияның қиссасын сөзле, — дейді.

Ақап пен Балқияның кеткендігін,
Жеті теңіз үстінен өткендігін.
Жеті теңіз үстінен өтіп барып,
Сүлейменнің мақамына жеткендігін.

— Әй, Жамсыб, мен сөйлеймін енді сізге,
Сөйлеуге кезлік болды бүгін бізге.
Ақап пенен Балқия аяғына
Суды сүртіп кірділер бір теңізге.

Ол теңізден көп жүріп өтті бұлар,
Бір заманда құрғаққа шықты бұлар.

Шыққаннан соң тағы да бұ екеуі,
Неше күн құрғақпенен кетті бұлар.

Неше күн жүріп енді бұлар кетті,
Тағы да бір теңізге барып жетті.
Аяғына сол суды сүртіп алып,
Ол теңізден тағы да жүріп өтті.

Құрғақпенен тағы да жүріп кеткен,
Бір теңізге тағы да барып жеткен.
Сол суды аяқтарға сүрте-сүрте,
Ол жеті теңіздердің бәрін де өткен.

Енді одан тағы да жүріп кетті,
Бір үлкен жасыл тауға барып жетті.
Тастары таудың бәрі жауһар тастан,
Жапырағынан жұпардай иіс келіпті.

Топырағы — жұпар, тасы — інжу-маржан,
Хош иістері келе-дүр һәр сайлардан.
Сайдан жүріп бір қуысқа келді бұлар,
Сол екен дегендері ғар Сүлеймен.

Ғар ішінде бір тақыт құрулы тұр,
Тақыт үстінде жабулы адам жатыр.
Асыл киім үстіне кигізіпті,
Сөйлесуге тілі жоқ жансыз ақыр.

Сай ішінде алтын тақыт құрылыпты,
Тақыт үстіне Сүлеймен қойылыпты.
Үстіндегі қиматты киімдерден
Сайдың іші баршасы нұр болыпты.

Кигізіпті қиматты киімдерін,
Кеудесіне қойыпты оның қолдарын.
Кішкене бармағында жақұт жүзік
Нұрменен балқытыпты сайдың бәрін.

Бармағында жүзігі Сүлейменнің
Көзіні шағылдырар қарағанның.
Ақап оны көрген соң, болып қалды
Падишасы болғандай бұ жаһанның.

Ақап дер Балқияға: — Жүр баралық,
Бармағынан жүзікті шығарайық.
Сол жүзікті шығарып киіп алып,
Бұ дүниеге падиша біз болайық.

Балқия дер: — Тамиғым жоқ бұ дүнияға,
Дүние мүлкі көрінбей[ді] Балқияға.
Тамиғым болса қаңғырып кетпес едім,
Патшалықты тастап мен айдалаға.

Әй, Ақап, мен айтайын сағаң, — деді,
Осы күнде біз әлі аман, — деді.
Ол жүзікке жолама, тілімді алсаң,
Көрерсің деп қорқамын зиян, — деді.

— Әй, Балқия, қорықсаң бір жақта тұр,
«Есім ағзам» дұғасын оқып отыр.
Өзім барып жүзікті алайын, — деп,
Ақырындап тақытқа келе жатыр.

Ақап тағы оқып ол «Есімдерді»,
Тура басып тақытқа қарай жүрді.
Балқия бір тараптан қарап тұрып,
«Есім ағзам» дұғасын оқыр еді.

Ақап келіп тақыттың астын қар[ар],
Астында жатыр екен бір айдаһар.
Ол айдаһар Ақапты көргеннен соң,
Құйрығын көтеріп айқай салар.

Бақырады айдаһар оған бағып:
— Адам ұғлы, келдің, — деп, — мұнда нағып?
Құдайдан қорықпай мұнда нағып келдің,
Жылдам кет, күл қылармын сені жағып.

Ақап оны тыңдамай жақындасты,
Ашуланып айдаһар аузын ашты.
Аузын ашып «аһ» деп дем шығарған соң,
Ақапқа жалындатып оттар шашты.

Айдаһар жаман қатты ашуланды,
Аузынан оттар шашып айғай салды.
«Есім ағзам» дұғасын оқыған соң,
Оты сөніп күюден аман қалды.

Ақап келіп тақытқа басты аяқ,
Айдаһардың отына қарамай-ақ.
Дүниеге, нәпсіге ергендер
Жесе керек ақырында жуан таяқ.

Ақап енді жүзікке жақын жетті,
Хақ Тағала Жәбірейілге жарлық етті:
— Әй, Жәбірейіл, Сүлейменге жылдам жетіс,
Жүзігін алмасын оның, — депті.

Жәбірейіл Ақапқа: — Адам, — дейді,
Бұйрық жоқ жүзікке саған, — дейді.
Айқай салып, дауыстап: — Ол жүзіктен
Қолыңды тарт! Әй, ақымақ, надан! — дейді.

Жәбірейіл күңіреп айқай салып,
Батыр Ақап сол жерде қалды талып.
«Есім ағзам» оқудан шама кетті,
Айдаһардың отымен кетті жанып.

Балқия да сол жерде талып қалған,
От жалқыны оны да шалып қалған.
Біраздан соң қараса көзін ашып,
Ақап молда күл болып жанып қалған.

Есін жиып, Балқия қарап тұрды,
Тақыт алдында тұрған бір адам көрді.
Балқия көргеннен соң ол кісіден:
— Қайдан келдің, кімсің? — деп хабар сұрды.

— Сұрасаңыз, келдің, — деп, — қайсы жақтан,
Жәбірейіл мен боламын, келдім Хақтан.
Құдайдың өмірімен келіп едім,
Сендерді айдағалы осы тақыттан.

Сен өзің қай адамсың, келдің мұнда,
Не жұмысың бар еді Сүлейменде?
Келдіңіз бе жүзігін алайын, — деп,
Сізден ақымақ жоқ шығар бұ жалғанда.

Балқия Жәбірейілге жауап сөйлер:
— Бәни Ысрайыл қауымынан затым болар.
Бір заманда Мысырдың шаһарында
Патша едім, Балқия атым болар.

Мен өзім — дүниеден безген адам,
Патшалықтан күдерін үзген адам.
Ақырзаман пайғамбары Мұхаммедке
Ғашық болып дүниені кезген адам.

Бір күн мен Тауратты оқығанда,
Мұхаммедтің мақтауын көрдім анда.
«Ол жұмлә Пайғамбардың абзалы», — деп,
Жазылыпты Таураттың кітабында.

Андан соң қарадым дүнияға,
Ғашық болдым Мұхаммед Мұстафаға.
Оны іздеп жалғыз ғаріп басым,
Қайықпенен кірдім мен дарияға.

Іздеп жүріп Хақ досты Мұхаммедті,
Дүниеде көрдім деп мехнатты.
Бір күн Ақап кез болып мені алдап,
Осы жерге кетірді мен ғаріпті.

— Мұнша мехнат көріпсің, Балқия, сен,
Көріпсің мехнаттың һәр түрлісін.
Соның үшін қалыпсың отқа күймей,
Пайғамбардың ғашығы болған үшін.

Хақтың досы Мұхаммед, білі, — дейді,
Оған уақыт болған жоқ әлі, — дейді.
Ол Расулды дүниеде көре алмассың,
Қияметте көрерсің оны, — дейді.

Мұнда тұрма, сен енді ізде жерің,
Қайдан келдің, сол жеріңе жүре бергін.
Ол Пайғамбар туатын уақыт болған жоқ,
Көп жылдан соң туады, оны білгін.

Мұны айтып періште ғайып болды,
Балқияның көңліне уайым толды.
«Жалғыз енді қайтып жүремін», — деп,
Зағыпырандай сарғайып жүзі солды.

Шаһмаран дер: — Тыңдап тұр, Жамсыб-ай,
Адам көрмес мехнатты Балқиядай.
Жәбірейіл кеткен соң теңіз жаққа,
Жөнелді жүремін деп елге қарай.

Ол суды аяғына сүртіп алды,
Құрғақ жердей теңізде жүріп барды.
Жалғыз байғұс теңізбен жүріп келіп,
Бір заманда құрғаққа жетіп қалды.

Келіп шықты бір жерге ағашы көп,
Арасында һәр түрлі хош иісті шөп.
Зағыпыран, қалампыр бәрі сонда,
Балқия мұндай жерді һеш көрген жоқ.

Өскен екен ол жерде һәр түрлі гүл,
Һәрқайсының қасында сайрар бұлбұл.
Арасында тамаша қылған шақта,
Ашылады қараңғы болған көңіл.

Тастарының баршасы жауһар еді,
Балқия қайран болып қарап тұрды.
Келгенде бұ жерді көргені жоқ,
Жаңылыс жолға кеткенін енді білді.

Балқия дер: — Бұ жерді білмедім мен,
Келген шақта бұ жерден келмедім мен.
Келген шақта бұ жерден келгем болса,
Неге мұның біреуін де көрмедім мен.

Адасқанға ғаріптің көзі жетті,
«Дариға, қайтейін енді», — депті.
Қарап тұрып бұ жерде өлер хал жоқ,
Бір жаққа жөнін тауып жүріп кетті.

Қай етсін, ол Балқия қалды сасып,
Жейтұғын тамағы жоқ қарны ашып.
«Ассыз, сусыз далада не болам?» — деп,
Келе жатыр көңілін қайғы басып.

Балқия кешке шейін жүрді дейді,
Алдында бір теңізді көрді дейді.
Күн батып, ақшам уақыты болғанында,
Теңіздің жағасына келді дейді.

Ол Балқия теңізге келіп қалды,
Жүруге шамасы жоқ болып қалды.
Шаршап келген, өзінің тамағы жоқ,
Теңіздің жағасында қонып қалды.

Балқия енді сонда жатып алды,
Түн ортасы болғанша ұйықтап қалды.
Теңізден бас шығарып бір жануар,
Түн ортасы болғанда айғай салды.

Айғайынан Балқия шошып қалар,
Онан басқа теңізде көп жануар.
Баршасы у-шу келіп дауыстайды,
Арыстан, қабылан, маймұн, баршасы бар.

Шығып келді теңізден көп жануар,
Һәрқайсының аузында гауһары бар.
Таң атқанша құрғақта жүріп-жүріп,
Таң атқан соң теңізге кірді олар.

Таң атқан соң Балқия тұрды дейді
Ол теңізге тағы да кірді дейді.
Неше күндер тағы да ол теңізден,
Өтіп шығып құрғаққа келді дейді.

Балқия бір қырқаға қадам басты,
Ол қырқаның тастары бұдыр тас-ты.
Бұдыр таста жүрерге қиын болып,
Бейшара Балқияекең жаман састы.

Балқия ол тастардан жүрді дейді,
Мың пәле ол тастарда көрді дейді.
Азаптанып тастардан жүріп өтіп,
Тағы да бір теңізге келді дейді.

Ол кешеде Балқия анда болды,
Түн ішінде жүрмеді, енді қонды,
Бір уақытта қараса бас көтеріп,
Су жүзінде адамдар пайда болды.

Олар екен теңіздің адамдары,
Су түбінде екен-ді мекендері.
Түн болғанда ол судың жиегінде
Су астынан шығыпты олар бәрі.

Андан соң тағы шықты жануарлар,
Кеуделері қап-қара, бек жуанлар.
Баршалары дариядан шығып келді,
Емшектері торсықтай болып олар.

Жануарлар дариядан шығып келген,
Теңіздің аттарына емшек берген.
Ол теңіздің аттарын емізген соң,
Таң атқанда баршасы суға кірген.

Балқия ол теңізден тағы да өтті,
Тағы да бір құрғаққа келіп жетті.
Ол жерде ағаштар бар, жемісі көп,
Балқия жемістерден енді жепті.

Балқия жемістерден жеп алды,
Бейшараның тамағы тойып алды.
Онда тағы тұрмады, жүріп кетті,
Тағы да бір теңізге келіп қалды.

Жүре берді Балқия күндіз-түнде,
Кезе берді тауын да, теңізін де.
Балқия дарияға келгеннен соң,
Қонып қалды дарияның жиегінде.

Балқия түнде көрді айғыр, аттар,
Шығып келді теңізден қысырақтар.
Теңіздің жиегіне шығып келіп,
Ағаштың арасынан шөп оттарлар.

Ағаштың арасында оттап жүрген,
Балқия баршасыны қарап көрген.
Түн ішінде баршасы оттап жүріп,
Таң атқанда теңізге бәрі кірген.

Таң атқаннан соң Балқия тағы кетті,
Ол теңізден тағы да жүріп өтті.
Ол теңіздің ары жақ жиегінде
Бір адырға Балқия келіп жетті.

Балқия ол адырға жақын келді,
Ол адырдың астында теңіз ерді.
Ол жиекте сиқнұқұр деген балық
Ойнасып жүрер екен, оны көрді.

Сиқнұқұр деп айтадылар оның атын,
Фахредин, айт оның қасиетін.
Ол балықты қолына тұтқан адам,
Жимағқа болады күш-қуатың.

Бел жоқтығы еркекке уайым болар,
Ол табылса жимағың дәйім болар.
Ол балықты қолға алып ұстаған соң,
Сол уақытта нәпсіңіз қайым болар.

Балқия ол арадан жүріп кетті,
Тағы да бір теңізге барып жетті.
Аяғына суды сүртіп алып,
Ол теңізден тағы да жүріп өтті.

Анда көрді Балқия көп ағаштар,
Ағаштарға қонып түрлі құстар.
Ақ күміске ұқсаған ағаштардың
Басында қонып алып отыр-мыслар.

Ол ағаштар мысалы аппақ күміс,
Түрлі-түрлі әуезбен сайрайды құс.
Міне, Жамсыб, бұ жүрген сапарында
Көріпті ғой Балқия бірқатар іс.

Неше түрлі шешектер гүлдері бар,
Мұрнына исі кірген қайран болар.
Балқия ол күн андан жүріп кетпей,
Кеш болғанда тағы да сонда қонар.

Балқия ол түн анда болды дейді,
Тамашалар тағы да көрді дейді.
Бағзылары гүлдердің қараңғыда
Жанған шамдай жарқырап тұрды дейді.

Балқия теңіз жаққа қарай берді,
Кішірек ала құстар шығып келді.
Ол жерде жанып тұрған шешектердің
Қасына құстың бәрі жүріп келді.

Жарқанаттың құстары келді олар,
Нұр шешектің астында тұрды олар.
Нұр шешектің астында түнде тұрып,
Таң атқанда теңізге кірді олар.

Балқия ол арадан тағы жүрді,
Жүре-жүре бір жерге тағы келді.
Ол [жерде] ағаштардың жапырағы ақ,
Жемісі жасыл, суреті құс секілді.

Міне ғажап, ағашта — жасыл жеміс,
Жасыл жеміс, өзінің суреті құс.
Тұмсығы мен қарасаң тырнақтарын,
Қызыл маржан секілді қызыл-мыс.

Сондай ғажап Құдайдың бұ істері,
Құс секілді жаратқан жемістері.
Жауһар тасты бекітіп қойғандайын,
Тұмсығы мен тырнақтың ең ұштары.

Және көрді ағаштар анда бағып,
Жемістері тұрады оттай жанып.
Кей жемістер адамдай болып отыр,
Балқия қарап тұрды қайран қалып.

Кейбір жеміс тұрыпты жылай-жылай,
Балқия һәм жүріпті қарай-қарай.
Балқия бірқатарын көріп келген,
Сен оны көргенің жоқ, Жамсыбым-ай!

Балқия бір ағашқа тағы бақты,
Күйеден қап-қара жапырақ-ты.
Жемістері тағы да ол ағаштың
Аппақ екен, ақтығы қардан ақ-ты.

Балқия тамаша қып көп жүріпті,
Тағы да бір ағашқа кез келіпті.
Көлеңкесі ағаштың үлкен екен,
Мың кісі отырса да сияр депті.

Үлкен екен ағаштың көлеңкесі,
Жемісінің үлкендігі адам басы.
Суреті адамның суретіндей,
Баршасы бар: мұрны мен көзі-қасы.

Тап адамдай қарап тұр көзі-қасы,
Өріп салып қойғандай қара шашы.
Көрмеген жан кенеттен көре қалса,
Ойлар еді: «Асылған адам басы».

Мұндағы ағаштардың салтанатын,
Жазып тамам болмас-ты бар сипатын.
Бұ ағаш Үндістанның шекілдеуік
Ағашы дерлер-міс оның атын.

Балқия жемістерді көріп жүрді,
Жүре-жүре бір ағашқа тағы келді.
Бұ ағаштың қараса жемістерін,
Бастан-аяқ суреті қыз секілді.

Қыз секілді әдемі бастары бар,
Бастарында қап-қара шаштары бар.
Аяқтары, қолдары, басқа жері,
Аузында інжудей тістері бар.

Әй, Жамсыб, мұның бәрі Құдіреттен,
Қыз секілді ағашта жеміс біткен.
Шашынан бұтағына байлағандай,
Бас — жоғары, аяғы төмен кеткен.

О жердің жақынында жын, перілер,
Ол ағаштың атын «уақуақ» дерлер,
Ол ағаштың жемісін үзіп алып,
Қатын қылып ойнарлар ол кәпірлер.

О жерде һәрбір түрлі ағаштар көп,
Асыл сандал ағашы тағы да уд.
Балқия көп ғажайып көрді, Жамсыб,
Сен әлі біреуін де көргенің жоқ.

Балқия ол арада тамаша еткен,
Кешікпеген, тағы да жүріп кеткен.
Неше күн жүргеннен соң ол Балқия
Тағы да бір теңізге барып жеткен.

Теңіздің жағасына келіп қалды,
Тағы жатып сол жерде қонып алды.
Теңізден қисабы жоқ су жылқысы
Шығып келіп сол жерде толып алды.

Олар бәрі құрғақта тамаша етті,
Таң атқаш су ішіне еніп кетті.
Балқия аяғына суды сүртіп,
Теңізге кіріп тағы да жөнеліпті.

Балқия ол теңізден жүріп өтіп,
«Хатта истуа» жеріне келді жетіп.
«Хатта истуа» не деген сөз екен-дүр,
Оны тағы кетейін баян етіп.

Балқияның өткені — жеті теңіз,
Енді теңіз қалған жоқ, өтті тегіс.
Ол жерлердің иесі һеш жоқ еді,
Енді иесі бар жерге келген-міс.

Үшбу-дүр «Хатта истуа» мағынасы —
Дәл төбеде күн тұрар, күн ортасы.
Дүниенің ол ортасы деген сөз-дүр,
Мағриб пен машриқтың екі арасы.

Шаһимаран Жамсыбқа отыр айтып:
— Балқия теңіздердің бәрін өтіп,
Қылзам уәлаятының оң жағында
Перілердің жұртына келді жетіп.

Балқияны келтірген өзі Алла,
Жамсыб, сен тыңдап отыр, ғапыл қалма.
Келе жатқан жолында Балқияның
Бақтар-бақшаларда болған алма.

Һәр ағашта жеміс көп, бәрі тәтті,
Бірақ оның алмаға көңілі шапты.
Үзіп алып бір алма жейін деп,
Алманың ағашына жақындапты.

Жақындағаш ол ағаш келді тілге:
— Адам ұғлы, аулақ жүр, жақын келме,
Жемістердің, алманың иесі бар,
Бере алмаймыз біз оны бөтен елге.

Балқия ағаштарға сөйлесті енді,
Себептерін сұрасып, біліпті енді.
— Адамның баласына бермеген соң,
Кім жейді алманы, жемісті енді?

Жеміс деген һәркімге жем болады,
Алма деген бақтарда кем болады.
Адамның баласына бермейтұғын
Иесі бұ бақтардың кім болады?

Адам ұғлы бұ жерде болмағанлар,
Не нәрсе екен тазалық білмегенлер.
Жемістер мен алманы солар жер —
Құдайға һеш күнә қылмағанлар.

— Мұнда келдің, әй, адам, неге? — дейді,
Алмадан һәм жемістен жеме, — дейді.
Бұ бақтардың иесі перілер-ді,
Олардың хақыларына тиме, — дейді.

Ағаштар Балқияға: — Адам, — дейді,
Болған шығар сенің де қатаң, — дейді.
«Жеме» деген ағаштан жеген үшін,
Шыққан жоқ па жаннаттан атаң, — дейді.

Атаң Адам ағашқа барған, — дейді,
Бидайынан аузына салған, — дейді.
Сен сол адам баласы емеспісің,
Жақын келме, жүре бер арман, — дейді.

Естіген соң ағаштан сөзді солай,
Жүріп кетті Балқия жылай-жылай.
Алдында бір кішірек тау бар екен,
Жүріп кетті жөнеліп тауға қарай.

Балқия тауға қарай жолын тұтты,
Қақ қасына ол таудың келіп жетті.
Ар жағына ол таудың қарап еді,
Бір үлкен дала екен, шегі жоқ-ты.

Және көрді көп әскер анда тұрған,
Екі тарап бөлініп майдан құрған.
Бір-бірімен бек қатты соғысады,
Көргеннен соң Балқия қайран болған.

Зеңбірек, мылтықпенен атысалар,
Атысып бірін-бірі жығысалар.
Бек күркіреп келеді әуездері,
Найза, қылышпенен һәм шабысалар.

Қылыштасып соғысып әскер анда,
Сай-шұқырлар баршасы толып қанға.
Қарап тұрып Балқия жаман қорқып,
Қайтерін білмеді, қалды таңға.

Соғыс басылып, бір уақыт әскер тарап,
Қырға қарай кеттілер тау аралап.
Бір уақытта әскерлер Балқияны
Дөң үстінде көрділер бәрі қарап.

Әскер бәрі үстіне келіп қалып,
Қарайды Балқияны қамап алып.
«Дариға, бұлар мені қайтеді», — деп,
Балқия тұр бейшара қайғыланып.

Мініп келген бәрінің бар аттары,
Һәрқайсының төрт-төрттен қанаттары.
Өздерінің һәм ұшар қанаты бар,
Көргеннен соң Балқия алақтады.

Жасыл киім бәрінің кигендері,
Түрлі жеміс, алма-дүр жегендері.
Бәрі бірдей салтанат, кепиеті,
Осылар екен перінің дегендері.

Көргендері жоқ екен бұрын адам,
Төңіректеп қарайды бәрі оған.
— Қайдан келдің, қай мақлұқ боласың? — деп,
Сұрайдылар хабарды Балқиядан.

— Адамзаттан болады асылым менім,
Бәни Ысрайыл қауымынан нәсілім менім.
Мысырдың шаһарында патша болған,
Балқия деп айтарлар есімім менім.

Рабиғ мәскүн болады жерім менім,
Мұсылмандық діні-дүр дінім менім.
Рабиғ мәскүн ішінде Азияда
Мысырдың шаһары-дүр елім менің.

— Біле алмаймыз айтсаң да сенің жерің,
Қайда-дүр Рабиғ мәскүн деген орын.
Адам бар дүниеде деп естуші едік,
Көргеніміз жоқ еді мұнан бұрын.

Рабиғ мәскүн дегенге көзің жетсін,
Біле алмасаң, Фахредин айтып кетсін.
Бұ дүниенің баршасын төртке бөліп,
Айырып-айырып баршасын баян етсін.

Рабиғ мәскүн осы ғой дүнияда,
Орап алған дүниені дарияда.
Еуропа, Африка, Америка,
Төртінші қисымы оның Азияда.

Рабиғ мәскүн дегенің сенің алыс,
Бұ сөзіңе ғажапқа біз қаламыз.
Қалай келіп бұ жерге жалғыз шықтың,
Жолың болсын, қай жаққа сіздің барыс?

— Мен боламын көп мехнат көрген адам,
Басыма көп бәлелер келген адам.
Ақырзаман пайғамбары Мұхаммедке
Ғашық болып дүниеде жүрген адам.

Анлар айтты: — Жәрдемшің біз болайық,
Қызметіміз бар болса аямайық.
Ол ғазиз Пайғамбарға ғашық болсаң,
Ұлығымызға біз сені апарайық.

Апарайық, патшамыз білсін сізді,
О да көрсін мүбәрак жүзіңізді.
Пайғамбардың ғашығы болған болсаң,
Құрмет қылып жөнелтер өзіңізді.

Балқия дер: — Бек жақсы сөздеріңіз,
Иман нұры балқиды жүздеріңіз.
Енді мен де сіздерді білсем екен,
Қай мақлұқтан боласыз өздеріңіз?

— Біз өзіміз мұсылман пері заттан,
Кәпірлермен соғысып қылыш шапқан.
Біздің соғысқанымыз — перілердің
Кәпірлері болады қанға батқан.

Кәпірлерге бұ күнді тар етеміз,
Қойдай қырып баршасын қиратамыз.
Перілердің мұсылман болғандарын
Баршасын өзімізге қаратамыз.

Алып келді Балқияға бұлар атты,
Ер-тоқым ерттеп салтанатты.
Мінгізіп Балқияны ортаға алып,
Сұлтанның ордасына қарай тартты.

Балқия ол атына мініп алды,
Ортаға алып перілері бірге барды.
Перілер мен Балқия бірге жүріп,
Жақындап ақ ордаға келіп қалды.

Айдалада тігілген ақ орда тұр,
Жан-жағында құрулы түрлі шатыр.
Балқияны перілер алып бірге,
Тура жүріп ордаға келе жатыр.

Балқияны ордаға келтірділер,
Ақырындап атынан ендірділер.
Перілердің біреуі падишаға
Балқияның келгенін білдірділер.

Перілер падишаға арыз етті:
— Бір төбәрік келтірдік сізге, — депті,
Таудан тауып бір адам алып келдік,
Дүние кезіп көріпті көп мехнатты.

«Ап келің» деп падиша жарлық қылды,
Перілер Балқияны алып келді.
Еніп кірсе, көзбенен қаратпайды,
Нұры балқыр орданың күн секілді.

Іші оның күндейін нұр болыпты,
Ортасында алтын тақыт құрылыпты.
Сол енді перілердің падишаһы
Шығып алып ол тақытқа отырыпты.

Балқия ол ордаға еніп кірді,
Тақыт үстінде отырған шаһты көрді.
Көргеннен соң Балқия падишаға
Қол қусырып әдеппенен сәлем берді.

Жүзін көрді падиша Балқияның,
«Әлік» деп сәлемін алды оның.
— Қай мақлұқтан болады бұ кісі? — деп,
Атын-жөнін сұрайды бейшараның.

Перілер дер: — Бұ ғаріп кісі екен-ді,
Мұхаммед пайғамбардың досы екен-ді.
«Адам» деген жыныс бар деуші еді,
Ол «адам» дегендері осы екен-ді.

Жүріп Рабиғ мәскүннен келген адам,
Пайғамбарға ғашық болып жүрген адам.
Сол ғазиз Пайғамбарды іздеп жүріп,
Дүниеде мехнаттар көрген адам.

Бұ сөздерді падиша естіп алып,
Балқияға қарайды көзін салып.
Пайғамбардың ғашығы дегеннен соң,
Тақытына отырғыз[ды] шақырып алып.

— Әй, қонағым, қош келдің, сафа келдің,
Қалай жүріп бұ жерге келе білдің.
Бүгін енді сен маған дост боларсың,
Досты болсаң Мұхаммед пайғамбардың.

Құшақтасып екеуі көрістілер,
Көргендерін патшаға сөйлестілер.
Қарама-қарсы отырып патшаменен,
Тақыт үстінде екеуі кеңестілер.

«Ас келтір» деп падиша бұйырдылар,
Балқияны құрметтеп отырдылар.
Асылдан дастарқандар салып қойып,
Жібектен орамалдар келтірділер.

Балқия мен падиша тақытта отыр,
Перілер қызмет қылып қасында тұр.
Бір уақытта перілердің хадимдері
Алтын паднос көтеріп келе жатыр.

Ұзындығы падностың он кез болар,
Бір падноска қойылған он табақ бар.
Табақтың қайсы алтын, қайсы жақұт,
Көргендердің көзінің жауын алар.

Табақтардың қайсы ақ, қайсы жасыл,
Асыл тастан қылыпты бәрін хасыл.
Қайсылары табақтың лағыл тастан,
Қайсылары інжуден, бәрі асыл.

Һәр табақта һәр түрлі тағам болған,
Тағамдары табаққа тамам толған.
Бір табақтан он кісі тояды екен,
Болады екен перінің асы молдан.

Перілердің тағамы тәтті балдан,
Шартыменен баршасы даярланған.
Қай табақта қозының, қойдың еті,
Қай табақта құс еті жаркой салған.

Һәр табақта һәр түрлі тағам болыпты ғой,
Дастарқанға баршасы келіпті ғой.
Көз көрмеген, құлақтар естімеген
Тағамдарды Балқия көріпті ғой.

Андан соң келтірділер түрлі жеміс,
Аяқтары ап келген бәрі күміс.
Перілердің қасында Балқиякең
Бірқатар тамашаны көрген-міс.

Андан соң бал-шәрбат келтірділер,
Оны ішіп бір заман отырдылар.
Андан соңыра «әлхамдулиллаһи» деп,
Дұға қылып қолдарын көтерділер.

Тағамнан соң перілер бұл дұғаны оқыдылар:
— Әлхамду лиллаһи әлләзи әтғаманә
Уа сақианә уа жағаланә
Мин әл-муслимин, — деділер.

Жазатұғын сөзім көп сондан өзге,
Бәрін жазсақ болады ауыр бізге.
Сонда да бұ дұғаның мағынасын
Айтып кетсем керек қой енді сізге.

Хамду бірлә мақтаймыз Тәңірімізді,
Тағам беріп тойғызды бүгін бізді.
Тағамнан соң тағы да сусын берді,
Мұсылманнан әйлады жүмләмізді.

Арасында бір ғалым пері бар-ды,
Тұра келіп қолына кітап алды.
Фаһри әлем Мұхаммед Расулды
Мақтап жазған сөздерді оқып салды.

Анда тұрған перілер бақырдылар,
Дауыс қылып баршасы ақырдылар.
«Ассалауат уассалам әләйка», — деп,
«Иә, Хайр, Халиқ Алла», — деп бақырдылар.

Артық нәрсе адамда дін болыпты,
Діні жоқтың дәулеті кем болыпты?!
Бұлардың салауатын естіген соң,
Балқияның бір ғашығы мың болыпты.

— Жүрегімде көп еді дұғам, — дейді,
Артылды ғой дұғамыз тағы, — дейді.
Ол менің ғашық болған Пайғамбарым,
Білесіз екен сіздер де, шаһым, — дейді.

— Әй, Балқия, жан бар ма оны білмес,
Оны білмес болса, ол мүмін емес.
Ол ғазиз Пайғамбарды білмегеннің
Алланы білуге де ақылы келмес.

Неге біз білмейік ол Пайғамбарды,
Оның үшін жаратқан көк пен жерді.
Алланы білген кісі оны білер,
Алланы білмегендер кәпірлер-ді.

Балқия дер: — Әй, шаһым, есіміңіз кім,
Айтсаңыз екен маған нәсіліңіз кім?
Неден сізді жаратқан Хақ Тағала,
Әуелде жаратылған жисмыңыз кім?

— Періден ғой, білесің, менім затым,
Айтайын жаратылған кепиетім.
Өзім барша перінің патшасымын,
Шаһсахара дейүрлер менім атым.

Менден тағы ұлығырақ шаһымыз бар,
Оның атын тағы да Шаһлас дерлер.
Қылзамның уәлаяты қалбыменен
Екеумізге қарайды бек көп жерлер.

Айтып едің, Балқия, бізге сөзді,
Сұрадың жаратылған әсілімізді.
Білгенімше, қуатым жеткенімше,
Айтайын жаратылған жөнімізді.

Енді айтайын мен саған қылып анық,
Жаратыпты ғаламды Жаппар Халық.
Көк үстінде ұжмақты жаратқанда,
Жер астында жаратқан жеті тамұқ.

Шаһсахара сөйлейді Балқияға:
— Бәрің тиіс бұ сөзді тындамаққа,
Жаһаннамның отында жаһаннамда
Екі мақлұқ жаратты Хақ Тағала.

Бірі еркек болыпты аты Хәліс,
Екіншісі ұрғашы, аты — Мәліс.
Құйрығы біреуінің дәл жыландай,
Біреуінің құйрығы шаян-мыс.

Екеуі де дәл оттан жаратылған,
Екеуі бір-біріне ғашық болған.
Құйрықтарын екеуі бір-біріне
Орап алып екеуі зина қылған.

Бұйрықсыз екеуі қылған зина,
Шайтан бұдан болыпты сондай бала.
Андан соңыра ол Мәліс буаз болып,
Жаһаннамда туыпты егіз бала.

Мәліс анда баласын тапқан егіз,
Біреуі еркек екен, біреуі — қыз.
Құйрығынан тауыпты жылан-шаян,
Қисабы жоқ не қылып айтайық біз.

Хәліс пенен Мәлістің бойы мың кез.
Жуандығын, падиша, оның білмес.
Олардан туған жылан-шаяндарды
Ұсақ болар екен деп айтып болмас.

Хәліс пенен Мәлістен жаһаннамда,
Жылан-шаян туыпты бек көп анда.
Күнәһар пенделерге азап үшін,
Жаратыпты оларды Құдауанда.

Ол егіздің сыңары еркек бала,
Ер жетіпті тамұқта бара-бара.
Құдайға құлшылықты көп қылыпты,
Не болды екен соңында бұ бейшара.

Өзі бұрын некесіз туған бала,
Шаянқұйрық Мәліс ғой оған ана.
Ғибадаты қайырлы болар ма екен,
Не жазды екен соңында Хақ Тағала.

Атын Харис деділер ол баланың,
Ғибадаты қисапсыз болған оның,
Тағдыры хақ, тағы да көкірегіне
Хайыры жоқ ғылымдық толған оның.

Ол білгенді періште біле алған жоқ,
Біреуі де Харистей бола алған жоқ.
Ғибадатта һәр дайым болсалар да,
Харистей ғибадатты қыла алған жоқ.

Ғибадаттар көп қылды Харис анда,
Ғалиб болды тозақта барша жанға.
Көктегі періштелер мұны көріп,
Тахсин қылып баршасы қалды таңға.

Құдайға ол бек жақын болып қалды,
Ол уақытта назарын оған салды.
Құлшылығы бек асып кеткеннен соң,
Құдай оны шығарып көкке алды.

Ауыстырды Харистің табиғатын,
Жемей-ішпей қылыпты ғибадатын.
Періштелер секілді болғаннан соң,
«Әзәзіл» деп қойдылар оның атын.

Ол күн оған Құдайдан кәлам болды,
Көкірегінде ғылымдық тамам болды.
Періштенің бәрінен асып кетіп,
Баршасына олардың имам болды.

Ғылымдыққа алданып жаман болды,
Құдайдың мәкәрінен аман болды.
Тәкаппарлық көңліне кіргеннен соң,
Құдайдың лағынеті оған болды.

Андан соң Хақ тағдыры сондай болған,
Атаң Адам топырақтан жаратылған.
Әзәзіл мен бәріне періштенің
«Сәжде қыл, — деп, — адамға» жарлық қылған.

Періштелер сәждеге бәрі кетті,
Әзәзіл сәжде қылмай, хилап етті.
Хақ Тағала хатаб қылып Әзәзілге:
— Адамға неге етпедің сәжде? — депті.

Әзәзіл дер: — Жараттың мені оттан,
Адамыңды жараттың топырақтан.
Әй, Құда, сен өзің де білесің ғой,
Отыңның жақсы екенін су-балшықтан.

Андан соң Хақ Тағала ашуланып,
Лағынеттен мойнына қамыт салып,
«Ібіліс» атап айдады жер жүзіне,
«Әзәзіл» деген аты жойылып қалып.

Ібіліс енді дәргаһтан қайтты, — дейді.
Өзінің қарындасын тапты, — дейді.
Өзімен егіз туған қыз бар еді,
Зина қылып сонымен жатты, — дейді.

Өзінің қарындасымен жатқан, — дейді,
Он төрт бала ол ондан тапқан, — дейді.
Солардың нәсілі бәрі шайтан болып,
Бүтін дүние шайтанға батқан, — дейді.

Баян қылдым шайтанның әсілін, — дейді,
Некаһсыз пайда болған нәсілін, — дейді.
Білгенімше оларды баян еттім,
Енді айтайын өзімнің әсілім, — дейді.

Хәліске Хақ Тағала айтыпты сөз:
— Неге, — дейді, — сіз сабыр етпедіңіз,
Некаһсыз екеуіңіз қосылдыңыз,
Неге менден жарлықты күтпедіңіз?

Иә, Хәліс, сендердің не мыналарың,
Некаһсыз бір-біріңді араладың.
Бұйрықсыз қосылған себебінен,
Шайтан болып қалды ғой балаларың.

Хақ Тағала оларды бек ұрысқан,
«Балаларың болды, — деп, — маған дұшпан».
Андан соңыра оларға рұқсат беріп,
Некаһ қылып оларды өзі қосқан.

Қосқаннан соң екеуін Хақ Тағала,
Он екі бала тапты Мәліс ана.
Алтауы еркек бала, алтауы — қыз,
Пері болған солардан туған бала.

Екі бала тауыпты һәр құрсақтан,
Біреуі қыз, біреуі еркек тапқан.
«Егіз туған қызды алмаңыз», — деп,
Бір бұйрық тағы да болған Хақтан.

Құдайдан болғаннан соң сондай пәрмен,
Екінші құрсақтағы қызды алған.
Құдайдың бұйрығымен алысқан олар,
Міне, біздің нәсіліміз содан қалған.

Көкте едік періштеменен бірге,
Хақ Тағала ендірді бізді жерге.
Соғысқалы біздерді жіберіпті
Діндері кәпір болған диюлерге.

Құдайдың әмірімен келдік, — дейді,
Диюлерді қиратып, қырдық, — дейді.
Осы жердің өзі бір дала екен,
Мекен қылып біз енді тұрдық, — дейді.

Пері шаһы сөздерін тамам етті,
Болады екен перілер сөзге епті.
Сөзі тамам болған соң падишаның,
Балқия һәм өзіні арыз етті.

— Әй, падиша, сөзімді қабыл алсаң,
Жалғызбын ғой, еліме жүріп барсам.
Не болады сіздердің араңызда,
Мекен қылып бұ жерде тұрып қалсам.

— Әй, Балқия, бұ сөзің сөз болмас-ты,
Перілер құрметіңді біле алмас-ты.
Перілермен бірігіп адам ұғлы,
Мекен қылып бір жерде тұра алмас-ты.

Рабиғ мәскүн — адамның жері, — дейді,
Осы жердің баршасы пері, — дейді.
Перілермен бірігіп тұра алмассың,
Һәркімнің ғой өзінің жері, — дейді.

Адамның адамменен келер жайы,
Перінің саған болмас жарар ойы.
«Әлжинс мағ-әлжинс» деген сөз бар,
Бұ сөзіңнің көрінбей һеш ыңғайы.

— Адам ұғлы біледі адам жайын,
Деген сөзің раст қой, падишаһым.
Сонда да қалай жүріп өз еліме
Жетемін, — деп Балқия қылды уайым.

— Пайғамбардың ғашығында дүние кезіп,
Жүріпсің өз жаныңнан өзің безіп.
Пайғамбар құрметіне аманат қып,
Жіберейін мен сені ат мінгізіп.

Аманат-дүр мінетін жақсы атым,
Айтайын мен атымның салтанатын.
Жалғыз күнде ұша-дүр алты айлық,
Пырақтан деп білгейсің оның затын.

Алты айлық жол болар мұнда, — дейді,
Халифамыз бар біздің анда, — дейді.
Халифаның атыны Ғамел дерділер,
Жарты күнде жеткізер сонда, — дейді.

Мықтап отыр, ол аттың тартпа басын,
Өз еркіне басыны бос қоясың.
Ңеш қорықпа, ол саған тауып берер,
Жарты күнде көрерсің ел қарасын.

Әй, Балқия, сөзім бар менің саған,
Айтайын ол сөзімді, қара маған.
Ол ғазиз Пайғамбарға сәлем дегін,
Нәсіп болып көріссең есен-аман.

Мүбарак аяғына басыңды қой,
Құшақтап алып оның табанын сүй.
«Сізге иман келтірген пері шаһын,
Иә, Расул, шапағаттан ұмытпа», — де.

Андан шаһ орнынан тұрып алды,
«Атымды келтірің» деп айқай салды.
Падишаның жарлығы болғаннан соң,
Атын жетеп перілер келіп қалды.

Қараңыз падишаның кереметін,
Үміт қылып Расулдың шапағатын,
Пайғамбардың ғашығы Балқияға
Мінгізді дәл өзінің пырақ атын.

Бір көкбоз ат екен-дүр, алып келді,
Келгеннен соң Балқия оны көрді.
Қанаттары ол аттың алтау екен,
Падишаның қасына келіп тұрды.

Құс секілді әдемі бастары бар,
Қыз секілді қап-қара шаштары бар.
Дем алғанда жұпардай иіс келеді,
Аузында інжудей тістері бар.

Сауырлары жапанның қабыланындай,
Көкірегінің қуаты арыстандай.
Атлас-жібек секілді жүндері бар,
Балқия көргені жоқ атты мұндай.

Жауһардан зинаттаған тоқым салып,
Алтындаған ерімен ерттеліпіп,
«Міне, енді осы атқа міниңіз», — деп,
Балқияның жанына келді алып.

— Әй, Балқия, пыраққа мінің, — дейді,
Шапшаң ұшар бұ пырақ, білің, — дейді.
Есен-аман барсаңыз, Ғамеліміз
Халифаның қолына берің, — дейді.

Падиша ол атына: — Пырақ, — дейді,
Бұ кісі бір қадірлі қонақ, — дейді.
Сақтап оны жығылтпай апара көр,
Ренжітпе сен оны тулап, — дейді.

Әй, пырақ, бұ адамның тіліні ал,
Не бол десе бұ кісі, сол болып қал.
Бұл бір кісі Пайғамбар ғашығы-дүр,
Ренжітпей Ғамелге жеткізіп сал.

«Тәуекел» деп Балқия жалғыз Хаққа,
Мінип еді таңертең ол пыраққа,
Бесін уақыты жақындап келген шақта,
Жетіп келді Балқия Ғамел жаққа.

Балқияның келгенін Ғамел көрген,
Алдына қарсы барып сәлем берген.
Қайран қалып: — Сен қандай мақлұқ? — депті,
Падишаның атына мінип келген.

Ол Ғамел падишаның атын танып,
Көрісіпті алдына қарсы барып.
— Қош келдіңіз, қонағым, қош келдің, — деп,
Амандасып көріскен қолын алып.

Мүсәпірім, қош келдің, жақсы келдің,
Мініп алып пыраққа қатты желдің.
Қай мақлұқтан боласың сенің өзің,
Падишаның атына нағып міндің?

Балқия оған айтты жүргендерін,
Дүниеде жақсы-жаман көргендерін.
Уақиғасын қалдырмай бәрін айтты,
Падишаның атына мінгендерін.

Білдірді оған жүрген хикаятын,
Тапсырды ол Ғамелге мінген атын.
Сондай жүрген дүниеде адаммын деп,
Баян қылды өзінің нәсілін, затын.

Ғамел енді Балқияны көрді дейді,
Жақсы адам екенін білді дейді.
Патша құрмет қылған кісі екен деп,
О да оған көп құрмет қылды дейді.

— Әй, Ғамел, мен бір ғажап көрдім, — дейді,
Падишадан бұ атты міндім, — дейді.
Алты айлық жол екен екі араңыз,
Алты сағат ішінде келдім, — дейді.

Осы аттың жүруі бегірек жат,
Жүріп келдім бұ жерге алты сағат.
Әлде бұ перілердің аттарының
Баршасы да бола ма осындай ат.

— Жоқ, ол аттың жүрісі қатты, — дейді,
Пырақ аттай бола-дүр заты, — дейді.
Патшаның мініп алып, диюлермен
Соғысқа баратұрған аты, — дейді.

Ол өзге перілердің бар аттары,
Һәрқайсының төрт-төрттен қанаттары.
Падишаның атындай пырақ емес,
Теңізден шығады ғой олар бәрі.

Дүниеде һәр жерде дариялар,
Осы жерде жақында бір дария бар.
Дарияның ортасында бір биік тау,
Ол таудың қақ басында көлдер, сулар.

Көлдің өзі ол таудың қақ басында,
Тағы тау бар ол көлдің ортасында.
Құдайым қандай жерлер жаратпаған,
Жүрген адам көреді баршасын да.
Балқиядай сол жерге жүріп барсаңыз,
Көрер едің солардың баршасын да.

Ол бір таудың тастары бәрі асыл,
Зүбәржаттан екен ол өзі асыл.
Күн шыққанда жарылып таудың өзі,
Қанатты аттар болады сондай хасыл.

Күн шыққанда зүбәржат тау жарылар,
Ішінен төрт қанатты аттар шығар.
Құдайдың әмірімен шыққаннан соң,
Перілердің аттары болар солар.

Ол аттардың өздері ғажап сұлу,
Шығып келіп ол таудан ішерлер су.
Ішкеннен соң тауға еніп бекітілер,
Құдайдың құдіреті-дүр, білсеңіз бұ.

Перілердің аттары солар, — дейді,
Диюлерді қиратып салар, — дейді.
Ол аттардың ажалы жеткен шақта,
Шаһид болып өлерлер олар, — дейді.

Шаһид болып аттары өлер, — дейді,
Тағы жүріп сол тауға келер, — дейді.
Тау жарылған шағында ұстап алып,
Біреуіне сол аттың мінер, — дейді.

Бір перінің аты өлсе шаһид болып,
Бір ат ұстар тағы да тауға келіп.

Мойынсұнып алдына қарсы келер,
Жүгендеп алып атты кетер мініп.

Су ішерлер ол аттар, от жемеслер,
Диюлерді қасына келтірмеслер.
Дию түгіл, перінің күштілерін,
Кәпір болса үстіне міндірмеслер.

Перілер диюлермен көп соғысалар,
Кейбір дию әуеге қарай қашар.
Осы атпен соңындан ұшып барып,
Қуып жетіп әуеде қанын шашар.

Кей дию теңізге кіріп кетер,
Пері шомып атпенен қуып жетер.
Терең теңіз түбінде соғыс салып,
Диюлерді өлтіріп һәлак етер.

Кәпір ғой диюлердің діні, — дейді,
Қырып салған оларды игі, — дейді.
Естімесең, перінің аттарының
Осы болар шын асыл тегі, — дейді.

Ғамел сөйлеп қоймады сөздің кемін,
Білдіріпті аттардың асыл тегін.
Ат кеңесі біткен соң, ол Балқия
Сұрайды ол Ғамелден өз керегін.

— Енді сізден сұраймын, Ғамел аға,
Қайсы жақтан кетеді дүнияға?
Рабиғ мәскүн жолыны білермісің,
Оны дағы баян қыл Балқияға.

— Әй, Балқия, айтайын саған сөзім,
Әгар салсаң сөзіме көңіл көзің.
Айырылмай түстік жаққа жүре берсең,
Рабиғ мәскүнге шығарсың барып өзің.

Балқия Ғамелменен амандасып,
Жүріп кетті тәуекел жолын басып, —
Деген шақта Жамсыбқа Шаһимаран,
Жылап қойды Жамсыбың жасын шашып.

— Балқияда қалмайды уайым, — дейді,
Ғамел айтқан жолының жайын, — дейді.
Сол Балқияны Ғамел жөнелткендей,
Жөнелт-сәна мені де, шаһым, — дейді.

— Қадірлі екен, әй, Жамсыб, жаның, — дейді,
Құтылудың ойлайсың жайын, — дейді.
Сенің жаның өзіңе ғазиз болса,
Сондай ғазиз менім де жаным, — дейді.

Сенің жаның секілді менім жаным,
Кімді көрдің өлімге жан қиғанын.
Кім болса да өз жанына өзі қастық
Ойламайды, сен оны біл, шырағым.

Шаһимараннан бұ сөзді естіп алып,
Бейшара Жамсыб қалды қапаланып.
— Не болады жіберсең, падишаһым,
Кетпес едім мен сізге зиян салып.

Білмесе өзіңізді менім елім,
Қалайшадан болады сізге өлім.
Ант ішейін һешкімге білдірмеске,
Қастығым жоқ, әй, шаһым, сізге менім.

Есіткен соң бұ сөзді аждаһалар,
Баршалары Жамсыбты аядылар.
«Бейшараны жіберсең қай ете», — деп,
Ғұзыр қылып Шаһмараннан тіледілер.

— Қанша күн Жамсыб енді мұнда жатты,
Зарлағаны һәрдайым бізге батты.
Сіз мұны жіберіңіз енді, шаһым,
Қатты қылып өзіне насихатты.

Біздерге қаһар қылып кетпе деңіз,
Уағдаңнан һеш уақыт қайтпа деңіз.
Біздердің осы жерде тұрғанымыз,
Елге барып һешкімге айтпа деңіз.

Кеше-күндіз зарлықты айтты, — дейді,
Хақ ісіне кімнің көзі жетті, — дейді.
Құдайдың жазбағаны болмайды ғой,
Біздің де тынышымыз кетті, — дейді.

Тілеген тілектерін аждаһаның
Есітіп қапа болды Шаһмараның:
— Енді менім ажалым дүниеде,
Моншаға түсуімен болар оның.

Бұ Жамсыб уағдасында тұрмас, — дейді,
Монша[ға] түспей тағы жүрмес, — дейді.
Еліне барғаннан соң монша түссе,
Ел-жұрты білмейінше қалмас, — дейді.

Барғаннан соң уағдасын кесер, — дейді,
Әлбетте, ол моншаға түсер, — дейді.
«Шаһмаранды көріпсің, айтыңыз», — деп,
Жұрттың бәрі Жамсыбты қысар, — дейді.

Қысқаннан соң шарасыз сөйлер, — дейді,
Елінің халқы баршасы білер, — дейді.
«Жүріңіз Шаһмаранды ұстаймыз», — деп,
Баршалары жиылып келер, — дейді.

— Әй, шаһым, есті-сөна сөзім, — дейді,
Жылай-жылай кепті ғой көзім, — дейді.
Таурат пенен Зәбұрдың хақы үшін,
Моншаға [һеш] түспеспін өзім, — дейді.

Имлиха дер: — Әй, Жамсыб, өзіңізге,
Инанбаймын ант қылған сөзіңізге.
Адам ұғлы, сөзіңе иғтибар жоқ,
Қыласың ғой бір істі соңыра бізге.

Тағы Жамсыб ант етіп қылды зарын,
Айдаһардың күйдірді бағырларын.
Жиылысып тағы да Шаһмараннан
Қайтадан тіледілер тілектерін.

Шаһимаран айтады: — Жарандар сіз,
Неге мұнша тіленіп көп сөйлейсіз?
Адамның опасызын білесіз ғой,
Неге мұнша тілек қылып көп сұрайсыз?

Олар айтты: — Біздердің ісіміз жоқ,
Ісіңізде біздердің ісіміз жоқ.
Бейшара көңілі сынған ғаріп еді,
Құтқарып жіберетін күшіміз жоқ.

Бір тілек қылып едік сізге, — дейді,
Жәрдемшісі жоқ мұның өзге, — дейді.
Жанымыз сіздің үшін пида болсын,
Өкпелеме, әй, шаһым, бізге, — дейді.

Бұ бір істің мәнісін сіз білерсіз,
Жіберсеңіз өзіңіз жіберерсіз.
Тақсыр, бізде біттей де ықтияр жоқ,
Не қылсаңыз Жамсыбқа сіз қыларсыз.

Мұныңменен өтті ғой неше заман,
Үндемей сабыр қылды Жамсыб ағаң.
Бір күн тағы Жамсыбтың жүздеріне
Көзін салып көріпті Шаһимаран.

Шақырды: — Жамсыб мұнда келсін, — деді,
Біздердің халімізді білсін, — деді.
Балқияның қиссасын сөйлейін мен,
Көңілі соған уанып тұрсын, — деді.

Жүзін көрді Жамсыбтың Шаһимаран,
Шақырды: — Бері кел, — деп, — маған таман.
Балқияның ахуалын сұрамайсың,
Болғаным жоқ еді ғой әлі тамам.

Әй, Жамсыб, Балқияны білмедіңіз,
Хикаятын сөйле деп келмедіңіз.
— Ол Ғамелдің қасынан кеткеннен соң,
Қайсы жаққа барды екен Балқияңыз?

Сөйлеңіз, әй, шаһым, хайыр, — дейді,
Көңіліміз ғаріптікте ауыр, — дейді.
Балқияның қиссасын сөйлесеңіз,
Болмас па еді аз ғана тәуір, — дейді.

Шаһимаран Жамсыбқа айтты дейді:
— Ол Ғамелден Балқия кетті, — дейді.
Неше күндер жүрген соң ол Балқия
Бір үлкен биік тауға жетті, — дейді.

Жетіп қалды Балқия тау қасына,
Кеше-күндіз сиынып Алласына.
Балқия екі күндей мехнат шегіп,
Шығып жетті ол таудың қақ басына.

Балқия тау үстінде жүріп еді,
Тап алдында бір үлкен кісі көрді.
Шамасыз үлкендігін көргеннен соң,
Балқияның көңіліне қорқу кірді.

Алдында жазып қойған тақтайы бар,
Машриққа қолын созып оған қарар.
Ол тақтайдың бетіне қарап өзі,
«Лә иләһа илла Алла» деп зікір салар.

Машриқ жақта оң қолы, мағрибте — сол,
Қарауға бек қорқыныш, кеудесі мол.
Зікірі — «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла», — дейе-дүр ол.

Есітіп қорқу кетті Балқиядан:
«Бұ екен ғой өзі бірнеше адам,
Мұсылманның дінінде екен өзі,
Мұндан, сірә, жамандық болмас маған.

Біледі екен ол кісі Мұхаммедті,
Мұхаммедті Расул деп зікір етті.
Амандасып, жолығып сөйлесейін,
Һәм білейін өзіні қандай заттан».

«Тәуекел» деп Балқия жүріп келді,
Алдында қол қусырып сәлем берді.
— Кім боласыз, бұ шақты кеудеңіз мол,
Бұ жаһанда көрмедім сіздей ерді.

Ол сұрайды: — Сен өзің қай мақлұқтан,
Мұнда жүріп келдің, — деп, — қайсы жақтан?
Балқия жауап берді ол кісіге:
— Мен өзім боламын, — деп, — адамзаттан.

— Сұбхан Алла, бұ жерде жүргеніңіз,
Қайсы жақтан бұ жерге келгеніңіз.
Дүниеде адам бар деп есітуші едім,
Әмме бір де жоқ еді көргеніміз.

Қайдан шығып келдің сен осы жерге,
Қалай жүрдің жалғызың теңіздерде?
Адамдардың мекені — Рабиғ мәскүн,
Андан нағып оралдың бұ жерлерге?

Балқия оған айтты уақиғасын,
Сапар шегіп бар көрген әңгімесін.
Уақиғасын айтқан соң андан сұрады:
— Тақсыр, — дейді, — өздерің кім боласың?

Қолыңыздың біреуі мағрибте,
Біреуі[н] созыпсыз машриққе.
Алдыңызға бұ қойған тақтай не-дүр,
Баян қылсаң болмас па мен ғаріпке.

Келбетіңнен байқаймын, періштесің,
Перштелер секілді келістісің.
Құдай саған бұйырды қандай қызмет,
Осы күнде сен өзің не істесің?

— Мен өзім періштемін, атым — hаил,
Маған қызмет бұйырған Қадір Жалил.
Машриққа ұзатқан қолымменен
Жарықтықты ұстаймын, сен оны біл.

Мағрибке ұзатқан қолымменен
Қараңғылық ұстармын оныңменен.
Арман қарай мен оны жөнелтемін,
Қараңғылық кетеді соныңменен.

Ол бір қолым машриқта менім, — дейді,
Жарықтықты тартармын, білің, — дейді.
Андан соңыра таң атады, күн туады,
Осы менім қызметім, жөнім, — дейді.

Мәнісі сол қараңғы болуының,
О да кетіп жарықтық келуінің,
Тақтайдағы жазу hәм қисабы-дүр
Күн менен түннің артып-кемуінің.

Тамам қылды періште сөздерін ол,
Құдайға қылатұғын қызметім сол.
Балқия hәм сұрайды періштеден:
— Қайда, — деп, — Рабиғ мәскүнге кететін жол?

Рабиғ мәскүн тарапы, міне, мұнда,
 Һеш бұрылмай тура жүр осы жөнге.
Жүре-жүре алдында бір тау болар,
Бір періште көрерсің тағы сонда.

Тура қарап сол тауға жүрерсіз сіз,
Онда ол періштені көрерсіз сіз.
«Рабиғ мәскүн жолдары қай жақта?» — деп,
Тағы да періштеден сұрарсыз сіз.

Балқия періштемен амандасып,
Жүріп кетті, тәуекел, жолды басып.
Бірнеше даламенен жүре-жүре,
Келіп қалды бір тауға жақындасып.

Балқия жүріп тауға келді дейді,
Ондағы періштені көрді дейді.
Сәлем беріп, періште сәлем алып,
Хал-ахуалын сұрасып білді дейді.

— Қай мақлұқсың, қай жақтан едің? — дейді,
Ахуалыңнан хабарды бергін, — дейді.
Балқия дер: — Адамзат боламын мен,
Рабиғ мәскүн болады жерім, — дейді.

— Рабиғ мәскүн болыпты сенің жерің,
Қап таулары болыпты біздің орын.
Адам ұғлы бар деп есітуші едім,
Жоқ еді ғой көргенім сенен бұрын.

Қарап жатыр Балқия ол мәлікке,
Бір қолын жіберіпті жеті көкке.
Жеті қат жер астында бір қолдары,
Оны көріп қалыпты һәм ғажапқа.

Балқия періштеге салды көзін,
Зікір айтып отырған көрді өзін.
Айта-дүр «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла» деген сөзін.

Ол Балқия сұрайды: — Иә, періште,
Осы жерде сен өзің қандай істе?
Бір қолыңыз көкте екен, бірі — жерде,
Бір қызмет болса керек бүгілісте.

Періште дер: — Әй, адам, сөзім тыңда,
Желдерге уәкіл қылған мені Алла.
Бір қолымыз көкте-дүр, бірі — жерде,
Мәнісін айтайын, ғапыл қалма.

Көктен, тағы жерден де шығады жел,
Желге хадим қылыпты мені Жалил.
Өлшеуменен мен оны жіберермін,
Болмаса ұшар еді бар тұрған ел.

Бір қолымыз көктегі желді бағлар,
Бір қолымыз жердегі желді аулар.
Әгар желді еркіне қоя берсем,
Ұшар еді мақтадай болып таулар.

Қоя берсем, жел сондай есер еді,
Жер желмен[аспан]-көкке ұшар еді.
Көк желін қоя берсем, көктің бәрі
Тас-талқан болып жерге түсер еді.

Балқия періштемен амандасты,
Жол-жөнін сұрап алып андан көшті.
Періштенің көрсеткен жөніменен
Жүріп, тағы бір тауға жақындасты.

Балқия енді жүріп тауға келген,
Ол тауда бір ғажайып тағы көрген.
Таудың өзі әуеде асылып тұр,
Жерден жоғар[ы] бірқатар көтерілген.

Келіп көрді Балқия ғаріп-пақыр,
Төрт мүйісінде төрт сурет періште тұр.
Қол көтеріп баршасы дұға қылып,
Мінәжат қылып Құдайдан тілеп отыр.

Періштенің төртеуі төрт суретте,
Һәрқайсысы Құдайға мінәжатта.
Біреуінің суреті адам екен,
Біреуісі бүркіттей қияпатта.

Біреуі арыстандай, бірі — өгіз,
Суреттерін олардың айттым тегіс.
Мұндай сөзді есіткеш: «Сұбхан Алла,
Жаратқушы һәр іске Қадір», — деңіз.

Ол періште суреті адам түсті,
Мінәжаты Құдайға оның күшті.
«Иә, Раббы, адамдардың ризығын бер», — деп,
Дұға қылып көзінен төгер жасты.

Ол періште суреті бүркіт түсте,
Ризықты тілеп тұр барша құсқа.
«Иә, Раббы, барша құс ризықтарын
Өзің бер», — деп тілеп тұр ол байғұс та.

Ол періште суреті өгіздейін,
Хайуандардың ризығын тілер дәйім.
«Иә, Раббы, жер жүзінде хайуандардың
Ризықтарын айыршы-дүр, әй, Құдайым».

Суреті арыстандай періштенің,
Мінәжаты Құдайға бұ-дүр оның:
«Иә, Раббы, ризықтарын бере көр», — деп,
Жер жүзінде жыртқыш жануарлардың.

Балқия періштенің бәрін көрді,
Қайран болып оларға қарап тұрды.
Ол бір адам суретті періштеден:
— Адамбысың әлде? — деп хабар сұрды.

Ол періште: — Емеспін адам, — дейді,
Адам қайда бұ жерде, балам, — дейді.
Бірақ мені адамның суретінде
Жаратыпты Құдай Тағалам, — дейді.

Балқия періштеге арыз айтты,
Жол жөнін сұрап алып тағы кетті.
Жүре-жүре бір жасыл зүбәржаттан
Бек биік үлкен тауға келіп жетті.

Жиегімен ол таудың жүріп кеткен,
Биіктігі ол таудың көкке жеткен.
Бұрын мұндай биік тау көргені жоқ,
Көргеннен соң Балқия есі кеткен.

Ол таудың етегімен жүрді дейді,
Онда тағы бір періште көрді дейді.
«Таудың атын, жол-жөнін сұрайын», — деп,
Періштенің қасына келді дейді.

Періштенің қисапсыз қолдары көп,
Қолдарының бәрін тұр селкілдетіп.
Тілімен «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла» деп тұрар айтып.

Балқия періштеге сәлем берді,
Сәлемін алып оның қарап тұрды.
— Қай мақлұқтан боласың өзің сен? — деп,
О дағы Балқиядан хабар сұрды.

— Сұрасаңыз кімсің деп енді бізден,
Мен бір адам боламын жаннан безген.
Мұхаммед пайғамбарға ғашық болып,
Дарияларды, тауларды жүріп кезген.

— Жалғыз басың қиын-ды бұ жүргенің,
Жапандарда, тауларда жүгіргенің.
Адам деген зат бар деп есітуші едім,
Бірақ оны жоқ еді һеш көргенім.

Балқия дер: — Не ғажап, жүрмейсіз сіз,
Рабиғ мәскүн жеріне келмейсіз сіз?
Күшіңіз, қуатыңыз бола тұрып,
Нағып бір де адамды көрмейсіз сіз?

— Әй, адам, бек көп мұнда періштелер,
Жаратты-дүр оларды Қадір, Жаппар.
Һәрқайсының тұратын алдарында
Тағайындап қойылған қызметі бар.

Мойындарын қызметтен бұра алмайды,
Тастап оны һеш жерге жүре алмайды.
Рабиғ мәскүн дүниеге жүріп барып,
Сол себептен адамды көре алмайды.

Нәпсімізді қадірлеп күткенім жоқ,
Қарсылықты Құдайға еткенім жоқ.
Хақ Тағала өзімді жаратқаннан
Бері жүріп һеш жаққа кеткенім жоқ.

Балқия дер: — Қай жерде жүрмедім мен,
Қай дария, қай тауға кірмедім мен.
Қанша таулар дүниеде көріп едім,
Бұ секілді биік тау көрмедім мен.

Тауларды дүниеде мен көрдім қатты,
Артық екен бұ таудың салтанаты.
Балқия һәм сұрайды періштеден:
— Қандай тау болады, — деп, — мұның аты?

— Әулиелер — Құдайдың досы, — дейді,
Зікірлері — Құдайдың сөзі, — дейді.
Тамам бүтін дүниені орап алған
Қап тауы дегендері осы, — дейді.

Осы тауға һешбір тау жете алмас-ты,
Адам шығып ол тауға кете алмас-ты.
Періштеден басқа жан тауға шығып,
Ар жағына асып ол жете алмас-ты.

Тау артында ақ жер бар өзі түпсіз,
Үлкендігі дүниедей оның отыз.
Оның бәрі періштеменен толған,
Осы сөзді жақсылап тыңдаңыз сіз.

Қолдарында тулары нұрдан асыл,
Жазылған жазулары бәрі жасыл.
Ол тауға жазылыпты: «Лә иләһа
Илла Алла, Мұхаммед — Хаққа Расул».

Ол ақ жердің тағы да ар жағында
Бір дала жер ғанбардан, білің онда.
Үлкендігі дүниеден жетпіс оның,
Періштемен толыпты бәрі сонда.

Ол жердің ар жағында тағы жер бар,
Үлкендігі дүниеде жетпіс болар.
Топырақтары алтыннан екен оның,
Баршалары періштеменен толар.

Ар жағында тағы да жер бар-мыс,
Топырақтар, тастары, бәрі күміс.
О да тағы дүниедей жетпіс екен,
Періштеменен толыпты о да тегіс.

Ол жерде періштенің көптігінің,
Қисабыны білмес-ті һешкім оның.
Жоғарыдан бір ине тастасалар,
Түсер еді бастарына періштенің.

Олар білмес дүниені, ақыретті,
Жаһаннамды, шайтанды һәм жаннатты.
Кешті һәм күндізді білмес олар,
Білгендері олардың ғибадат-ты.

Балқия дер: — Дүниеміз боқ екен ғой,
Онда халық аз екен, жоқ екен ғой.
Құдайдың жерлері де бек көп екен,
Періштесі одан да көп екен ғой.

— Әй, Балқия, ғайыпта тағы мақлұқ,
Біз білмеген тағы да одан да көп.
Мәгәр оны Құдайдың өзі білер,
Одан басқа оларды білген жан жоқ.

Балқия періштеге: — Әй, жар, — дейді,
Жеті қат көк, жерменен бұлар, — дейді.
Ғаршы-Күрсі, тағы да Лаух-Қалам
Не нәрсенің үстінде тұрар? — дейді.

— Әй, Балқия, баршасы олар, — дейді,
Періштенің үстінде болар, — дейді.
Ғаршы-Күрсі, жер-көктің баршасы да
Арқасында алмадай тұрар, — дейді.

Фердаус ұжмағында бір тау бар-ды,
Жақұттан-дүр, шығарып оны алды.
Көкті, жерді көтерген періштенің
Аяғының астына соны салды.

Періштенің аяғы тас үстінде,
Тасты қойған өгіздің қақ басында.
Қақ басына маңдайға қойған оны,
Дәл екі мүйізінің арасында.

Ол өгіздің бек үлкен екен басы,
Мың жылдық жол мүйіздің екі арасы.
Дәл сол екі мүйіздің арасында,
Маңдайына қойылған жақұт тасы.

Ол өгіздің аяғы төрт мың аяқ,
Оған берген аяқты аямай-ақ.
Аяқтарын бекітіп басып алып,
Көтеріп тұр жерлерді шаршамай-ақ.

Яхуда-дүр дейділер өгіз атын,
Қара енді өгіздің күш-қуатын.
Аяқтарын басып ол бір кемеге,
Көтеріп тұр жерлердің жеті қатын.

«Кімкім» деп ол кемеге есім берген,
Дүниеде жоқ һеш оның мысалын көрген.
Ол кеменің тағы да үлкендігін
Үлкенірек дейділер көк пен жерден.

Сол кеме[ге] бастырған Яхуданы,
Бір балыққа қойылған ол кемені.
Періште Балқияға айтып отыр,
Жақсы көріп бейшара Балқияны.

«Нон» дейділер балықтың есімін оның,
Жеті қат көк, жеті қат жердің бәрін
Аузына салынса ол балықтың,
Бір жапырақ қылар еді баршаларын.

Үлкен теңіз балықтың астында, біл,
Ол теңіздің астында болады жел.
Ол желдің астында қараңғылық,
Андан соңыра білгуші Қадір Жалил.

Балқия дер: — Бәрәк Алла ғылымыңызға,
Ғылымдықты беріпті Құдай сізге.
Енді сіздің қолыңыз селкілдейді,
Оны тағы айтсаңыз екен бізге.

— Әй, Балқия, дүниеде көп тауларың,
Биік-биік жерлерің, адырларың.
Сол таулардың, адырдың баршасының
Қап тауына байлаған тамырларын.

Міне, саған, Балқия, хабар, — дейді,
Хақ Тағала бұйырса әгар, — дейді.
Бір жерге жақсылықты қылайын десе,
«Тамырларын босатып жібер», — дейді.

Тамырларын ол жердің қыламын бос,
Бәрін саған айтамын көргенге дос.
Егіндері, шөптері бәрі шығып,
Көңілдері ол жердің болады хош.

Тағы көзім бір жаққа саламын мен,
Бұйрықты Құдайдан аламын мен.
Жаманшылық бір жерге қылайын десе,
Тамырларын қысқартып аламын мен.

Андан соң қахатшылық бола-дүр ол,
Құрғақ болып сулары болмайды мол.
Егіндері, шөптері бәрі құрып,
Міне, менім қылатын қызметім сол.

Балқияекең бірқатар сөзді білді,
Періштенің ғылымына тахсин қылды.
Жүретұғын жолының жөнін сұрап,
Амандасып тағы да жүре берді.

Амандасып Балқия кетіп қалды,
Тағы да бір сағаға жетіп барды.
Екі жағы сағаның тастан шарбақ,
Биіктігі әуеге парапар-ды.

Екі жағы тас құйма биік болған,
Ортасында тағы да перде құрған.
Сол перденің екі жақ шеттерінде
Екі үлкен періште көрініп тұрған.

Періштенің бірінің басы өгіз,
Біреуінің бас жағы қойдай-мыс.
Зікірлері: «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла», — дерлер-міс.

Екеуі де бек үлкен періштелер,
Балқияның келгенін көрді олар.
— Қай мақлұқтан боласыз, келдіңіз? — деп,
Екеуі Балқиядан сұрадылар.

— Мен айтайын сіздерге сөзім, — дейді,
Мехнат көріп сарғайған жүзім, — дейді.
Әуре болып дүниені кезіп жүрген,
Адамзаттан боламын өзім, — дейді.

— Әй, адам, жалғыз нағып жүрдің, — дейді,
Жалғыз қанша мехнаттар көрдің? — дейді.
Не жұмысың бар еді бұ жерлерде,
Қайдан жүріп бұ жаққа келдің? — дейді.

Балқия баян қылды жүргендерін,
Жақсы-жаман дүниеде көргендерін.
Мұхаммед пайғамбарға ғашық болып,
Оны іздеп бұ жаққа келгендерін.

— Ахуалым сізге қылдым аян, — дейді,
Әлі де болса жанымыз аман, — дейді.
Не қызметте тұрасыз өздеріңіз,
Білдіріңіз сіздер де маған, — дейді.

Сұраған соң айтады періштелер:
— Бұ перденің артында бір қақпа бар,
Күмістен құлып салып бекітіп қойған,
Біздер оның сақшысы боламызлар.

Балқия сиынады жалғыз Хаққа:
«Пәруардигар Құдайым, өзің сақта».
Жолын, жөнін сұрайды періштеден:
— Рабиғ мәскүн тарапы қайсы жақта?

Анлар дер: — Енді саған не етпек керек,
Әлбетте, бұ қақпадан өтпек керек.
Осы қақпа ашылып өткеннен соң,
Рабиғ мәскүн жағына кетпек керек.

Жолдасың жоқ жүретін өзіңменен,
Бірігіп тұра алмассың бізіңменен.
Бұ қақпадан өтпесең, кейін қарай
Кетерсің жүріп келген ізіңменен.

Балқия дер: — Ашыңыз, өтейін мен,
Аман-есен жеріме жетейін мен.
Қақпаңызды ашыңыз, періштелер,
Тәуекел деп Құдайға, кетейін мен.

Анлар айтар: — Келіпсің жалғыз мұнда,
Ол қақпаның кілті жоқ біздің қолда.
Өз қолымен бекітіп алып кеткен,
Оның кілті бола-дүр Жәбірейілде.

Ол қақпаның кілті жоқ анық бізде,
Дұға қылып Құдайдан жәрдем көзде.
Жәрдем қылып Құдайым жарлық қылса,
Келіп ашар Жәбірейіл оны сізге.

Дұға қылып Балқия «әмин» дейді,
— Сиынамын, Құдай-а, саған, — дейді.
Мұхаммед пайғамбардың құрметіне
Бұ қақпаны аш енді маған, — дейді.

Көздерінен Балқия жасын шашты,
Қабыл болып дұғасы көкке асты.
Жәбірейіл періште сол сағатта
Балқияға қақпаны келіп ашты.

Хақ жәрдемін Балқия біледі енді,
Перделері көтеріп кіреді енді.
Өтейін деп есікке келген шақта,
Жәбірейіл періштені көреді енді.

Жәбірейіл Балқияны көрді бағып,
Сөйлесті Балқиямен өзі танып:
— Әй, сен Пайғамбардың шын ғашығы,
Осы жерге адасып келдің нағып?

Сондан бері, бейшара, жүріпсің сен,
Бірқатар мехнаттарды көріпсің сен.
Сенің жөнің бұ жерден емес еді,
Адасып бұ жұрттарға келіпсің сен.

Әй, Балқия, сен енді қылма уайым,
Тәуекелді Құдайға әйла дайым.
Пайғамбарға өзіңдей ғашықтарды
Көрсетті бәрін саған бір Құдайым.

Саған жұртты кездірмек үшін шығар,
Ғажайыптар көргізбек үшін шығар.
Мақлұқаттың қасында Пайғамбардың
Құрметіні білгізбек үшін шығар.

Көргізбекке Расулдың ғашықтарын,
Кездірген шығар саған Қап тауларын.
Құдайдың тағдырына сабыр етсең,
Биқисап көп табарсың сауаптарын.

— Иә, Жәбірейіл, ниетім менім, — дейді,
Мың мехнат көрсе жан-тәнім, — дейді.
Бүтін дүние ғұмырындай ғұмырым болса,
Пида болсын жолына оның, — дейді.

Құдай, маған берсеңіз дүния ғұмырын,
Мехнатпенен өткерсем оның бәрін.
Зәрре-тозаң қадары ренжімен,
Құрметіне мағшұғым Пайғамбардың.

Жәбірейіл дер: — Балқия, Бәрәк Алла,
Махаббатың күшті екен сенің анда.
Жолдарың болсын, енді жүре бер, — деп,
Ғайып болды Жәбірейіл сол заманда.

Балқия ол қақпадан шығып кетті,
Жалғыз жүріп неше күн сапар шекті.
Даламенен неше күн жүргеннен соң,
Бір теңіздің бойына келіп жетті.

Бағанағы суы бар Балқияның,
Сақтаулы екен қасында ол су оның.
Сол суды аяғына сүртіп алып,
Ортасына барды ол дарияның.

Ортасына дарияның келіп жетті,
Онда көрді тағы да кереметті.
Ортасына жеткенше ащы су-ды,
Ортасынан асқан соң болды тәтті.

Келіп жетті ортаға қадам басып,
Ащы судан тұщыға шықты асып.
Қараса ащы су мен тұщы суды,
Соғыс салып жатырлар төбелесіп.

Күнде бір уақ соғысты салады екен,
Бір мезгілде тоқтасып қалады екен.
Төбелесті қойса да бұ екі су,
Бір-біріне қосылмай ағады екен.

Қайран болып Балқия андан өтті,
Жүре-жүре аралға келіп жетті.
Ортасына аралдың келгеннен соң,
Балқияекең тағы да көрді гәпті.

Ортасында аралдың екі тау бар,
Бірі — күміс, біреуі — алтын таулар.
Жан-жағында ол таудың періштелер,
Зікір айтып баршасы оның гаулар.

Анда көрді Балқия періштелер,
Баршалары бірігіп зікір салар.
Зікірі: «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла», — дейүр олар.

Сәлем берді Балқия анда барып,
Олар һәм амандасты сәлем алып.
Балқиядан олар [да] сұрайдылар:
— Қай мақлұқсың, қай жақтан қалдың келіп?

Балқия дер: — Мен бір ғаріп жүрген кісі,
Дүниеде көп ғажайып көрген кісі.
Адам деген жыныстан боламын мен,
Алыс жерден оралып келген кісі.

— Сұбхан Алла, осы ма адам деген,
Адам деген әдемі болады екен.
Қайдан шығып бұ жерге келдіңіз сіз,
Рабиғ мәскүн еді ғой сіздің мекен.

Адамдарда абзалы пайғамбардың,
Бек көркемі екен ол көркемдердің.
Әлхамдулилла, хадимы болдық біздер,
Осындай көркем сурет адамдардың.

Балқия дер: — Иә, ғазиз періштелер,
Не қызметте боласыз мұнда сіздер?
Мүмкін болса білдіріп біз ғаріпке,
Көңлімізді тыныштыны қыласыздар.

— Әй, Балқия, сен бе едің келе жатқан,
Бізге қарай аяңдап теңіз жақтан.
Ол теңізден өткенде көріп пе едің,
Ащы су мен тұщы су қатар аққан.

Дүниеде қайсы жерде ащы су бар,
Қайсы жерде тағы да тұщы су бар.
Баршасының бабтары бұ-дүр ол,
Сол теңізде көргенің екі сулар.

Қайсы жерге ащы су біз береміз,
Қайсы жерге жақсы су жөнелтеміз.
Хақ Тағала бұйырған адамдарға
Осы тұрған қызметті біз етеміз.

Дүниенің тағы да таулары бар,
Андан қазып адамдар алтын алар.
Дүниедегі таулардың баршасына
Алтын-күміс осы екі таудан барар.

Келгеніңде тағы да көрдіңіз сіз,
Төбелесіп тұр екен екі теңіз.
Ащы су мен тұщы су төбелескен,
Мәнісіні тағы да айталық біз.

Бұрынғыда бір кәриһ болыпты ғой
Намруд деген, қылықты қылыпты ғой.
«Көкке шығып Тәңірімен ұрысам», — деп,
Бүркітпенен аспанға шығыпты ғой.

Намруд депті: — Мен енді көкке барып,
Келермін Тәңірісімен соғыс салып.
Бүркіттерді жоғары жегіп алып,
Ұшып кеткен қайыққа мініп алып.

Көк Тәңірісі аспанда тұрған, — депті,
Мен оны өлтірмейін қалман, — депті.
Көк Тәңірісін өлтіріп тыныштамай,
Дүниеде тәңірлікті қылман, — депті.

Намруд лағин аспанға бір оқ атты,
Хақ Кәрім Жәбірейілге жарлық етті:
— Бұ дүниеде мұраты болсын оның,
Дариядан бір балықты ұста, — депті.

Намруд ол көкке қарай оғын атты,
Жәбірейіл ол балықты қарсы тұтты.
Ол Намруд имансыздың атқан оғы
Балықтың бұғазына келіп батты.

Оқ былғанып қалыпты қызыл қанға,
Балықтың бұғазына қадалғанға.
Қанды оқты Жәбірейіл алып келіп,
Қайығына тастаған сол заманда.

Қайығына түскен соң оғы келіп,
Қызыл қанға былғанғанын Намруд көріп.
«Мінеки, көк Тәңірісін өлтірдім», — деп,
Қуаныпты ол малғұн шаттық қылып.

Жер жүзіне түсем деп лағин дұшпан,
Бүркіттермен төменге қарай ұшқан.
Бүркіттері құрғаққа жеткізе алмай,
Теңіздің жиегіне келіп түскен.

Тұщы су ащы суға ерегісті:
— Құдайымның дұшпаны саған түсті,
Не үшін оны ғарық қылмадың? — деп,
Оныңменен салад-дүр ол соғысты.

Намруд лағин болдым деп енді күшті,
Бүркіттермен төменге қарай ұшты.
Теңіздің жиегінде қатындардың
Отыратын жеріне келіп түсті.

Анда бір таһаратхана болады екен,
Қатындар соған түзге жүреді екен.
Су ішінде жасалған екен өзі,
Жүріп басып көпірден кіреді екен.

Таһарат қасына Намруд жетті,
Түзге отырып сол жерден жүріп өтті.
Түзге отырып сол жерден шыққанынша,
Мұрттарына Намрудтың боқ тиіпті.

Өзі оны білген жоқ, жүре берді,
Шаһардың ішіне барып кірді.
Келе жатқан Намрудты шайтан көріп,
— Қай жақтан келесің? — деп хабар сұрды.

— Қазір өзім көктерден ендім, — дейді,
Соғысып көк Тәңірісін жеңдім, — дейді.
Қуаныш-шаттықпенен келгенім сол,
Көк Тәңірісін өлтіріп келдім, — дейді.

Шайтан оған: — Шын айтып мақтан, — дейді,
Көк Тәңірісі өлді ме оқтан, — дейді.
Өлтіргенің шындығы біліңді ғой,
Сақалыңа жағылған боқтан, — дейді.

Ол уақыт Хақ бұйырды Жәбірейілге:
— Балық апар, Жәбірейіл, барып Нілге,
Намрудтың оғына тұтып еді,
Сол балықты көр енді, келді тілге.

Тілге келіп ол балық сөйледі енді,
Құдайға мінәжатын қылады енді:
— Не күнәһ қылып едім, Құдай-а?! — деп,
Зарлық қылып Аллаға жылады енді.

— Иләһим, сен саидым ердің, — дейді,
Не жаздым мен, не күнәһ қылдым, — дейді.
Ол малғұнның заһарлы оқтарына
Ұстатып мен құлыңды бердің, — дейді.

Уахи болды Құдайдан ол балыққа:
— Сабырлық қыл, қарсылық қылма Хаққа,
Намрудтың оғына салғаным үшін,
Харам қылдым сіздерді мен пышаққа.

Ойлағаны болсын деп Намруд иттің,
Ататұғын оғына қарсы тұттым.
Соның үшін балықтың баршасының
Бұғазына пышақты харам еттім.

Заһи сұлтан, құдіретті Жаппар Халық,
Хүкіміне оның ғасы болмалық.
Намрудтың оғы батқан себебінен,
Бұғаздамай халал-ды сізге балық.

Дүниедегі таулардың тамырлары,
Осы тауға келе-дүр тармақтары.
Осы таудан тамырымен жүрген болар
Дүниедегі таулардың алтындары.

Әй, Балқия, біз сондай періштеміз,
Етіп тұрған осы ғой біздің жұмыс.
Осы тұрған алтын тау, күміс таудан
Дүниеге біз береміз алтын-күміс.

Бұ жерде періштенің сөзі бітті,
Балқия бәрін тыңдап есітіпті.
Жолының жөнін тағы да сұрап алып,
Амандасып олармен жүріп кетті.

Тағы да бір теңізге келді қалып,
Ол теңізде көп екен үлкен балық.
Адамдардың тілінше сөйлейді екен,
Сөйлескенін Балқия білді анық.

Арасында бір үлкен көркем балық,
Балықтар ол балықты ортаға алып.
Баршасы: «Лә иләһа илла Алла,
Мұхаммед — Расул Алла», — дер айқай салып.

Сәлем беріп Балқия есендесті,
Балықтармен бірқатар сөз сөйлесті.
Айтады енді Балқия балықтарға:
— Сендерде көремін, — деп, ғажап істі.

Мен өзім көп жерлерде жүрдім, — дейді,
Неше түрлі мақлұқат көрдім, — дейді.
Сендердей тамашаны көргенім жоқ,
Адам тілін қайтіп білдің? — дейді.

Балқияға сөйлейді көркем балық:
— Қай мақлұқтан боласың өзің анық?
«Адамдардың тілінше сөйлейді», — деп,
Балықтарға тұрдың ба қайран қалып.

— Мен боламын дүниеден безген адам,
Тәтті жаннан күдерін үзген адам.
Сол сіздің зікір қылған Пайғамбарға
Ғашық болып, дүниені кезген адам.

Балқияға сөйлейді көркем балық:
— Осы тілмен жаратты бізді Халық.
«Хамду сәна» Құдайға біз айтамыз,
Бұ зікірді қылыпты бізге лайық.

Осы зікір дүниеде бізге жеткен,
Шүкір Хаққа, біздерге нәсіп еткен.
Өзім мен балықтардың патшасымын,
Баршасы әскерім-дүр балық біткен.

Жәрдем өтінемін енді саған,
Пайғамбарға барсаңыз есен-аман.
Ол Сәруар ғалам нәсіп болып
Көрсеңіздер, айтыңыз бізден сәлем.

Иә, Расул, көп жерлерде жүрдім дегін,
Теңіздерде балықтар көрдім дегін.
Қияметте шапағат өтінділер,
Аманат сол, мен алып келдім дегін.

— Әй, балықтың сұлтаны, саған, — дейді,
Сөз айтады бұ ғаріп адам, — дейді.
Кеше-күндіз жегенім — от пенен шөп,
Болар ма екен бір тамақ маған, — дейді.

Падиша бір балыққа жарлық етті,
Ол балық дарияға сүңгіп кетті.
Ол теңіздің түбінен падишаға
Бір жапырақ ет алып келіп жетті.

Балық берді ол етті падишаға,
Падиша берді оны Балқияға.
Қараңыз енді мұны, аз ғана ет
Қалайша тамақ болды бейшараға.

— Әй, адам, сен жеп ал осы етті,
Етті саған жегелі ап келіпті.
Мұны жесең қырық күн қарның ашпас,
Шөлдемессің қырық күн тамам, — депті.

Андан тағы Балқия жүріп кетті,
Бір жақсы мақамдардан жүріп өтті.
Көп жемісті бақшалар, аққан сулар,
Андан өтіп бір теңізге барып жетті.

Ол теңіздің сулары жасыл еді,
Суын сүртіп Балқия оған кірді.
Бара жатып, тағы да су үстінде
Ат секілді секірген адам көрді.

Бір әдемі жас жігіт келер жетіп,
Балқия шақырады дауыс беріп.
— Неге мұнша асығып жүгіресің,
Сөйлесуге болмай ма біраз тұрып?

— Сөйлесуге сеніңмен уақытым тар,
Асығыс бара жатқан жұмысым бар.
Соңымнан жолдастарым келе жатыр,
Сұрасаңыз хабарды айтұр олар.

Желген аттай ол жігіт қалды кетіп,
Соңынан бір жолдасы келді жетіп.
Жүзінің көркемдігі ай секілді,
Ескен желдей барады о да өтіп.

Балқия шақырады оған бағып,
«Сөйлесіп кетіңіз», — деп айқай салып.
О дағы: «Сөйлесуге уақытым жоқ,
Кейінгіден сұраңыз», — деп кетті қалып.

Соңынан һәм бір жігіт және келді,
Көркемдігі жүзінің күн секілді.
Жарқыраған жасындай келе жатыр,
Балқия «сөйлесің» деп дауыс қылды.

— Біраз ғана қайырылып, һәй, сен жігіт,
Құдай үшін бізге де мархамат ет.
Не себептен асығып жүресіз сіз,
Өзіңіз жөніңізді білдіріп кет.

Ол жігіт жауап берді: — Балқия, біл,
Бастапқы кеткен жігіт Ысрапыл,
Соңындағы Мекайыл періште-ді,
Мен боламын періште Жәбірейіл.

Әй, Балқия, мен сені танып білдім,
Бұ сапарда үш қабат сені көрдім.
Жұмысымыз асығыс болса дағы,
Сөйлесіп кетейін деп қайырылдым.

Күншығыста аждаһа пайда болған,
Уәлаяттың халқына қайғы толған.
Пайда болып машриқта ол айдаһар,
Бірқатар шаһарларды хараб қылған.

Қалғандары Құдайға зарлық етті,
Қол көтеріп қылдылар мінәжатты.
Мұхаммед пайғамбардың құрметіне,
Құдай-а, айдаһардан құтқар, — депті.

Жад қылған соң өз досты Мұхаммедті,
Дұғаларын олардың қабыл етті.
«Айдаһарды алысқа тастаңдар», — деп,
Хақ Тағала біздерге жарлық етті.

Жад қылған соң Мұхаммед пайғамбарды,
Хақ Тағала біздерге жарлық берді.
Ұстап алып, артына Қап тауының
Лақтырып келеміз айдаһарды.

Мұны айтып Жәбірейіл жүріп кетті,
Балқия һәм теңізден жүріп өтті.
Теңізді өтіп құрғаққа шыққаннан соң,
Тегіс жермен бірқатар жүріп кетті.

Тоқтамады, Балқия жүре берді,
Балқияның жүргені ояң жер-ді.
Тас жермен Балқия келе жатып,
Алдында жарқыраған күмбез көрді.

Ақ күмбезді алыстан көрді дейді,
Көрген соң оған қарай жүрді дейді.
«Айдалада нағылған күмбез бұ?» — деп,
Қасына жүріп оның келді дейді.

Күмбездің үсті бітеу, жаны ашық,
Балқия келіп қалды жақындасып.
Ақ мәрмәрлардан өзіні қылған екен,
Ішіне кірді оның есік ашып.

Ол күмбездің ішінде екі қабір,
Біреуінің қасында бір адам тұр.
Жынысы болған адамды көргеннен соң,
Қайран болды Балқия ғаріп, пақыр.

Адамзаттан екенін біліп оның,
Көңілдері қуанды Балқияның.
«Құдай-а, өз жынысымды көрдім-ау», — деп,
Шаттық кірді көңліне бейшараның.

Шаһимаран Жамсыбқа сөйлеп тұрды:
«Балқия ол күмбезде адам көрді».
«Адам көріп қуанды», — дегеннен соң,
Жамсыб байғұс зар қылып қоя берді.

— Балқия да бірқатар жерді жүрген,
Жүре-жүре жынысынан адам көрген.
Кенеттен ол адамды көргеннен соң,
Балқияның көңіліне шаттық кірген.

Қай етейін, кетті ғой жайым, — дейді,
Жүрегімде көбейді уайым, — дейді.
Балқиядай маған да өз жынысымды
Көрсетсеңіз қай етеді, шаһым, — дейді.

Жамсыбтың зарын көріп аждаһалар,
Бейшараны бек қатты аядылар.
Баршалары жүздерін жерге қойып,
Жамсыбты Шаһмараннан тіледілер.

Айдаһардың баршасы зар жылайды,
Тізелерін жүгініп көп сұрайды:
— Дүниеде көңлі сынық бейшараны
Қоя берсең, әй, шаһым, нең құрайды.

Бізге батты ғаріптің қақсағаны,
Қоя берің, кәрім қыл, шаһым, оны.
Құдай сізді сақтаса өзі сақтар,
Болмайды ғой Құдайдың жазбағаны.

Шаһимаран оларға айтты сөзін:
— Көресіз ғой Жамсыбтың жасты көзін,
Азат қылып жынысына қояйын десем,
Қорқамын-ау жанымнан бірақ өзім.

Айдаһарға айтады Шаһимаран:
— Тіледіңдер Жамсыбты қой, — деп, — аман,
Балқияның қиссасын тамам қылып
Айтқаннан соң, уағда болсын соған.

Болар енді сендердің сұрағаның,
Бітірейін қиссасын Балқияның.
Мысырдың шаһарына келгенінше
Көргендерін айтайын бәрін оның.

Бастан-аяқ кездіріп дүниені,
Мысырға келтірейін Балқияны.
Андан соңыра Жамсыбты қайтаруға
Уағдамыз сол болсын, білің оны.

Андан соңыра бар тұрған аждаһалар
Шаһмаранға қылдылар көп дұғалар.
Баршалары бұ сөзге разы болып,
Шаһимаранға көп дұға қылды олар.

Жамсыб айтты: — Әй, шаһым, енді сізге
Өтінемін, келіңіз сөзіңізге.
Балқия жолыққан соң ол жігітке,
Тұрдылар ма екеуі ол күмбезде?

Балқия ол жігітпен ол қабірде
Тұрдылар ма бірігіп олар бірге?
Я болмаса Балқия анда тұрмай,
Жөнеліп кетіп пе еді өзге жерге?

— Есіт, Жамсыб, Балқия анда кірді,
Бір қабірдің қасында адам көрді.
Адамзаттан екенін білгеннен соң,
Көңілдері шаттанып сәлем берді.

Сәлем беріп екеуі тұрыстылар,
Құшақтасып екеуі көрістілер.
«Қайдан келдің, қош келдің, жынысым-ау», — деп,
Хал-ахуалын сұрасып білістілер.

— Жолығар күн бар екен адамзатқа,
Қайдан келдің, барасың қай тарапқа?
Адам жүрмейтін жерлер еді ғой бұ,
Қайдан келіп шықтың сен осы жаққа?

Балқия оған айтты бар қиссасын,
Дүниеде барша көрген мәжарасын.
Мысырдың шаһарынан шыққаннан соң
Басынан кешіп өткен уақиғасын.

— Мен бұрында падиша ердім, — дейді,
Асық болып Пайғамбарға жүрдім, — дейді.
Өз атымды Балқия дерлер менің,
Көп уақиға дүниеде көрдім, — дейді.

— Шын ғашығы екенсің Пайғамбардың,
Оны іздеп дүниеде мехнат көрдің.
Һеш шүбһә жоқ, мехнатты көп көріпсің,
Сонданда артығырақ мен пақырдың.

Осы көрген мехнатың бәрі сенің,
Ұмытылар, Балқия, тапсаң жерің.
Менің көрген істерім ұмытылмас,
Көрді ғой бірқатарын бұ пақырың.

Балқия дер: — Мен айттым білгенімді,
Дүниеде қандай болып жүргенімді.
Ұмытылмайтын мехнаттар көрген болсаң,
Сен де сөйле бар білген-көргеніңді.

— Айтармын уақиғамды тамам, — дейді,
Бір де қоймай сөйлермін саған, — дейді.
Қадірлі қонақ едің, сөзден бұрын,
Даярлайын мен саған тағам, — дейді.

Ап келді түрлі-түрлі тағамдарын,
Балқияның алдына қойды бәрін.
Балқияны жегізіп тойғызған соң,
Енді айтады уақиға-қиссаларын.

Енді айтайын мен сізге хикаятым,
Патша еді менің де нәсіл затым.
Қабылстанның шаһарының патшасының
Ұғлы-дүр мен, Жаһанша — менің атым.

Тамұз шаһ дерлер еді атам атын,
Айтайын һәм атамның салтанатын.
Үш жүз ұлық шаһардың баршалары
Берер еді атама харажатын.

Атамыздың көп еді жұрты, жері,
Үш жүз еді бек үлкен шаһарлары.
Кішкене шаһарларын сондан ойла,
Атамызға қарайды соның бәрі.

Атамыздың мал-мүлкі көп болыпты,
Ихтиаж жоқ, дүниеде тоқ болыпты.
Мал-мүлкі қанша көп болса дағы,
Бірақ оның баласы жоқ болыпты.

Сол себептен атамыз уайым жепті:
— Құрып қалсын мал менен бағым, — депті.
Ажал жетіп бір күні өліп қалсам,
Иесіз қалады ғой тақытым, — депті.

Бағы барға Құдайым бала берген,
Тақыты барға қаза мен бәле берген.
Атамыз соны уайым қылғанында,
Бір уәзірі есіктен еніп кірген.

Бір уәзірі бар еді Хижаш атты,
Данышпан, ғалым еді салтанатты.
Падишаның жүзіне көзі түсіп,
Біліпті: қайғысы бар ғаламатты.

Бір жұмыспен ол уәзір кірген екен,
Падишаның жүзін ол көрген екен.
Падишаның келбетін көргеннен соң,
Көңлінде уайым барын білген екен.

Уәзір айтты: — Патша жоқ сен секілді,
Құдай сізді бәрінен артық қылды.
Обал-ды ғой дәулетпен қайғы жеген,
Басыңызға бұ қайғы қайдан келді?

— Әй, уәзірім, дүниеде дәулетім көп,
Дүниеде дәулет, мал деген өзі бір жұп.
Өзім өлсем, орнымды ұстап алып,
Тақытыма ие болар баламыз жоқ.

Падишаның уайымын уәзір білген,
Рәмилдің ілімін алып келген.
Тәжірибе қылып қарайтын ғылымдық
Кітап ашып, талиғын оның көрген.

«Талиғ» деген — қарайды оның жылын,
Ай қисабын, жұлдызын, туған күнін.
Тәжірибемен біліпті Хижаш уәзір,
Падишаның баласы болар жөнін.

Хижашқа талиғыңда көріпті,
Падишаның ахуалы білініпті.
— Хорасан шаһтың қызын алсаң, әй, падиша,
Сүйінші, бір ер бала болар, — депті.

«Сүйінші» деп атама уәзір келген,
Атам оған сүйінші көп мал берген.
Көп малменен жіберген уәзірлерін,
Төрт уәзірі қосылып бірге жүрген.

Төрт уәзірі көп малменен кеткен екен,
Хорасан шаһының шаһарына жеткен екен.
Жақындағаш бір уәзірі ілгері барып,
Падишаға арыз-хал айтқан екен.

Айтқан соң Хорасан шаһ бек қуанған,
Он уәзірі алдына қарсы барған.
Төрт уәзірге он уәзір қарсы келіп,
Падишаның сарайына келіп қалған.

Падишаның сарайына кірген бұлар,
Сол сарайда қонақ болып тұрған бұлар.
Атамыз Тамұз шаһтың берген хатын
Хорасан шаһының қолына берген бұлар.

Хорасан шаһ оқып оны фаһимлайды,
— Бір жақсы қыз бар екен сізде, — депті.
Сонша маһир, қалың мал ұнатсаңыз,
Некаһлап жөнелтесіз бізге, — депті.

Сөзді қысқа қылайық, сөз бітіпті,
Хорасан шаһ бек үлкен той етіпті.
Пақырларға көп инғам-ихсан қылып,
Көп жасаумен ол қызды жөнелтіпті.

Түбінен сөзді сөйлеп келемін мен,
Анықтап [сізге] баян қыламын мен.
Атама келгеннен соң жүкті болған,
Сол қыздан туған бала боламын мен.

Мен туған соң атамыз көп той қылған,
Жұртын жиып, қисапсыз көп мал сойған.
Бұқараның бәріне сарпай беріп,
«Жаһанша» деп атымды менің қойған.

Андан соң мені сақтап емізетін
Келтіріпті бек жақсы сүтті қатын.
Сүт емізіп сол қатын анам болып,
Мені күтіп көп қылған тәрбиатын.

Ол ана тәрбиелеп жүрген мені,
Баласынан зиада көрген мені.
Бес жасқа келгенімде атам енді
Оқытуға молдаға берген мені.

Атам мені бек қатты жақсы көрді,
Қайда барса ертіп алып жүрді.
Һәр күнде махкамаға барғанында,
Ертіп ала[р] еді мен пақырды.

Һәр күн атам махкамаға барғанында,
Апара[р] еді мені өз жанында.
Алтын күрсі үстіне отырғызып,
Қояр еді өзінің тап алдында.

Атам бір күн махкамаға барып кірді,
Қалдырмай мені бірге алып кірді.
«Мінеки, патшаңызды ап келдім», — деп,
Уәзірлерге, бектерге хабар берді.

Атам деді: — Уәзірлер, біліңіз сіз,
Патшаңыздың қасына келіңіз сіз.
Бұ күннен соң патшаңыз осы болар,
Баршаңыз бұған байғат беріңіздер.

Жасым анда он төртке келіп ердім,
Байғат қылды баршасы уәзірлердің.
Патша болып тақытқа отырған соң,
Баршасына олардың халғит бердім.

Патша қылды атамыз орнын беріп,
Бір жыл тамам отырдым патша болып.
Атамның ол бектері, уәзірлері
Маған жүрді баршасы қызмет қылып.

Жылға шейін қозғалмай тұрып ердім,
Әділ хүкім жұртыма қылып ердім.
Күнде бір күн далаға ау ауларға
Шығуға көңіл кетті мен пақырдың.

Бірқатар әскер алып атқа міндім,
Ау аулайтын жерлерге жүріп келдім.
Әскеріммен далаға кезгенімде,
Алдымызда бір тұрған киік көрдім.

Келіп қалдық киікке жақындасып,
Бізді көріп ол киік кетті қашып.
Ол киікті соңындан қуып кеттік,
Бәріміз у-шу болып айқайласып.

Ол киікті көп жерге қуып кеттік,
Аттарымыз болдырып шаршап біттік.
Енді жеттік, міне жеттік дейе-дейе,
Бір теңіздің шетіне барып жеттік.

Киік те ол теңізге келіп жеткен,
Тоқтамаған, теңізге кіріп кеткен.
Бір киікке әуара болғаннан соң,
Енді несін сұрайсың мен ғаріптен.

Әуара болдым жалғыз киік үшін,
Артымызға қарасам, жоқ жолдасым.
Аттары болдырған соң кейін қалыпты,
Жалғыз жетіп қалыппын ғаріп басым.

Мінген атым болыпты менің жүйрік,
Бәрінен де келіппін бұрын жетіп.
Теңіздің жиегіне мен де жеттім,
Киік те жүзіп кетті суға кіріп.

Суға кіріп ол киік жүзіп кетті,
Ар жағында аралға барып өтті.
Ол киікті өзіммен бірге қуған
Жігіттердің жетеуі келіп жетті.

Жеті жігіт қасыма келді қалып,
Көп әскерім тағы да кейін қалып.
Оларға қарамай-ақ жетеуіміз
Қуып кеттік, қайыққа мініп алып.

Біз жөнелдік кемеге мініп алып,
Әскерім де теңізге келді қалып.
Аралға жетеуіміз барып шықтық,
Олар тұрды біздерге көзін салып.

Ол киіктің соңынан жеттік барып,
Жатыр екен бейшара шаршап қалып.
Жатқан жерде киікті бұғаздатып,
Жүріп кеттік кемеге салып алып.

Меніменен кемеде ол жеті құл,
Жетеумізге кез болды бір қырсық жол.
Теңіздің ортасына келіп едік,
Қисабы жоқ шықты бір қатты дауыл.

Келе жатқан дауылды біздер көрдік,
Ең астындағы қабатқа еніп кірдік.
Кіргеннен соң тесігін бекітіп алып,
Не көрсек те біз енді сонда көрдік.

Сондай қатты бір жаһан дауыл болды,
Етбетінен кемеміз төңкерілді.
Төңкеріліп, домалап кемеміз жүр,
Хақ тағдыры біздерге сондай болды.

Әскерді һәм дауылдан тозаң басқан,
Бір-бірін көре алмаған, жаман сасқан.
Барша әскер атынан құлап қалып,
«Өлдік» деп бір-бірімен амандасқан.

Аттарынан жүз түмен құлағанлар,
Көз жастарын сел қылып бұлағанлар.
«Дариға, падишамыз не болды», — деп,
Ойбайласып баршасы жылағанлар.

Кеме біздің алысқа ағып кеткен,
Айдап оны жел-дауыл қағып кеткен.
Кememізді фауартана домалатып,
Көрінбейтін жерлерге алып кеткен.

Біраздан соң ол дауыл басылыпты,
Тозаңдар көтеріліп ашылыпты.
Көзін ашып қараса, әскер бәрі
Быт-шыт болып қайсы-қайда шашылыпты.

Әскер бәрі естерін жиып алған,
Кеме бар ма теңізде аман қалған.
Кеме түгіл, теңізде неме де жоқ,
Баршалары жыласып ойбай салған.

Жылап-жылап әскерім атқа мінген,
Хижаш уәзір қасына жүріп келген.
«Патшамыз кememенен жоғалды», — деп,
Келіп Хижаш уәзірге хабар берген.

Хижаш уәзір көп кісімен келіп жеткен,
Теңіздің һәр жерінде мені іздеткен.
Іздеп-іздеп теңізде таппаған соң,
Атамыз[ға] шаһарға қайтып келген.

— Есті менен, падиша, гәпті, — депті,
Балаңызға бір қаза жетті, — депті.
Терең теңіз ішінде Жаһаншаңыз
Жеті құлмен жоғалып кетті, — депті.

Жеті кісі қасында, кемеде ол
Жүргенінде соғыпты қатты дауыл.
Көп кісімен теңізден іздеп-іздеп,
Қасыңызға таба алмай келгенім сол.

Айтқан соң атамыз ойбай салған,
Қиямет күн басына келіп қалған.
Бір шағырып, бірінде хошы кетіп,
Бауырын төсеп топыраққа жатып қалған.

Есін жиып атамыз бұйырғанлар,
Сексен кеме әскерді жібергенлер.
Сексен кеме тарқалып, ол теңіздің
Бар жерінде тарқалып іздегенлер.

Сексен шақты кемеге әскер мінген,
Баршалары теңізде іздеп жүрген.
Тарқалып іздемеген жерді қоймай,
Баршалары шаһарға қайтып келген.

Таппай келген, көрген соң атам сасқан,
Уәзірін шақырып ақылдасқан.
Хижаш уәзір ғылымдық білем деген,
Алып келіп атама кітап ашқан.

— Падиша, балаң әлі келмес, — депті,
Ғұмыры ұзын көрінеді, өлмес, — депті.
Ақыр бір күн балаңға жолығарсың,
Жуырда қайтып қолыңға кірмес, — депті.

Әй, сұлтаным, тақытқа отыр, — депті,
Ісі бар не, шақырып келтір, — депті.
Жаһаншаның істерін қолыңа алып,
Жұртыңның жұмыстарын бітір, — депті.

Һәрбір істі Құдайым білер, — депті,
Тағдыр хүкімі бойынша қылар, — депті.
Балаңызды Құдайға тапсырыңыз,
Бір күнде аман-есен келер, — депті.

Уәзір қылған атама насихаттар:
— Балаңыз осы күнде саламат бар.
Сонда да атам пақыр тыншыған жоқ,
Публик қылып һәр жаққа жазған хаттар.

Хат жазыпты атамыз һәр қалаға,
Іздемек, һәр жерден сұрамаққа.
Дүниеде бар шаһарға публик қылып,
«Көз-құлақ болың, — депті, — Жаһаншаға».

Енді қайтып өзімізге келейік біз,
«Жәрдем қыл» деп Құдайдан тілейік біз.
Олар мені һәр жерден іздей тұрсын,
Өзіміздің сөзімізді сөйлейік біз.

Әй, Балқия, айтайын, есіт гәпті,
Басымызға көп келген мехнатты.
Ол уақытта кемеміз төңкеріліп,
Толқын айдап алысқа алып кетті.

Жеті күн һәм жеті түн болды дауыл,
Сегізінші күн азырақ басылды ол.
Ол кеменің астындағы қабатында
Өзімменен қасымда ол жеті құл.

Жеті сөтке дауылмен аққанымыз,
Қараңғыда домалап жатқанымыз.
Сол жеті күн ішінде біз ғаріптер
Жоқ еді һеш те тағам татқанымыз.

Сегізінші күнінде тоқтады жел,
Тоқта деп бұйырған соң Қадір Жалил.
Шығып келіп қарасақ, теңізде — біз,
Көрінбейді жан-жақта бір құрғақ жер.

Төңірекке қарадық көзді салып,
«Өлеміз ғой аштан», — деп қайғыланып.
Сол уақытта тағы да бір жел шығып,
Кемемізді жөнелтті айдап алып.

Жел жөнелтті кемемізді айдап алып,
Тағы біздер бір сөтке кеттік ағып.
Бір уақыт алдымызда тау көрінді,
«Иә, Құдай» деп келеміз оған бағып.

Ағып біздер ол тауға келіп жеттік,
Мұнысына Құдайға шүкір еттік.
Су шетіне кемені байлап қойып,
Баршамыз да құрғаққа шығып кеттік.

Уақыт болды тамақты даярлайтын,
Құлдарым ап келділер теріп отын.
Шақпа жағып сол жерде отты жағып,
Пісірділер банағы киік етін.

Ол киікті сол жерде жаңа сойдық,
Етін пісіріп тамаққа тамам тойдық.
Сегіз кісі баршамыз тойып алып,
Қалғанын ертеңге сақтап қойдық.

Құлдарым ол аралда кезіп жүрді,
Һәр түрлі шекілдеуік, жеміс терді.
Шекілдеуік, жеміске тойып алып,
Құлдарым сейіл қылып қайтып келді.

Қасымда жеті құлдың бәрі мықты,
Қолдарына алдылар оқ мартықты.
Кемеміздің қасында қалдым өзім,
Олардың баршалары ауға шықты.

Ау іздеп құлдарымның бәрі жүрген,
Бір терең сай ішіне барып кірген.
Сарқырап ол бір тастан су ағып тұр,
Ар жағында жарым бас адам көрген.

Екі адам көріпті ол құлдарым,
Жарымы бар, жарымы жоқ кеуделерін.
Жарты бас, жалғыз көз, жалғыз құлақ,
Жалғыз аяқ, жалғыз қол — бәрі жарым.

Жеті құлым сондайын адам көрген,
— Әй, сіздер, кімдерсіз? — деп дауыс берген.
Денеңізде мүшеңіз бәрі жарты,
Қандай жаннан боласыз мұнда жүрген?

Құлдарымды көрген соң, олар сасқан,
Жүгірісіп қырқаға қарай қашқан.
Олар тағы ау іздеп, сайдан өтіп,
Қырқаның ар жағына қарай асқан.

Ар жағына қырқаның олар шыққан,
Алдарына көздерін салып баққан.
Қарасалар, жарты адам дүние толған,
Көргеннен соң, құлдарым енді қорыққан.

Қашып кеткен екі адам жүрген екен,
Қауымына барып хабар берген екен.
Естіген соң қисапсыз жарым адам,
Баршалары жиылып келген екен.

Қисапсыз жарым адам келген жетіп,
Құлдарымды қуғанлар таспен атып.
Қолдарына ұстаған тастарыны
Топтай қылып атады зырқыратып.

Мұны көріп құлдарым жаман сасқан,
Маған қарай жүгіріп бәрі қашқан.
Қуып жетіп төртеуін ұстағанлар,
Үші қашып кемеге жақындасқан.

Үш құлыммен кемеге кіріп алдық,
Кememізді дарияға тағы салдық.
Жиылысып жиекте олар қалды,
Біз жөнеліп кememен кетіп қалдық.

Үш құлыммен төртеуміз аман қалдық,
Теңізбенен бір заман ағып бардық.
Тағы шықты қатты жел, кememіздің
Астыңғы қабатына кіріп алдық.

Астындағы қабатында ол кеменің,
Екі жұма шайқалып жүрдік оның.
Андан соңыра жел басылып, тысқары шығып,
Жарықтығын көрдік біз дүниенің.

Он бес күндей шайқалып жүріп біздер,
Құрғақ жерге жақындап келемізлер.
Көзді салып қарасақ, алдымызда
Жарқырап тұрған шаһар көрдік [біздер].

Аппақ шаһар әдемі бегірек асқан,
Үйлерінің баршасы мәрмәр тастан.
Әй, Балқия, айтқаным тындап отыр,
Көшті ғой бірталай іс біздің бастан.

Келіп шықтық құрғаққа біздер аман,
Шаһар жаққа қараймыз бар ма деп жан.
Ҥешбір дауыс шаһардан естілмейді,
Көрінбейді шаһарда жалғыз адам.

Құлдың бірін жібердім: — Жүріп кел, — деп,
Шаһарда не бар екен, біліп кел, — деп.
Бұ шаһардың тұратын адамдары
Қандай адам екенін көріп кел, — деп.

Ол бір құлым шаһарға барып кірді,
Ол шаһарды қыдырып бәрін көрді.
Иесі жоқ бос жатқан қала екен,
Ішінде адам жоқ деп қайтып келді.

«Иесі жоқ шаһар» деп құлым келіп
Білдірген соң, біздерге хабар беріп,
Кемемізді жиекке байлап қойып,
Төртеуіміз шаһарға кеттік еніп.

Төртеуіміз шаһарға еніп кірдік,
Сейіл қылып шаһарды қарап жүрдік.
Бақтар бар, бақшалар, аққан сулар,
Ғажайып тамашалар анда көрдік.

Әй, Балқия, ол шаһарға кірген болсаң,
Сейіл қылып ішінде жүрген болсаң.
Неше түрлі зинатты сарайлардан
Қайранға қалар едің, көрген болсаң.

Ортасында шаһардың бір сарай бар,
Ол сарайға жетпейді һеш сарайлар.
Ортасында құрылған бір тақыт бар,
Ордасы екен ханының осы жайлар.

Мен енді тәуекелді қылдым Хаққа,
Иесі жоқ отырдым шығып таққа.
«Иесі жоқ, не қылған тақыт бұ?» — деп,
Қайран болып қараймын түрлі жаққа.

Ол тақыттың үстіне шығып алып,
Төңірекке қараймын көзім салып,
Бұ секілді түзелген мол шаһардың
Иесі жоқтығына қайран қалып.

Қол қусырып құлдарым алдымда тұр,
Қызмет қылып баршасы даяр отыр.
Иесі жоқ деп мұнда шықтық енді,
Болмаса, жар еді деп бізге Фатыр.

«Қандай мақұлық бұ жерге шаһар салған,
Адамдары қай жаққа кетіп қалған?».
Құлдарыммен қарасақ төңірекке,
Жан-жағымызды маймұндар қаптап алған.

Орап алған маймұндар төрт жағымыз,
Қайран болып оларға қарасамыз.
Ортасында маймұнның қалғаннан соң,
Қай етерін білмеді Жаһаншаңыз.

Қасымызға келген соң маймұн бәрі,
«Амансыз» деп ым қақты баршалары.
Тобаншылық қылдылар бәрі бізге,
Көрінбеді олардың қастықтары.

Ойлаған көрінбеді жаман ойы,
Құрбан қылып өздері бір қой сойды.
Пышақ ұстап тағы да қолдарына,
Құлдарыма келтірді екі қойды.

«Қонақасы сіздердің, тойыңыз», — деп,
«Алып келдік, мінеки, қойыңыз», — деп.
Тілдері жоқ ишарат қылды бұлар,
«Өзіңіз қолыңызбен сойыңыз», — деп.

Аяқтарын буғызып қойды олар,
Өз қолымен қойларын сойды олар.
Кебап қылып пісіріп, күміс табақ
Пенен тартып алдыма қойдылар.

Аузымызға қой етін біздер салдық,
Жеп-ішіп мейлінше тойып алдық.
Бұ секілді бұлардың адамдарды
Қонақ қылып күтуіне таңға қалдық.

Бәрі келіп маймұнның жиылысып,
Көрістілер менім бірлән иттен түсіп.
Аяғыма жығылып жалбарады,
Етегімді сүйеді қуанысып.

Маймұндар аяғыма қойды басты,
Қуанғаны бұлардың хадден асты.
Сипатын айтып болмас қуанғанының,
Басымыздан келтіріп алтын шашты.

Құлағың сал, Балқия, мына гәпке,
Мойынсұнды бар маймұн мен ғаріпке.
Ат дегеннен ол жерде болмайды екен,
Мінеді екен олардың бәрі итке.

Сол кешеде сарайда қалдық қонып,
Құрметіне бұлардың қайран болып.
Жатқанымда құс төсек, мамық жастық,
Шәйі көрпе баршасы қалды толып.

Ол кешеде ұйықтадық анда қалып,
Астымызға төсектер қалың салып.
Таң атқан соң, иттерін аттай қылып,
Келтірділер ерттеп бізге алып.

Ишарат қылды бізге: — Міниңіз, — деп,
Біздіңменен сіздер де жүріңіз, — деп.
Итке мініп біздіңмен бірге жүріп,
Тамаша ғажайыптар көріңіз, — деп.

Жүрдім енді мен пақыр итке мініп,
Жүйрік аттай жүреді, иттер желіп.
Маймұндар алдымыздан ту көтерді,
Бір таудың етегіне жеттік келіп.

Ол таудың бауырында көп даралар,
Дараға келтірділер бізді олар.
Ол дараның ішінде мәрмәр тасқа
Жазылыпты, әдемі бір жазу бар.

Ол жазуды көрсетіп маймұн бәрі,
Оқы деп ымдадылар баршалары.
Оқы дегеш жазуды мен оқыдым,
Жазған екен Сүлеймен пайғамбар-ды.

Оны жазған Сүлеймен пайғамбар-ды,
Тасқа жазып кетіпті ғажаптарды.
— Әй, бұ жұртқа келетін адам ұғлы,
Есіт, — депті, — жазамын бір хабарды.

Әй, адамның баласы, көрің, — депті,
Бұ жазуды сен оқып білің, — депті.
Дүниедегі мақлұқат баршасы да
Қол астымда еді ғой менім, — депті.

Мен Сүлеймен пайғамбар жүрдім, — депті,
Бастан-аяқ дүниені көрдім, — депті.
Әуеден желмен ұшып тақытпенен
Маймұндардың жұртына келдім, — депті.

Тақыт бірлә аспаннан ұштым, — депті,
Теңіздердің үстінен көштім, — депті.
Теңіздерді кешкен соң, көрейін деп,
Маймұндардың шаһарына түстім, — депті.

Бұларды көргеннен соң: — Құдам, — дедім,
Мінәжатым, Иләһи, саған, — дедім.
Қалайшадан бұ халық маймұн болған,
Себебі не, айт-сәна маған, — дедім.

Уахи болып Құдайдан маған дейді:
— Бұрын еді бұ шаһар адам, — дейді.
Адам ұғлы болса да, қылған ісі
Болған екен бұлардың жаман, — дейді.

Жамандықты бұлар бек қылған, — депті,
Бір-біріне муафиқ болған, — депті.
Бірінің жаман ісін бірі көріп,
Үндемей разы болып тұрған, — депті.

Андан соңыра бұларға Хақ Тағала,
Ендіріпті көктерден неше пәле.
Сонда да жақсылыққа келмегенлер,
Тәубелері бәрінің болған шала.

Құдай мұрсат бұларға көп беріпті,
Бір пайғамбар бұларға жіберіпті.
Пайғамбарға бұлар һәм инанған жоқ,
Өлтіріп пайғамбарды шаһид етті.

Андан соң Хақ Тағала ашуланды,
Ашуланып бұларға қаһар салды.
Бұ шаһарда бар тұрған адамдардың
Суреттері бұ маймұн болып қалды.

Өсиетім мен жаздым саған, — депті,
Бұ шаһардың түп асылы — адам, — депті.
Адамдарға бек мунис болар олар,
Һеш те саған қылмаслар зиян, — депті.

Білерсің маймұндардың халін, — депті,
Иеленіп алұрсың малын, — депті.
Келгеннен соң өзіңіз бұ шаһарға,
Падишасы боларсың оның, — депті.

Шаһардан күншығысқа жүрсең, — депті,
Бір үлкен тау болар, көрсең, — депті.
Таудан ары дарияның ар жағында
Жезтырнақ даласы-дүр, білсең, — депті.

Шаһардан күншығысқа кеткен адам,
Таудан өтіп дарияға жеткен адам,
Жеткеннен соң дарияға қайық салып,
Һәлак болар ар жаққа өткен адам.

Шаһарда[н] шығып, анда таман, — депті,
Әгар жүрсе бір ғаріп адам, — депті.
Шаһар менен дарияның екі арасы
Алты айлық жол болар тамам, — депті.

Ар жағында тұрады жезтырнақтар,
Маймұндарға бек қатты дұшпан олар.
Уақыт-уақыт ол судан өтіп келіп,
Маймұндарды көрселер қираталар.

Ол судың арғы жағы жаман, — депті,
Анда өткен болмайды аман, — депті.
Қай уақытта ол судан олар өтіп,
Маймұндарға қылады зиян, — депті.

Жезтырнақтың маймұнға өштігі мол,
Адамнан қорқады екен тағы да ол.
Ажиз болып, бейшара маймұндардың,
Адам[ды] патша қылған мәнісі сол.

Патшасы адам болса келмес, — депті,
Маймұндарға һеш зиян қылмас, — депті.
Сол себептен маймұнның өздерінен
Шаһарында падиша болмас, — депті.

Өсиетім сол саған — кетпе, — депті,
Өзіңді-өзің һәлак етпе, — депті.
Падиша болмаймын деп, инкар қылсаң,
Маймұндардан жақсылық күтпе, — депті.

Және тағы ол тасқа жазып-дүр ол:
Алты айдай мағрибке жүрсеңіз жол.
Һеш шеті жоқ, шегі жоқ теңіз болар,
Менім саған білдіріп айтқаным сол.

Оңтүстікке кетсеңіз үш ай жүріп,
Анда тағы қорқарсыз дию көріп.
Ол жұрттың бәрі дию жұрты болар,
Бәрін сізге жаздым мен хабар беріп.

Диюлердің жұртында бір тауы бар,
Қараңғы кешелерде оттай жанар.
Жанбайды, нұрлы болып жарқырайды,
Хикметі не екенін Алла білер.

Шаһардың солтүстігін көрсеңіз сіз,
Бір айлық жол ол жаққа жүрсеңіз сіз,
Құмырсқаның жұртына шығарсыңыз,
Қиыншылық сол жерде, білсеңіз сіз.

Құмырсқа жұрты һәм қатты жаман,
Құтылмайды ол жерге барған адам.
Адам көрсе өлтіріп жейе-дүр ол,
Шерлеріңнен сақтасын Құдай аман.

Ол жазуды бәрін де оқып алдым,
Көңілім кейіп бек қатты қайғыландым.
Қасымда ерттеулі итке мініп,
Маймұндармен шаһарға жүріп бардым.

Маймұндармен шаһарға жүріп келдік,
Кешегідей тағы да итке міндік.
Бағанағы жезтырнақ жағындағы
Ағып тұрған дарияға жетіп келдік.

Келдім мен маймұндармен дария жаққа,
Сейіл қылып ол жерді қарамаққа.
Маймұн мені әдейі апарыпты,
Білдіргелі біздерді жезтырнаққа.

— Енді бізге жезтырнақ келсін, — дейді,
Адамнан патша қылдық, білсін, — дейді.
Бұрынғыдай жамандық ойламасын,
Патшамызды көзімен көрсін, — дейді.

Маймұндармен мен тұрдым су жағалай,
Тыңдап отыр сөзімді, Балқия-ай.
Көргеннен соң біздерді жезтырнақтар,
Келе жатыр жиылысып бізге қарай.

Ғаріпті ортаға алып маймұн бәрі,
Қарайды жезтырнақты судан ары.
Жезтырнақтың келгенін көргеннен соң,
Ойбайласып қалдылар баршалары.

Маймұндар бір найзаны берді бізге,
«Міне, шаһым, ұстаңыз мұны сіз де».
Әй, Балқия, бірігіп маймұндармен,
Соғысқа даярланып тұрдық біз де.

Найзаның өткірлігі тасты кесер,
Шапсаңыз темірді тағы кесер.
Асыл алмаз найзаның ұштарында,
Һеш болмайды мұндайын найза десер.

Құлдарыма бұйырдым, оқ аттылар,
Жезтырнақтың бастарын жоғалттылар.
Менім мықты құлдарым аз заманда
Жезтырнақтың баршасын қираттылар.

Жезтырнақтың келгенін қырып бәрін,
Қайтып тағы шаһарға келдік салып.
Ендіден соң жезтырнақ бізге келмес,
Отыралық шаһарда тыныштанып.

Маймұндар құлдарыммен енді бізге,
Ізет-құрмет қылдылар өзімізге.
Өзіміздің жынысымыз болмаған соң,
Рақаттары көрінбей[ді] көзімізге.

Құлдарымның біріне: — Жүрші, — дедім,
Мініп келген кемені көрші, — дедім.
Мініп келген кемеміз аман ба екен,
Амандығын сен оның білші, — дедім.

Аман болса тұрмайық мұнда сасып,
Мініп алып кетейік енді қашып.
Иттердің арасында тұрмайық, — деп,
Құлдарыммен отырдым ақылдасып.

Кемені көріп құлым жетіп келді,
«Пара-пара қылған» деп қайтып келді.
«Біздерді мініп қашып кетпесін деп,
Кемені бұзғанлар», — деп айтып келді.

Балқия, көрдім сондай ғаріптікті,
Бір Құдайым маймұнға душар етті.
Андан соңыра көңілім қапа болып,
Жылай-жылай оқыдым бұ бәйітті.

Жаһаншаның шиыры

Адамдардың жерінде,
Қабылстанның шаһарында,
Атам-енем қолында,
Бір Алланың жолында,
Жасым он төрт шағында,
Отырдым алтын тағында,
Атамыздың орнында.
Патша едім бір күнде,
Маймұндардың қолында
Ойран болдым-ау бұ күнде.

Бір күн ойлап тұрдым мен,
Ауға шығып жүрдім мен.
Ау артындан жүргенде,
Бір киікті көрдім мен.

Киікті қуып соңындан,
Дарияларға кірдім мен.
Анда тағы бірталай
Мехнатты көрдім мен.

Қабылстанның шаһарында
Патша едім бір күнде,
Маймұндардың қолында
Қорлық көрдім-ау бұ күнде.
Жеті құлмен дарияда
Дауыл соқты біздерді.
Ата менен анама
Айтпай қалдым сөздерді.
Аямайды маймұндар
Жасқа толған көздерді,
Атам-анам бұ күнде
Сағына ма екен біздерді.

Қабылстанның шаһарында
Патша едім бір күнде,
Маймұндардың қолында
Зорлық көрдім-ау бұ күнде.

Мехнатқа түстім мен,
Ақылым жетпей, жас болып.
Жас күнінде адамың
Жүреді екен мас болып.

Ауға шығып кетіп мен,
Өз-өзіме қас болып,
Бір киікті қуып мен,
Құлдарға құрдас болып,
Дарияларда жүріп мен,
Неше күндер аш болып,
Уайымменен қатыпты,
Жүректерім тас болып.
Уайымменен бұ күнде
Жегенім кетпей ас болып,

Асылдығым жасыпты,
Қалдым енді арыс болып.

Қабылстанның шаһарында
Патша едім бір күнде,
Маймұндардың қолында
Жаман болдым-ау бұ күнде.

Маймұндардың қолында, Балқияжан,
Патша болдым мен енді неше заман.
Дау, дұғасы, арзысы маймұндардың
Көп болған соң, тынышсыз болды маған.

Келгенінде құлдарым жақындасып,
Отырдым мен олармен ақылдасып.
— Әй, құлдарым, маймұнның арасынан
Қор болғанша кетейік, — дедім, — қашып.

Әй, құлдарым, қашалық, жүрелік біз,
Бір Құдайдың жазғанын көрелік біз.
Жаз күн өтіп, күз айы болғанынша,
Сабыр қылып аз ғана тұралық біз.

Жаз өтіп, күз айлары жетсін келіп,
Өзіміз де болайық сонда берік.
Жұрт аралап, жұртымды көремін деп,
Маймұндарға салармын, сірә, бүлік.

Көп маймұнды қасыма мен алармын,
Сіздерді һәм қалдырмай апарармын.
Құмырсқаның жиегі жағындағы
Маймұндардың қалаларын аралармын.

Маймұн бәрі қуанып, жүгірерлер,
Ерттеп алып бір итті келтірерлер.
«Біздің жұртты өзінің жұрты қылып,
Араламақ ойлайды енді» дерлер.

Құлдарыммен сөйлесіп, сөз бекіттім,
Күз айлары болғанша тамам күттім.
Күз айлары болған соң, маймұндарға
«Жұртымды көремін» деп хабар еттім.

Естіген соң маймұндар жиылдылар,
Жүйрік иттер ерттеп ап келділер.
Жұрт аралап көремін дегеннен соң,
Көп маймұн біздіңменен бір жүрділер.

Маймұндармен біз енді кезіп жүрдік,
Қыдырып қалаларын көріп жүрдік.
Құмырсқаға қараған жиек жақта
Бір маймұнның аулына келіп кірдік.

Ең шеттегі аулына келдік біздер,
Сол ауылда баршамыз қондық біздер.
Алдымызға шықтылар маймұн бәрі,
Баршамыз сонда қонақ болдық біздер.

Жеп-ішіп маймұндар отырдылар,
Аяғында ішімдік келтірділер.
Ішетін шараптары хамыр екен,
Баршамызға хамырдан ішірділер.

Хамыр ішіп ол түнді кешірдік біз,
Маймұндарды қызыққа түсірдік біз.
Өздеріміз ішсек те көп ішпедік,
Маймұндарға мейлінше ішкіздік біз.

Маймұндардың түбіне хамыр жеткен,
Көп ішкен соң бәрінің ақылы кеткен.
Көп ішкен соң мас болып бас айналып,
Жығылып құлап қалыпты маймұн біткен.

Біздер көрдік бұлардың жығылғанын,
Ақылдары басынан жойылғанын.
Жататын төсегіне жата білмей,
Батпақ жерге бастары қойылғанын.

Құлдарыммен сол жерде ақылдасып,
Мініп алып иттерге кеттік қашып.
Түніменен шауып отырып біз келіппіз,
Құмырсқаның жеріне жақындасып.

Құдайдың мұнысына шүкір еттік,
Мініп алып иттерге желіп кеттік.
Айдап отырып иттерді, таң атқанда
Құмырсқаның жұртына келіп жеттік.

Бір уақыт түн ортасы болып қалған,
Маймұндар һәм естерін жиып алған.
Көзін салып біздерді көрмеген соң,
«Падишамыз қайда?» деп ойбай салған.

Маймұндардың баршасы ойбайласып:
«Кетіпті, — деп, — патшамыз біздің қашып».
Итке мініп маймұнның бәрі қуып,
Ізімізді келіпті біздің басып.

Соңымыздан маймұндар қуып келген,
Іздеріміз гиранға кіріп келген.
Құмырсқаның жеріне жеткеннен соң,
Бәрі қорқып сол жерде иірілген.

Таң атқанда жиекке келген олар,
Алыстан қарамызды көрген олар.
Қарамызды көрсе де қуа алмаған,
Құмырсқадан қорқысып тұрған олар.

Маймұндар ол арадан өтпеділер,
Кейін қарап қайтып та кетпеділер.
Құмырсқаның мекені жақын болып,
Қорыққанда бізді қуып жетпеділер.

Көп құмырсқа сол жерде ұя салған,
Ағаш теріп астында жатып алған.
Ұйықтаған шақтарында өтіп едік,
Сонда да иісімізді біліп қалған.

Шыға келді құмырсқа қойдай өріп,
Үркіділер маймұндарды олар көріп.
Көбірегі маймұндарға қарай кетті,
Біразы бізге таман келді жүріп.

Құмырсқа бізге келген бүлік салды,
Жетіп келіп екі құлды ұстап алды.
Бір құлыммен мен кеттім, құмырсқалар
Екі құлға айланып олар қалды.

Біздерді қуып келген құмырсқалар
Екі құлды шеңгелдеп ұстадылар.
Олар оған айланып қалғаннан соң,
Біздердің соңымызға түспеділер.

Бір құлыммен екеуміз кетіп қалдық,
Бір адырдың басына шығып қалдық.
Ұстап алған құлдарды құмырсқалар
Нағып жатыр екен деп көзді салдық.

Бір Құданың ісіне жоқ-дүр шара,
Мойныңды сұнып алып төмен қара.
Екі құлды құмырсқа қамап алып,
Иттерімен қылыпты пара-пара.

Маймұндар құмырсқаға көбірек барған,
Мейлінше маймұндарды қырып салған.
Қандары маймұндардың судай ағып,
Өлімтігімен жер жүзі толып қалған.

Маймұндардың қандары судай тасып,
Құмырсқа жүре алмайды аяқ басып.
Олар бәрі қырылысып жатқанында,
Бір құлыммен жөнелдік жылдам қашып.

Сол қашқаннан біз енді қашып кеттік,
Адырдан арман қарай асып кеттік.
Алдымызда тағы да құмырсқа көп,
Солардың жерлеріңден басып өттік.

Құмырсқаның жерімен жүрер едік,
Итімізді қамшылап желер едік.
Құмырсқаның ұясы жоқ жерлерде
Аң аулап ет пісіріп жейер едік.

Ұялары бар жерден кетпе едік,
Таба ма деп бек қауіп етер едік.
Құмырсқа көріп алып қумасын деп,
Ақырындап жасырынып өтер едік.

Құлыммен қашып енді жүрдік біздер,
Бір күнде бір сахараға келдік біздер.
Сахарада қисабы жоқ көптігінің
Мысықтай құмырсқалар көрдік біздер.

Құмырсқаның бәрінің кейпі жаман,
Көрдік-ау мехнатты құмырсқадан.
Көрген соң құмырсқаның баршалары
Ұмтылып келе жатыр бізге таман.

Бір Құданың хүкіміне пенде не етті,
Көрдік-ау құмырсқадан мехнатты.
Соңымыздан қуғаны жете алмайды,
Және таудан келгендер келіп жетті.

Уа, дариға, ісіміз болды хараб,
Көп құмырсқа алдылар бізді қамап.
Иті болдырып құлымның кейін қалып,
Құмырсқалар қалдылар оны талап.

Құлым қалды, мен қашып бұғып кеттім,
Көздерімнен жасымды сығып кеттім.
Үш айдай мехнатты көре-көре,
Құмырсқаның жерінен шығып кеттім.

Не қылса да ілгерірек ұмтылдым мен,
Көңіліме қайғы-уайым толтырдым мен.
Үш айдай бейнеттеніп жалғыз басым,
Құмырсқаның жұртынан құтылдым мен.

Құмырсқадан құтылып есен-аман,
Даламенен жүрдім мен бек көп заман.
Келе жатсам, жарқырап алдымда
Үлкен шаһар көрінді сонда маған.

Үлкен шаһар оқыстан көрдім басып,
Жүре-жүре жақындап келдім қалып.
Келіп жетсем, шаһардың қақ қасында
Көлденеңдеп бір дария тұра ағып:

Тап алдымда су тасып тұра ағып,
Өткелі жоқ, өтейін енді нағып.
Көпір, кеме болмағаш қайран болып,
Ар жаққа көзім салып тұрдым бағып.

Жиегіне келген соң дарияның,
Ойлап тұрдым: өткелі бар ма оның.
Көпір де жоқ, мінетін кеме де жоқ,
Қайтеді деп адамдары бұ қаланың.

Тасып тұрған сулары терең дария,
Өткелі ол дарияны бар ма хайла.
Қай етерге білмейін тұрғанымда,
Арғы жақтан бір дауыс болды пайда.

Айқайлайды: — Дарияға кіріп өтпе,
Өтемін деп байқаусыз суға кетпе.
Су терең, кіріп-жүріп өте алмассың,
Сабырлық қыл, өзіңді һәлак етпе.

Уақытпенен ағатын дария бұ,
Таң атқан соң, көрерсің, таусылар су.
Таңертең өтерсің құрғаған соң,
Бұ кеше керек саған сонда қону.

Өтетұғын болмайды саған қайық,
Бүгін түнде сонда қон тілімді алып.
Тілімді алмай ол суға кірер болсаң,
Суға кетіп қалуың сенің анық.

Ол кісіден бұ сөзді естіп алдым,
Дарияның жағасына қонып қалдым.
Таң атқан соң басымды мен көтеріп,
Не болды деп дарияға көзім салдым.

Қарасам, дарияның суы кепкен,
Һеш сулары қалмаған, ағып біткен.
Әй, Балқия, болар ма мұндай ғажап,
Бір түнде тасқын дария қайда кеткен.

Ол дарияның үстінен өттім енді,
Шаһарға қарай жүріп кеттім енді.
Итім де менің өліп қалып еді,
Жаяу жүріп шаһарға жеттім енді.

Ол шаһардың ішіне еніп барып,
Дүкендердің қасына келдім қалып.
Дүкен, базар ішінде һеш адам жоқ,
Дүкен біткен бекітулі, бәрі жабық.

Базармен шаһар ішін кезіп жүрдім,
Қақпалары бекітулі, бәрін көрдім.
Жалғыз бір үй қақпасы ашық екен,
Сол қақпаның ішіне еніп кірдім.

«Тәуекел» деп келдім мен үйге таман,
Есіктен еніп кіріп, бердім сәлем.
Үй иесі, баласы қатынымен
Жатыр екен пісіріп түрлі тағам.

Тағам қылып тұр екен ер мен қатын,
Мен ғаріп аш жүріп ем неше түн-күн.
Сәлем алып, өзіме «жоғары шық» деп,
Көрсеттілер бір жерді отыратын.

Адам жайы бола ма аш жүрген соң,
Қуанып қалдым енді ас көрген соң.
— Қарныңыз ашқан шығар, жеңіз, — деп,
Ас қойдылар алдыма отырған соң.

Отырып анда түрлі тағам жедім,
— Мен, — дедім, — бір мүсәпір адам едім,
Бұ жерлерде жүргенім һеш жоқ еді,
Бұ шаһар өзі қандай шаһар? — дедім.

Ғаріптікте көңілім ойран еді,
Шаһарды көріп көңілім қайран еді.
— Базарда һеш адам жоқ, дүкен жабық,
Бұ күн әлі сенбі күн, байрам ба еді?

Алыста қалды біздің елдеріміз,
Ғаріптікте өтіп жүр күндеріміз.
Шаһарыңыз кім, өзіңіз қай үмбетсіз,
Қайсы діннен болады діндеріңіз?

— Наһруан дерлер есімін бұ шаһардың,
Үмбеті Мұса деген пайғамбардың.
Мен айттым: — Діндеріміз бір екен ғой,
Мен де, — дедім, — үмбеті сол Сәруардың.

Мұнда келдім Құданың құдіретімен,
Мен де, — дедім, — Ислам дін миллетімін.
Дініміз бір екен ғой, мен тағы да
Сол Мұса пайғамбардың үмбетімін.

Сол Мұса пайғамбарға болдым үмбет
Дегеннен соң, болдылар маған әлпет.
Жақсы кісі екен ғой бұ кісі деп,
Қатты сыйлап, қылдылар мені құрмет.

— Тағы сөзім, шаһарыңыз бек үлкен бе,
Баршасының діндері мұсылман ба?
Дүкен жабық, шаһарда һеш адам жоқ,
Әлде бұ күн сенбі ме, байрам күн бе?

Бәлә, бұ күн сенбі күн, байрам анық,
Бұ шаһарда мұсылман барша халық.
Шаһарда бұ күн жұмысын қылған жан жоқ,
Соның үшін дүкендері бәрі жабық.

Кеңестім олармен, дүниенің
Ғажаптары көп екен шексіз оның.
Кеңес қылып олардан сұрадым мен,
Аққан, тұрған мәнісін дарияның.

Олар айтты: — Бұрынғы бір заманда
Бір халық болыпты бұ мекенде.
Хақ Тағала оларға жарлық қылған:
— Ауламаңыз балық, — деп, — сенбі күнде.

Ауламаңыз сенбі күн балық, — депті,
Жүрмеңіздер обалға қалып, — депті.
Әгар ол балықты ауласаңыз,
Һәлак болып қалуыңыз анық, — депті.

Хақ сөзін олар қабыл алмағанлар,
Сенбі күні балықты аулағанлар.
Суреттерін маймұн қылып һәлак болған,
Біреуі де саламат қалмағанлар.

Хақ Тағала айтыпты балықтарға:
— Сенбі күні шығыңыз арықтарға,
Ойнаңыз, қорықпаңыз, бұ күн сізді
Аулама деп айттым мен халықтарға.

Дарияға келіп барша адам, — депті,
Ауласалар алты күн тамам, — депті.
Жетінші күн сенбіде ауламаслар,
Жүріңіз ол күн сіздер аман, — депті.

Есіткен соң балықтар мұны Хақтан,
Су түбінде алты күн бұғып жатқан.
Жетінші күн сенбіде балық шығып,
Ойнақ салып су түбін жарқыратқан.

Сенбі күнде балықтар ойнақ салған,
Жұрт көрген соң амалды ойлап алған.
Жұма күн кеш ауларын суға салып,
Жексенбі күн болғанда судан алған.

Ойландылар ғапыл болып қалмайық деп,
Амалменен балықты аулайық деп.
Сенбі күні ауымызға балық түссін,
Ол күн судан шығарып алмайық деп.

Сенбі күнде түсіпті балық бек көп,
Олар оны ол күнде шығарған жоқ.
Жексенбі күн ауларын судан алып,
Олжаланып балыққа болдылар тоқ.

Бұ амалмен неше күн балық алған,
Балықпенен бірқатар олжаланған.
Бұйрығыма хайланы қылдыңыз деп,
Хақ Тағала бұларға қаһарын салған.

Хақ Тағала оларға ашуланған соң,
«Маймұндардан болың» деп айқай салған.
«Бәрің тегіс маймұн бол» дегеннен соң,
Шаһардың бәрі маймұн болып қалған.

Үш күндей тұрған олар маймұн болып,
Үш күннен соң баршасы қалған өліп.
Әй, жамағат, мұндайын өкінішті,
Болар ма екен дүниеде өлген өлік.

Бір қауым ол шаһарда қалған аман,
Олар тіпті хайланы ойламаған.
«Һешнеңе етпес, балықты хайламенен
Алыңыз», — деген сөзге жоламаған.

Олар һеш иттифаққа кірмегенлер,
Сенбі күн дарияға келмегенлер.
«Һештеңе етпес хайланы қылсаңыз», — деп,
Сөйлеген сөздеріне көнбегенлер.

Көнбек түгіл, насихат олар айтқан:
«Асы болмаң, қорқың, — деп, — Құдіреттен».
Насихат сөзін қабыл алмаған соң,
Олар көшіп шаһардан шығып кеткен.

— Мұнда біздер тұрмайық бекер, — депті,
Хақ бұларды тез һәлак етер, — депті.
Бірге тұрсақ бұлардың арасында,
Кесапаты бізге де жетер, — депті.

Кесапаты жетер деп оның бәрі
Көшіп, шығып шаһардан кеткен ары.
Шаһардың бір жағында оңашада
Ауыл салып отырған баршалары.

Шаһар қауымы өлген соң, олар жүрген,
Қайтып келіп шаһарға және кірген.
Мүсәпірім, мұны біл, біздің нәсіл
Сол қауымның нәсіліндең болад келген.

Бұ шаһардың әсілін біл, сол шаһар ол,
Дария [һәм] алты күн суы бек мол.
Сенбі күн болғанда дарияның
Құрып қалып ақпайтын мәнісі сол.

Жұма күн алып қалсақ ол судан біз,
Ащы болар ол алған суларымыз.
Солардың сол хайланы қылғанынан,
Сол азапқа кіріптар болғанымыз.

Балқия, дүниеде ғаріп болып,
Жүргенімде көңліме қайғы толып,
Мүсәпірлік жөнімен ол кешеде
Ол адамның үйінде қалдым қонып.

Ол адамның дәулеті тамам екен,
Дүкеннің іші толған тағам екен.
Дүкенге неше түрлі тағам қылып,
Ас пісіріп сататын адам екен.

Ол мені дүкеніне алып жүрді,
Түрлі тағам алдыма ас келтірді.
Тағам жейүп тұрғанда көп халайық
Жиылысып үстіме келіп кірді.

Олар бәрі тағамға жиылысқан,
Жат адам деп көздері маған түскен.
— Мүсәпір, қайдан келген адамсың? — деп,
Баршалары сұрайды мен байғұстан.

Оларға баян қылдым білгенімді,
Қабылдың шаһарынан келгенімді,
Қабылдың шаһарынан шыққаннан соң,
Көп уақиға дүниеде көргенімді.

Киік қуып соңындан кеткенімді,
Қуып жетіп дарияға кіргенімді,
Ол киіктің соңындан қайықпенен
Ар жағына аралға өткенімді.

Бәрін айттым: дауылдың болғандарын,
Жарым адам біздерге қылғандарын,
Анда қашып маймұнның шаһарына
Душар болып жүзімнің солғандарын.

Бәрін айттым: андан да қашқанымды,
Құмырсқаның жұрттарын басқанымды,
Құлдарымды құмырсқа талап қалып,
Жалғыз өзім итпенен асқанымды.

Қайран болып олар дер: — Жүрмедік біз,
Мұндайын уақиғалар көрмедік біз.
Жарым адам дегенді кім біліпті,
Маймұнды да есітіп білмедік біз.

Қабыл деген шаһарың сенің жырақ,
Айтуыңша, маймұндар жуығырақ.
Сонда да біз маймұнды біле алмаймыз,
Құмырсқаны білеміз біздер бірақ.

Құмырсқаның жері бізге жуық, — дейді,
Олардай өткір тісті жан жоқ, — дейді.
Құмырсқаның жерінде бітеді екен
Сандал биқам ағашы бек көп, — дейді.

Сол құмырсқа жеріне біздің халық
Қысты күнде барады көлік салып.
Ақырындап құмырсқалар тұрмағанда
Сол ағаштан келтірер салып алып.

Ақырындап барарлар бұғып, — дейді,
Құмырсқаға бармаслар жуық, — дейді.
Әгарда құмырсқалар біле қалса,
Соңдарына түсерлер қуып, — дейді.

Соңдарына құмырсқа түсер, — дейді,
Қуып жетіп оларды басар, — дейді.
Жеткеннен соң көлігін қайсы тастап,
Қайсын мініп өздері қашар, — дейді.

Құмырсқалар көлігін оның талар,
Өздері бәрі қашып кетіп қалар.
Айналып, көлігіне әуара болып,
Қашқандардың соңына түспес олар.

Мен сұрадым: — Білемісіз хабар, — дедім,
Бұ жағында шаһардың не бар? — дедім.
Шаһардан шыққаннан соң, сол жөнменен
Жүре берсе қай жұртқа шығар? — дедім.

— Бұ жөнге жүре берсең жетерсің сен,
Жалғыз басың нағып жүрерсің сен.
Екі жылдай тоқтамай жүре берсең,
Сонда барып Йеменге шығарсың сен.

Жақын жерде шаһар жоқ осы жөнде,
Екі жылдық жол болар Йемен сонда.
Йеменнің шаһарынан саудагерлер
Екі жылда жетеді келіп мұнда.

Келтірерлер һәр түрлі малдар салып,
Мұнда сатып, қаларлар пайдаланып.
Бұ шаһардан тағы да түрлі бұйым
Ап кетерлер тағы да салып алып.

Мен ойладым: — Шаһарда тұрайын, — деп,
Бір Құдайдың жазғанын көрейін, — деп.
Йемен жақтан керуендер келген шақта,
Олармен жолдас болып жүрейін, — деп.

Ол шаһарда тұрдым мен енді қалып,
Кезіп жүрдім базарға дайым барып.
Бір күн жүрсем базарда, бір мінаді
Нида қыла дауыстап айқай салып.

Нида қылып мінаді айтұр һаман:
— Бар ма екен, — деп, — қызметті қылар адам,
Мың алтын қолдан санап берейін, — дер,
Екі сағат жұмысты қылса маған.

Мінаді нида қылар: — Жүріңіз, — деп,
Менім сөзім есітіп көріңіз, — деп.
Мың алтынға бір сағат жұмыс қылар,
Мықты жігіт бар болса, келіңіз, — деп.

Шағырса да һеш оған болмадылар,
Һешкім оның қасына бармадылар.
«Мың алтын беремін» деп айқай салған
Дауысқа құлақтарын салмадылар.

Мен ойладым: — Бек ғажап бұ іс, — дедім,
Бұ қандай қиын болған жұмыс, — дедім.
Мен өзіме айттым мен: — Енді тұрма,
Ол жұмысты сұрасып, біліс, — дедім.

Мінадіға мен барып: — Өзің, — дедім,
Маған айтшы айтатын сөзің, — дедім.
Менім күшім келетін жұмыс болса,
Ол жұмысты қылайын өзім, — дедім.

Қатты қиын болса да жүрейін мен,
Қызметің қандай қызмет, көрейін мен.
«Берем» деген алтыныңды маған берсең,
Ол қызметті бітіріп берейін мен.

— Бітірсең бек жақсы, — деп, — ол жұмысты,
Мені алып үйіне қарай көшті.
Сарайының бек үлкен есігінен
Ішкеріге енгізді мен байғұсты.

Сарайдың есігінен еніп кірдім,
Бір адам отыра екен, оны көрдім.
Ол бір адам дәулетті адам екен,
Қасына келіп оның сәлем бердім.

Ол мінаді көргізді мені барып:
— Міне, саған бір кісі келдім алып,
Қуаты бар адамдай көрінеді,
Жұмысыңа көргейсің мұны салып.

Ол қожа: — Қош келдіңіз, ұлым, — деді,
Бір қызметім бар еді менім, — деді.
Өзің сен қайдан келген адам едің,
Атың-жөнің кім болар сенің? — деді.

— Менім атым, сұрасаң, Жаһанша дер,
Алыс жерден келген мен бір мүсәпір.
Қабыл деген шаһардан боламын мен,
Ғаріптікте көрдім мен бірқатар жер.

— Ғарібім, мен айтайын саған, — деді,
Қожа Фәрзәнт дейүрлер маған, — деді.
Бұ күн әлі қонарсың қонақ болып,
Таңертеде сөйлесермін саған, — деді.

Ол кеше қонақ қылып күтті бізді,
Келтірді бір әдемі көркем қызды.
Қойнымызға қыз келіп еніп кірді,
Әй, Балқия, тыңдап тұр сөзімізді.
Қойнымызға енгізіп көркем қызды,
Күйеу мысал қылдылар екеумізді.

Ол моншаға бір түстік қызбенен біз,
Балқия, естідің бе мұндайын сөз.

Монша шыққаннан соң, ол қызбенен
Сарайға жүріп келдік екеуіміз.

Монша шығып алып үйге жүрдік,
Бір үйге екеуіміз еніп кірдік.
Ол сарайдың ішінде дастарқанда
Түрлі тағам қойылған, оны көрдік.

Отырып мен һәр түрлі тағам жедім,
Өзім мен бір мүсәпір адам едім.
«Әуелінде бұ қожа құрмет қылды,
Аяқ жағы не болар екен», — дедім.

Ас жеген соң, бір құлға жарлық етті,
Мың алтынды алып ол келіп жетті.
Мың алтынды қолыма берді менім,
Қызметке саламын деп мен ғаріпті.

Қожа сонда құлына жарлық қылды,
Құл ерттеп төрт атты алып келді.
Ол аттардың біреуін маған беріп,
Біреуіне қожаның өзі мінді.

Ол бір атқа мінгізіп ғарібіңді,
Біреуіне ол аттың құлы мінді.
Тамақ артып ол аттың біреуіне,
Үшеуміз жүріп кеттік біздер енді.

Үшеуіміз біз енді жүріп кеттік.
Балқия, қиын екен бұ ғаріптік.
Үш сағаттай жүрген соң біздер енді,
Бір таудың етегіне келіп жеттік.

Келіп жеттік, көрінді таудың басы,
Биіктігі үш мешіт мұнарасы.
Диуардай тіке біткен тау екен ол,
Шығатұғын жоқ екен һеш арасы.

Мен сұрадым қожадан: — Қожа, — дедім,
Тіке екен осы тау тамам, — дедім.
Бұ тауды қандай тау деп айтады екен,
Оның атын айтыңыз маған, — дедім.

Сұраған соң ол қожа маған деді:
— Білгізейін бұ тауды сағаң, — деді.
Қазына жауһарлары көп болғаннан,
Жауһар тауы дейүрлер бұған, — деді.

Ол таудың дәл түбіне келді бұлар,
Көңіліне бір қиялды салды бұлар.
Түскеннен соң кешікпей жығып салып,
Аттың бірін бұғаздап алды бұлар.

Бұғаздап алғаннан соң бейшараны,
Сұрадым мен мәнісін сол заманы.
— Жоқ еді ғой жазығы мұның сізге,
Не үшін бұғаздадың сіздер оны?

— Бекерге соймадық біз оны, — деді,
Керек үшін соямыз, білі, — деді.
Керек үшін болған соң мәнісіні,
Отыра тұр, білерсің әлі, — деді.

Енді бұлар қылдылар жаман ойды,
Бек жақсылап ол аттың терісін сойды.
Ішін жарып, ішегін, бауырын тастап,
Мен ғаріпті ішіне салып қойды.

— Қызметің сол, Жаһанша, қыласың сен,
Өлген аттың ішіне кіресің сен.
Сонда ұйықтап түсіңде көргеніңді,
Оянып бізге хабар бересің сен.

Ойладым мен: болды ғой ойын дедім,
Бұ істің өзі ғой қиын дедім.
Өз-өзіме насихат қылдым енді:
Әй, Жаһанша, Құдайға сиын» дедім.

— Кірейін қабыл қылып сөзіңізді,
Қызметке алдыңыз ғой жалдап бізді.
Олар айтұр: — Жаһанша, киімің шешін,
Қан-сөлге былғамаңыз өзіңізді.

Ол бір аттың қарнына кірдім енді,
Бір Құдайдың жазғанын көрдім енді.
Кіргеннен соң тіктілер оның өзін,
Ішінде қалып оның тұрдым енді.

Бекініп қарынға мен тығылдым,
Бір сұмдықтың болғанын енді білдім.
Біраздан соң қозғалып ол бір қарын,
Ұшқандайын әуеге көтерілдім.

Көтергендей кеттілер мені алып,
«Не бола» деп келемін мен ойланып.
Бірқатар жер көтеріп кеткеннен соң,
Және жерге қойдылар мені салып.

Бұлар мені бір жерге тастадылар,
Тартып-жұлып шоқуға бастадылар.
Шоқып-шоқып өлімтік етін жеп,
Бас сиярдай есіктер ашты бұлар.

Құстар шоқып қарыннан тесік ашты,
Басым шоқып алуға жақындасты.
Сол тесіктен тысқары шығып едім,
Мені көріп құстардың бәрі қашты.

Қарасам, үлкен-үлкен қара құстар,
Төңіректеп еттерін шоқымаслар.
Әй, Балқия, бу жүрген сапарымда
Бірқатарды көрді ғой біздің бастар.

Біразырақ есім жиып алдым енді,
Жауһар таудың басында қалдым енді.
Нағып отыр банағы қожалар деп,
Төмен қарай көзімді салдым енді.

Тау түбіне қарасам көзім салып,
Қожа Фәрзәнт тұр екен маған бағып.
Дауыстап «Жаһанша» деп шақырады:
— Жауһар тасын таста, — деп, — мұнда қағып.

Лақтыр ол тастарды төмен алып,
Жібересің ағызып домалатып.
Аяғында өзіңді ендірерміз,
Енетұғын өзіңе жер көрсетіп.

Жауһарларды сен таста, біз терерміз,
Аяғында өзіңді ендірерміз,
Түскеннен соң, түсірген жауһарларың
Өзіңменен ортақ қылып, тең бөлерміз.

Ол қожаның сөзіне құлақ тұттым,
Теріп-теріп жауһарды төмен аттым.
Кәміл сонда бір көлік жауһар теріп,
Баршасын төмен қарай домалаттым.

Түсірген жауһарымды теріп алды,
Көліктері толғанша тамам салды.
Ол таудағы гауһардың қисабы жоқ,
Бір көлік жауһар алып кетіп қалды.

Ол атқа жауһарды салдылар мол,
Кеттілер мен ғаріпке көргізбей жол.
«Неге тастап кеттің?» деп шақырдым мен,
Құлағын да салмады сөзіме ол.

Мың алтынды қожадан санап алдым,
Көп олжа деп қалтаға оны салдым.
Андан тағы айырылып ақырында,
Бір қияның басында жалғыз қалдым.

Ол тау яһудилерден қалған екен,
Анда олар шаһарлар салған екен.
Бұ Наһруан шаһарының падишасы
Андан зорлап бұ жерді алған екен.

Шаһар халқы ол тауға келеді екен,
Басында жауһар барын біледі екен.
Тауға шығып алуға хайла таппай,
Қайран болып, кейін қайтып жүреді екен.

Қожа Фәрзәнт амалшыл адам болған,
Көкірегіне зұлымдық хайла толған.
Мұнан бұрын көп ғаріп адамдарды
Сол бір тауда қалдырып һәлак қылған.

Шаһар біліп, қожаны көрмейді екен,
Сөздеріне алданып жүрмейді екен.
«Мың алтын беремін» деп айтқан сөзге
Алданып һешкім жақын келмейді екен.

Қожа Фәрзәнт амалды көп қылыпты,
Хайламенен жауһарды көп алыпты.
Ол шаһардың ішінен жан табылмай,
Жағадан келген адам жалданыпты.

Жағадан кісі келсе алдайды екен,
«Мың алтын беремін» деп жалдайды екен.
Осындай хайламенен тауға салып,
Қайтып оны ол таудан алмайды екен.

Ғаріп адам қарынға кіреді екен,
Құс көтеріп ол тауға мінеді екен.
Қайтып енер жері жоқ ол бір таудың,
Сонда қалып аштықтан өледі екен.

Сөз айтады Жамсыбқа Шаһимаран,
Хикаят қылып ғаріп Жаһаншадан.
Жамсыбым-ау, Жаһанша тауда қалып,
Не болғанын айтайын енді саған.

Жаһанша дер өзіне ой ойланып:
— Не боламын мен енді мұнда қалып,
Қарынды да құс жеп тауысады,
Қоюға болмайды ғой сақтап салып.

Ойлады мұнда нағып тұрамын деп,
Не уақиға енді мен көремін деп.
Енетұғын жері жоқ осы таудың,
Ғаріп басым аштықтан өлемін деп.

Зарлықтар қылады бір Құдаға,
Жәрдемің қыла көр деп Жаһаншаға.
Жаһанша анда қалып не болғанын,
Айтып отыр баршасын Балқияға.

— Ол қияның басында жүріп кездім,
Жастарын ағызып көзіміздің.
Қисабы жоқ ат пенен адамдардың
Сүйектерін көрген соң, күдер үздім.

Ұзын асық сүйекті қолыма алдым,
Аралап, һәр тарапқа көзім салдым.
Осылардай мен де өліп қалам ба деп,
Сүйектерді көрген соң, қайғыландым.

Таба алмадым ол таудан енер жерді,
Жаһаншаң ол тауда мехнат көрді.
Сырт жағында аз ғана жер бар екен,
Оның да көбірегі тік жар екен.

Ойладым сол жерменен енейін деп,
Бір Құданың жазғанын көрейін деп.
Қияда жалғыз қалып аш өлгенше,
Ажал жетсе домалап өлейін деп.

Тәуекелді Аллаға айттым енді,
Сырғанап төмен қарай кеттім енді.
Бас қалмады, аяқ пен қол қалмады,
Сойылып жара болып қалдым енді.

Қопарылды тырнақтар, тасты тұтып,
Бірде аяқ, бірде бас төмен кетіп.
Бір домалап, бір сырғанап, бір сүйреліп,
Сол азаппен төменге келдім жетіп.

Сол азаппен төменге келдім қалып,
Түскен соң есім кетіп қалдым талып.
Біраздан соң есімді жиып алып,
Төңірекке қарадым көзім салып.

Һеш қалмаған қуатым, халім кеткен,
Қол-аяғым сыздайды жарақаттан.
Тасты жерден сырғанап киімдерім
Жыртылып, далба-далба болып біткен.

Біраз жатып, есімді жиып алдым,
Бір сахара дала жер, көзім салдым.
Демім алып тұрмадым, тағы жүрдім,
Бір шаһарға жақындап келіп қалдым.

Қақпасына шаһардың келіп тұрдым,
Ашып оның қақпасын, еніп кірдім.
Еніп кірсем, бақшаның ортасында
Бір әдемі сарай бар, оны көрдім.

Сарайдың төңірегі гүл шарбағы,
Көркемдікте секілді Ирамбағы.
Салтанатын сарайдың айтып болмас,
Еніп оның ішіне кірдім тағы.

Ішіне кірсем, тақыт құрулы тұр,
Ол тақытта нұр балқып бір шал отыр.
Көргеннен соң мен сәлем берейін деп,
Ол көрінің қасына келдім ақыр.

Қол қаусырып көріге бердім сәлем,
Сәлем алып көргізді орын маған.
Басындағы бөрігі, киімдері,
Құс жүнінен қылыпты бәрін тамам.

Отыратын көргізді маған жерін,
Алып келді алдыма, тағам жедім.
Тағамданып, тойынып алғаннан соң,
Көңілдерім хоштанып қалды менің.

Тағамнан соң ол көрі маған деді:
— Қайсы жақтан келесің, балам? — деді.
Ол Сүлеймен пайғамбар өткеннен соң,
Бұ жұрттарға келген жоқ адам, — деді.

Адам келген Сүлеймен бар күнінде,
Андан соң һеш көрмедік адам сонда.
Бір жақтан дауыл келіп тастады ма,
Қайдан келіп қалдың, — деп, — өзің мұнда?

Ұқсайсың мехнат көріп жүрген жанға,
Дүниеде мехнаттар көрген жанға.
Бастан өткен сөйлей көр уақиғаңды,
Мұндай істер болатын мұсылманға.

Мұндай істер болатын мұсылманға,
Балқия, сен тыңдап тұр, ғапыл қалма.
Бастан-аяқ бар көрген уақиғаны
Қалдырмадым, сөйледім бәрін шалға.

Естіген соң шал аяп маған деді:
— Көріпсің-ау, мехнатты жаман, — деді.
Ғарібім, мен болайын атаң сенің,
Сен болғыл ақыреттік балам, — деді.

Шал маған: — Қайғы жеме, балам, — деді,
Ендіден соң Хақ қылсын аман, — деді.
Мен Құдайдан қыламын үміт, балам,
Өз жеріңді көргізер саған, — деді.

Мұратыңды Хақ берер, қылма уайым,
Иншалла, ашылар сенің бағың.
Құда бұйырса, барарсың өз шаһарыңа,
Тәж киерсің, болар сен[де] алтын тағың.

— Ата, — дедім, — не нәрсе бұ ағаштар,
Ағаштарда ұялар салған құстар.
— Балам, мұны Тағияғ марған, — дейді,
Сүлеймен мұны бина әйламаслар.

Тағияғ марғанның мағынасын,
Фахредин-ау, айтып кет мәжарасын.
Мағынасы сол оның, барша құстың
Жиылатын мекені деп білесің.

Барша құстар жиылар жылда бір уақ,
Жеті күндей болалар мұнда қонақ.
Сүлеймен пайғамбардың дұғасымен
Ризық берер оларға ғайыптан Хақ.

Құстарға патша болған Сүлеймен-ді,
Барша сөзін Құдайға сөйлеген-ді.
Бұ мекеннің қиямет күнге шақты
Тұрмақтығын Құдайдан тілеген-ді.

Жылда бір уақ құстар мұнда жетер, — дейді,
Жеті күн мұнда ғишрат етер, — дейді.
Жеті күннен соң олар Сүлейменнің
Рухына дұға қылып кетер, — дейді.

Ол Сүлеймен падиша болған, — дейді,
Құстарға бұ мекенді қылған, — дейді.
Өзінен соң құстардың қызметіне
Біздерді халифа қылып қойған, — дейді.

Атам жағы адамнан менің затым,
Анамыз пері қызы, біл қанатым,
Барша құсқа падиша болғандықтан,
«Марғышаһ» деп айтұрлар менім атым.

Біздер мұнда үш кісі халифамыз,
Бізді қойған Сүлеймен падишамыз.
Һәрқайсымыз құстардың қызметінде
Хәкім болып қызметті біз қыламыз.

Біздердің баршамыздың жұртымыз мол,
Арасы һәрқайсының алты айлық жол.
Қиямет күнге шақты біз өлмейміз,
Сүлеймен пайғамбардың дұғасы сол.

Сүлеймен бұ шаһарды салған екен,
Диюлерден бұ жұртты алған екен.
Әуелден-ақ бұ дүние, Балқиям-ау,
Біреу кетіп, біреуге қалған екен.

Бұ жұрттар бұрынғыдан қалған екен,
Диюлерден соғысып алған екен.
Сүлеймен пайғамбардан бұрын бұ жұрт
Заты дию хүкімінде болған екен.

Ол Сүлеймен дүниеге туып келген,
Құдай оған дүниені түзік берген.
«Дию, пері, бар жануар бойсұнсын», — деп,
Бармағына киерге жүзік берген.

Андан соң дию, пері болып дұшпан,
Сүлеймен пайғамбармен көп соғысқан.
Қызметіне арланып Сүлейменнің,
Жүзікті алуға ой қылысқан.

Хақ Кәрім Сүлейменге берді мүлік,
Дию менен періге салды бүлік.
Жиылып Сүлейменге байғат қылды,
Дию менен перінің бәрі келіп.

Патша болып Сүлеймен тақыт құрды,
Дию менен перінің мойнын ұрды.
Соңындан баршалары мойынсұнып,
Қол қаусырып қызметін қылып тұрды.

Диюлер Сүлейменнен жеңілділер,
Мойынсұнып жүзікке тығылдылар.
Мойынсұнып баршасы Сүлейменнің
Аяғына бас қойып жығылдылар.

Дүниедегі мақұлықтың бәрін алды,
Ұстап алып қызметке бәрін салды.
Дию, пері жүрген соң араласып,
Адамдарға бек қиын болып қалды.

Араласып бар мақұлық бірге жүрді,
Адамдарға тығыздық, тарлық келді.
Қиыншылық біздерге болды ғой деп,
Сүлеймен пайғамбарға арыз қылды.

Сүлеймен халқын бәрін шақырды енді,
Шақырған соң қасына бәрі келді.
Адамдардың арызы тұғрысындан,
Мақлұқаттың бәріне хабар берді.

— Әй, жұртым, қызметімді қылдыңыз сіз,
Бәрің бірдей жабылып жүрдіңіз сіз.
Жер-даланың баршасы толып кетіп,
Адамдарға тарлықты қылдыңыз сіз.

Жарлығымды есітіп білің, — дейді,
Өлшеуменен қызметте тұрың, — дейді.
Қызметімнен артылып қалғандарың,
Мекенді-мекенге жүрің, — дейді.

Сүлейменнің бұл сөзін құп алдылар,
Қызметіне жетерлік жан қалдылар.
Дию, пері, адам, құстан, құрттан,
Қызметтен артылғаны тарқалдылар.

Сөзімді құлағыңа салың, — дейді,
Ықтияр өзіңізге алың, — дейді.
Һәрқайсыңа белгілеп жер берейін,
Тілеген жерлеріңе барың, — дейді.

Жануарлар тарқалдылар һәр орынға,
Бірі анда кеттілер, бірі мұнда.
Адамдардың мекені Рабиғ мәскүн,
Перілердің мекені Қап тауында.

Қайсылары тіледі дала-шөлді,
Кейбіреуі дария, шалқар көлді.
Қайсы мақұлық орманда, ағаштықта,
Һәрқайсы һәр жаққа жөнелді енді.

Жаһанша келе жатып көрдің, — дейді,
Жауһар тауын сен асып жүрдің, — дейді.
Жауһар тауын асқан соң, ағаштықтан
Біздердің қасымызға келдің, — дейді.

Бұрын ол тау маңдайы дию екен,
Адамзат ол жерлерде жүрмейді екен.
Андан соңыра Сүлеймен падишаһым,
Қап тауында оларға қылды мекен.

Сүлеймен бар мақұлықтың шаһы ерді,
Дүние-мүлікті Құдайым оған берді.
Екі арадан ағызды терең дария,
Жауһарға келмесін деп диюлерді.

Дию, пері Қап тауына барып түсті,
Рабиғ мәскүн дүниеге адам көшті.
Фақат мұнда үш кісі қалдық біздер,
Бізге қызмет қылдырды барша құсты.

Халифа болып үш кісі қалдық мұнда,
Үшеуміздің шаһары[мыз] үш орында.
Сондан бері құстарға патша болып,
Хүкім қылып тұрамыз осы күнде.

Андан маған Марғышаһ: — Балам, — деді,
Аралайық бақтарды тамам, — деді.
Барша жерін бақтардың қыдырайық,
Көргізейін қызықтар саған, — деді.

Андан соң Марғышаһпен жүріп келдік,
Бақтарды аралап сейіл еттік.
Һәр сарай, құжыраларды ашып көріп,
Һәрқайсында тамаша көріп өттік.

Ат пенен арыстанның суреттерін,
Алтын менен күмістен қылған бәрін.
Суреттерін тағы да жүмлә құстың,
Тамаша қылып көрдік баршаларын.

Дүниеде бақ көрмедім мұндайын құп,
Неше түрлі нақыштар, суреттер көп.
Қақпасы темір екен бір сарай бар,
Бірақ оны ашып ол көргізген жоқ.

Ол сарайдың қасына алды барып,
Темір қақпа бекітілген замок салып,
Сұрадым мен: — Әй, ата, бұ есікті
Не себептен ашпайсың кілтіңді алып?

— Ашылмайды бұ есік, балам, — деді,
Көргендерің болады саған, — деді.
Ашып оны көргізсем һеш жарамас,
Бек бұзылар көңілің жаман, — деді.

Балам, менім тағы бар саған сөзім,
Таң атқан соң жүремін менім өзім.
Құстарға саяхатқа кетемін мен,
Жалғызың қалармысың, мұнда өзің?

Балам, — деді, — тілімді алармысың,
Жалғызың осы жерде қалармысың?
Қалмасаң жалғыз сені құс мінгізіп,
Жіберсем өз жеріңе барармысың?

Ол құс сені мінгізіп алсын, — деді,
Ұшып Рабиғ мәскүнге барсын, — деді.
Сені таңып, сол құсқа бекітейін,
Өз жеріңе апарып салсын, — деді.

Алыс қой Рабиғ мәскүн мұнан, — деді,
Қиын көрсең кетуді анда, — деді.
Һешбір жаққа бұрылмай тәуекел деп,
Отырасың жеті күн сонда, — деді.

Жеті күнсіз, балам, мен келе алмаспын,
Қайтып сені бұ жерде көре алмаспын.
Жүретұғын уағдамыз болып қалды,
Кешігіп, балам, мұнда тұра алмаспын.

Кілттің бәрін берейін саған, — деді,
Құдай өзі сақтасын аман, — деді.
Еріксең, сейіл қылып құжыраларды
Ашып-ашып көрерсің, балам, — деді.

Ол бір темір есіктен безің, — деді,
Зинһар тыңда бұ айтқан сөзім, — деді.
Оны ашып қарасаң, соңғы күнде
Өкінішке қаларсың өзің, — деді.

Қылып маған Марғышаһ насихатты,
Амандасып құстарға жүріп кетті.
Балқиям-ау, «қиыншылық көрмеді» деп,
Ойламай тұрсың-ай мен ғаріпті.

Марғышаһы құстарға жүріп кетті,
Сарайға жалғыз тастап мен ғаріпті.
Ғапыл қалма, аңлап тұр, Шаһимаран,
Жамсыбқа айтып отыр хикаятты.

Хикаятты сөйледі Шаһимаран
Жамсыбқа Балқия мен Жаһаншадан.
Орта арада Фахредин сөзін бөліп,
Аңласын деп айтады мұны саған.

Жаһанша Балқияға айтады сөз:
— Ол сарайда мен енді қалдым жалғыз.
Жалғыз басым бақшада еріккен соң,
Тағы сейіл қылмаққа ойладық біз.

Ішім күйді, сабырға жарамадым,
Келіп түсті көңілге қапаларым.
Көтеріліп көңілім тәуір болмас па деп,
Тағы шығып бақшаны араладым.

Аралап кезіп жүрдім түрлі жаққа,
Пәруардигар Құдайым, өзің сақта.
Жүре-жүре тағы да келіп қалдым,
Көрінді бағанағы темір қақпа.

Ойладым Марғышаһы кетті дедім,
Көп насихат ол маған етті дедім.
Ғажап-ау, бұ есікте не бар екен,
Неге маған «кірме» деп айтты дедім.

Ойладым ашып анда кірейін деп,
Ішінде не бар екен, білейін деп.
Өзгенің тамашасын көріп едім,
Мұның да тамашасын көрейін деп.

Қаза деген пендеге келеді екен,
Асыл тағдыр Құдадан болады екен.
Тағдыр жетіп Құдайдан қаза болса,
Өзіне себеп өзі қылады екен.

Ол есікті мен ашып еніп кірдім,
Бір бақша ішіне жүріп кірдім.
Түрлі-түрлі ағашы, жемістері,
Зияда ғажайыптар анда көрдім.

Дүниеде бақша болар осындай-ақ,
Ортасында сарай бар күмістен ақ.
Аппақ сарай бақшаның ортасында,
Ішінде құрылыпты жауһардан тақ.

Ойладым Марғышаһ мекендерін
Қылған екен осындай жерде аулақ.
Марғышаһтың мүлкіне қайран қалып,
Төңіректеп жүрдім мен оған бағып.
Ол сарайдың артында тағы көрдім,
Саулап бір өзен су тұрар ағып.

Аспаннан үш көгершін түсіп келді,
Ол сарайдың ішінен кешіп келді.
Қарасам, көгершіннің үшеуі де,
Туралап маған қарай ұшып келді.

Көгершіндер келгенін көріп алдым,
Ол сарайдың алдына тасаландым.

Сығалап ол сарайдың тасасынан,
Қонар ма екен бұлар деп көзім салдым.

Көгершіндер көрген жоқ ғарібіңді,
Үшеуі де келіп ол таққа қонды.
Үшеуі де сілкініп үш қыз болды,
Көркемдігі қаратпас ай мен күнді.

Ықтиятты қылдылар екі үлкен қыз,
Бір-біріне сөйлесіп айтады сөз:
— Бекініп тұрған бұ жерде жан болмасын,
Төңірегін сарайдың қарайық біз.

Үшінші қыз жасырақ сіңлілері:
— Бұ жерде, — дейді, — перінің сейілдері.
Бізден басқа бұ жерге кім келеді? — деп,
Қаратуға бармады көңілдері.

Бұ қыздар көрмеділер мен байғұсты,
Киімін, көйлектерін бәрін шешті.
Жауһармен зинаттаған алжаймалар,
Алдарына жабынып суға түсті.

Денелерін көрген соң, кетті хұзұр,
Көзімнен қаратпайды күйі бір нұр.
Кіші қызы бегірек көркем екен,
Болса-болар сондай-ақ жаннатта хор.

Бұ қандайын бұлбұл құс, бұ қандай гүл,
Көруге көз қалмас-ты, білмек түгіл.
Қопарылып, қозғалып сол сағатта
Кіші қызға кетті ғой біздің көңіл.

Ол қызды көргеннен соң, болдым ғашық,
Ақылымнан адасып, қалдым сасып.
Биһуш болып, сол жерде жығылдым мен,
Махаббаты ол қыздың хәдден асып.

Махаббаты ол қыздың ақылымды алып,
Есім ауып қалыппын сонда талып.
Олар шығып ол судан, тақытта ойнап,
Киімдерін киип алып кеткен қалып.

Қыздар ойнап тақыттан қалған кетіп,
Мен кетіппін жеті күн талып жатып.
Жеті күннен соң енді Марғышаһ
Құстарынан келіпті бізге қайтып.

Жеті күнде Марғышаһ қайтып келген,
Бақшалардың ішіне келіп кірген.
Көрмеген соң Марғышаһ мен ғаріпті,
Қайда кетті екен деп іздеп жүрген.

Мені іздеп Марғышаһ жүрген енді,
Құжыра сайын қарап ол көрген енді.
Іздеп-іздеп һеш жерде таппаған соң,
Жылдам темір қақпаға келген енді.

Жылдам темір қақпаны ашып кірген,
Талып жат[қан] жерімде мені көрген.
«Һәй, бұған обал болып қалыпты», — деп,
Салқын сумен қасыма келіп жеткен.

Салқын суды бетіме менім шашып,
Бір уақытта қарадым көзімді ашып.
Судан шығып ол қыздар кетіп қалған,
Марғышаһы қасымда отыр сасып.

Марғышаһ амандасып: — Балам, — деді,
Мен келгенше тұрдың ба аман, — деді.
Биһүш болып бек жүдеп қалыпсың [ғой],
Көрінді ме бірдеме саған, — деді.

— Ата, — дедім, — бек жаман істедім мен,
Мехнатқа өзімді тастадым мен.
Ішімдегі дертімді изһар қылып,
Әрбаилар айтуға бастадым мен.

Рубаи

Жүріп бұ жерде мен жалғыз,
Көрінді маған бір гүл жүз,
Түсім десем, емес-ті түн,
Еді тал түсте, дәл күндіз.

Халімді айтайын сізге,
Көрінді уақиға бізге,
Бинакаһ көрініп көзге,
Гүйә жоқ болды бір жұлдыз.

Бұ сарайға келіп қалып,
Гөзәл махбүбке көз салып,
Оны көрген сағат талып,
Биһұш болып жығылдық біз.

Жаһанда мен жүріппін көп,
Мұндайды көргенім һеш жоқ.
Мұның кебі гөзәл махбүб,
Ғаламда болмағай бір қыз.

Темір есіктерден еніп,
Көріп бір жолды кез келіп,
Жүрегім болды — от күйіп,
Оны сөндірмегей қар, мұз.

Ғажап бұ бір, пері ме екен,
Және мұнда келер ме екен,
Бенім халім білер ме екен,
Сөйлер ме екен менге бір сөз.

Жүсіп-Зылиха не деген,
Кей Мәжнүн Ләйліні сүйген,
Мұның кебі болар ма екен,
Маған ұқсамағай һеш жүзі.

Бұ Фахредин перізаттың
Оның мақтап кәмилатын,

Жаһаншаның хикаятын
Жайып жұртқа жаза-дүр сөз.

— Ата, енді көгершіндер келер ме екен,
Тағы келіп ол суға кірер ме екен?!
Уа, дариға, бұ тұрған ғаріп балаң
Қайғысынан сарғайып өлер ме екен.

Маған, ата, не сізден пәрмен, — дедім,
Дертіме болар ма екен дәрмен, — дедім.
Олар келіп көзіме бір көрінсе,
Қалмас еді һеш менде арман, — дедім.

— Тілімді алмай қылыпсың жаман, — деді,
Айтып едім мен саған, балам, — деді.
Ғашық болған махбүбің табылмаса,
Ем болмайды жаһанда саған, — деді.

Енді, балам, уайымың кем болмас-ты,
Дертіңе сенің бір де ем болмас-ты.
Сол көрген перізатың көрінбесе,
Ғаламда бір қыз саған тең болмас-ты.

— Ата — дедім, — рұқсат бер, кетейін мен,
Бұ жаһанды қыдырып бітейін мен.
Бұ жаһанды қыдырып, тамам іздеп,
Өмірімді соған сарып етейін мен.

— Әй, балам, бері маған қараң, — деді,
Ғашық болған қызың ол сенің — пері.
Аталары — перінің падишасы,
Һешкімге мағлұм емес оның жері.

Үшеуі де бір туған, бәрі сұлу,
Үлкен қыздың Даһиша аты-дүр бұ.
Қамар бану дейүрлер ортаншысын,
Кіші қыздың аты-дүр Шәмсі бану.

Шәмсі бану дейүрлер кіші қызға,
Оның ашығы түсіп-дүр көңіліңізге.
Көгершін болып, ұшып жылында бір,
Келіп түсіп шомылар ол хауызға.

Мезгілі болғаннан соң, Жаһаншам-ай,
Жылында бір кетемін құсқа қарай.
Олар келіп ол суға шомылады,
Аулақ болып қалғанда бағы-сарай.

Қыздардың бәрі көркем, бәрі зерек,
Шәмсі бану бәрінен көркемірек.
Естіген соң бұ сөзді низам еттім,
Бұрынғыдан зияда күйді жүрек.

Уа, дариға, Шәмсі бану
Алды бенім ақылымы,
Ғаріп болған күнде,
Шәмсі-айа, үйірдім көңілімі.

Хұснидың бағына қарап,
Көңілім кетті тарап,
Ақылым болды хараб,
Бенниа үйірдім көңілімі,
Ашық дерттері толып,
Сарғайып жүзім солып,
Уа бен Мәжнүн болып,
Ләйлі-йа, үйірдім көңілімі.
Ашық шарабын ішіп,
Мас болып қалдым түсіп,
Дүние уа малдан кешіп,
Иғама-йа үйірдім көңілімі.

Сөйлей алмай сөзімі,
Аша алмай көзімі,
Ғарық қылар өзімі,
Дарияға үйірдім көңілімі,

Мәжнүн ғашық Ләйлі-йа,
Жаһанша ол Шәмсі-йа,
Фахредин дер зікір илә
Муллә-йа үйірдім көңілімі.

Сізге керек бұ сөзді аңламаға,
Ғапыл болып тұрмаңыз құр далаға.
Осы сөздің баршасын зары қылып
Айтып отыр Жаһанша Балқияға.

Әй, Балқия, көңлімде қайғы бітіп,
Ашықпенен сарғайып реңім кетіп,
Тағы бір оның жүзін көрем бе деп,
Бір жыл анда байланып қалдым күтіп.

Оның ашығы күйдірді мен ғаріпті,
Зарлықпенен ол бір жыл тамам өтті.
Жиылған құстарына Марғышаһының
Кететұғын мезгілі келіп жетті.

Көресім келіп қызды сағындым мен,
Марғышаһының мойнына сарылдым мен.
— Әй, ата, маған рақым қылыңыз, — деп,
Тағы да Марғышаһыға жалындым мен.

— Ата, — дедім, — балаңа рақым қылып,
Кілтіңізді қалдыршы тағы беріп.
Рұқсат беріп кілтіңді қалдырмасаң,
Һәлак болып қалармын мұнда өліп.

Ол бақта тосып оны күтейін мен,
Аңдып тұрып ол қызды тұтайын мен.
Жылдан бері бұ күйген жүрегімді
Сөндіріп, мұратыма жетейін мен.

— Шырағым-ау, ол бақта қалып, — дейді,
Тосып оны тұрамысың бағып, — дейді.
Оны, балам, жүз кісі ұстамайды,
Жалғыз оны ұстарсың нағып, — дейді.

— Ата, оған жүз кісі қайда, — дедім,
Олай болса жоқ екен пайда, — дедім.
Ол қыздың жалғыз өзін қалдыруға
Болар ма екен бір амал-хайла? — дедім.

— Перілерді адамзат тұта алмайды,
Һешкімнің оған күші жете алмайды.
Бірақ оның көйлегін түсіріп алсаң,
Оны тастап жүріп ол кете алмайды.

— Рұқсат бар ма, ата, маған, — дедім,
Олар келсе хауызға таман, — дедім.
Шомылғанда көйлегін алып қашса,
Қай етеді бұ ғаріп балаң? — дедім.

— Балам, менім сөзіме құлағың сал,
Ала алсаң сен оның көйлегін ал,
Көйлекті тастап ол, сірә, кетпес,
Сондан басқа қылатын һеш жоқ амал.

Нәсіп болып көйлегі түссе қолға,
Балам, тағы сен андан ғапыл болма.
Көп жалынып, жалбарып сұрар ол қыз,
Берік бол, һеш көйлектен айырылма.

Берсең қашып, көйлегін алып кетер,
Өзінің мақамына барып жетер.
Қайтып өмірің барынша көре алмассың,
Көңіліңе қайғыны салып кетер.

Марғышаһ маған қылды насихатты,
«Ал, балам» деп қолыма берді кілтті.
«Балам, сені Құдайға тапсырдым», — деп,
Амандасып құстарға жүріп кетті.

Ата кетті, мен анда жалғыз қалдым,
Ол бір темір есікке жүріп бардым.
Есігін ашып тағы да ол сарайдың,
Жасырынып бір жерінде тұрып алдым.

Жеті күн тосып оны бағып тұрдым,
Һәр тарапқа көзімді салып тұрдым.
Жеті күннен кешігіп келмегенге
Көңілім кетіп хазаниға қалып тұрдым.

Жеті күндей күзеттім ерте-кешін,
Балқия, аңлап отыр, сөздерім шын.
Жеті күннен соң енді бір уақытта
Аспаннан ұшып келді үш көгершін.

Үш көгершін қыз болып келіп түсті,
Хауыздың жағасында шешіністі.
«Байқаңыз, мұнда адам болмасын», — деп,
Бір-біріне қарасып сөз сөйлесті.

Кіші қызға айтады ең үлкен қыз:
— Төңірекке көзіңізді салыңыз сіз,
Сығалап тұрған бізді жан болмасын,
Адам көріп масқара болмайық біз.

Апасына сөйледі Шәмсі бану:
— Әй, апа, болмайтұғын бір сөз ғой бұ,
Бізден басқа бұ жерде не жан болсын,
Неге керек біздерге қауіптену.

Не деген жан бұ жерге келер, — дейді,
Перілерге қайтып [ол] тиер, — дейді.
Келсе адам, біздерге не қылсын ол,
Азар болса құшақтап сүйер, — дейді.

Үшеуі де киімін шешті бұлар,
Ол хауыздың ішіне түсті бұлар.
Үшеуі де ойнасып су шашыратып,
Бір-бірінің үстіне шашты бұлар.

Мен тұрып ақырындап қадам бастым,
Көйлекке [таман] жүріп жақындастым.
Олар суға шомылып ойнағанда,
Шәмсі қыздың көйлегін алып қаштым.

Бір уақыт кейінгі жаққа қарадық біз,
Көйлекті алғанымды көріп үш қыз,
Судан шығып, ұмтылып көйлегіне
Жүгірістілер үшеуі бірдей тегіс.

Көйлегін киіп алып ол екі қыз,
Ұшып кетті бір әріп сөйлеспей сөз.
Киетұғын көйлегі болмаған соң,
Шәмсі бану сол жерде қалды жалғыз.

Шәмсі бану жалбарып зарлық етті,
Уа, дариға, басыма сөзі жетті.
Жалаңаш ол ұялып тұра алмады,
Су ішіне қайтадан еніп кетті.

Қыздың суға кіргенін көзім көрді,
Жиегіне ол судың бардым өзім.
Жылдан бері ашығында күйгенімді,
Сөйледім көңлімдегі болған сөзім.

Жалбарып бек зарлады маған бұ қыз:
— Аға-еке, көйлегімді беріңіз сіз.
Зарлығына тітіреді денелерім,
Махбүбіміз болғанға аядық біз.

— Әй, гөзәлім, махбүбім менім, — дедім,
Маған сен рақым қылың, — дедім.
Ақылым кетіп, биһүш болып жығылдым мен,
Гүл жүзіңді көргенде сенің, — дедім.

Әй, көңілімнің шаттығы, көзім нұры,
Сенің жүзің мысалы ұжмақ нұры,
Бір жыл болды ашығында күйгенмін мен
Қара-сөна көз салып маған тура.

Жауап беріп: — Әй, менім көзім, — дейді,
Сөйлейтұғын бек жақсы сөзің, — дейді.
Судан шығып киімім киінейін,
Арманырақ барып тұр өзің, — дейді.

Көресің ғой жалаңаш өзің бізді,
Киімменен жабайық өзімізді.
Андан соңыра айтатын сөзің болса,
Айтарсыз айтатұғын сөзіңізді.

Алысқарақ мен енді кетіп тұрдым,
Киінгенше сабырды етіп тұрдым,
Киімін киген соң, қасымызға
Келер ме деп көз салып күтіп тұрдым.

Киінген соң, қасыма келді менім,
Хал-ахуалым сұрасып білді менім.
Қант пенен балдан тәтті сөздерменен
Сөйлесіп жүрегімді тілді менім.

— Әй, ашығым, мағшұғым, білің, — дейді,
Мен болайын халалың сенің, — дейді.
Сені тастап мен енді heш кетпеспін,
Көйлегімді бер енді менім, — дейді.

Көйлегімді бермейсің менім неге,
Енді мені heш жаққа кетер деме.
Марғышаh келген соң, некаh қылып
Екеумізді қосады, уайым жеме.

Қандай кісі бұ жерде уайым жейді,
«Кетпеймін» деп қолымнан менім сүйді.
— Көйлегімді шешкенде ойлағаным,
Әбсәт келді басыма менім, — дейді.

Мойнына қолым салып, «жаным» дедім,
Құшақтап алып оның бетін сүйдім.
— Рақым қылып жүзіме менің қара,
Тамам бір жыл ашығыңда сенің күйдім.

Перізаттан еді ғой аталарың,
Тамам бір жыл жанымды қапаладың.
Көйлегіңді сұрамай, неге сені
Тастап кетіп қойдылар апаларың.

Шәмсі дейді: — Нәмахрам өзің бізде,
Өзің тағы адамзат, нәсілің өзге.
Шариғатта обалы болғаннан соң,
Сөйлеспей жөнелділер олар сізге.

Болмаса олар сізге қарар еді,
Жанжалдасып қиқуды салар еді.
Шамалары келгенше таласып ол,
Көйлекті сенен тартып алар еді.

Тастап кеткен мәнісі тағы мынау —
Олардың да көйлегін алған біреу.
Перілердің заңында көйлектерін
Кім алса, сол болады оған күйеу.

Олар кетті Қап тауының сайларына,
Тұратұғын өздерінің жайларына.
Перілердің ішінен өздерінің
Көйлегін тартып алған байларына.

Көйлегін[ің] соңынан олар онда
Кетіп қалды, һәркім ғой өз мұңында.
Көйлегім менің сізде болғаннан соң,
Мен де сізге байланып қалдым мұнда.

Шәмсі бану бар сырын айтып салып,
Көйлегімді алдың деп қапаланып,
Тұрғанында сөйлесіп менімменен
Марғышаһы құстардан келді қалып.

Марғышаһының келгенін Шәмсі көрді,
Амандасып алдына қарсы жүрді.
— Аман-есен келдің бе, падишаһым,
Көр енді, мені қалай Құдай ұрды.

— Әй, шаһ қызы, қыла көр шүкір, — дейді,
Көп шүкірді Құдайға келтір, — дейді.
Нығметтің қадірін білмегендер
Хақ қасында болады көпір, — дейді.

Мұндай нығмет Құдайым саған берген,
Керек қой бұ нығметтің қадірін білген.
Адамзаттан шәукетті шаһизада
Ашық болып қолыңға кіріп келген.

Кез болыпты бұ дәулет саған, — дейді,
Сөз айтамын, құлақ сал маған, — дейді.
Қабылстанның шаһарының патшасының
Қадірлі баласы ғой, балам, — дейді.

Қабылстанның шаһы еді бұ қонағың,
Құдайым артық қылған оның бағын.
Он төрт жасқа келгенде бұ балаға
Атасы тапсырыпты тәж бен тағын.

Сен өзің перізаттан хан қызы ғой,
Бек әдепті, аяулы сал қызы ғой.
Қабыл қылсаң, қосамын сені соған,
О дағы бір патшаның жалғызы ғой.

Бұ шаһзада ашығында сенің күйді,
Тамам бір жыл ашығында қайғы жеді.
Ашығың Жаһанша мен екеуіңізді
Некаһ қылып қосамын енді, — дейді.

Бұ сөзіне Шәмсі һеш үндемеді,
Жақсы-жаман жауаптан сөз демеді.
«Үндемеген — риза болғаны» деп,
Құтпа оқып біздерге некаһ қылды.

Андан соң мен: — Марғышаһ ата, — дедім,
Менден тағы өтіпті қата, — дедім.
Шүкір енді Шәмсі қыз менің болды,
Рұқсат беріп, маған бер бата, — дедім.

Рұқсат берсең, еліме жүрейін мен,
Атамыз есен болса көрейін мен.
Атамыздан рұқсат алғаннан соң,
Күйеу болып Шәмсіге кірейін мен.

Бұ кеңесті білдірдік Шәмсі қызға,
Жүрермін деп, өзіміздің шаһарымызға.
Атамның рұқсатымен қосылайық,
Сәлеметтік Құдайым берсе бізге.

Шәмсі қыз жауап берді: — Жүргенің құп,
Атаңыздың есендігін білгенің құп.
Атаңыз рұқсат берсе, тойлар қылып,
Содан соң мұрат хасыл қылғаның құп.

Марғышаһ даярлады жол керегін,
Кигелі бізге берді асыл киім.
— Бұ киімнің бұларын Шәмсі кисін,
Мыналарын құрметтеп өзің киін.

Бек қымбатты киімдер, ғажап сұлу,
Жандарым, менім сізге бергенім бұ.
Ерге лайық киімін өзім кидім,
Өзгесін киіп алды Шәмсі бану.

Маған қылды насихат: — Ғапыл жүрме,
Зарласа да көйлегін оның берме.
Қолға түссе көйлегі, қашып кетер,
Бек берік бол, айырылып қала көрме.

Көйлегін берме, қанша зарлық етсе,
Берерсің сонда, қашан бала бітсе.
Бала болып, туғанша сақтана гөр,
Өміріңе қайғы болар қашып кетсе.

Шәмсі қыз маған айтты: — Арқама мін,
Қатты жабыс, қорықпа, көзіңді жұм.
Көзіңді ашып дүниеге һеш қарама,
Қарасаң көзіңді ашып, қорқасың тым.

Андан соң Марғышаһымен амандастық,
Тәуекелдің жолына енді түстік.
Шәмсінің арқасына мініп алып,
Екеуіміз аспанға қарай ұштық.

Тәуекелді қылдық біз жалғыз Хаққа,
Пәруардигар Құдайым, өзің сақта.
Шәмсі бану сұрайды мен ғаріптен:
— Қабылстанның шаһары қайсы жақта?

— Қабылдың уәлаяты мына тұста,
Жөніңізді түзеп ал, қисық ұшпа.
Қабылстанның шаһарын табарсың сен,
Туралап ұша берсең күншығысқа.

«Қабылдың уәлаяты мына жақта»
Деген соң, ұша берді сол тарапқа.
Шәмсі бану жоғары қарай ұшып,
Шығып кетті аспанға, бек жыраққа.

Қатты қорқып, жабысып, жұмдым көзді,
Балқия, тыңдап отыр мына сөзді.
Денемізді Шәмсінің денесіне
Жабыстырып бір қылдық төнімізді.

Банудың арқасында бір кенедей,
Жабысып болып қалдым бір инедей.
Қорыққанымнан Бануға тығылдым мен,
Екі төн болып қалдық бір денедей.

Шәмсі қыз — пері қыздың паһлуаны
Алып кетті ұшырып Жаһаншаны.
Бір уақыт Шәмсі бану маған айтты:
— Көзіңді ашып қара дүниені.

Көзіңді ашып дүниені көрші, — дейді,
Қарап маған хабарың берші, — дейді.
Дүниедегі шаһардың баршалары,
Көріне ме шаһарың, білші, — дейді.

Қыз айтқан соң көзімді ашып алып,
Жер жүзіне қарадым көзім салып.
Жер жүзі толған шаһар арасында
Қабылдың шаһарларын білдім танып.

— Әй, Шәмсі, білейін десең әгар, — дедім,
Мен айтай[ын] саған, шын хабар, — дедім.
Уәлаятым тұсына келіппіз ғой,
Қабыл-дүр сол көрінген шаһар, — дедім.

«Көзің жұм» дейді тағы Шәмсі бану,
Тиыш болды төменге қарай бару.
Ол көрінген шаһарың Қабыл болса,
Бізге керек сол жаққа ыңғайлану.

«Жұм» деген соң тағы да жұмдым көзді,
Мен айтпаймын, Балқия, бекер сөзді.
Бір уақытта «көзіңді аш» деген соң,
Көз ашып жерде көрдім өзімізді.

Шәмсі бану төменге қарай ұшты,
Түс болғанда бір жерге келіп түсті.
Шаһарға жақынырақ бір орынға
Келтіріп түсіріпті мен байғұсты.

Неше күндер аспанда ұшып жүрдік,
Шүкір Хаққа, жер жүзін енді көрдік.
Ол күн болды күн ыстық, Шәмсі қыздың
Алжаймасын көлеңке қылып тұрдық.

Атам ол күн шаһардан келген екен,
Сол арада ау аулап жүрген екен.
Сейіл қылып ау аулап жүргенінде
Біздердің қарамызды көрген екен.

Ол күн атам далада көп жүріпті,
Жүре-жүре біздерге жақын жетті.
— Анау қара көрінген не нәрсе? — деп,
Біліп кел, — деп бір құлды жіберіпті.

Жіберген құл қасыма келіп қалды,
Көрген соң [мен] ғаріпті танып алды.
— Шаһзада, келдің бе? — деп, аттан түсіп,
Аяғымның астында домаланды.

Ол құлменен сөйлесіп, амандастым,
Атамыздан хал-ахуал сөз сұрастым.
Құлға дедім: — Тұрма, тез жөнел енді,
Сүйінші көп алуға болса қастың.

«Әй, падиша, сүйінші енді» деңіз,
«Құдайым тілеуіңді берді» деңіз.
«Неше жылдар жоғалып ғайып болған
Балаңыз есен-аман келді» деңіз.

Құл барып айтқаннан соң болыпты шат,
Қуанды қисапсыз, болған зияд.
Үстіндегі киімін, мінген атын,
Мың алтын қосып беріп, қылған азат.

Атамыз берген оған бір мың алтын,
Үстіндегі киімін, мінген атын.
Тағы бір уәлаятқа уәли қылып,
Берген оған ол жұрттың хүкіметін.

Андан соңыра атамыз қаламызға
Бір кісі жіберіпті анамызға.
Ол шапқыншы барыпты: «сүйінші» деп,
«Жүріңіз, — деп, — келе жатқан балаңызға».

Фариад қылып келе жатыр атам маған,
Мен де жүрдім қасына оған таман.
Құшақтап ол атамның қолын сүйіп,
Көрістім жылай-жылай өзім оған.

Атам мені көргенде қалды сасып,
Жылай-жылай көзінің жасын шашып.
Қасындағы құлдарының баршалары
Көрістілер меніммен амандасып.

Жүрегіміз тұрмады қуанбақтан,
Тиылмайды жасымыз көзден аққан.
Біз мұнда у-шу болып тұрған шақта,
Пайда болды бір дауыс шаһар жақтан.

Бір күймелі пәуеске мініп алып,
Келе жатыр анамыз ойбай салып.
Мені көріп күймеден өзін тастап,
Биһұш болып сол жерде қалды талып.

Біраздан есін жиып көзін ашты,
«Қарағым» деп бауырына мені басты.
Менімменен көрісіп болғаннан соң,
Шәмсінің ахуалынан сөз сұрасты.

Құданың бергеніне шүкір еттік,
Әлхамдулилла, мұратқа бүгін жеттік.
Анамыз күймесіне, біздер атқа
Мініп алып шаһарға жүріп кеттік.

Келе жатып атам дер: — Өлмедім мен,
Неше жылдар қайғыдан күлмедім мен.
Һәр уақытта аң аулап келуші едім,
Бүгінгідей олжамен келмедім мен.

Елші кетті, әскерге күтсін, — дейді,
Топларыны барабан соқсын, — дейді.
Бектеріне жіберді шапқыншылар:
— Әскермен алдымызға шықсын, — дейді.

Шапқыншылар шаһарға еніп кетіп,
Уәзірлерге, бектерге хабар етіп.
Ту көтере көп қалың әскерменен
Алдымызға уәзірлер келді жетіп.

Шаһар халқы баршасы келді бізге,
Көрістілер баршасы өзімізге.
Қисабы жоқ қуаныш, шаттықпенен
Еніп кірдік біз енді шаһарымызға.

Шүкірлікті қылдық [біз] енді Хаққа,
Бұрынғыдай отырдым алтын таққа.
Атамыздың орнына патша болып,
Әділ хүкім қылдым мен халайыққа.

Хал-ахуалым сұраған соң атам маған,
Уақиғасын Шәмсінің қылдым баян.
Бар болған уақиғаны баян қылдым,
Сондай-сондай болды деп істер маған.

— Ата, — дедім, — көп жерге барып келдім,
Машақаттар көп көріп арып келдім.
Изніңізбенен некаһ болайын деп,
Қасыңызға Шәмсіні алып келдім.

— Дүниеде мехнаттар көрген болсаң,
Қабыл етіп Шәмсіні келген болсаң,
Тойлар қылып екеуің қосайын мен,
Ашық болып Шәмсіге жүрген болсаң.

Мехнатқа көп салып өзіңізді,
Іздеп, тауып алыпсыз Шәмсі қызды.
Анда тағы қосылмай, осы жерге
Келіпсің ғой есіңе алып бізді.

Сендердің тілеуіңді мен тілейін,
Бұ турада бір жақсы ой қылайын.
Бар керек-жарағыңды даяр қылып,
Жұртты жиып бір жақсы той қылайын.

Гүл шарбағы бар еді атамыздың,
Сол бағының ішінде жүріп кездім.
Сол бақта бір сарай салғызам деп,
Балташының бәрін де келтіргіздім.

Ол бақтың ішінде ағаш еккен,
Ағаштарда һәр түрлі жеміс біткен.
Шаһар ішінде балташы неше болса,
Шақырған соң баршасы келіп жеткен.

Атамыз ұсталарға: — Келің, — дейді,
Бұ бақта бір сарай қылың, — дейді.
Той өткен соң Жаһанша баламменен
Бұ сарайда болады келін, — дейді.

Ұсталарға мен айттым: — Ағаларым,
Бұ сарайдың төбесін биік салың.
Ортасында бір құжыра қылыңыздар,
Мәрмәр тастан қопарып қылып қалың.

Мәрмәр тасты қалың қылып жапқыздым мен,
Ортасынан бір жерін ойғыздым мен.
Тасты ойып, ішіне темір сандық
Берік қылып қаққызып қойғыздым мен.

Қалың тастың ортасын ойып алып,
Тас ішінде ол сандық бекулі қылып,
Ол сандықтың ішіне түйіп-орап,
Шәмсі қыздың көйлегін қойдым салып.

Өз ойымда, Шәмсі мұны қарар дедім,
Қараса мұны қайран қалар дедім.
Қалың тастан қопарып, бу сандықтан
Енді боқты-көйлегін алар дедім.

Қырық күн ол сарайда тойлар қылып,
Үлкен-кіші жиылып бәрі келіп.
Некаһ кеші болғанда ол сарайға
Келтірділер Шәмсіні киіндіріп.

Түрлі киімдер Шәмсіге киіндірген,
Некаһ кеші сарайға алып келген.
Ол сарайға кірген соң, Шәмсі бану
Иіскеп жүріп, көйлектің иісін білген.

Ол келгенде мен анда тұрып едім,
Сарайға енгізгенін көріп едім.
Тысқар[ы] шығып тарқаған қонақтарды
Аттандырып, жөнелтіп жүріп едім.

Бұ секілді болар ма ғапыл болу,
Пұрсат тапқан ол уақыт Шәмсі бану.
Тас-талқан қып тастарын қопарған ол,
Қарсы тұрып қылмайды һешкім қару.

Ол тастарды қопарып, ашуланып,
Сандықты һәм қиратып, қолын салып,
Сындырған соң сандықты қиратып [ол],
Көйлегіні үстіне киген алып.

Атқа мінді баршасы уәзірлердің,
Мен оларды жөнелтіп тыста жүрдім.
Қонақтардың бәрін де аттандырып,
Шәмсінің сарайына еніп кірдім.

Еніп кірсем, Шәмсі жоқ ол сарайда,
Іздеп жүрдім «япырым-ай, Шәмсі қайда?»
Жан-жағымнан ізденіп жүргенімде,
Жоғарыдан бір дауыс болды пайда.

Шәмсі қыздың дауысын білдім танып,
— Шаһым, — дейді, — бір қара маған бағып.
Кетуге даярланып отыр екен,
Көйлегіні үстіне киіп алып.

— Шәмсі, — дедім, — рақым қыл мен ғаріпке,
Ғарібіңді жылатып тастап кетпе.
Неше жыл мехнат шектім сенің үшін,
Фирақтың отыменен һәлак етпе.

— Шаһым, — дейді, — әуелде қосылмадың,
Марғышаһтың сөзіні сөз қылмадың.
«Атамыздан рұқсат болған жоқ», — деп,
Меніменен халуатта сен болмадың.

Рұқсат берді атаңыз бүгін саған,
Менім де ғой атам бар есен-аман.
Сіз — еркексіз, рұқсатсыз болмағанда,
Рұқсат сұрау бек лазым болды маған.

Ойламадым бұ жерге келермін деп,
Көйлегімді үстіме киермін деп.
Рұқсат алып атамнан шыққаным жоқ,
Бұ сапарда бір байға тиермін деп.

Дүниеде сенің жүріп көргенің көп,
Рұқсат сұрап атаңа келген[ің] құп.
Мен де бір пері шаһының қызы едім,
Менім де һеш өзімде билігім жоқ.

Мен кетті деп, әлі сен безбе, — дейді,
Аман бол, күдеріңді үзбе, — дейді.
Енді сіздің көңіліңіз бізде болса,
Гауһарникин шаһарынан ізде, — дейді.

Әгар болса пейліңіз бізде сіздің,
Гауһарникин аты-дүр шаһарымыздың.
Соны тапсаң, біздерді табарсың сен,
Атамыз ғой падиша анда біздің.

Сөздеріне Шәмсінің құлақ салдым,
Көздеріме өзімнің бұлақ салдым.
«Хош-аман бол» деп, ол ұшып кетті,
Биһұш болып сол жерде құлап қалдым.

Биһұш болып сарайда жалғыз қалып,
«Аһ» деп әйлап жығылып қалдым талып.
Даусымды есітіп хадимдері,
Атамызға хабарды берген барып.

Атам келген сарайға қадам басып,
Шәмсі бану сарайдан кеткен қашып.
Биһұш болып жатқаным көргеннен соң,
Атам ғаріп қалыпты жаман сасып.

Атам байғұс бауырына мені басып,
Гүл суды жүзіме менің шашып,
Гүл суларын бетіме сепкеннен соң,
Есім жиып тұрыппын көзімді ашып.

Көзімді ашсам, қасымда атам-анам,
Қайран болып екеуі отыр маған.
Сұрайдылар: — Шәмсіміз қайда кетті,
Не уақиға болды, — деп, — бүгін саған?

— Сұрасаңыз, айтайын сізге гәпті,
Шәмсі киіп көйлегін қашып кетті.
Оттай күйіп жүрегім қастарында,
Зарлық бірлән оқыдым бұ бәйітті.

Бәйіт:

Қай етейін, кетті қолымнан
Нигарым хайф-хайф,
Ермедім уәсіліне аның,
Кетті жарым, хайф-хайф.

Барша ғұмырым сарып еттім,
Көргенімде мен оны,
Шықты алдымнан нагаһан,
Ол нигарым, хайф-хайф.

Бұ күннен соң һәм жолығып,
Көрем бе жүзін оның,
Әгар көрмесем жаһанда,
Нала халім, хайф-хайф.

Үшбу елде мен өзім
Біл, һәлак етсем керек,
Ашықтықтың майданында
Басыма топ атсам керек.

Адамзат болар пәни,
Шықса тәнінен жаны,
Енді кезіп дүниені,
Жан шүкір бақсам керек.

Жарымнан айырылып құр,
Бола алмаспын дүниеде,
Іздеп оны Гауһарникин
Шаһарына кетсем керек.

Шәмсі менің түбіме жетті, — дедім,
Есім-ақылым қалмады, кетті, — дедім.
Перілердің тұратын мақамдары
Гауһарникин шаһарына кетті, — дедім.

Сабырға тағатым жоқ, төзбеймін мен,
Кетті деп ол Шәмсіден безбеймін мен.
Гауһарникин шаһары қайда екен,
Қаңғырып кетіп, оны іздеймін мен.

Естіген соң бұ сөзді олар менден,
Бастарына бұ дүние болды зындан.
Сабыр қыл деп екеуі жыладылар,
Селдей қылып жас төгіп көздерінден.

Насихат қылды атам маған бағып:
— Тұрма, балам, бұ іске қайғыланып.
Гауһарникин шаһарының хабарын
Алармыз һәр тарапқа сұрау салып.

Һәр тарапқа сұрау салармын мен,
Ол шаһардың хабарын табармын мен.
Тәжім-тағым жолына пида болсын,
Құдай бұйырса, ол қызды алармын мен.

Андан соң атам шақырып уәзірлерін,
Хабар сұрап, жиғызып адамдарын,
Дүние кезген адамдар қайда болса,
Келтіріпті шақырып оның бәрін.

Атам дер халайыққа: — Жүрген бар ма,
Жақсы менен жаманды көрген бар ма?
Дүниеде Гауһарникин шаһарыны
Көріп, яки есітіп білген бар ма?

Оны білген болмады уәзірлерден,
Біле алмады жаһанды кезгендерден.
Жиылған жұрт ішінде һеш болмады,
Ол шаһарды білдім деп хабар берген.

Атам енді: — Уәзірлер, қараң, — деді,
Бір шара қылыңыздар маған, — деді.
Бір амал тауып тоқтау қылмасаңыз,
Кетеді ғой қолымнан балам, — деді.

Ақылдасып олар дер: — Шаһым, сізге,
Жаһаншаға айтайық көнсе сөзге.
Төрт тараптан дүниені қыдыртайық,
Бір жыл тамам кеңдікті берсін бізге.

Өткір, жүйрік адамдар мінсін атқа,
Жіберейік хат жазып түрлі жаққа.
Барша жұртқа пүбликтер салайық біз,
Гауһарникин шаһарын сұрамаққа.

Бұ кеңесті балаңа білдірейік,
Көңілдерін қуантып күлдірейік.
Көңілі соған уанып тұрсын үшін,
Алдына гөзәл қыздар келтірейік.

Қыздар андан һеш бөлек болмасыңлар,
Жаһаншаның қасында ойнасынлар.
Түрлі-түрлі қызықтар қылып оған,
Ойнатсындар, еркіне қоймасынлар.

Гөзәл қызды көрген соң, көз салар ол,
Көңілдері ашылып қуанар ол.
Біз болармыз һәрдайым іздетуде,
Жылға шейін соларға уанар ол.

Пүбликті барша жұртқа жүріп салсақ,
Гауһарникин шаһарынан хабар алсақ,
Ғұмырымыздың баршасын сарып қылып,
Лазым болар біздерге сонда барсақ.

Хабар тауып ол шаһарға барайық біз,
Құдай бұйырса, ол қызды алайық біз.
Тауып алып о қызды Жаһаншаға,
Қосып алып, сауапқа қалайық біз.

Жылға шақты ол шаһар білінбесе,
Шәмсі қыз қолымызға ілінбесе,
Ол қыздарға көңілі ауар оның,
Шәмсі бану көзіне көрінбесе.

Шәмсі барда ол қыздар тең болмаслар,
Шәмсі жоқта Шәмсіден кем болмаслар.
Көркемдікте Шәмсідей болмаса да,
Адам қызы боларлар, жын болмаслар.

Қыздар болсын жүздері алма-шекер,
Жылға шақты олармен қызық етер.
Ашық болып оларға ауысқан соң,
Көңілінен Шәмсінің ойы кетер.

Мақұл көріп сөздерін атам енді,
Уәзірлермен қасыма кіріп келді.
«Жылға шақты сабыр қыл, Жаһанша», — деп,
Баршалары насихат маған қылды.

Насихаттап барлығы отырдылар,
Кеңестерін қасымда бітірділер.
Кәнизактан бек гөзәл көркемдерден
Қырық қызды қасыма келтірділер.

Келтірділер тағы да екі жүзді,
Бәкірадан әдемі гөзәл қызды.
Киіндіріп баршасын ол қыздардың,
Арасында қойдылар өзімізді.

Жан-жағымда һәр түрлі жиылған қыз,
Қисса оқып сөйледі һәр түрлі сөз.
Балқия, көрсең қайран болар едің,
Солардың арасында отырдық біз.

Сырнай тартып кейбірі ән салады,
Естігендер даусына таңғалады.
Түрлі қызық тамаша ойын қылып,
Нұр балқып жан-жағымнан айналады.

Бұ қыздарды көздерім көрді менім,
Дауысы құлағыма кірді менім.
Сонда да һеш ілтипат қылғаным жоқ,
Шәмсі бану көңілімде тұрды менім.

Атам-анам қасыма келіп жүрді,
Менім халім-ахуалым біліп жүрді.
Көңілі ауып қыздарға қарай ма деп,
Мені сынап, байқап ол көріп жүрді.

Келетін атам бір күн келе алмады,
Менім халім-ахуалым біле алмады.
Екі күн һәм үш күндей өтіп кетті,
Маған келіп жүзімді көре алмады.

Анамызға келген соң: — Анам, — дедім,
Атам бар ма дүниеде аман, — дедім.
Үш күн болды атамды көргенім жоқ,
Не себептен келмейді маған? — дедім.

— Атаңның келмегенін, балам, — деді,
Сұраған соң айтайын саған, — деді.
Үш күн болды аттанып жауға кетті,
Үш жүз мың әскерменен тамам, — деді.

Келген жау — Ғиқал деген һүнді ханы,
Әй, Балқия, айтайын тағы да оны.
Атам оның әкесін өлтіріпті,
Сол себептен екен ол қас дұшпаны.

Атасыны өлтіріп алған екен,
Басына көп бүліктер салған екен.
Атасын өлтіргенде Ғиқал һүнді
Жас қана бала болып қалған екен.

Ғиқал бала өсіп ол бойға жеткен,
Естіген атасына болған гәптен.
Андан соңыра Ғиқалды жұрты сайлап,
Атасының орнына патша еткен.

Патша болып ол тақытқа мінген екен,
Атам кегі көңілінде жүрген екен.
Соғысып атам қанын аламын деп,
Қисапсыз әскерменен келген екен.

Сол бір хабар атама жетті енді,
Көңілдерін паришан етті енді.
Үш жүз мың тамам әскер жиып алып,
Алдына қарсы жүріп кеткен енді.

Атамыз жүріп жауға жөнеліпті,
Қыздарменен қалдырып мен ғаріпті.
Қапаланып, қыздардан көңілі бөлініп,
Әуере болмасын деп білдірмепті.

Естіген соң бұ сөзді: — Анам, — дедім,
Атамыз ғой қылыпты жаман, — дедім.
Бір жүріп мен де жауға кетер едім,
Білдірмей неге кетті маған? — дедім.

Білдірмейін кетіпті атам, — дедім,
Қылыпты ғой бұ істі қата, — дедім.
Атам кетіп мен шыдап тұра алмаспын,
Беріңіз маған жақсы бата, — дедім.

Анам маған жалбарып: — Барма, — дейді,
Басыңа бекер қайғы салма, — дейді.
Желігіп жалғыз жауға барамын деп,
Қыздардың қызығынан қалма, — дейді.

Атаң кетті ол жауға, балам, — дейді,
Үш жүз мың әскерменен тамам, — дейді.
Енді, балам, атаңа насрат берсін,
Хақ Тағала сақтасын аман, — дейді.

Қанша жалынып-жалбарып ғаріп ана,
Тоқтатуға қылмады һешбір шара.
Балқия, мен секілді әуара жан,
Болар ма екен һешбір жан ғаламара.

Шәмсі қызды көңілге саламын деп,
Айтпадым іздеп кетіп қаламын деп.
Екі жүз атты жолдас қасыма алдым,
Сылтау қылдым атама барамын деп.

Анама білдірмедім жөнімізді,
Шәмсіні іздейтұғын жолымызды.
Атама барамын деп сылтау қылдым,
Құдайым өзі кешсін мұнымызды.

Жәрдемге барамыз деп жауға қарай,
Түні-күні жүрдік біз аялдамай.
Атамызға бір күндік жол қалғанда,
Шаршап қалдық ұйқыдан жүре алмай.

Ұйықтамаған себептен арып-талдық,
Ұйықтаймыз деп шөл жерде қонып қалдық.
Аттан түсіп бастанып біздер енді,
Баршамыз біраз дамыл қылып алдық.

Мен де жатып аз ғана дамыл еттім,
Жолдастар ұйқтасын деп [біраз] күттім.
Олардың бәрі ұйықтап қалғаннан соң,
Атқа мініп тез енді жүріп кеттім.

Таң атқан соң олардың бәрі оянған,
Қарасалар, Жаһанша кетіп қалған.
«Жасырынып шаһзада кетіпті» деп,
Атамызға шапқыншы хабар салған.

«Кетті» деп атамызға хабар жеткен,
Естіген соң зар қылып налыс еткен.
Дұшпаны Ғиқал һүнді ханыменен
Атамның ұрысатын ойы кеткен.

Атам енді менім үшін қайғыланып,
Жау қайғысы көңілден кетіп қалып.
«Мен енді кетемін» деп хабар берген,
Уәзірді қасына шақырып алып.

Атам шақырып: — Әй, жұртым, елім, — депті,
Уәзірлер, маған кеңес берің, — депті.
Шара жоқ, енді жүріп кетемін мен,
Атымды келтіріңіз менім, — депті.

Уәзірлері баршасы: — Кетпе, — депті,
Кеткеніңіз келмейді іске, — депті.
Ел-жұртыңды дұшпанның қолдарында
Қойып кетіп, құр һәлак етпе, — депті.

Осы келген дұшпаның һүнді ханы,
Бек оңай көрмегейсіз, шаһым, оны.
Әуел оны соғысып қайтарыңыз,
Құдайға тапсырыңыз Жаһаншаны.

Бір Құдайға тапсырып тұрайық біз,
Қазір бұ күн майданды құрайық біз.
Шаһзаданы соңындан іздейміз ғой,
Бұрын бұны қиратып, қырайық біз.

Уәзірлері: — Әй, шаһым, аман, — депті,
Бұ дұшпаның өзі бір жаман, — депті.
Әгар қойып бұ жауды тастап кетсең,
Қорықты деп айтарлар сағаң, — депті.

Бұ дұшпан түбімізге жетер, — депті,
Әлбетте, жұртты хараб етер, — депті.
Аһл-айлат баршасы тұтқын болып,
Уәлаят қолымыздан кетер, — депті.

Тапсырыңыз Құдайға Жаһаншаны,
Тапсырып едіңіз ғой бұрын оны.
Тағы сондай Құдайға тапсырыңыз,
Қайда болса бір Құдай сақтар оны.

Бұдан бұрын Жаһанша шығып кетті,
Бұ дүниеде көп көрді ғаріптікті.
Неше заман өткен соң, Хақ Тағала
Келтіріп қолыңызға тәслим етті.

Зағиф болар ол әскер жоқ-дүр ханы,
Құдайға тапсырыңыз Жаһаншаны.
Құдай бұйырса, осы жау тарқаған соң,
Қайда болса табармыз, іздеп оны.

Бұ сөзді естіген соң атам тұрған,
Әскерін жамиғ қылып майдан құрған.
Соғыс қылып Ғиқалдың әскерлерін
Қалдырмаған, қиратып бәрін қырған.

Әскер бәрі сиынып жалғыз Хаққа,
Қиямет күнін салған кәпір жанға.
Әскерін тас-талқан қылғаннан соң,
Қайтып келіп отырған алтын таққа.

Таққа шығып атамыз бұйырыпты,
Іздегелі төрт жаққа жіберіпті.
Гауһарникин — ол менің іздегенім,
Олардың іздегені — мен ғаріп-ті.

Әй, жамағат, бұ сөзді тыңдаңыз сіз,
Мағынасын жақсылап аңлаңыз сіз.
Жаһанша Балқияға айтып отыр,
Аңламай, қапыл болып қалмаңыз сіз.

Бұ сөзді Балқия мен Жаһаншадан
Айтып отыр Жамсыбқа Шаһимаран.
Ортада сөзді бөліп Фахредин
Аңласын деп айтады жұмлә жаран.

Тағы көшіп бұ сөзден кетейін мен,
Бастапқы сөзімізге қайтайын мен.
Жаһанша жалғыз жүріп кеткенден соң,
Қайсы жаққа барғанын айтайын мен.

Мұндан соң Жаһаншаның білгендерін,
Мехнат шегіп дүниеде жүргендерін.
Жолдастардан бөлініп кеткеннен соң,
Айтады Балқияға көргендерін.

Әй, Балқия, мен ол күн кеттім, — дейді,
Құдайға көп зарлық еттім, — дейді.
Атқа мініп алып неше күндер,
Жүре-жүре бір шаһарға жеттім енді.

Жақын келдім, жолықты маған бір ер,
Сұрадым мен: — Бұ шаһардан сен хабар бер.
Сұраған соң ол кісі хабар берді:
— Бұ шаһарды Бағдаттың шаһары дер.

Ол шаһардың ішіне кірдім енді,
Дүкендер арасында жүрдім енді.
Базарда саудагердің баршасындан
Гауһарникин шаһарын сұрдым енді.

Он жеті күн шаһарда тұрып қалдым,
Аралап барша жерін көріп алдым.
— Гауһарникин шаһарын білетұрған
Адам бар ма мұнда? — деп сұрау салдым.

Көрдім мен бұ шаһарда көп халықты,
Гауһарникин шаһарын білген жоқ-ты.
Күндерде бір күн енді саудагерден
Мысыр жаққа бірқатар керуен шықты.

Он жеті күн шаһарда тамам тұрдым,
Андан соңыра керуенмен мен де жүрдім.
Неше күннен соң енді керуенменен
Мысырдың шаһарына барып кірдім.

Кіргеннен соң Мысырға сол заманда
Гауһарникин шаһарын сұрдым анда.
«Ғажап-ау, сондай шаһар бар ма екен?» — деп,
Естіген соң баршасы қалды таңға.

— Мұндай шаһар бар болса әгар, — дейді,
Айтар едік біз саған хабар, — дейді.
Бұ есімді һеш шаһар естімедік,
Болар ма екен ол атты шаһар, — дейді.

Андан Хижаз жеріне жүріп кеттім,
Меккенің шаһарына барып жеттім.
Ол шаһарда жиылған һәр тараптан
Қажылардан сұрауға қиял еттім.

Ол шаһарда жиылған адамдардан
Бір-бір қылып бәрінен сұрадым мен:
— Білемісіз бір шаһар дүниеде,
Аты-дүр ол шаһардың Гауһарникин.

Онда да һеш болмады білген адам,
Айтпадылар бір хабар һешкім маған.
Қайран болып шаһарда жүрдім енді,
Қайтемін деп енді ойлап һаман.

Уа, дариға, дәл осы заман, — дедім,
Әгар болса Марғышаһ аман, — дедім.
Гауһарникин шаһарыны білер ме еді,
Айтар ма еді бір хабар маған, — дедім.

Әгар сұрасам тағы да андан, — дедім,
Болар ма еді дертіме дәрмен, — дедім.
Жолығып оған тағы сұрасам мен,
Қалмас еді һеш менде арман, — дедім.

Бар болса Марғышаһы бұ жаһанда,
Бармайынша шарам жоқ менім анда.
Дейүп алып сол уақыт қажылармен
Жүріп кеттім Йеменге сол сағатта.

Қажылармен Йеменге бардым енді,
Анда тағы сұраулар салдым енді.
Ол шаһарда тағы да жан білмеді,
Анда тұрып бір заман қалдым енді.

Неше күндер мен күтіп тұрдым анда,
Керуен кетер екен деп қай заманда.
Күндерде бір күн енді көп керуен,
Шығатұғын күн болған Һаһруанға.

Жолдас болып мен енді керуенге,
«Иә, Құдай» деп жөнелдім Наһруанға.
Керуенменен екі жыл жүріп бардым,
Мехнатты көрсетіп ғазиз жанға.

Екі жылдай білмедім жанның қадірін,
Татқыздым мен жаз бенен қыстың заһарын.
Анда барып жеткен соң, адамдардан
Сұрадым мен ол Гауһарникин шаһарын.

Мені сөзім есітіп білді олар,
Мен ғаріпті келеке қылды олар.
— Гауһарникин дегенің немене? — деп,
Естіген соң баршасы күлді олар.

— Иә, мүсәпір, сөзіңіз епті, — дейді,
Естімедік мұндайын гәпті, — дейді.
Гауһарникин есімді шаһар бар деп,
Естімедік, көрмедік тіпті, — дейді.

Тағы да мен ол шаһарда тұрдым қалып,
Кезіп жүрдім базарға һәр күн барып.
Бір күн базар ішінде бір мінаді
Нида қылар, мен тұрдым көзім салып.

Жамағат, біліңіздер бұ шаһарды,
Бұ шаһарға Жаһанша келіп ерді.
Бір қожаға жалданып бұ шаһарда,
Бір жылқының қарнына кіріп ерді.

Мінаді нида қылар айқай салып:
— Жамағат, тыңдаңыз, — дер, — тілге инанып.
Бір сағат жұмыс қылар адам бар ма,
Мың алтынды қожадан санап алып?

Мінадіге: — Бек ғажап сөзің, — дедім,
Сөзіңіздің мәнісін үзің, — дедім.
Мың алтынды берсеңіз, ол жұмысты
Не болса да қылайын өзім, — дедім.

Сөздеріме мінаді құлақ салды,
«Айда, жүр» деп қолымнан ұстап алды.
«Апарайын қожаға, жалдансаң», — деп,
Қожа Фәрзәнт қасына алып барды.

Ол қожаға мінаді барып дейді:
— Сөзін бұзып кетпесе ауып, — дейді,
Мың алтындық жұмысты қылатұғын
Бір адам алып келдім тауып, — дейді.

Мінаді «жүр» деген соң жүрдім енді,
Ол қожаның қасына келдім енді.
Қожа Фәрзәнт ол мені танығаң жоқ,
Мен оны көріп танып білдім енді.

Алдыма қарсы шықты амандасып,
Сарайға енгізді [ол] есік ашып.
— Қонағым, жақсы келдің, қош келдің, — деп,
Менімменен отырды сөз сөйлесіп.

— Әй, қонағым, сөзім сол сізге, — дейді,
Көңіліңізді қылмаңыз өзге, — дейді.
Жұмыс болса таңертең қыласың ғой,
Бұ кешеде қонақсың бізге, — дейді.

Қожа мені бек қатты құрмет қылды,
Бір қыз келіп қойныма кіріп келді.
Көркемдігі ол бізге келген қыздың
Он төртінші күн туған ай секілді.

Бірақ енді ол бізге жарамайды,
Күнді көрген, не қылсын туған айды.
Оның үшін артықты көрген адам
Кімді көрсе көңіліне ұнамайды.

Бөлінбеді бұ қызға көңіл біздің,
Шәмсі бану көңілде өзіміздің.
Осы қыздың жүздері ай болса да,
Күн еді ғой жүздері Шәмсі қыздың.

Бұ жаһанда әдемі қыздар бек көп,
Осы қызды көрсеңіз бегірек құп.
Шәмсі ашық болған соң көңлімізде,
Бұ қызға һеш ілтипат қылғаным жоқ.

Таң атқан соң тағы да қыз бен бізді,
Моншаға жіберділәр екеумізді.
Барсам да қызға жақын жоламадым,
Көңілімде тұттым һаман Шәмсі қызды.

Моншадан шыққаннан соң тағам келді,
Қолымызға санап мың алтын берді.
Ас жеген соң аттарға мініп алып,
Манағы Жауһар тауға қарай жүрді.

Қожа Фәрзәнт ойлады жаман ойды,
Тауға жеткеш аттардың бірін сойды.
«Қылатұғын жұмысың осы» дейүп,
Ат қарнының ішіне салып қойды.

Мені салып қарынға, сөйлер сөзді:
— Көрің, — деп, — мың алтындық ісіңізді,
Мұнда жатып бұ кеше түс көрерсің,
Ертең тұрып сөйлерсің түсіңізді.

Жаманды ки үстіңе, жақсыны шеш,
Бұ қарында жалғызың қонарсың кеш.
Жақсыларың қан-сөлге былғанбасын,
Алтының жоғалмасын, қорықпа һеш.

— Киімім мен аламын алтындарым
Өзімменен, қалдырмай оның бәрін.
Қан былғаса сіздікін былғамайды,
Былғайды ғой өзімді осы қарын.

«Тәуекел» деп қарынға өзім салдым,
Киімдерім, алтыным бәрін алдым.
Амалдарың сендердің білемін деп,
Ол қарынның ішінде жатып қалдым.

Бұ істердің баршасы, Балқияжан,
Тағдырменен болған-дүр бір Құдадан.
Ол қарынды бекітіп тігіп тастап,
Өздері қарап тұрды анадайдан.

Қара құстар жиылып келіп түсті,
Ол қарынды көтеріп алып ұшты.
Алып ұшып ол құстар қарынменен,
Тау басына қойдылар мен байғұсты.

Ол қияның басына түсті құстар,
Шоқып-шоқып қарынды тесті құстар.
Бас көтеріп қарыннан шығып едім,
Мені көріп баршасы ұшты құстар.

Қарадым төмен таман көзім салып,
Қожа Фәрзәнт тұр екен маған бағып.
Маған айтұр: — Жауһар тас бек көп анда,
Лақтырып тастай бер маған алып.

— Қожа, — дедім, — тұра тұр сабыр етіп,
Ғажап түстер көрдім мен мұнда жатып.
Айтқаннан соң түсімді, жауһар тасын
Лақтырып тастаймын саған атып.

Мені жалдап түсімде алыпсың сен,
Осындайын қарынға салыпсың сен.
Осы тауға шығарып әуара қып,
Тастап мені тез кетіп қалыпсың сен.

Түсімде мың алтынға жалдапсың сен,
Алып қалып алтынды алдапсың сен.
Жауһарды алғандан соң, осы таудан
Енгізіп пақырыңды алмапсың сен.

Түсімізде қарынға салдырдың сен,
Құстарға көтергізіп алдырдың сен.
Жауһарды һәм алтынды бәрін алып,
Мені тастап бұ тауда қалдырдың сен.

Түсімізде бұ тауға келіппін мен,
Бұ қарынның ішіне кіріппін мен.
«Жарымын бөліп берем» деген сөзге
Инанып жауһар теріп беріппін мен.

Қызметімді мен сізге білдіріппін,
Төмен тастап жауһарды ендіріппін.
Кетіп бара жатқан соң мені тастап,
«Қожеке, ал-сәна» деп телміріппін.

Түсімізде сондай қып алдадыңыз,
Тау басынан ендіріп алмадыңыз.
«Қожекем» деп жалынып-жалбарсам да,
Ілтипат көзіңізді салмадыңыз.

Тамам қылып сөйледім түсімізді,
Жаңада жиып алдым есімізді.
Бұ қарынның ішінде көрген түсім,
Білдірді бізге қылған ісіңізді.

Таныдым сені көрген заман, — дедім,
Танымадың сен мені, жаман, — дедім.
Танымасаң, қожеке, енді таны,
Мен боламын Жаһанша ағаң, — дедім.

Осы менім, қожеке, көрген түсім,
Қалдырмай ақымызды сен берерсің.
Жарым көлік жауһар мен мың алтынды
Берген соң, түсірермін жауһар тасты.

Жауабында ол қожа бізге деді:
— Сөзіңізде бөтен жоқ өзге, — деді.
Осы көрген түсіңіз сіздің рас-ты,
Не болса да қателік бізде, — деді.

Әлі де болса сен бізден безбе, — деді,
Ендіріңіз жауһарды бізге, — деді.
Алдыңғысын, соңғысын ақыңыздың
Қалдырмайын берермін сізге, — деді.

— Қожа, — дедім, — немене бізге дедің,
Енді бізге сөйлеме бекер, — дедім.
Алтын-жауһар һеш маған дәркәр емес,
Жалынышым жоқ енді сізге менім.

Нәпсіге сен көңіліңді бердің, — дедім,
Бір себеппен бұ жерге келдім, — дедім.
Керегің жоқ һеш сенің, осы таудан
Енетұрған орынды білдім, — дедім.

Бұ дүниеде мал емес көздегенім,
Шәмсі қыздың ашығы-дүр көздегенім.
Пері шаһының қызы-дүр Шәмсі бану,
Болады сол қыз менің іздегенім.

Мұндан соңыра ол қожа жалбарды көп:
— Жаһанша, бері қарай жауһарды төк,
Қанша-кәм ол зары қылып жалынса да,
Сөзіне һеш ілтипат қылғаным жоқ.

Қиялап тау үстінде жүрдім енді,
Түсетұрған жеріме келдім енді.
Бұрынғыдай машақат-азаппенен,
Сырғанап төмен қарай ендім енді.

Тәуекелді Құдайға кәміл еттім,
Тоқтамадым, тағы да жүріп кеттім.
Бағанағы құстардың падишаһы
Марғышаһтың қасына барып жеттім.

Марғышаһы мені көріп: — Балам, — деді,
Жүрдіңіз бе, бек есен-аман, — деді.
Сапар шығып тағы да келіпсің ғой,
Бір уақиға болған шығар саған, — деді.

Әй, балам, жұртыңызды көрдіңіз бе,
Ата-ененің ахуалын білдіңіз бе?
Пішінің келіспейді, әлде, балам,
Қашырып келдіңіз бе Шәмсі қызды.

— Әй, ата, Шәмсі қолдан кетті, — дедім,
Опасы жоқ екен ғой тіпті, — дедім.
Адамға үйлеспеген жынысы бөлек,
Перізат перілігін етті, — дедім.

Оны іздеп келемін сапар шегіп,
Кеше-күндіз машақат, қайғы жеп.
Бастан өткен уақиғам бәрін айтып,
Жыладым Марғышаһтың қолын сүйіп.

Марғышаһ қапа болып: — Балам, — деді,
Қылыпсың ғой өзіңді жаман, — деді.
«Көйлегін һеш қасыңнан айырма» деп,
Айтып едім ғой, балам, саған, — деді.

Пері деген болады мықтырағы
Жаратылған мақұлықтың дүниедегі.
«Қиратып, тас-талқан қып алар, — дедім,
Қойған жерің тас-темір болса дағы».

— Өтті ғой бір қателік бізден, — дедім,
Әлде болса үмітім үзбен, — дедім.
Бір Құдайдан ғинаят, тағы сізден,
Не болса да болады сізден, — дедім.

— Атаң, балам, оларды көргені жоқ,
Қай жерде жүргендерін білгені жоқ.
Сол уақыт өзің кеткен күннен бері
Олар қайтып бұ жерге келгені жоқ.

Мен не дәрмен қылайын енді саған,
Мағлұм емес олардың жері маған.
Олардың тұратұрған шаһарларын
Біле алмайды бұ жерде һешбір адам.

— Атам, — дедім, — қыз кетер күн бізге деді:
«Менен, сірә, күдерің үзбе», — деді.
«Әгар енді мен саған керек болсам,
Гауһарникин шаһарынан изде», — деді.

— Айтыпты ғой ол сырын саған, — деді,
Табарсың Құдай қылса аман, — деді.
Гауһарникин есімді шаһар бар деп,
Естімедім мен өзім, балам, — деді.

Міне, балам, жыл басы болар, — деді,
Құстың бәрі жиылып келер, — деді.
Соған шейін сабыр қылып отыра тұр,
Сұрайық, білсе солар білер, — деді.

Бір уақыт жылдың басы келіп қалды,
Құстың бәрі жиылып, толып қалды.
«Гауһарникин шаһарын білмейміз» деп,
Барша құстар һәм қайран болып қалды.

Марғышаһқа мен қарап «ата» дедім,
Жалбарып, алып оның қолын сүйдім.
— Енді маған қылатын шара бар ма?
Болмаса хал-жайым кетті менім.

Мені аяп Марғышаһ: — Балам, — деді,
Тағы бір сөз айтайын саған, — деді.
Біз өзіміз боламыз үш ағайын,
Шаһбазшаһы ортаншы ағам, — деді.

Үшеуміз де құстарға халифамыз,
Ең кішісі олардың біз боламыз.
Менен де ол Шаһбаздың құстары көп,
Керек қой енді анда барсаңыз сіз.

Тайрулмәлік ең үлкен ағам, — деді,
Бәрін де білдірейін саған, — деді.
Ортаншы ағамыз ол Шаһбаз деген,
Алты айлық жол мұндан, балам, — деді.

Сені бір үлкен құсқа міндірермін,
Бір хат жазып Шаһбазға көндірермін.
Гауһарникин шаһарынан хабар тауып,
Шайад сенің көңіліңді тындырармын.

Шаһбаз деген ағам да сені білсін,
О дағы құстарынан хабар сұрсын.
Көп құстардың ішінде көрі құстар
Білгендері бар болса хабар берсін.

Қолға берді сәлем хат қағаздарды,
Үлкен құсқа мінгізіп қоя берді.
Ұшып ол алты айлық тамам жолды,
Алты күннің ішінде жетіп келді.

Алты күн деген шақта, Балқиям-ау,
Алдымызда көрінді бір үлкен тау.
Ол таудың етегінде бір ақ нәрсе,
Биіктігі көрінді тауға тақау.

Ол көрінген ақ құбба үлкен өзі,
Жарқырайды онымен таудың жүзі.
Шағылдырып көзбенен қаратпайды,
Жарқырайды түскенде күннің көзі.

Мен сұрадым ол құсқа: — Маған, — дедім,
Осы тауды қыл енді баян, — дедім.
Ақ көрінген алдымда не нәрсе екен,
Оны тағы айт енді тамам, — дедім.

— Ол тауды сұрасаңыз, білі, — деді,
«Сәмәндір тауы» дерлер оны, — деді.
Ақ көрінген Шаһбаздың ордасы-дүр,
Сол бола-дүр құстардың ханы, — деді.

Биік қылып қылдырған ол құббаны,
Ақ күмістен істелген оның бәрі.
Сол құббада Шаһбаздың мақамы-дүр,
Тау ішінде құстардың мекендері.

Ол таудың ар жағында бек көп жерлер,
Анда тағы ғажайып қауымдар бар.
Ол таудан өтіп олар бері шықпас,
Оларды мағар баян қауымы дерлер.

Кеуделері қап-қара, жүздері ақ,
Оларға ұқсамайды һеш халайық.
Жүздері ай секілді балқып тұрар,
Дүниеде ғажап болар осындай-ақ.

Жеміс жер, өзгені тамақ қылмас,
Сөйлейтұрған тілдерін адам білмес.
Ұшып жүрер өздері таудан тауға,
Адам жүрген жерлерге олар келмес.

Андан соңыра ол құббаға жетіп келдік,
Рұқсат алып, қиббаға еніп кірдік.
Сәлем беріп Шаһбазға, қол қаусырып,
Марғышаһтың хатыны оған бердік.

Марғышаһ не жазған ол қағазға,
Баршаларын оқыды оның бізге.
Жазған ол Марғышаһтың сәлемдерін,
Бәрін оқып отырды өзімізге.

— Әй, менім сен ғизатты ағам! — депті,
Бұ кісіні жібердік саған, — депті.
Бұ кісінің құрметін қылғайсыз сіз,
Бұ менім ахиреттік балам, — депті.

Бұ кісінің білгейсің қадірін, — депті,
Бітіргейсің қажетін, өмірін, — депті.
Қажеті сол, сіздерден сұрайды-дүр ол,
Іздейді Гауһарникин шаһарын, — депті.

Білсең сен ол шаһарды өзің, — депті,
Тағы саған айтайын сөзім, — депті.
Үлкен құсқа мінгізіп, сол тарапқа
Құрметтеп жөнелткейсің өзің, — депті.

Ол шаһарды білмесең өзің әгар,
Тағы сізге айтайын біздің хабар.
Жиып алып құстардан сұрай көрің,
Ол шаһарды құстарың білігі білер.

Білмеселер құстарың, сөзім сізге,
Шапағат қылып бұ біздің баламызға,
Тағы құсқа мінгізіп ғиззат қылып,
Жөнелтсең Тайрулмәлік ағамызға.

Оқып алып ол сөзді Шаһбаз хан,
Жауап сөзін сөйледі қарап маған.
— Гауһарникин дейтұғын шаһар бар деп,
Дүниеде естімедім һешбір заман.

Баламның қызметін қылайын мен,
Жақында құстар келер, көрейін мен.
Құстың бәрі жиылып келгеннен соң,
Сабыр қыл, ол шаһарды сұрайын мен.

Бұл шаһарды құстарым білсе әгар,
Айтсалар олар бізге жақсы хабар,
Бір құсыма мінгізіп жөнелтермін,
Қайда болса ол Гауһарникин шаһар.

Бір күн болды құстардың келер уақты,
Жиылдылар барша құс жан-жақтағы.
Сұрап еді, бірі де білмеділер,
Арасында қанша құс болса дағы.

Бұлардан да үзілді біздің күдер,
Жөнге олар һешбірі білмеділер.
Андан соңыра Шаһбаз бір хат жазып,
Ол хатты маған тәслим әйладылар.

— Алты айлық жол мұнда, балам, — деді,
Тайрулмәлік дейұрлер ағам, — деді.
Мінгізіп бір құсыма жөнелтейін,
Осы хатты берерсің оған, — деді.

Мені бір үлкен құсқа мінгізді ол,
Тайрулмәлік жағына жүргізді ол.
Алты айлық жол екен, алты күнде
Тоқтамай ұшып барып жеткізді ол.

Сұрасаңыз тағы да, Балқияжан,
Тайрулмәлік сипатын Жаһаншадан:
Басы құстың басындай, екі көзі
Жыландай, кеудесі оның адам.

Бір ғажайып сипатта көрдім өзін,
Жүгініп отыр еді екі тізін.
Мәрмәр тастан қолында тасбихы бар,
Құдайдың зікірі, көрдім айтқан сөзін.

Тайрулмәлік ол хатты оқып көрді,
Мағынасын аңлады, бәрін білді.
— Балам, — деді, — дүниеде жүріп едім,
Сүлеймен пайғамбармен мініп желді.

Сүлейменнің тақтына бірге түстім,
Жел көтеріп таулардан жүріп астым.
Қап тауында диюлер, перілермен
Жолығып баршасымен сөз сөйлестім.

Сүлеймен пайғамбармен, балам, — деді,
Араладық дүниені тамам, — деді.
Гауһарникин есімді шаһар бар деп,
Естімедік, көрмедік, инан, — деді.

Біраз уақыт бұ жерде сабыр қыл сен,
Шақырайын, құстарым бәрі келсін.
Төптіш қылып бәрінен сұрайын мен,
Білгендері бар болса, хабар берсін.

Құстарымнан сұрасып мен көрейін,
Білселер, көңіліңді тындырайын.
Гауһарникин шаһары бұ дүниеде
Бар болса, сені сонда қондырайын.

Тайрулмәлік тағы да: — Балам, — деді,
Сөзіңізді айтыңыз маған, — деді.
«Гауһарникин дейтұғын бұ дүниеде
Шаһар бар» деп кім айтты саған? — деді.

Айтуыңша, ол шаһар перілер-ді,
Айтшы, балам, кім саған хабар берді?
Өзің адам, ол шаһар пері болса,
Неге, балам, іздейсің ол шаһарды?

Мен ол шаһға сөйледім білгенімді,
Дүниеде мехнат көріп жүргенімді.
Шәмсі бану турасын бәрін айттым,
Дүниеде уақиғалар көргенімді.

— Уа, дариға, күндерім өтті, — дедім,
Шәмсі қыз мені хараб етті, — дедім.
Кеткенінде ол маған «Гауһарникин
Шаһарынанізде» деп кетті, — дедім.

— Қыздың өзі айтқан болса, ол бар шығар,
Шайад, балам, ол дұрыс хабар шығар.
Ол Сүлеймен пайғамбар өткеннен соң,
Соңғы заман салынған шаһар шығар.

Сүлейменнің соңында пайда болса,
Біреу келіп бір жақтан хабар берсе,
Перілердің жұртының жөнін айтса,
Білер едім мен оны, Құдай бұйырса.
Естіген соң бұ сөзді падишадан,
Тұрып қалдым мен онда біраз заман.

Ол жерде расілтаир деген жануар,
Бастары құс, кеудесі адам олар.
Көздері қаршығаның көздеріндей,
Бәрі Тайрулмәлікке қарағанлар.

Аяқтары жылқының аяғындай,
Тырнақтары секілді арыстандай.
Сөйлесе сайрайды құс секілді,
Жаратыпты Құдайым мақлұқат сондай.

Ет жейді, бөтен асқа қарамайды,
Адамдардың үйіндей сарайлары.

Қайсылары далада, қайсы тауда,
Қайсылары жайлайды терең сайды.

Қысты күн қыстаулары сол сарайда,
Жазғы күні тұрады түрлі жайда.
Қайсылары шөлдерді мекен қылар,
Кейбіреуі — жапанда, кейі — сайда.

Бәрі Тайрулмәлікке қарайды екен,
Қарағаны патшаға жарайды екен.
Жылда бір уақ жиылып бәрі келіп,
Тайрулмәлік оларды санайды екен.

Жылда бір уақ жиылып келеді екен,
Падишаға есебін береді екен.
Бәрінің маңдайына мөр тамға
Басқаннан соң, тарқалып жүреді екен.

Оларға салатұғын тамғаларын,
Маңдайына басатын мөһірлерін,
Бұ істердің себебі не екен деп,
Сұрап Тайрулмәліктен білдім бәрін.

— Бұ мөһірдің өзіні, балам, — деді,
Сүлеймен беріп еді маған, — деді.
Бұ мөһірмен оларды бойсұнғызып,
Мөһірлеп жіберемін тамам, — деді.

Келмесе де әгарда маған, — деді,
Өздеріне қылады жаман, — деді.
Кеуделері қотырлап шиқан шығып,
Жараланып қалады тамам, — деді.

Иә, Жаһанша, бұрынғы бір заманда,
Бек тығыздық болыпты бұ жаһанда.
Дию, пері адаммен бірге болған
Сүлеймен пайғамбардың заманында.

Перілер адамдарға тығыз қылған,
Адамдар Сүлейменге арыз қылған.
Андан соң Сүлеймен ол перілерге
Қап тауына көшуге парыз қылған.

Андан соңыра Сүлеймен бөлді жерді,
Һәр жынысқа һәр жерде орын берді.
Рабиғ мәскүн жерінде адам қалып,
Перілер Қап тауына көшіп жүрді.

Сүлейменнің дүниеге хүкімі жүрген,
Перілерді айдаған осы жерден.
Патша қылып оларға мен ғаріпті,
Осы жерді оларға өзі берген.

Бұ жерде һәм құстар да қисапсыз көп,
Жылда бір ай тұрарлар мұнда келіп.
Өз орнына кетерлер бір айдан соң,
Сүлейменнің рухына дұға қылып.

Енді құстар келеді біраз күнде,
Біраз күндер сабыр қыл өзің мұнда.
Гауһарникин шаһарын білетұрған
Құс бар ма екен сұрайын, өзім сонда.

Күтіп тұрдық біз енді біраз заман,
Келіп қалды көп құстар һәр жағадан.
Төптіш қылып бәрінден сұрап едік,
Білмеділер һешбірі уақиғадан.

Сондай шаһар бар деп бұ жаһанда,
Бермеділер һешқайсы жауап анда.
Бірақ анда көп жасқа келген бір құс
Отыр еді олардың арасында.

Марғархан дер екен оның аты,
Артық екен бар құстан салтанаты.
Сұрадық: — Білермісің Гауһарникин,
Шаһардың қауымы-дүр перізаты.

Жауап берді: — Шаһарды білгенім жоқ,
Білетұрған кісіні көргенім жоқ.
Қайда екен ол шаһар білмесем де,
Іздейтұғын жерлерді білемін көп.

Көп жерлерді білемін, балам, — деді.
Әгар барсаң ол жаққа таман, — деді.
Зулағырақ жер дерлер бір жер бар-дүр,
Бір жылдық жол бұ жерге тамам, — деді.

Шаһыны «Зулағырақ» оның дерлер,
Оған сонда қарайды бек көп жерлер.
Адамзаттан ол жерде жан болмайды,
Білсе білер дүниені кезген ерлер.

Оған табиғ бір ықлим «Даһме» дейді,
Екіншісі ықлимін «Заһме» дейді.
Үшінші жұртты ол «Тарияқын» дер.
Төртіншісі жұртының «Раһме» дейді.

Ол ықлимдер ішінде таулар бар-ды,
«Алмас тауы» дерлер ол тауларды.
Аты «Яғмус» бір зат бар анда тұрған,
Қара киген, өзі шал ақ сақалды.

Адамзаттан дейділер оның жисмін,
«Яғмус» деп айттылар оның есімін.
Халифа болып құстарға тұра-дүр ол,
Нұх пайғамбар дейділер оның нәсілін.

Хазірет Нұх уақтында болған екен,
Оны Нұх осы жерге қойған екен.
Уәлаятында құс-құрттың, барша жануардың
Баршасына халифа болған екен.

Қол астында Яғмустың құстары көп,
Ол құстардай көп болмас жердегі шөп.
Бегірек үлкен құстардың кеуделері,
Андағыдай үлкен құс һеш жерде жоқ.

Һәр жыл бір уақ Яғмусқа келер олар,
Төрт ай заман қасында тұрар олар.
Төрт айдан соң фатиха, рұқсат алып,
Өздерінің орнына жүрер олар.

Құстың бәрі Яғмусқа келер, — дейді,
Көргендерін Яғмусқа сөйлер, — дейді.
Балам, енді іздеген шаһарыңды
Білселер, солар анық білер, — дейді.

Кезіп жүріп келерлер һәрбір елден,
Босамайды бастары һеш сейілден.
Сол құстар білмеселер ол шаһарды,
Дүниеде һеш жан болмас оны білген.

Естіген соң ол құстан үшбу сөзді,
Тайрулмәлік аяғына қойдым жүзді.
— Жәрдем қылып, мінгізіп құсыңызға,
Жөнелт-сәна, — дедім, — сен енді бізді.

Мені аяп Тайрулмәлік жарлық етті,
Бір үлкен құс [қасына] келіп жетті.
Сол үлкен құсқа мінгізіп енді мені,
Яғмусқа қарай алып ұшып кетті.

Ол құс мені ұшырып алып кетті,
Арқасына мінгізіп мен ғаріпті.
Тамам жылдық жол екен екі арасы,
Он екі күн дегенде келіп жетті.

Келіп жетіп Яғмусты көрдім енді,
Сәлем беріп, қасына келдім енді.
Жазып Тайрулмәліктің берген хатын,
Яғмустың қолына бердім енді.

Яғмус шаһ ол хатты оқып көрді,
Оқыған соң мәнісін оның білді.
— Балам, — деді, — осынша жасқа келдім,
Кезіп көрдім дүниеде бек көп жерді.

Таңғаламын бұ айтқан сөзіңнен мен,
Неше оралдым бұ жердің жүзінен мен.
Гауһарникин шаһарды естімедім,
Есітіп тұрмын бұ жерде өзіңнен мен.

Сүлеймен[нің] соңында, балам, — деді,
Бұ жерлерге келмеді адам, — деді.
Бұ жерлерге келгелі Хақ Тағала
Тағдырда жазған шығар саған, — деді.

Сабырлық қыл, қайғыға қалма, — деді,
Қапалықты көңліңе алма, — деді.
Құстарым көп, келген соң баршасынан
Сұрайын мен, бұйырса Алла, — деді.

Құстарым келер һәр жыл сайын, — деді,
Төртке тамам толтырар айын, — деді.
Құстар білсе, сені мен ол шаһарға
Жөнелтудің қылайын қамын, — деді.

Тағы қалдым мен енді құсқа қарап,
Көңілдерім һәр тарапқа кетті тарап.
Күз болғанда Яғмус бір таяқты
Алып шығып сахараға қойды қадап.

Өзі жуан һәм ұзын, берік мықты,
Бір аулақ жапанға алып шықты.
Яғмус шаһ келтіріп ол таяқты,
Жерге шаншып бек қатты қылып тықты.

Таяқты шанышқан соң жан қалмады,
Жануарлар жиылып келіп қалды.
Төрт түрлі хайуанаттың бәрі келіп,
Таяқтың төңірегін орап алды.

Таяқтың бір жағында — хайуандар,
Бір жағында — жыртқышы жануарлар.
Бір жағында таяқтың — құс пенен құрт,
Бір жағында — жыландар, аждаһалар.

Жиылдылар хайуаннан һәр түрлі жан,
Бидай төкті оларға Яғмус хан.
Құстарына арпаны төккізіп ол,
Жыртқышы жануарларға төккізді қан.

Айдаһарға тағы да сүт бергізді,
Баршасына тегістеп жегізгізді.
Мен ғаріпті қасына ертіп алып,
Өзі солар ішінде жүріп кезді.

Әлхасыл, бұлар сонда қыстайды екен,
Тамақ жеп көңілін қоштайды екен.
Қар кеткенде таяқты алады екен,
Бәрі тарқап ол сахара босайды екен.

Яғмус шаһ бұйрық етеді екен,
Оларға тамақ келіп жетеді екен.
Қар кеткен соң, олар Нұх пайғамбарға
Дұға қылып, тарқалып кетеді екен.

Һәр түрлісі бар анда хайуандардың,
Хайуандардың кетірер еді заһарын.
Аралап Яғмуспенен сұрап едік,
Білмеділер ол Гауһарникин шаһарын.

Андан соңыра бардық біз құстар жаққа,
Сұрап жүрдік біз оны һәр тарапқа.
Олардан да білуші болмады һеш,
Айтпадылар жалғыз сөз бұ жауапқа.

Яғмус айтты: — Жүр енді барайық, — деп,
Олардың арасынан сұрау салып.
Білген болса хабарды алайық біз, — деп,
Мәлікмарған құстарын қарайық, — деп.

Мәлікмарған дегені қандай құс-ты,
Мағынасын білгізіп кеткен хош-ты.
Яғмус шаһ оларды қол астында
Һәр тайпа құстарға хан қылмас-ты.

Енді біз сол құстарға қарай жүрдік,
Олардың һәм ішіне еніп кірдік.
Ол құстардың ішінде жүріп біздер,
Үлкендігі пілдейін бір құс көрдік.

Ол арада Яғмус шаһ айтты маған:
— Осындайын үлкен құс бар мұнда саған,
Ол мың құстың баршасы ұзақ жасап,
Бір мың жыл тұрып кетер дүниядан.

Олар бәрі бек үлкен құс болады,
Ғұмыры ұзақ, көңілі хош болады.
Ол шаһарды білселер солар білер,
Білмеселер, жүргенің бос болады.

Олар кезіп дүниені жүрген құстар,
Көп ғажайып дүниеде көрген құстар.
Өздерінің жұртына перілердің
Жұртының жақындығын білген құстар.

Сол құстарға барайық, балам, — деді,
Баршасынан сұрайық тамам, — деді.
Иншалла, олардың арасында
Бір хабар болса керек саған, — деді.

Ол құстардың ішіне кіріп біздер,
Баршасынан сұрадық жүріп біздер:
— Гауһарникин шаһарын білемісіз,
Соны сізден сұрауға келіппіздер.

Іштерінде біреуі: — Бәлі, — деді,
Ол шаһарда перінің ханы, — деді.
Ол шаһарды мен өзім көргенім жоқ,
Естіп едім бірақ мен оны, — деді.

Андан бері бір жұрт бар, бек алыс ол,
Осы жерден бола-дүр алты айлық жол.
Расілхаят уәлаяты деп айтарлар,
Ол жердегі мақұлықтың кеудесі мол.

Бастары олардың дәл жыландай,
Көріп пе едің дүниеде мақұлық мұндай.
Адамның кеудесіндей кеуделері,
Жүрулері адамның жүруіндей.

Ар жағында мақұлықтың тау бар тағы,
Биллур тастан екен оның бәрі.
Ол мақұлықтар ол таудың бер жағында,
Өтіп жүріп кетпестер таудан әрі.

Арғы жағы ол таудың түз далалар,
Ортасында даланың бір қия бар.
Биіктігі бір-екі мұнарадай,
Басында құстар оның ұя салар.

Ол қияның басында тағы біздің
Ұямыз да бар еді өзіміздің.
Бір туысқан бар еді апам менім,
Ата-енеміз бір еді екеуіміздің.

Анамыз тапқан бізді сол ұяда,
Тәрбие қылған бізді сол қияда.
Атам-анам бір күнде біздің үшін
Тамақ іздеп кеттілер ауламаға.

Нәпақа-тамақ біздерге іздеділер,
Екі-үш күн өтіп кетті, келмеділер.
Сол арада жеті күн өтіп кетті,
Қайтып келіп һеш тамақ бермеділер.

Жеті күнге шақты біз күтіп тұрдық,
Аштықпенен жайымыз кетіп тұрдық.
«Дариға, аштан енді өлеміз», — деп,
Бір Құдайға зарлықты етіп тұрдық.

Жеті күннен соң енді олар келді,
Алып келген нәпақасын бізге берді.
Алдарына жыласып қарсы шықтық:
— Қылдыңыз, — деп, — аштықтан һәлак енді.

Атам деді: — Әй, қозы, балаларым,
Көзім нұры, жүрегім параларым.
Жетім болып қалатын едіңіз ғой,
Өлген болса ата мен аналарың.

Өтіп кетті жеті күн, заман, — деді,
Шүкір Хаққа, келдік қой аман, — деді.
Ұша-ұша көп жерге кетіппіз ғой,
Перілердің жұртына таман, — деді.

Ұша-ұша көп жерге кетіппіз ғой,
Қылзам тауының үстінен өтіппіз ғой.
Сол бір таудың үстінен ұшып өтіп,
Перілердің жұртына жетіппіз ғой.

Қылзам таудың үстінен көштік, — деді,
Ар жағына тағы да ұштық, — деді.
Қаза келсе көрер көз көрмейді екен,
Перілердің ауына түстік, — деді.

Аулап бізді перілер ұстап алды,
Гауһарникин шаһарына алып барды.
Анда барғаш біздерді бұғаздауға
Мойнымызға қайрап пышақ салды.

Пышақ салған шағында сөйледік біз:
— Өлтірмеңіз бізді, — деп жыладық біз, —
Күтіп тұрған біздердің баламыз бар,
Жетім қыла көрме, — деп тіледік біз.

Бар еді ғой баламыз екі дана,
Рақым қылып соларға қара-сәна.
Бізді өлтірсең, олар да аштан өлер,
Олардың обалына қалма-сәна.

Естіген соң перілер сөзімізді,
Үш күндей сақтадылар өзімізді.
Хабиске салып қойып, үш күннен соң
Қоя берді, азат қылып енді бізді.

Азат болып келдік қой, балам, — деді,
Кете жазды ата мен анаң, — деді.
Жеті күндей кешігіп келмегеннің
Осы болды мәнісі, балам, — деді.

Анда барып жеткенше бірқатар жол,
Арасында тауы көп, дариясы мол.
Ата-анамнан осылайша естіп едім,
Гауһарникин шаһарын білгенім сол.

Перілер қорқыттылар енді бізді,
Тастап кеттік, көшіп ол қиямызды.
Бері қарай недәуір таудан өтіп,
Алыстаттық періден ұямызды.

Ол құс енді сөздерін тамам етті,
Естіген соң бұ сөзді есім кетті.
Яғмусқа жалбарып, жалындым мен:
— Жөнелте көр енді, — деп, — мен ғаріпті.

Хақ жазыпты көп істі біздің басқа,
Жолықтырды сіздейін жақсы досқа.
Мен ғарібің сіздерден өтінемін,
Жөнелтесіз мінгізіп осы құсқа.

Яғмус һәм аяды мен байғұсты,
Жарлық қылды, құс мені алып ұшты.
Алты айлық жол екен, алты күнде
Расілхаят жұртына келіп түсті.

Андағы ол қауымның кейпі жаман,
Кеуделері адамдай, басы жылан.
Ақшам уақты жақындап келгенінде
Келіп жеттік биллур тауға аман.

Етегіне ол таудың келіп түстік,
Біраз жатып, дем алып, тамақ іштік.
Біраз заман дамылдап алғаннан соң,
Анда тағы жатпадық, түнде көштік.

Ол құспенен түн қатып жөнелдік біз,
Өтпейді екен ол таудан адам күндіз.
Күн шыққан соң биллур тас қызады екен,
Күйеді екен адам мен дүние тегіс.

Таң атқан соң ол таудан ұшып өттік,
Тоқтамадық, тағы да жүріп кеттік.
Екі айлық жол екен андан қия,
Екі күнде біз анда барып жеттік.

Қонып алдық біз енді ол қияға,
Көзімізді ашып қарадым дүнияға.
Төрт жағымды қарасам тұман басқан,
Көрінбейді һеш нәрсе қарамаға.

Құстан сұрдым: — Бұ неткен тұман, — дедім,
Не себептен бұ топырақ-тозаң? — дедім.
Бұ улаған-шулаған дауыс не-дүр,
Мәнісіні айт-сәна маған, — дедім.

— Аң аулауға келіпті пері кенттен,
Аушылары бұ жерде ит жүгірткен.
Атпенен шауып қияның жан-жағынан,
Итін қуып тауларға қарай кеткен.

Ит қуғызып жүрмегі бұ мекенде,
Һәр уақытта болмайды, анда-санда.
Қазір бізге сол уақыты кез болыпты,
Аңға шығып жүр екен осы күнде.

Сол бір құсқа тағы да сөйледім мен,
— Тастамаңыз енді, — деп тіледім мен.
Ата менен анаңыз келген жөнге
Жеткізіңіз енді, — деп сұрадым мен.

— Жоқ, енді мен ол жаққа кете алмаймын,
Осыдан әрмен қарай өте алмаймын.
Перілерден қорқамын ұстай ма деп,
Айыптама, енді мен жете алмаймын.

— Жеткіз енді сол айтқан жерге, — дедім,
Ұстасалар мен дағы бірге, — дедім.
Шаһтарынан тілек қылып алармын мен,
Құтқарармын, қорықпа бір де, — дедім.

Ол құс тағы көтерді мен байғұсты,
Екі күндей көтеріп және ұшты.
Екі күннен соң енді куһ Қылзам
Тауының етегіне келіп түсті.

Ол құс мені түсіріп маған деді:
— Осы таудың артында — пері жері.
Осы тауды өткен соң жолыға-дүр
Гауһарникин шаһарының перілері.

Рұқсат беріп жібердім енді құсты,
Құс енді өз жеріне қарай ұшты.
Бір таудың етегінде жалғыз қалдым,
Қиыншылық басыма енді түсті.

«Тәуекел» деп жоғары тауға кеттім,
Мың азаппен ол тауға шығып жеттім.
Қақ басынан ол таудың жүріп асып,
Ар жағына періге қарай өттім.

Арғы жақ құламада шұғыла көрдім,
Сол нұрменен төменге қарай жүрдім.
Бір домалап, бір сырғанап жүре-жүре,
Аяқ жағы қалмады мен пақырдың.

Әй, жамағат, бұ сөзді бек аңлаңыз,
Балқияға сөйлейді Жаһаншаңыз.
Шаһимаран Жамсыбқа айтып отыр,
Аңламай ғапыл болып сіз қалмаңыз.

Қай етесің, Фахредин бейшараңыз
Оралмалы сөзі көп, өзі жалғыз.
Жаһаншаекең ол таудан ене тұрсын,
Енді Шәмсі банудан сөйлейік сөз.

Сөз сөйлейді Жаһанша енді қыздан,
Шәмсі бану ол уақыт қашты бізден.
Тастап, қашып кетсе де Шәмсі бану,
Безіп кеткен жоқ еді өзіміздің.

Ол уақыт Шәмсі бану қашып кеткен,
Шығып алып аспанға ұшып кеткен.
Неше күннен соң енді Шәмсі бану
Гауһарникин шаһарына барып жеткен.

Атасына сөйлейді жүргендерін,
Көп уақиға дүниеде көргендерін.
Апаларыменен ол бірге барып,
Шарбақтың ішіне кіргендерін.

Марғышаһтың бағына барғандарын,
Шомылуға суға кіріп алғандарын.
Су ішінде үшеуі ойнағанда,
Көйлегінен айырылып қалғандарын.

— Асылық сөз сөйледім, ата, — депті,
Сол сөздерім басыма менің жетті.
Андан соңыра Марғышаһ ол адамға
Некаһ қылып қосыпты мен ғаріпті.

Жалғыз жүріп көп жерден асып келдім,
Изніңіз болмағанға сасып келдім.
Рұқсат сұрап фатиха алайын деп,
Сіздердің қасыңызға қашып келдім.

Той болып, той тағамын татқаным жоқ,
Қасымызда біздің ол жатқаны жоқ.
Өз еліне мен оны алып бардым,
Көйлегімді түсіріп қолыма алдым.
«Атамнан мен де рұқсат сұрайын», — деп,
Өзіне мен білгізіп кетіп қалдым.

Кеткенімде мен оған: — Безбе, — дедім,
Менен мүлде күдерің үзбе, — дедім.

Ендіден соң сіз мені тілесеңіз,
Гауһарникин шаһарынан ізде, — дедім.

Мен ойлаймын ол енді жүрсе керек,
Бізді іздеп бұ жаққа келсе керек.
Гауһарникин шаһары деп сұрай-сұрай,
Біздердің жерімізді білсе керек.

Шаһлас шаһ перілерге: — Тұрың, — депті,
Һәрқайсыңыз һәр жаққа жүрің, — депті.
Келе жатқан бір адам Жаһанша дер,
Көрсеңіз мұнда алып келің, — депті.

Шаһлас шаһ жіберіп перілерді,
Төрт тараптан іздепті мен пақырды.
Еніп Қылзам тауынан келе жатсам,
Алдымда екі пері мені көрді.

Перілер маған таман жақындасты,
Келіп жетіп менімен амандасты.
— Қай мақұлықтан боласың жалғыз жүрген,
Қайсы жақтан келдің? — деп сөз сұрасты.

Перілер сұрадылар: — Әсіліңіз кім,
Қайсы заттан боласыз, нәсіліңіз кім?
Дүние кезген адамнан боламысыз,
Айтыңыз бізге енді, есіміңіз кім?

— Адамдардан болады менім затым,
Рабиғ мәскүн тұратын уәлаятым.
Қабылдың шаһарында патша едім,
Жаһанша дерлер еді менім атым.

Естіген соң перілер: — Бәлі, — дейді,
Өзің болсаң Қабылдың ханы, — дейді.
Атыңыз һәм Жаһанша болған болса,
Апарамыз патшаға сені, — дейді.

Патшамыздың бұйрығымен іздеп келдік,
Жөнімізді бұ тауға түзлеп келдік.
Атың болса Жаһанша, осы таудан
Келгеніңді алыстан көздеп келдік.

Мен айттым: — Падишаға барайын, — деп,
Құп болад, сіздіңменен жүрейін, — деп.
Мені іздесе мен дағы оған барып,
Мүбәрак жүзін оның көрейін, — деп.

Алып кетті перілер ұстап мені,
«Апарамыз шаһға, — деп, — енді сені».
Бара жатып олардан сұрадым мен,
Тауға түскен шұғыланың мәнісіні.

— Келген жерің бұ жерге бек алыс жол,
Мехнатты жолдарда көргенсің мол.
Іздеген Гауһарникин шаһарыңның
Гауһарының шұғыласы — нұры-дүр.

Екі пері көтеріп мені алды,
Желдей ұшып шаһарға алып барды.
Үш минуттың ішінде бұ перілер
Гауһарникин шаһарына келіп қалды.

Екі пері көтеріп алып бірге,
Түсірділер шаһарға жақын жерге.
Падишаға хабарды берейін деп,
Енді кетті біреуі ол шаһарға.

«Сүйінші» деп шаһарға жүріп кетті,
Естіген соң падиша мен ғаріпті,
Жіберіпті кигелі түрлі киім,
Ерттеген ат алып келіп жетті.

Ерттеп ап келділер атты маған,
Тыңдап отыр сөзімді, Балқияжан.
Түрлі заттан кигізіп асыл киім,
Жөнелділер мені алып шаһарға таман.

Дарбазадан біз барып кірдік енді,
Көшесіменен оның жүрдік енді.
Нұр балқыған көзбенен қаратпайды,
Ғажайып шаһар екен, көрдік енді.

Кірпіштері тұрады оттай жанып,
Тура қарап болмайды көзді салып.
— Қандай тастан салынған бұ шаһар? — деп,
Перілерден сұрадым қайран қалып.

Сарайлардың төбесі — дәл жанған от,
Тамаша мұндай жүріп көргенім жоқ.
Берділер жауап пері: — Мұның тасы,
Асыл тастан болады гауһар, жақұт.

Дарбазасы жеті жүз, берік қорған,
Үстінде жеті дана інжу тұрған.
Ол інжудің үстінде шам-шырағы,
Жанатұғын жақұттан көшек қылған.

Алтыннан терезесі ол бинаның,
Шынжыры бар, күмістен бәрі оның.
Иә, Балқия, тамаша бұ жаһанда,
Хикметтері бар екен бір Құданың.

«Шам-шырағы» дер екен бұ шаһарды,
Шам секілді жанғанға кешелерде.
Перілер сол көшектің жарығымен
Жүреді екен түндерде көшелерде.

Бұ шаһардың бұ түрлі салтанатын,
Айтып тамам болмас-ты һеш сипатын.
Гауһарлары от жанып тұрғандықтан,
«Гауһарникин» дегенлер оның атын.

Қысқартайық, қылмайық сөзді ұзын,
Уәлхасыл, падишаның көрдім жүзін.
Қол қусырып алдында сәлем беріп,
Әдеппенен көрістім менім өзім.

Амандасып, қарап ол маған деді:
— Мархаба, қош келдіңіз аман, — деді.
Бұ сапарды, бұ істі Хақ Тағала
Тағдырда жазған шығар саған, — деді.

Сөз қысқа, келтірділер түрлі тағам,
Тағамнан соң шәрбаттар келді тамам.
Жеп-ішіп болған соң, ол падиша
Жақын келіп отырды маған таман.

Қақ қасыма падиша келді менім,
Ұялтып ол, бетімді тілді менім.
— Нағып келіп бұ жерге жеттіңіз? — деп,
Хал-ахуалым сұрасып білді менім.

— Әй, Жаһанша, не халдер еттіңіз, — деп,
Көп жұрттарды нағылып өттіңіз? — деп.
Қанша жер, қанша жылдық жол екен-дүр,
Нағып жүріп бұ жерге жеттіңіз? — деп.

Падишаға мен айттым келгенімді,
Бәрін айттым ақылмен білгенімді,
Өз жұртымнан шыққан соң ол шаһарға
Жеткенше уақиғалар көргенімді.

Шаһ естіп: — Афарин, балам, — деді,
Шүкір Хаққа, келіпсің аман, — деді.
Хақиқаттың иесі екенсің ғой,
Келбетіңнен таныдым тамам, — деді.

— Әй, падиша, бұ ғаріп балаң, — дедім,
Келіп жетті бұ жерге әрең, — дедім.
Һеш білуші болмады бұ шаһарды,
Құрттан, құстан, хайуаннан, адам[нан], — дедім.

Қиын болды бізге бұ сапар, — дедім,
Һеш білуші болмады хабар, — дедім.
Ол Сүлеймен пайғамбар өткеннен соң
Салынды ма әлі де бұ шаһар? — дедім.

— Балам, сенің ақылың молдан екен,
Һәр ғылымдық ішінде толған екен.
Гауһарникин шаһарының салынуы
Сүлейменнің соңында болған екен.

Патша болған Сүлеймен барша жанға,
Дию, пері, кәпірге, мұсылманға.
Арасында дау-жанжал көп болған соң,
Бөліп берген жерлерін сол заманда.

Перілердің жерлері бөтен жер-ді,
Соңынан осы жерді бізге берді.
Қылзам жері периге қараған соң,
Перілер бина қылған бұ шаһарды.

Диюлердің мақамы Қап тауында,
Соғыс салып тұрамыз һәр заманда.
Оларды дүние жаққа өткізбеске,
Қойып еді Сүлеймен бізді мұнда.

Қап тауы біздің жерге жақын болар,
Анда болар диюлер һәм айдаһар.
Оларға пері халқы қорған болып,
Диюлерді дүниеге қоймас олар.

Сіздің халық бұ жерде һеш жүрмейді,
Сапар қылып бұ жаққа һеш келмейді.
Марғышаһ, Шаһбаз, Тайрулмәлік
Сол себептен бұ жерді һеш білмейді.

Біздің пері халқы да жүрмейді һеш,
Өз жұртынан өзгені көрмейді һеш.
Диюлермен соғыстан қол тимейді,
Бүлік салар оларға ерте уа кеш.

Ол падиша сөздерін тамам қылды,
Сол уақытта харемнен елші келді.
Харем деген ол шаһтың орамы-дүр,
«Падиша, жүріңіз» деп рұқсат берді.

Бұйрықпенен харемге жүрдім енді,
Ол харемнің ішіне кірдім енді.
Ол харемнің ішінде зүбәржаттан
Бір тақыт құрылыпты, көрдім енді.

Ол көшекті ғарібің көріп келді,
Шығамын деп көшекке жүріп келді.
Шығып алып сарайда отырғанда,
Шәмсі бану үстіме келіп кірді.

Шәмсі қыз келе жатыр мені танып,
Киімдерін алтынға тамам малып.
«Есен бе» деп айтуға тілім келді.
Жығылып мен сол жерде қалдым талып.

— Ғұмырым сарып еттім сенің үшін,
Неше жылдар ағызып көздің жасын.
Бір уақытта қарасам көзімді ашып,
Шәмсінің тізесінде көрдім басым.

Бәйіт рубаи

Жапаны шекпейін ашық,
Сафаның қадіріні білмес.
Махаббат бір бәле-дүр,
Кім кіріптар олмайын білмес.

Гүлстан гүлдері гүнша,
Ол гүнша бәл хазани уар.
Зымыстан көрмейін бұлбұл
Баһардың қадірін білмес.

Ашылғанша бустанда һәр түрлі гүл,
Түрлі-түрлі дауыспен сайрар бұлбұл.
Жазғы күннің қадірін білмес еді,
Қысты күннің суығын көрмесе ол.

Андан соң шаһы ойлады жақсы ойды,
Той қылғалы қисапсыз малдар сойды.
Барша жұртын, бектерін жиып алып,
Қырық кеше уа күндіз қылды тойды.

Қызықтары көп болды тойымыздың,
Жұмысымыз жоқ ол тойда қыз бен біздің.
Бір халуат сарайға күйеу қылып,
Апардылар қасына Шәмсі қыздың.

Халуат сарай күйеу мен қызға лайық,
Лайықсыз іс ол жерде қылмайылық.
Ендігісін сіз бізден сұрамаңыз,
Біз дағы оны айтып не қылайық.

Кеше-күндіз біз қылдық зауық-сафа,
Дүния деген жерде жоқ бір де опа.
Екі ай өткеннен соң, енді біздің
Көңіліміз тағы да болды қапа.

Ойға салып бұрынғы қатамызды,
Зияда еттік көңілде қапамызды.
Жұртымыздан кеткелі көп күн болды,
Сағындым ана бірлән атамызды.

Шәмсі бану тағы да қапаланып,
Мен қайғырғаш о дағы қайғыланып.
«Күйеуіңіз бек қапа болып тұр», — деп,
Атасына хабарды берген барып.

Шаһлас шаһ айтып-дүр: — Шырағым-ау,
Қартайғанда бір бала көрсе біреу,
Баласы тастап оны кетіп қалса,
Тағы келіп өзіні қамаса жау.

Қаңғып кетсе ол бала алып басын,
Жауға тастап, қалдырып ата-анасын,
«Атам-анам қасіретте қалды ғой» деп,
Ақыл[ды] бала неге бір ойламасын.

Шаһлас шаһ: — Әй, менім қызым, — депті,
Тыңда менім бұ айтқан сөзім, — депті.
Жүретін жабдықтарың қарап енді,
Жөнелтейін мен сізді өзім, — депті.

Шаһлас шаһ көп қылды жасауларын,
Жүз сандыққа толтырған асылдарын.
Мың кәнизак, мың құлды тағы берді,
Жөнелтеді Шәмсімен оның бәрін.

Саф алтыннан тағы да тақ қылғызды,
Екеумізді ол таққа отырғызды.
Отырған соң ол таққа, көтеріп тез
Алып ұшты перілер екеумізді.

Тоқсан мың пері бізге жолдас берді,
Және он мың паһлуан бірге жүрді.
Жүз мың пері баршасы бір күн ұшып,
Марғышаһтың қасына келіп жетті.

Марғышаһға қондық біз ол күн түсіп,
Отырдық амандасып, сөз сөйлесіп.
Қонақ болып ол кеште анда қонып,
Таң атқан соң тағы да кеттік ұшып.

Бұ хикаят бек ғажайып тыңламаға,
Айтып отыр Жаһанша Балқияға.
Шаһимаран Жамсыбқа айтып отыр,
Сізге керек бұ сөзді аңламаға.

Жаһанша дер Балқияға: — Саған бұрын
Айтып едім Ғиқалдың келгендерін,
Ол келген соң атамыз оған қарсы
Үш жүз мың әскерменен жүргендерін.

Басымызға көп уайым жеткен күнде,
Ашықпенен мас болып өткен күнде,
Атам жауға аттанып кеткенінде,
Мен Шәмсінің соңынан кеткен күнде.

Ол уақытта атамыз жауды басқан,
Ғиқалдың әскерінің қанын шашқан.
Әскерін қырғаннан соң, Ғиқал һүнді
Қалғанымен жұртына қарай қашқан.

Андан соң өтіпті төрт жыл заман,
Ғиқал һүнді тағы да ой ойлаған.
Қисапсыз әскерменен тағы келіп,
Қабылдың шаһарыны қамалаған.

Бек паһлуан атамның бір уәзірі,
Атын оның Ғайынзор дерлер еді.
Ғиқал һүнді ұрыстың арасында
Арқан салып ұстатқан Ғайынзорды.

Арқанмен ұстап оны алған екен,
Алып барып тұтқынға салған екен.
Сондай уәзір тұтқынға түскеннен соң,
Атамыз қайғыланып қалған екен.

Әскерінде атамның ер бар ерді,
Сарһін Ғаял дер ерді ол аярды.
Ғаял барып Ғиқалдың хабисынан
Босатып алып келген Ғайынзорды.

Уәзірді құтқарыпты Ғаял барып,
Атамыздың қасына келген алып.
Ертеңінде естіп Ғиқал һүнді,
Аттаныпты бек қатты ашуланып.

Қаһарменен ол Ғиқал атқа мінген,
Атамның әскеріне еніп кірген.
Атамыздың әскері забун болып,
Бәрі қашып шаһарға еніп кірген.

Атамның әскерінің күні хараб
Болып, еніп шаһарға кеткен қарап.
Андан соң Ғиқал һүнді әскерімен
Орап алып шаһарды тұрған қамап.

Бір күн әскер шаһардан шыққан екен,
Тағы да бір соғысып баққан екен.
Ғиқал жағы тағы да ғалиб болып,
Қуып барып шаһарға тыққан екен.

Ғиқал жағы жеңді ғой мұсылманды,
Тарқатыпты атама қарағанды.
Ғайынзорды тағы да ұстап алып,
Атамызға тар қылған бұ жаһанды.

Атам енді әскері қатты сасқан,
Тамақтары таусылып қарны ашқан.
Ғайынзор тағы қолға түскеннен соң,
Болдыра алмай шаһарға қарай қашқан.

Әскерінің бәрінің қарны ашып,
Жығылуға қалыпты жақындасып.
Атам енді не хайла қыламыз деп,
Уәзірлермен отырған ақылдасып.

Уәзірлер айтыпты: — Жүрген жақсы,
Тағы бір қат соғысып көрген жақсы.
Қамалып мұнда аштан қырылғанша,
Соғыс қылып майданда өлген жақсы.

Қамалдық қой шаһарда тамам, — депті,
Тамақсыздық болды ғой жаман, — депті.
Не өлейік, ерте не қырылайық,
Не болса қарайық оған, — депті.

Ертеңі күн бар әскер атқа мінген,
Соғысам деп шаһардан шығып кеткен.
Ғиқал жағы тағы да ғалиб болып,
Атамыздың әскерін тағы жеңген.

Ол Ғиқалдың әскері тағы озған,
Атамыздың әскерін тағы бұзған.
Ғиқал жағы оларды шыдатпаған,
Әскер енді тарқалып бәрі тозған.

Атам енді күдерін үзіп алып,
Қашамын деп тұрыпты ой ойланып.
Ұстаймын деп ойлапты Ғиқал жағы,
Әскерінің баршасын қамап алып.

Тағдыры сондай екен Хақ Мәжиптің,
Әскері ғалиб болды Ғиқал иттің.
Қашар жерін таба алмай тұрғанында,
Қалың әскерменен мен келіп жеттім.

Жүз мың пері аспаннан айғай салып,
Келіп қалды бұлттай қаптап алып.
Перілердің келгенін көргеннен соң,
Ғиқал һүнді тұрыпты қайран қалып.

Паһлуаны қасымда он мың пері,
Мың периге тұра-дүр оның бірі.
Уақиғаны көрген соң бұйырдым мен:
— Тұрмаңыз, қырыңыз, — деп, — һүнділерді.

Жүз мың пері қосылып бәрі бірге,
Қиямет күнін салды кәпірлерге.
Неше жүз мыңды өлтіріп, отыз мыңды
Ұстап алып келділер мен пақырға.

Перілер кәпірлерге бүлік салды,
Неше жүз мың кәпірлер өліп қалды.
Ғиқалды һәм бекітіп ұстап алып,
Біздердің қасымызға келіп қалды.

Ұстап алып Ғиқалды маған дейді,
«Мінеки, дұшпаның» деп маған берді.
Атамыз мәжараны көргеннен соң,
Хамду сәна Құдаға, шүкір қылды.

Атамыз біләи енді амандастық,
Құшақтасып, көрісіп көп жыластық.
Жұртымның бәріменен амандасып,
Шаһарға қарай жүріп қадам бастық.

Жарлық қылдым ол тұрған перілерге:
— Шаһарға кіріңіз, — деп, — жүріп бірге.
Ғиқалды тез қасыма келтіргізіп,
Иман-арза қылдым мен ол кәпірге.

Ғинаят болып қалды бір Құдадан,
Мұсылман болды Ғиқал, айтып иман.
«Мұсылман бол» деп Ғиқал әскерінің
Қалғандарын келтірді бәрін маған.

Жәрдем қылды оларға Құдауанда,
Мұсылман болды әскер бәрі анда.
Андан соңыра Ғиқалды патша қылып,
Өз жұртына жібердім сол заманда.

Андан соңыра шүкірлік қылдым Хаққа,
«Жеткіздің, — деп, — Құдайым, бұ шаттыққа».
Атамның изіменен жұртымызға
Патша болып отырдым енді таққа.

Өтіп кетті мұныңмен неше заман,
Қуаныш, шаттықпенен есен-аман.
Андан соңыра қайын атамыз пері шаһтан
Сәлемдеме хәдиелер келді маған.

Сәлемнама Шаһластан бізге келді,
Баршаларын хатпенен бізге берді.
Андан соңыра өзіміз тағы анда
Көп нәрсемен жібердік перілерді.

Және Гауһарникиннен хабар келді,
Алып келіп перілер қағаз берді.
«Бұ тарапқа қонаққа келсеңдер» деп,
Шақырыпты жіберіп перілерді.

— Күйеу менен қызыма сәлем, — депті,
Мал-жанымыз, сұрасаңыз, аман, — депті.
Бірге жүріп қонаққа келіңіздер,
Жолдас болып перілермен тамам, — депті.

Қайын атамның дағуатын қабыл еттік,
Қанша мың періменен жүріп кеттік.
Тақытымызға отырып перілермен
Гауһарникин шаһарына барып жеттік.

Гауһарникин шаһарына барып кірдік,
Андағы ата-енені және көрдік.
Неше заман шаттықпенен анда тұрдық,
Қуаныш-шаттықпенен анда тұрдық.

Бұ сөздердің баршасын тамам айтып,
Жаһанша Балқияға тұрар айтып.
Иә, Балқия, тағы да ол шаһардан
Өзіміздің Қабылға келдік қайтып.

Бір уақытта боламыз дарияда,
Бір уақытта жүреміз біз далада.
Анда барып бір заман, мұнда келіп,
Сейіл қылып жүрдік біз екі арада.

Бір уақ онда, бір мұнда келіп жүрдік,
Екі арада көп сейіл құрып жүрдік.
Гауһарникин шаһарын ақырында
Бір шақырым секілді қылып жүрдік.

Сөз аяғын Жаһанша сөзлер енді,
Жалықсаң да тыңдаңыз сіздер енді.
Бір күндерде Шәмсімен атамызға
Барамыз деп жөнелдік біздер енді.

Әй, Балқия, опасыз дүние бұ,
Керек емес дүниеге һеш алдану.
Бір күндерде қасыма келді менім,
«Атама барайық» деп Шәмсі бану.

Отырып ол тақпенен көштік енді,
Перілер көтерділер, ұштық енді.
Жөнімізде бір жақсы су бар еді,
Түстенгелі сол суға түстік енді.

Алдымызда қызметші перілер тұр,
Көлеңкелеп тіктілер бәрі шатыр.
Алып келіп суларын даяр қылып,
Отын жағып тамағын қылып жатыр.

Күн ыстық, суға таман келдім жүріп,
Шомылып мен ол суға өзім келіп.
Сол бір судан шомылып шыққаннан соң,
Отырдым мен шатырға енді кіріп.

Су жағындан келгенім Шәмсі көрген,
О да шығып сол суға қарай жүрген.
Ыстықпенен терлеген көйлектерін
Шешіп тастап о дағы суға кірген.

Шәмсіге уақыт сонда тақалыпты,
Әй, Балқия, қазадан кім қалыпты?!
Жап-жалаңаш тұрғанда кейінгі жақтан
Келіп қалып бір қасқыр бас салыпты.

Шәмсіні жап-жалаңаш қасқыр жарып,
Дауыстады бек қатты ойбай салып.
«Уа, дариға, бұ неге дауыстайды?!» деп,
Шығып бардым қолыма қылыш алып.

Қылыш алып қасына жетіп бардым,
Ол қасқырды қылышпенен екі жардым.
Қарасам, Шәмсі бану өліп қалған,
Көргеннен соң «ah» деп құлап қалдым.

Қайсы, қайда перілер қалған кетіп,
Кейбіреуі жүр екен ас қайнатып.
Шәмсінің дауысыны естіген соң,
У-шу болып баршасы келді жетіп.

Келселер, Шәмсі бану өліп қалған,
Қасында мен жығылып құлап қалған.
Мұндайын уақиғаны көргеннен соң,
Перілер Шаһласқа салып барған.

Перілер қайын атама хабар беріп,
Естіген соң қалыпты іші күйіп.
Жетіп келіп қалыпты, көзімді ашсам,
Отыр екен бейшара қатты кейіп.

— Ата, бізге бір сұмдық болды, — дедім,
Тағы да сорым қайнап құрды, — дедім.
Қандай бөле басыма келіп қалды,
Қайтейін, Құдайым ұрды, — дедім.

— Оған қаза бұ жерде жеткен шығар,
Тағдыр қылған ғұмыры біткен шығар.
Ажалы жеткенден соң, Хақ Тағала
Ажалды қасқырдан еткен шығар.

Зарлама өлді екен деп Шәмсі бану,
Сабырлық қыл Құдайға, беліңді бу.
Бұ уақытта иманын тілеп оның,
Бір Құдайға керек-ті көп жалбару.

Дегеннен соң дүниеден көңілім суып,
Ғибадатқа кірістім белім буып.
Екі қабір қазғызып осы жерге,
Біреуіне Шәмсіні қойдық жуып.

Әй, Балқия, келдіңіз бұ күмбезге,
Көрінді ғой алыстан сіздің көзге.
Бұ күмбездің ішінде екі қабір,
Біреуін даяр қылдық өзімізге.

Тұрағым осы күмбезде енді менім,
Маған да болады ғой бір күн өлім.
Енді қанша ғұмырым қалса дағы,
Бұ күмбезде күтемін ажал күнім.

Мұнда жеп-ішетін бізге тағам
Перілер жеткізеді падишадан.
Падиша һәм қызына зияратқа
Келіп-кетіп жүреді дайым маған.

Иә, Балқия, қиссамыз болды тамам,
Сөйледім көргенімді бәрін саған.
Һәрдайым бір Құдайға сиынайық,
Жүмләмізді сақтасын есен-аман.

Жаһаншаның қиссасы болды тамам, —
Деген шақта Жамсыбқа Шаһимаран,
«Шаһым, енді уағдаңыз болыпты» деп,
Шаһимаранға сөйлейді Жамсыб ағаң:

— Айтып-сөйлеп болдыңыз хикаятты,
Шаһым-ау, уағдаңыздың уақты жетті.
Ол қылған уағдаңызды екі қылмай,
Қоя бер, шаһым, енді мен ғаріпті.

— Біз сөзді тамам еттік Жаһаншадан,
Уағдасыз деп айтпаң-ды әлі маған.
Балқияның қиссасы тамам болса,
Сол уақытта уағдамыз біздің саған.

Жамсыбым-ау, сен әлі білгенің жоқ,
Уағдасыздық мен тіпті қылғаным жоқ.
Жаһаншаның қиссасын тамам еттім,
Балқияның қиссасын болғаным жоқ.

Мен сөйледім Жаһаншаның жүргендерін,
Балқияға хабарын бергендерін.
Айтып сізге мен тамам болғаным жоқ
Балқияның Мысырға келгендерін.

Осы ғой сөзіміздің жөні, — дейді,
Уағдасыз деп айтпаңыз мені, — дейді.
Балқияны Мысырға келтірген соң,
Босатамын деп едім сені, — дейді.

— Шаһым, енді шапағат қыл маған, — дейді,
Балқияның сөзін қыл тамам, — дейді.
Балқияның қиссасын тамам етіп,
Ғарібіңді қоя бер аман, — дейді.

Шаһимаран Жамсыбқа: — Аңла, — дейді,
Балқияның қиссасын тыңда, — дейді.
Ол Балқия келген соң Жаһаншаға,
Жеті күн тұрып қалды анда дейді.

Жеті күнде тауысып өңгімесін,
Бірін қоймай сөйледі уақиғасын.
Жеті күн өткеннен соң ол Балқия,
Ойлайды енді өзінің мәжарасын.

— Әй, Жаһанша, дүниеде саған, — дейді,
Болған екен көп істер жаман, — дейді.
Рұқсат беріп, ол Рабиғ мәскүн жолын
Көргізіңіз сіз енді маған, — дейді.

Жаһанша Балқияны жөнге салды,
Бір Құдайға тәуекел қылып алды.
Рабиғ мәскүн қайда деп Балқиякең,
Амандасып жалғызы кетіп қалды.

Амандасып Балқия кетіп қалды,
Жеті күн көп бола ма өтіп қалды.
Неше күннен соң енді суы жасыл
Бір теңізге Балқия келіп қалды.

Жалғыз жүріп көріп ол көп мехнатты,
Ол бір жасыл теңізге келіп жетті.
Аяғына баяғы суды сүртіп,
Ол теңізден тағы да жүріп өтті.

Ар жағында теңіздің бір төбешік,
Төбесінде ағаштар, сулары көп.
Балқиядан басқа һеш бұ жерлерді
Адамның баласынан жан көрген жоқ.

Кезіп жүріп Балқия жаз бенен қыс,
Көрген жоқ-ты мұндайын жерлерді хош.
Жаннаттың бақшасындай бақшаларда
Түрлі-түрлі әуезбен сайрайды құс.

Бағының ортасында гүлдері бар,
Арасында жүретін жолдары бар.
Төңірегі һәр ағаш алуан-алуан,
Арасында сулары, гүлдері бар.

Арасында бір ағаш үлкен талдан,
Бұтақтары бірқатар жерді алған.
Жапырағы үлкендігі һәм кеңдігі,
Атлас шапан секілді жайып салған.

Жапырақтары атластай реңі асыл,
Кейі сары, кейі қызыл, кейі жасыл.
Ол ағаштың астында табақтармен
Түрлі нығмет даярлап қылған хасыл.

Қанша түрлі нығметтер бөлініпті,
Баршасы дастарханға қойылыпты.
Анда болған тағамның ләззатынан
Мұрнына кірген адам тойыныпты.

Шынымменен ішімдіктер анда қойған,
Жеп-ішіп Балқия бәрін тойған.
Тойынып саясында жатып алып,
Балқияның дүниесі кеткен ойдан.

Біраздан соң Балқия оянып ты,
Отырып сол саяда ойланыпты.
«Ғажап-ау, нығметтердің, шәрбаттардың
Иесі кім болады?» деп ойға алыпты.

Неше түрлі әуезбен сайрайды құс,
Отырғанда Балқия көңілі хош.
Бір уақытта құлағына естіледі
«Лә иләһа илла Алла» деген дауыс.

Балқия жан-жағына қарай берді,
«Құлағыма бұ дауыс қайдан келді».
Ол ағаштың басына қарап еді,
Қисабы жоқ зинатты бір құс көрді.

Ол ағаштың басында көрді бір құс,
Басы алтын, аяғы оның күміс.
Әй, Жамсыб, сен неме[не] көрдің әлі,
Балқиякең көрді ғой бірқатар іс.

Шекесі лағыл екен, мұрны жақұт,
Түктері секілді жібектен шоқ.
Мойны маржан, інжуден қанаттары,
Дүниеде мұндай құсты жан көрген жоқ.

Балқия көргеннен соң құстың өзін,
Қайран болып сұрайды оның сөзін.
— Осы жердің иесі кім болады,
Қандай құстан боласың сенің өзің?

Сәлемін алды ол құс Балқияның,
Сөздеріне жауапты берді оның.
— Бұ жерді кім жері деп сұрасаңыз,
Тәкиесі-дүр ол Хызыр әулиенің.

— Тәкие деген не деген сөзіңіз-дүр,
Мағынасын білдіріп кеткен түз-дүр.
— Тәкие деген сол Хызыр пайғамбардың
Тұратұрған мақамы деген сөз-дүр.

Құс айтар: — Бұ тәкиеде боламын мен,
Һәр уақыт бұ ағашқа қонамын мен.
Мұнда тұрып зарланып сайрағанның
Мәнісін сізге баян қыламын мен.

— Хызырдың тәкиесінде тұрыпсың сен,
Осындайын ағашқа қоныпсың сен.
Жаннаттың бақшасындай бақшаларда
Не себептен зарлықты қылыпсың сен?

— Иғтирад қылдыңыз ба, маған, — деді,
Атаңызды білемін — адам, — деді.
Әй, сол адам баласы, зарлағанның
Мәнісіні айтайын саған, — деді.

Айтайын енді саған шындық, — деді,
Бір өзіміз жаннаттан шықтық, — деді.
Жаннаттағы жеріме қарағанда,
Осы жердің өзі бір жоқтық, — деді.

Сұраған соң айтамын сізге сөзім,
Жаннаттың құстарынан менім өзім.
Атаңыз Адамменен бірге едік,
Бір күн шығып кездім мен жердің жүзін.

Атым — Тауыс, жаннаттан едім бұрын,
Анда бек жақсы еді біздің орын.
Онда уақыт бегірек көркем едім,
Осы күнде кетті ғой менің нұрым.

Кезіп жүрген шағында жердің жүзін,
Бір кісіге жолығып көрдім жүзін.
Жолыққан соң, ол кісі маған айтты:
— Бек әдемі құс[сың], — деп, — сенің өзің.

Құс ішінде көрмедім сендей бір кім,
Құдай саған беріпті ғалам көркін.
Әттең-ай, осы аяулы кеудеңізден,
Жаның кетіп өлесің әлі бір күн.

Мен андан һәм сұрадым: — Не-дүр өлім,
Өлімнен хабарым жоқ бір де менің.
Ол айтады: — Жан кетіп кеудеңізден,
Шіріп, топырақ болады сенің тәнің.

Естіген соң бұ сөзді оған дедім:
— Жақсы сөздер сөйледің маған, — дедім.
Сіз өзіңіз айтыңыз, кім боласыз,
Қай мақұлықтан дейүрлер саған, — дедім.

— Мен өзім, періштемін, инан, — дейді,
Көрбиун дейүрлер маған, — дейді.
Құдайға жақын болған періштемін,
Ғаршыда болар біздің мақам, — дейді.

Мен сені бұ Ғаршыдан көрдім, — дейді,
Көрген соң қасыңызға келдім, — дейді.
Өлмегіні білмей сен жүр екенсің,
Білгізіп саған хабар бердім, — дейді.

Енді мені жаннатқа сен алып бар,
Саған менің айтатын үш сөзім бар.
Сол сөздерді үйреніп айтып жүрсең,
Ауырмассың, өлмессің, болмассың қор.

— Болмас-ты бұ сөзіңнің жөні, — дедім,
Кәрбиун білмейді мені, — дедім.
Мен тағы да сені һеш танымаймын,
Апара алман рұқсатсыз сені, — дедім.

Жаннатқа келтірмедім оны алып,
Ібіліс екен, білмедім оны танып.
Андан соң мен естіген сөздерімді
Жаннатта ол жыланға айттым барып.

Ол уақытта жаннатта жыландардың
Суреттері түйедей еді аның.
Аяғы һәм түйенің аяғындай,
Досты еді анамыз ол Хауаның.

Түйедей қылып оның аяқ-қолын,
Хақ Тағала жаннатта берген орын.
Ол атамыз Адамды жаратпастан,
Екі мың жыл жаратқан аны бұрын.

Жаннатта қазынашы болып-дүр ол,
Хазірет Құдаменен достығы мол
Болғаннан соң, Хауаға көрсетіпті
Жаннаттағы жерлерді жүріп оң-сол.

Қызметінде Хауаның ол жүріпті,
Хауа дағы жыланды хош көріпті.
Жылан дағы жаннаттың хал-ахуалын,
Һәр нәрсесін Хауаға білдіріпті.

Мен жыланға: — Дүниеде жүрдім, — дедім,
Бір уақиға есітіп келдім, — дедім.
Дүниеде жолықтым мен бір періштеге,
Өлім деген бар екен, білдім, — дедім.

Дүниеде бір періште мені көрді,
«Өлім бар-дүр сізге» деп, хабар берді.
Маған деді: «жаннатқа алып барсаң,
Үйретермін өлімге хайлаларды».

Естіген соң ол жылан осы гәптен,
О да жүріп жаннаттан шығып кеткен.
О да тағы жолығып ол Ібіліске,
Періште деп өлімнен сауал еткен.

Естіген соң Ібілістен мұндай гәпті,
Ғұзыр қылып оған ол өтініпті.
— Мәңгі бақи жаннатта өлмейінше,
Қалуға болар ма екен хайла, — депті.

— Менім сөзім heш қата емес, — депті,
Үш сөзім бар, оны жан білмес, — депті.
Ол үш сөзді үйреніп айтқан кісі
Жаннатта мәңгі қалар, өлмес, — депті.

Болғың келсе жаннатта аман, — депті,
Апар мені жаннатқа таман, — депті.
Ризуанға білдірмей алып кірсең,
Үйретермін сөздерімді саған, — депті.

Жасырып апар сен мені, жылан, — депті,
Ризуан тауып, болмасын зиян, — депті.
Әгар Ризуан сезініп, біле қалса,
Үйреткенді ұнатпас саған, — депті.

— Ризуан — жаннат сақшысы, біл, — депті,
Ол есікке қойылған, әне, — депті.
Ризуанға білгізбей ол жаннатқа,
Қай етіп апарайын сені, — депті.

— Аузыңды аш, ішіне енейін мен,
Кішкене болып өзім кірейін мен.
Аузың жұмсаң, Ризуан көрмей қалар,
Осындай амалменен жүрейін мен.

Апар мені аузыңа тығып алып,
Ақырын ен есіктен бұғып алып.
Кіргеннен соң жаннатқа, ол сөздерді
Үйретермін аузыңнан шығып алып.

Ол жылан аузын ашып тұрған енді,
Ібіліс кіріп ішіне жүрген енді.
Биттей болып аузында ол жыланның,
Амалменен жаннатқа кірген енді.

Ібіліс кіріп аузына, салып-дүр су,
Ол түкірік жыланда болған у.
Жылан[ның] аузында у болуының,
Білмесеңіз біліңіз, себебі бұ.

Жылан анда Ібіліске айтар сөзді:
— Ендірдім ғой жаннатқа енді сізді,
Енді менім аузымнан шығып алып,
Айтыңыз үйрететін сөзіңізді.

Ібіліс анда: — Асықпа, балам, — депті,
Жақсылықты қылдың ғой маған, — депті.
Жақсылыққа жақсылық қылып енді,
Үйретермін сөздерді саған, — депті.

Үйретермін, асықпа әлі, — деген,
Хауаның досты дейді сені, — деген.
Амандасып мен оған жолығайын,
Апар оның қасына мені, — деген.

Білдім, сізге Хауаның достығы бар,
Сізге болса достығы бізге жарар.
Сенің достың болған соң, достық етіп
Айтатұрған сөзіміз оған да бар.

Дос көріпті ол Хауа сені, — дейді,
Апар енді қасына мені, — дейді.
Оның дағы білмеген нәрсесі бар,
Білдірейін мен оған оны, — дейді.

Жүріп енді Хауаға бастаңыз жол,
Оған да айтатұғын кеңесім мол.
Аузында тұрып оған сөйлесейін,
Мен сөйлейді [екен] деп білмесін ол.

Достыңыз Хауа сені көрсін, — дейді,
Мен сөйлермін, ол тыңдап тұрсын, — дейді.
Жасырынып көрінбей сөйлесейін,
Сен сөйлейді екен деп білсін, — дейді.

Тыңда менің сөзімді, жылан, — депті,
Апар енді Хауаға таман, — депті.
Андан соңыра тағы да өзіңізге
Үйретермін ол сөзді тамам, — депті.

Жылан жүріп Хауаға таман келді,
Ібіліс лағин аузында аман келді.
Ібіліс анда жыланның тіліменен
Хазіреті Хауаға сәлем қылды.

Жылан болып Хауаға: — Анам, — дейді,
Дос едің ғой сен өзің маған, — дейді.
Бұ жаннаттың ішінде жақсы көрген
Бар нәрсесін білдірдім саған, — дейді.

Мен бір ғаріп қызметшің жылан, — дейді,
Бар нәрсені қылдым ғой аян, — дейді.
Білдірмеген бір нәрсе қалып еді,
Оны һәм білдірейін саған, — дейді.

— Қалып па еді жаннатта жүрмеген жер,
Болып па еді жаннатта көрмеген жер.
Кәрім қылып оны һәм білдір енді,
Қалған болса тағы да білмеген жер.

— Білдірейін мен саған ол бір сөзді,
Хақ жаратып, жаннатта қойды сізді.
«Бидайдың ағашынан жемеңіз» деп,
Білмедіңіз, не үшін тыйды сізді.

Айтайын енді саған ол бір гәптен,
Өзіңізді бек жақын көргендіктен.
«Бидайдың ағашына жақын барма»,
Дегендігі Құдайдың не себептен?

Хақ Тағала хазіреті, білің, — дейді,
Тағдыр еткен сендерге өлім, — дейді.
Ирадасы жаннаттан шығармақ-дүр,
Жаным күйді сіз үшін менім, — дейді.

Құдай сізді дүниеге айдайды ғой,
Анда кісі өлімнен қалмайды ғой.
Мехнат көріп дүниеде, ақырында
Өліп қалып сорыңыз қайнайды ғой.

Мен айтайын: сен енді барың, — дейді,
Бидайдың ағашынан алың, — дейді.
Сол ағаштың дәнегін жеп алып,
Мәңгі бақи жаннатта қалғын, — дейді.

Мен бір жақын достың ғой жылан, — дейді,
Айтқан сөзім бек анық, инан, — дейді.
Хақ Тағала хазіреті сізден бұрын
Бұ жаннатта жаратты адам, — дейді.

Айтқан сөзім шын менім, анам, — дейді,
Оның да аты болған адам, — дейді.
Үш жүз мың жыл тұрыпты сізден бұрын,
Жаратып-дүр Құдай Ғалым, — дейді.

Ол адам уақиғаны сезген, — дейді,
Бидайды ағашынан үзген, — дейді.
Андан соңыра өлімнен құтылып ол,
Үш мың жыл жаннатта кезген, — дейді.

Инанбасаң әгарда маған, — дейді,
Барып қара ағашқа таман, — дейді.
Сол ағаштың түбінде қазір отыр,
Сол үш жүз мың жыл жасаған адам, — дейді.

Ол ағаштың түбінде адам, — дейді,
Үш жүз мың жыл жасады тамам, — дейді.
Бидай жеп, өлімнен қалғандығын,
Бәрін айтып сөйлер ол саған, — дейді.

Жүр екенсіз сіз оны білмей, — дейді,
Ағаштың жақынына келмей, — дейді.
Андан сұрап айтқанды қылсаңыздар,
Мәңгі мұнда қаларсыз өлмей, — дейді.

Андан бұрын анамыз Хауа анда,
Ол ағашқа барған жоқ һеш заманда.
Оның үшін «ағаштың жақынына
Бармаңыз» деген еді Құдауанда.

Ол анамыз Хауакем бұрынғы уақ
Жүр екен ол ағашқа жоламай-ақ.
«Ағаштың жақынына жоламаңыз,
Бармаңыз» деген екен оларға Хақ.

Хауа білді жылан деп оның өзін,
Естіген соң аузынан шайтан сөзін.
Ағашқа қарай салып жүріп кетті,
«Көремін» деп андағы адам жүзін.

Сөзді есіт ол Ібіліс лағынеттен,
Ол жыланның аузынан шығып кеткен.
Анамыз Хауа жүріп бара жатыр,
Андан бұрын ағашқа барып жеткен.

Хауа жүріп ағашқа жетіп қалды,
Отырған ол Ібіліске көзін салды.
«Кім боласыз, әсіліңіз қай мақұлық?» деп,
Сұрағай қасына жетіп барды.

— Қанша жасқа келдіңіз бұ жерде? — деп,
Сұрайды ойлағанын бәрін андан.

— Құдайым маған қылды мархабатты,
Мекен қылды тұрмаға бұ жаннатты.
Хақ Тағала өзімді жаратқаннан
Жасым менің үш жүз мың өтіп кетті.

Күнде құшып жаннаттың қызын, — дейді,
Үш жүз мың жасқа келдім өзім, — дейді.
Хақ Тағала өзімді жаратқан соң,
Айтайын маған айтқан сөзін, — дейді.

Есті енді, Хақ маған неме деді:
«Ағаштың дәнесіне тиме», — деді.
«Берік болып сақтан сен осы ағаштан,
Бір бүртік бидайынан жеме», — деді.

«Тиме» деген соң енді тимедім мен,
Құдайға қарсылықты сүймедім мен.
Бұйырды: періштелер сәжде етті,
«Жеме» деген ағаштан жемедім мен.

Бір күнде бір періште маған дейді:
— Мен айтамын бір сөзді саған, — дейді.
Осы халид ағашынан дәне жесең,
Өлмейінше қаларсың аман, — дейді.

Бұ саған өсиетім менім, — дейді,
Саған болмас андан соң өлім, — дейді.
Жаннаттың сарайында бақи болып,
Рахатта бола-дүр күнің, — дейді.

Періштеге жауапты бердім, — депті,
— Алла мені «жеме» деп нәһи етті.
«Бұйрығым тұтпадың» деп ашуланып,
Соңыра қаһар қылмай ма мен ғаріпті?

— Қаһар қылмас, сөзіме инан, — дейді,
Рақым ғой, рахмат қылар саған, — дейді.
Олай-бұлай ойлама, сөзімді тұт,
Бидайдан же, боларсың аман, — дейді.

Періштенің сөзіне мен инандым,
Бидайдың дәнесінен жеп алдым.
Тамам енді үш жүз мың жылдан бері
Өлмейінше жаннатта мәңгі қалдым.

Құдай маған қаһарын салғаны жоқ,
Сөзіміздің биттей де жалғаны жоқ.
Періште осы қылған жақсылыққа
Менен сұрап һеш нәрсе алғаны жоқ.

Хауа ана естіп біледі енді,
Ағашқа жақын жүріп келеді енді.
Танығаң жоқ, Ібілістің сөзі шын деп,
Үзіп алып бидайдан жеді енді.

Бидайдың ағашынан Хауа жеді,
«Қай етер екен енді Құдай мені,
Жеуде тіпті зарар жоқ екен ғой,
Неме де қылған жоқ Құдай», — дейді.

Һеш зарар болмағанын көрген енді,
Адамға айтамын деп жүрген енді.
Атамыз Адам аләйһиссаламға
Жүгіріп барып, хабарды берген енді.

Хауа жүріп Адамға келіп жетті,
Бар болған уақиғадан хабар етті.
— Бидайдың ағашынан жеп едім,
Һешбір зарар болған жоқ маған, — депті.

Хауа жүрді Адамға барайын деп,
Бидайдың ағашынан алайын деп.
Сол ағаштың жемісін жеп алып,
Мәңгі өлмей жаннатта қалайын деп.

Хауа анам Адамның ақылын алды,
Ол ағаштың түбіне алып барды.
Ол Ібілістің Хауаға айтқан сөзін
Баршаларын қайтадан сұрап алды.

— Бидай жеп жасадым үш жүз мың жас,
Инаныңыз, оллаһи, сөзім раст.
Құдайменен ант қылып айтамын мен,
Аяп айттым, сендерге қылмаймын қас.

Білмеді һеш, инанды жалған антқа,
Әй, Құдайым, мәкәріңнен өзің сақта.
Инанып оның жалған сөздеріне,
Жөнелді жеймін деп бидай жаққа.
Ғапыл болып алданып сөздеріне,
Бидай жеп ол ғасы болды Хаққа.

Ажалға дәру қылса Құдай депті,
Бір үзіп ол ағаштан дәне жепті.
Сол сағаттың ішінде ол Адамның
Басынан тәж, үстінен хале кетті.

Ғапыл болып алданып Ібіліс итке,
Ғасы болып қалды ғой Хақ Мәжипке.
Жарлық қылды: тәубенің қапусынан
Ендірділер Адамды Сарандипке.

Андан соңыра тағы да ол Хауаны,
«Неге жедің бидай?» деп тергеп аны,
Рахматтың қапусынан ендірділер
Жидда деген бір тауға бейшараны.

Андан соңыра Ібіліске ашуланып,
«Лақтыр» деп бұйырды ұстап алып.
Лақтырып лағынеттің қапусынан,
Теңізде бір аралға түсті барып.

Андан соңыра бұйырды ол жыланға,
Суретіні өзгертіп сол заманда,

Хашамның қапусынан лақтырып,
Оны һәм тастадылар Исфаханға.

Андан соңыра мені де Хақ тергеді,
«Ібіліс сөзін жыланға айттың» деді.
Азаптың қапусынан шығарғызып,
Тастадылар шималға мұнда мені.

Осы күнде бұ жерлер менім, — дейді,
Қарар қылып тұратын жерім, — дейді.
Осындай болып жаннаттан шығуыма
Атаңыз себеп болды, білің, — дейді.

Осындай менім ісім жаман болды,
Жаннаттан шығып күнім қараң болды.
Балқияға өз халін баян етіп,
Тауыстың сөзі енді тамам болды.

Балқия дер: — [Мен] ғаріп адам, — дейді,
Бір ғұзырым бар енді саған, — дейді.
Осы арадан баруға өз жеріме
Бір шара болар ма екен маған, — дейді.

— Әй, Балқия, мен ғаріп бір құс, — дейді,
Бұ жұмысың бір қиын жұмыс, — дейді.
Өз жеріңе ман сені апара алман,
Қолымыздан келмейді бұ іс, — дейді.

Сабыр қыл, Хызыр нәби келер, — дейді,
Сенің халің-ахуалың білер, — дейді.
Оған айтып, халіңді жалбарсаңыз,
Шара қылса, ол сізге қылар, — дейді.

Сол сағатта ол Хызыр келіп қалды,
Балқия қол қаусырып қарсы барды.
Бастан-аяқ сөйлеп бар уақиғасын,
Ол Хызыр пайғамбарға көп жалбарды.

— Иә, Балқия, Құдайдың көп қадасы,
Көнбейінше пенденің жоқ шарасы.
Тамам тола бір жылдық жол бола-дүр
Мысырменен бұ жердің екі арасы.

Көріпсің көп дүниенің мехнатынан,
Боламын деп Мұхаммед үмбетінен.
Бірақ сені Құдайдан бұйрықсыз,
Апара алман Мысырға өз бетіммен.

Сен енді бол Құдайға мінәжатта,
Дұға қылып дайым бол ғибадатта.
Хақ Тағала «апар» деп бұйрық қылса,
Апарармын мен сені бір сағатта.

Ол Балқия мінәжат қылды Хаққа:
«Әй, Құдай-а, жәрдем қыл мен бейбаққа».
Хақ Тағала Хызырға жарлық қылды:
«Балқияны апар, — деп, — Мысыр жаққа».

— Иә, Балқия, қолың бер, маған бағып,
Көзіңді жұм, кетемін сені алып.
Көздеріні жұмғызды Балқияның,
Қолдарыны қолымен ұстап алып.

Қолын алып қолына, айтып сөзін,
Жарлық қылды тағы да, ашты көзін.
Балқиякең Мысырға келіп қалған,
Өзінің сарайында көрді өзін.

Қауымына Балқияның хабар болды,
Жиылып Балқияға бәрі келді.
Шаһар халқы баршасы амандасып,
Қуанып баршасы шаттық қылды.

Балалары баршасы қуанысты,
Құшақтасып, көрісіп көп жыласты.
Сағынған ағайыны, жұрты, халқы,
Баршалары жыласып амандасты.

Шаһимаран дер: — Балқияның хикаясы,
Бұ дүниеде бар көрген уақиғасы,
Қанша мақұлық, қанша жер көріп еді, —
Болыпты бір дүниенің жазирасы.

Балқияның қиссасы тамам болды,
Жамсыб ағаң есітіп бәрін білді.
Шаһмаранның ақылына тахсин қылып,
Қайырлы дұғаменен ол дұға қылды.

Жамсыб айтар: — Әй, тақсыр, сенің өзің
Артық екен зейінің, сөйлер сөзің.
Қиссаменен көңілімді түзеп тұрдың,
Хақ Тағала жасыңды қылсын ұзын.

Балқияның беріп-дүр Құдай бағын,
Көңілінен кетіпті қайғы-уайым.
Оның бәрі қуанып қалғанындай,
Қуант-сәна мені де, падишаһым.

Әй, шаһым, уағда қылып маған деп ең,
Бұ қиссаны қылайын тамам деп ең.
Балқияның қиссасы тамам болса,
Жөнелтейін мен сені аман деп ең.

Тамам қылып айтқан соң бұ қиссаны,
Қылып едің біздерге уағданы.
Қап тауынан оралтып айналдырып,
Келтірдің ғой Мысырға Балқияны.

— Балқияның қиссасы бітті, — дейді,
Саған қылған уағдамыз жетті, — дейді.
Уағдаңнан танбасаң өзің, Жамсыб,
Мен танбаспын уағдадан тіпті, — дейді.

Жамсыбым, мен айтайын саған, — дейді,
Жөнелтейін мен сені аман, — дейді.
Мені барып һешкімге білдірмеске
Уағдаңды берік қыл маған, — дейді.

Сөзімді менің жерге сала көрме,
Моншаға тіпті жүріп бара көрме.
Енді біздің бұ құсша жанымыздың,
Жамсыбым, обалына қала көрме.

— Тақсыр-ау, уағданы қылдым саған,
Уағданы бұзғанның пиғылы жаман.
Ендіден соң моншаға түспеспін мен,
Кеудемізде болғанда бейшара жан.

Дегеннен соң ол жерде Шаһимаран
Хәдие қылып көп жауһар берді маған.
Айғай салып шақырды қазір сонда,
Келіп қалды айдаһар деген жылан.

— Айдаһар, сен Жамсыбты апар, — дейді,
Жолы мұның қараңғы, қатер, — дейді.
Көтеріп, бал құдықпен алып барып,
Жер жүзіне жоғары шығар, — дейді.

Бұйырған соң айдаһар ұстады енді,
Жол көрсетіп жүруге бастады енді.
Бал құдықпен көтеріп алып келіп,
Шығарып тысқарыға тастады енді.

Көзін ашып бір уақыт Жамсыб пақыр,
Өзін көрді: құдықтың басында тұр.
Құдықтан шыққаныны көргеннен соң,
Сәжде қылып Құдайға қылды шүкір.

Оны қойып айдаһар жүре берді,
Дәл ақшам намазының уақты ерді.
Намаз құптан жақындап келгенінде
Өзінің ханасына қайтып келді.

Құптанда қайтып келді ханасына,
Қолын созып көрісті анасына.
«Қайдан келіп қалдың, шырағым», — деп,
Қуанғаннан жылайды баласына.

Қатыны һәм қасына келіп жетті,
Келгеніне Жамсыбтың шүкір етті.
Өліктінің тірі болып келгеніне
Қайран болып бәрінің есі кетті.

Анасы дер: — Шырағым, өліп пе едің,
Иә, өлгенің жоқ па едің, тірік пе едің?!
Иә, болмаса, құтылып тұтқындықтан,
Біздерге көріскелі келіп пе едің.

Баршалары Жамсыбқа қарайды енді,
Қуанғаннан жас төгіп жылайды енді.
«Қайдан келдің, уақиға не болды» деп,
Баршалары Жамсыбтан сұрайды енді.

Жамсыб айтұр: — Қойыңыз, жыламаңыз,
Есен-аман келді ғой бейшараңыз.
Бірақ сіз енді менен «қайдан келдің,
Қайда жүрдің?» деп бір де сұрамаңыз.

Көріп келдім дүниеде талай гәпті,
Есітіп келдім талай хикаятты.
Көргенімді һешкімге сөйлемеске
Бекіттілер антпенен мен ғаріпті.

Жамсыб сұрап: — Әй, менім анам, — дейді,
Мен кеткелі неше жыл, заман? — дейді.
Анасы дер: — Әй, балам, сен кеткелі
Өтіп кетті жеті жыл тамам, — дейді.

Анасы көріп оның басын дейді:
— Өтіп кетті жеті жыл жасың, — дейді.
Бір жерде тұтқындықта жатып па едің,
Ағарып қалыпты ғой шашың, — дейді.

— Бірқатарды көрді ғой бұ бастарым,
Ағарған жоқ бейнетсіз бұ шаштарым.
Сол уақытта менімен отын тасып,
Бірге жүрген аман ба жолдастарым?

Анасы һәм Жамсыбқа: — Балам, — дейді,
Жолдастарың баршасы аман, — дейді.
Ол уақытта баршасы келіп, сені
«Қабылан жеді» деділер маған, — дейді.

Жолдастарың бұ күнде баршасы бай,
Оларды сен ойлама бұрынғыдай.
Баршалары саудагер, көпес болды,
Көп дәулетті оларға берді Құдай.

Дәулет берді оларға бір Құдайым,
Һешбір бай жоқ шаһарда олардайын.
Өздері бек қарайды мен ғаріпті,
Инғам-ихсан қылады һәр күн сайын.

Мол дәулетті берген соң оларға Хақ,
Олар бүгін біздерді бек қарайды-ақ.
Ат-тон, киім, ақшасын һәм береді,
Солардан бүгін біздің жеген тамақ.

— Тамақ-киім берселер, берсін, — дейді,
Біреуін шақыралық, келсін, — дейді.
Мұнда келіп көрісіп меніменен,
Аман-есен келгенім білсін, — дейді.

— Түн ішінде шақырма, балам, — дейді,
Олар енді үлкейген тамам, — дейді.
Олардың әуелері бек жоғары,
Түн ішінде келмеслер саған, — дейді.

Түн ішінде асығып келмес олар,
Таң атқан соң оларға сен өзің бар.
Ерте барып үйінде жолықпасаң,
Дүкенінде, базарда жолығарлар.

Таңертең ерте барсаң сен оларға,
Жолығарсың үйінде мырзаларға.
Ерте барып үйінде жолықпасаң,
Жолығарсың дүкенде, базарларда.

— Әй, анам, менім сөзім біліңіз сіз,
Ақырындап өзіңіз жүріңіз сіз.
«Жамсыб балам ақшамда келді» дейүп,
Мырзаларға хабарды беріңіз сіз.

Естіселер, мырзалар келер, — дейді,
Әлбетте, бізге сәлем берер, — дейді.
Келетұрған олардың мәнісі бар,
Келмеселер, өздері білер, — дейді.

Ол арада Жамсыбтың бір жолдасы
Жақын еді үй менен үй арасы.
«Балам келді, сіздерді шақырад», — деп,
Хабар берді Жамсыбтың ол анасы.

— Балам келіп, көрінді көзге, — дейді,
Қуаныш түсті бүгін бізге, — дейді.
Отын тасып, жолдас болып бірге жүрген,
Сағынғанға жіберді сізге, — дейді.

Жолдасы жауап беріп сөзін дейді:
— Амандасып, көрейін жүзін, — дейді,
Бәйбіше, сіз бара тұр үйіңізге,
Соңыңыздан жетермін өзім, — дейді.

Ол жолдасы есітіп мұны білді,
Қатты сасып көңліне уайым кірді.
Бәйбішені қайтарып, жылдам тұрып,
Екінші жолдасына жүріп келді.

— Неге келдім, әй, жолдас, түнде саған,
Істеріміз болды ғой біздің жаман.
Өлгені жоқ, құдықтан шығып алып
Келіпті ғой үйіне Жамсыб ағаң.

Біздікіне шешесін жіберіпті,
Көріскелі «біздерге келсін» депті.
Не амал қылып енді құтыламыз,
Анық біл, ажалымыз біздің жетті.

Жолдастар, енді бұған ой қылайық,
Жиылысып үйіне тез барайық.
«Малымыздың жарымын берейік», — деп,
«Ғафу қыл» деп, жалынып-жалбарайық.

Падишаға білдірсе әгар, — дейді,
Жер табылмас біздерге кірер, — дейді.
«Өзімізді падиша дарға асып,
Малымыздың бәрін де берер, — дейді.

Тұрыңыз, енді жылдам жүрейік біз,
Амандасып өзіні көрейік біз.
«Күнәһіміз бағышла, ғафу қыл», — деп,
Малымыздың жарымын берейік біз.

Қылғанды басымызға келтірмесін,
Дарға асып біздерді өлтірмесін.
Көнбесе малымыздың бәрін беріп,
Тілейік: падишаға білдірмесін.

Жолдастардың баршасы ақылдасып,
Жамсыбқа келділер қадам басып.
Қол қаусырып баршасы сәлем берді,
Аяқ-қолын сүйділер амандасып.

— Аман-есен келдің бе, Жамсыб аға,
Бұ күн болдық біз енді жүзіқара.
Құдайға да, сізге де ғасы болып,
Қасыңызға келдік қой, біз бейшара.

Аяғына қойдылар бәрі басын,
Жыладылар көзінен төгіп жасын:
— Біз жамандық қылсақ та, Жамсыб аға,
Сен жақсылық қыл енді, не қыласың.

Бәйбішеге жалынып айтар сөзді:
— Жамсыбтан тілеңіз, — деп, — енді бізді,
Малымыздың береміз қақ жарымын,
Бұрын да күтіп едік өзіңізді.

Анасы да Жамсыбтан тілек қылды,
Жамсыб һәм бұ сулыхты дұрыс көрді.
Малдарының жарымын бөліп алып,
Татуласып, оларды қоя берді.

— Енді сізге жамандық келтірмейін,
Істеріңді һешкімге білдірмейін.
Малыңыздың жарымы өзіңізге,
Дұшпаныңды қуантып күлдірмейін.

Жамсыб қылды бұларға мархабатты,
Күнәлерін олардың ғафу етті.
Малдарының жарымын бөліп алып,
Жолдастар үйлеріне қайтып кетті.

Шықтылар жолдастары амандасып,
Күнә сақтап жүрмеді жамандасып.
Жамсыб ол жолдастармен тату болып,
Қонақ болып жүрділер араласып.

Андан соңыра жеті жыл өтті заман,
Жолдастармен дост болып есен-аман.
Сол жеті жыл ішінде жалғыз қабат
Моншаға түскені жоқ Жамсыб ағаң.

Енді айтайын дүниенің жалғандығын,
Мақлұқат не бәлеге салғандығын,
Ақырында қосылып Жамсыб ағаң,
Шаһимаранды ұстатып алғандығын.

А, тақсыр, Жамсыб тұрған шаһарында
Бір падиша бар ерді ол заманда.
Атын оның Кейхұсрау дерлер ерді,
Шаһтардың шаһы еді бұ жаһанда.

Андан соңыра бір күнде Кейхұсрау хан,
Пайда болып бір ауру бойын алған.
Тұла бойы қып-қызыл қандай болып,
Тәбиптер ем таба алмай ғажиз қалған.

Ем қылыпты тәбиптер оған дайым,
Таба алмайды аурудың бір де жайын.
Күнде сайын ауруы күшейіпті,
Тәбиптері дәруді қылған сайын.

Бір уәзірі бар еді Шәмһүр атты,
Ғалым еді шәукетті, салтанатты.
Ғылым-хикмет қисапсыз біледі екен,
Сол бір күнде кітабында бір сөз тапты.

Тексеріп ол кітабын бек қараған,
«Табылар ма екен, — депті, — Шаһимаран.
Шаһмаранның етіні жегізбесе
Ауруы кетпес, — депті, — падишадан».

Уәзір депті: — Шаһмаран табылмайды,
Өзге нәрсе патшаға ем болмайды.
Әгарда Шаһмаранды жегізбесе,
Падиша бұ аурудан жазылмайды.

Падишаның ауруына Шәмһүр сасып,
Қарайды кітаптардан ашып-ашып.
«Қай жерден табылады Шаһмаран?» деп,
Жұртын жиып отырды ақылдасып.

— Шаһмаранның хабарын сұрамаққа
Жіберелік елшілер түрлі жаққа.
Қажетіміз біздердің бітер ерді,
Шаһимаран табылса біздің баққа.

Мінаділер ұлыған қасқырдайын
Айқай салып жүрділер шаһар сайын.
— Білген адам бар болса, айтыңыздар
Бізге, — деп, — Шаһмаранның тұрған жайын.

Мінаділер дауыстап қатты жүрген,
Ауылдардан һәм барша шаһарлардан
Қыдырып қанша хабар салсалар да,
Болмады Шаһмараннан хабар берген.

Мағлұм еді Жамсыбқа Шаһимаран,
Жамсыбтан басқалардың бәрі надан.
Білсе де бек сақтанып, үндемей жүр,
Моншаға да түскен жоқ һешбір заман.

Шаһмаранды білуші һеш болмады,
Сонда да Шәмһүр уәзір һеш қоймады.
Бұ тариқпен Шаһмаран табылмады,
Екінші [бір] амалды ол ойлады.

Шәмһүр енді көп ойлап тұрды дейді,
Ашып қарап кітабын көрді дейді.
«Ғылым-хикмет бір сөзді көрдім мен», — деп,
Халыққа хабарды берді дейді.

— Хикмет-ғылым білдім мен тамам, — дейді,
Тағы бір сөз көрінді маған, — дейді.
Дүниеде Шаһмаранды көргендердің
Болады екен кеудесі ала, — дейді.

Шаһмаранды көргеннің бұ дүниеде
Белден төмен денесі жол-жол ала.
Енді бізге керек-ті адамдардың
Шешіндіріп денесін қарамаға.

Шәмһүр тағы ойланып соны табар,
Қанша жерде шаһарда монша жағар.
Шақырғызды моншаның иелерін,
Баршалары жиылып келді олар.

— Моншаның иелері, сізге хабар,
Бұ шаһардың өзі бір үлкен шаһар.
Падишадан сіздерге бұйрық сол,
Ендіден соң жақсаңыз монша әгар.

Сіздер енді патшаны көрсеңіз дос,
Моншаға келген жанды қойыңыз бос.
Монша хақын аларсыз падишадан,
Разы болып жүрерсіз, көңіліңіз хош.

Кім де болса моншаға беріңіздер,
Жап-жалаңаш денесін көріңіздер.
Денесінде аласы жол-жол болса,
Оны алып патшаға келіңіздер.

Хабар салды бұ Шәмһүр барша елге,
Һәр ауылға, моншасы болған жерге.
Жап-жалаңаш денесін қараған соң,
Ала болса келтір деп бұ шаһарға.

Моншашылар[ға] жарлықты білгізділер,
Келген жанды моншаға енгізділер.
Ықтиярмен моншаға келмегенді
Айдап алып, зорлықпен келгізділер.

Бар ма екен деп моншаға келмегендер,
Махалла сайын жүріп іздегендер.
Бинакаһ ол қадаға қарсы Жамсыб
Кез болыпты, тез оны көздегендер.

Көргеннен соң Жамсыбты ұстағандар,
Моншаға таман сүйрей бастағандар.
Зорлықпенен моншаға алып барып,
Шешіндіріп киімін тастағандар.

Қазадан қалып болмас ерлікпенен,
Келтірділер моншаға қорлықпенен.
Жап-жалаңаш киімін шешкеннен соң,
Ала жерін көрділер зорлықпенен.

Ол моншаның иесі оны көрді,
Көргеннен соң Шәмһүрге алып келді.
Қуанып Шәмһүр оны келтірген соң,
Мың алтынды қолына санап берді.

Шәмһүр уәзір Жамсыбты құрмет қылды,
Отырғызып қасында орын берді.
«Падишаның науқасын көріңіз», — деп,
Жамсыбты Кейхұсрауға алып келді.

Ол Жамсыбты патшаға жүргізділер,
Алып келіп тақытына мінгізділер.
Падишаның қасына отырғызып,
Төніндегі науқасты көргізділер.

Жалынып-жалбарды бұлар һаман,
Қайран болып тұр енді Жамсыб ағаң.
— Падишаның науқасын танымаймын,
Нағыласыз сіз енді қазір маған?

— Осындайын падиша заман, — дейді,
Науқастанып қалған-ды жаман, — дейді.
Мұның дауа шарасы сізде екен,
Қылмағаның лайық па саған, — дейді.

Жамсыб анда Шәмһүрге жауап берді:
— Атамыз ғылым-хикмет білер ерді.
Атамыз ғылым-хикмет білгендіктен,
Білер деп ойлаймысыз мен пақырды.

Мен ғаріп атамдай һеш бола алмадым,
Оның қылған істерін қыла алмадым.
Бәріне жұрттың мағлұм болып ерді,
Бала күнде оқуды біле алмадым.

Алты жыл сабақ оқып мен молдадан,
Біле алмадым бір әріп, болдым надан.
Білсем едім бір нәрсе, қызметімді
Аямас ердім бір де падишадан.

Оқуды білмеген соң, менім анам
Отынды тасытқызды таудан маған.
Ғылым-хикмет қайтіп білер дерсің
Отын тасып жұмысты қылған адам.

— Отыншылар білмес ол жөннен, — дейді,
Аңлағай сен сөзімді менен, — дейді.
Падиша ғылымдығың сұрамайды,
Шаһмаранды сұрайды сенен, — дейді.

Шаһмаранды көріпсің көзіңізден,
Шыныңды айт, жасырма енді бізден.
Білдірсең Шаһмаранның тұрған жерін,
Алтынды құямын ғой төбеңізден.

Тілесең бір шаһардың уәлаятын,
Падишаһым бәрін де бергізетін.
Өзіңіздің тілеген шаһарыңызға
Хәкім болып қыларсың хүкіметін.

— Қандай нәрсе дегенің Шаһимаран,
Естімедім, көрмедім һешбір заман.
Білесің ғой өздерің менен артық,
Айтыңыздар өзіңіз оны маған.

Шәмһүр айтар: — Әй, Жамсыб, жүргеніңнің,
Шаһмаранның жайыны білгеніңнің,
Белден төмен аласы жол-жол болған —
Кеудеңізде белгісі көргеніңнің.

Жамсыб дер: — Мен һешқайда жүргенім жоқ,
Шаһимаран дегенді білгенім жоқ.
Кеудеңізде ала бар — белгі дерсің,
Өзім оны тіпті мен көргенім жоқ.

Шәмһүр анда Жамсыбты шешіндірді,
Отырғандар баршасы қарап көрді.
Белден төмен жолдайын ала екен,
Жамсекеңе көргізіп, хабар берді.

Шәмһүр уәзір: — Әй, Жамсыб, енді, — дейді,
Міне, менің айтқаным келді, — дейді.
Денеңізде ала жол болмақтығы —
Шаһмаранды көргенге белгі, — дейді.

Шәмһүр анға: — Әй, Жамсыб, қара, — дейді,
Жақсылықпен айт енді маған, — дейді.
Жақсылықпен айтпасаң осы жерде,
Зорлықпенен айттырармын саған, — дейді.

Қаншадан жақсы сөзбен біз айтамыз,
Жамсыб-ау, енді сені үйретерміз.
Жақсылықтың қадірін білмесеңіз,
Жамандықпенен сені сөйлетерміз.

Айт шыныңды, сен енді қиналмай-ақ,
Болмаса жегізермін саған таяқ.
Қиыншылық, ғазапты көрме енді,
Рақым қыл өзіңізге жаныңды аяп.

Жамсыб енді қысылып қайран қалды,
Үндемей, тас болып тұрып қалды.
Һешбір жақсы жауапты бермеген соң,
Енді Шәмһүр Жамсыбқа ашуланды.

Падишадан Жамсыбқа тарлық келді,
Бейшараның басына қорлық келді.
Болмаған соң Шәмһүр мен Кейхұсрау хан
«Жамсыбты ұрыңыз» деп жарлық қылды.

«Ұрыңыз» деп Кейхұсрау жарлық етті,
«Қылмаңыз, — деп, — Жамсыбқа мархабатты».
Неше түрлі қиыншылық, ғазаппенен
Салдылар денесіне жарақатты.

«Ұрыңыз» дегеннен соң Шәмһүр көпір,
Ұрушылар Жамсыбты ұрып жатыр.
Тас-талқан қылып тастап ұрсалар да,
Сонда да сөйлемеді Жамсыб пақыр.

Сөйлеген жоқ бір әріп Жамсыб ағаң,
Ашуланды бек қатты Кейхұсрау хан.
«Өлтіріңіз енді» деп жарлық етті,
«Қоймаңыз енді мұның жанын аман».

Енді қылып Жамсыбқа саясатты,
Өлтіретін жеріне алып кетті.
Жалладтар ол жалаңаш қылышпенен
Жамсыбты шабамыз деп келіп жетті.

Жалладтардың қылышы жарқылдайды,
Жамсыб білді, өлтірмей һеш қоймайды.
Енді өлмеске бір хайла қылайын деп,
Жамсыб байғұс көңілінен ой ойлады.

Ойлады бір себепті мен қылайын,
Бұларды ол құдыққа апарайын.
Шаһимаран осы құдық ішінде деп,
Көргізіп, бұ жанымды құтқарайын.

Олар мені құдыққа сала алмастар,
Өздері һәм түбіне бара алмастар.
Ол құдықтың қасына барсалар да,
Шаһмаранды ұстатып ала алмастар.

Өлтіре бастаған соң, Жамсыб ағаң
«Өлтірмеңіз мені» деп қылды фаған.
—Өлтірмесең, апарып көргізейін,
Керек болса сіздерге Шаһимаран.

Көргізейін сізге деп Шаһмаранды,
[Ол] құдықтың қасына алып барды.
Шәмһүр анда әскерін жиып барып,
Құдықтың төңірегін орап алды.

Ол құдықтың басында Шәмһүр енді
Әфсүн оқып, дұғалар, сиқыр қылды.
Сондай күшті сиқырын оқыған соң,
Дәл құдықтан күркіреген дауыс келді.

Сиқыры бар Шәмһүрдің жұрттан асқан,
Оқып-оқып құдықтың аузын ашқан.
Бір уақытта бір ғифрит шығып келді,
Бір табақты көтеріп лағыл тастан.

Ғифрит деген бір үлкен айдаһар ол,
Құдық толды кеудесі сондайын мол.
Ол табақтың ішінде айтып өткен
Жыландардың патшасы Шаһмаран сол.

Құдықтан шыққаннан соң Шаһимаран,
Білді енді бұ қазаны бір Құдадан.
Көзін ашып қараса төңірекке,
Келіпті бағанағы Жамсыб ағаң.

Сиқырменен салды ғой Шәмһүр кәпір
Шаһмаранның басына заманақыр.
Көзін ашып қараса һәм олардың
Арасында Жамсекең бірге отыр.

— Әй, Жамсыб, мен не жаздым саған, — дейді,
Әскер алып келіпсің маған, — дейді.
Ант қылып, уағда қылып кетпеп пе едің,
Әй, опасыз, жалғаншы адам, — дейді.

Қылып едім мен саған ізгілікті,
Жақсылығым түбіме менім жетті.
Иғтибар жоқ адамда деп білуші едім,
Қайтейін, пұрсатым қолдан кетті.

Қылдым саған жақсылық, пайда, — дейді.
Қылмадым мен жамандық, хайла, — дейді.
«Һешкімге де жеріңді айтпаймын» деп,
Маған қылған уағдаң қайда? — дейді.

Көп жақсылық мен саған қылып ердім,
Сен маған бұ малғұнды алып келдің.
Тым болмаса өзін де өлтірмедің,
Дұшпанның қолына ұстап бердің.

Уағда бұзып қастықты қылдың маған, —
Дегеннен соң Жамсыбқа Шаһимаран,
Жамсыб сонда қайтерін біле алмады,
Қайран болып ұялып қалды жаман.

— Әй, шаһым, сіздің үшін қапаланып,
Ықтиярым қолымнан кетті қалып.
Өзімді өлтіретін болғаннан соң,
Амалсыздан оларды келдім алып.

Әсте, шаһым, сіздерден безбедім мен,
Ықтиярмен уағданы бұзбадым мен.
Қылышпенен жалладтар келгеннен соң,
Жанның аман қалуын көздедім мен.

Өзімді де өлімге қимадым мен,
Сіздерді һәм өлуге қоймадым мен.
Бұ құдықтың ішінен, шаһым, сізді
Ұстауға қоймайтын [деп] ойладым мен.

Сол жерде Шаһмаранды уәзір Шәмһүр
Өз қолымен ұстауға ойланып тұр.
Шаһимаран Шәмһүрге жауап айтты:
— Мені Жамсыб ұстасын, сен аулақ жүр.

Сиқырменен құдықтан алып, — дейді,
Ұстаймын деп тұрмысың бағып, — дейді.
Ұстар болсаң уымның қанжарымен
Өлтірейін мен сені шағып, — дейді.

Қанеки, жақын келіп қара, — дейді,
Қанжарыммен салармын жара, — дейді.
Сондай қылып шағармын, көпір, сені,
Бөз секілді қырармын пара, — дейді.

Шаһимаран Жамсыбқа сөзді дейді:
— Жақсы көріп едім ғой сізді, — дейді,
Өзің ұстап қойныңа салып апар,
Ұстамасын бұ көпір бізді, — дейді.

Келген ғифрит құдыққа еніп кетті,
Айдаһардың бәріне хабар етті.
Фарияд қылып баршасы уластылар,
Дауыстары аспанға барып жетті.

Жамсыб ұстап қолымен Шаһмаранды,
Ептеп қана қойнына салып алды.
Бара жатып сөйлесіп Шаһмаранмен,
Кейхұсраудың ахуалын айтып барды.

— Әй, шаһым, мен айтайын сізге, — дейді,
Әлі сіз жаннан күдерің үзбе, — дейді.
Ауруына қылатын ем бар ма? — деп,
Кейхұсрау хан сұрайды сізге, — дейді.
Шаһимаран Жамсыбқа: — Бәлі, — дейді,
Салыпты ғой қысымға сені, — дейді.

Әй, Жамсыб, сен бұлай ойлаймысың,
Әлі сен менімменен ойнаймысың.
Барғаннан соң Шәмһүр мен Кейхұсрау хан
Өлтірмей қояды деп ойлаймысың?!

Шаһимаран Жамсыбқа: — Білің, — дейді,
Маған енді тақалды өлім, — дейді.
Барғаннан соң бауыздатып, падишаға
Етімді жегізеді менім, — дейді.

— Шаһым, олар ұрдылар жаман, — дейді,
Көп жапалар қылдылар маған, — дейді.
Ақырында қылыштап өлтіретін
Болғаннан соң, тіледім аман, — дейді.

Қай етейін, шаһым-ау, өлгенім жоқ,
Өлтіруге өзімді бергенім жоқ.
Ол құдықтан шығарып өзіңізді,
Өлтіреді деп, білгенім жоқ.

Көрсетсем мен құдықты әгар, — дедім,
Ол құдықтың қасына барар, — дедім.
Апарсам да құдықтан Шаһмаранды
Шығарып ала алмаслар олар, — дедім.

Білсем болсам, әй, шаһым, әгар сізді,
Құдықтан шығаратын өзіңізді.
Сіздің үшін жан пида қылар едім,
Салмас едім құдыққа таман ізді.

Білсем едім әгар мен бұ қылықты,
Сіздерге қылатұғын қоршылықты,

Сіздің үшін мен өлген болар едім,
Көрсетпес едім, әсте, бұ құдықты.

Жауап айтар Жамсыбқа Шаһимаран:
— Құтылдың ғой сен енді есен-аман,
Саған енді, Жамсыбым, һеш уайым жоқ,
Не болса да болады бұ күн маған.

Бұ істерді Құдайдан білсем керек,
Құдайдың құдіретіне көнсем керек.
Маған уақыт сол шығар, шаһид болып
Бұ көпірдің қолында өлсем керек.

Шаһид болып дүниеден өтсем керек,
Мен бұған көп шүкірлік етсем керек.
Мың жыл өмір дүниеде тұрсам дағы,
Ажал жетіп ақырда өлсем керек.

Дүниеден артық, сірә, жалған бар ма,
Анда қалып мұратын алған бар ма?!
Алланың өзі жалғыз бақи-дүр ол,
Одан басқа һеш өлмей қалған бар ма?!

Қаза келсе, көрер көз болар көрмес,
Мойынсұнбай һеш анға мүмкін емес.
Өлсем тура Құдайға мен барамын,
Бұ шаһидтік һәркімге тие бермес.

Тағдырменен болды бұ қаза маған,
Бір уақыт айтайын, Жамсыб балам, саған.
Сен жамандық қылсаң да мен қылмаймын,
Бір жақсылық етейін тағы саған.

Шәмһүр малғұн кәпір ғой, жоқ-дүр діні,
Апарған соң падишаға ұстар мені.
Пышақ алып қолына Шаһмаранды
Бұғазда деп ол малғұн зорлар сені.

Бұғаздама сен мені, сақтана көр,
Насихатым сол менім, тыңдап отыр.
Өз қолымен ол мені бұғаздасын,
Не қылсаң да сен өзің сақтанып тұр.

Сен өлтірме, болсын ол өлтіруші,
Атақ болсын өзіне қан төгуші.
Шәмһүр мені қолымен бұғаздасын,
Жағадан болсын хариб, өлтіруші.

Андан соң шөгүнкеге салар бізді,
Екі қабат қайнатар өзімізді.
Сақтан, саған тілер ол ішкізбекке,
Әуел баста қайнаған суымызды.

Есіт, Жамсыб, насихат Шаһмараннан,
Іше көрме әуелгі қайнағаннан.
«Іш» деп саған ол суды тығыздар ол,
Зинһар өзің бек жақсы сақтан одан.

Менім сөзім шын болып саған келер,
Шәмһүр лағин хикметтен ғылым білер.
Әуелгі қайнағанды саған беріп,
Екінші қайнағанды ішпек тілер.

Бұ турада бек берік болғайсың сен,
Не қылса да бір ират қылғайсың сен.
Ғаярлық қып екінші судан ішіп,
Бастапқы суды оған бергейсің сен.

Екінші қайнағанға салып көзің,
Не қылсаң да ішіп ал сенің өзің.
Соңғы күнде көрерсің тамашаны,
Әгар тұтсаң менім бұ айтқан сөзім.

Насихаттар қылдым мен, Жамсыб, саған,
Оның үшін достығың болды маған.
Оның үшін бұ жерде қасымызда,
Жолдас болып тұрып ең бек көп заман.

Илфат болып қалдың сен өзімізге,
Жақсы көріп насихат дермін сізге.
Һәр уақытта ескеріп есіңе алып,
Қайырлы дұға қылғайсың өзің бізге.

Келе жатып қойнында, насихатты
Шаһимаран Жамсыбқа тамам айтты.
Шәмһүр сонда олармен жүріп бірге,
Патшаның сарайына келіп жетті.

Дүниенің бәрі мехнат, бәрі зарлық,
Шаһмаранға тақалып келді тарлық.
Шаһмаранды шығарып, бұғаздатып,
Шәмһүр кәпір Жамсыбқа қылды жарлық.

Бұ жарлықты есітіп Жамсыб ағаң,
Шаһмаран үшін жылап бек аяған.
Өтініп ол уәзірге зарлық айтты:
— Бармайды, — деп, — бұғаздауға қолым оған.

Шәмһүр айтар: — Осы ма Шаһимаран,
Шаһимаран болса да тегі жылан.
Бір жылан үшін неге жылайсың? — деп
Ашуланып өзі алып бұғаздаған.

Жылайсың деп ұрысып ол байғұсты,
Ашуланып жыланды үшке кесті.
Шөгүнкеге су құйып, салып алып,
Қайнатуға Жамсыбтың өзін қосты.

Шаһмаранды шөлменге салып асып,
Қайнауға келіп қалды жақындасып.
Сол арада падиша тарапынан
Кіріп келді бір адам есік ашып.

Есік ашып бір адам кіріп келді,
Жылдам Шәмһүр уәзірге хабар берді.
«Падиша тез сіздерді шақыра», — деп,
Алып анда жөнелді ол уәзірді.

Шақырған соң Кейхұсрау деген ханы,
Бармауға таба алмады һеш шараны.
Аманат қылып қолына шыны беріп,
Ол Жамсыбқа тапсырды шөгүнкені.

— Әй, Жамсыбым, сен есіт менім сөзім,
Падишаға барамын менім өзім.
Қайнаған соң шөгүнкеде Шаһмаранның
Сорпасынан құйып іш сенің өзің.

Жақсы қайнат, шығармай оның буын,
Ішіп ол бастапқы қайнар суын.
Бастапқы су қайнаған Шаһмаранның
Алады-мыс адамның бар ауруын.

Ол сорпаның пайдасын сен біліп қал,
Айтқан сөзім шын менім, құлағың сал.
Екінші қат қайнаған Шаһмаранның
Сорпасын бұ шыныға босатып ал.

Падишадан тез жүріп келермін мен,
Келген соң оны ішіп көрермін мен.
Ішіп оның пайдасын байқап алып,
Сондан соң падишаға беремін мен.

Жамсыб оның сөзіне құлақ салды,
Ол жүріп падишаға кетіп қалды.
Ол кеткен соң Жамсекең шынысына
Бастапқы сорпасынан құйып алды.

Шаһмаранның сөзіне қойып ойды,
Бастапқысын шыныға құйып алды.
Екінші қат қайнаған Шаһмаранның
Сорпасын ішіп алып қарны тойды.

Екінші су Жамсыбқа берді пайда,
Тамырлары сөйлейді қайсы-қайда.
Сол сағатта Құдайдың әміріменен
Хикмет нұры көңілінде болды пайда.

Ғылым-хикмет көңлінде пайда болды,
Іші-тысы нұрменен тамам толды.
Шөгүнкенің ішінде Шаһмаранның
Ағзасының баршасы тілге келді.

Тілге келіп баршасы сөйледі енді,
Жамсыб мұны есітіп көреді енді.
Һәр мүшесі патшаның һәр жеріне,
«Дауамыз» деп хабарды береді енді.

Басы сөйлеп Жамсыбқа: «Жамсыбым» дер,
«Әуел баста патшаға өзімді бер.
Әуел баста патшаға мені жегіз»,
Дегеннен соң сөйлейді орта бір жер.

Кеуде жері тағы да сөйлер ерді:
«Екінші күн жегіз, — деп, — орта жерді».
«Мені жегіз үшінші күнінде», — деп,
Құйрығы тағы да хабар берді.

«Төртінші күн болғанда, балам», — дейді,
«Керек бола патшаға хаммам», — дейді.
«Сол моншаға түскен соң, иншалла,
Жазылады падиша тамам», — дейді.

Бар мүшесі сөйлесіп тамам етті,
Шәмһүр сонда патшадан келіп жетті.
— Ол екінші сорпадан құйып алған
Шынымызды келтірші маған, — депті.

Сұраған соң уәзірге Жамсыб енді
Сорпа құйған шынысын алып келді.
Сол бастапқы қайнаған сорпа суды
Екінші сорпасы деп құйып берді.

Екінші сорпасы деп оны ішті,
Ішкеннен соң кеудесі оның істі.
Жара болып тілініп, денесінің
Терілері сойылып жерге түсті.

Шәмһүрдің уақиғасын Жамсыб көрді,
Шаһмаранның ғылымына тахсин қылды,
«Шын насихат жақсылық қылыпты», — деп,
Шаһмаранның рухына дұға қылды.

Әуелгі су уәзірге қылды гәпті,
Кеуделері ісініп, халі кетті.
«Шәмһүр сондай аурумен һәлак болды»,
Деген хабар патшаға барып жетті.

Есіткен соң падиша қылды уайым,
«Қандай халге салдың, — деп, — әй, Құдайым».
Жамсыбты тез қасына шақырып алып:
— Ендіден соң не болар менім жайым.

Ендіден соң уәзірім кім болады,
Шәмһүрдей маған қызмет кім қылады?
Шаһмаранды алғызып келіп еді,
Жөнін тауып кім маған ем қылады?

Жамсыб анда: — Әй, шаһым, білің, — дейді,
Уайым қылма, сабырлық қылың, — дейді.
Құдай бұйырса мен саған ем қылайын,
Дәрігерлігім бар еді менім, — дейді.

Алып келіп патшаға шөгүнкесін,
Шаһмаранның жегізді сонда басын.
Жегеннен соң қасынба пайда болды,
Қышу басты патшаның бар денесін.

Анда Жамсыб тысқары жүреді енді,
Анда шығып жер жүзін көреді енді.
Жер жүзінде хайуанат, ағаш пен шөп,
Бәрі сөйлеп хабарды береді енді.

Жамсыбқа жан тең келмес инсі-жыннан.
Ғинаят сондай болды Хақ Кәрімнен.
Ағаш пен шөп — бәрі сөйлеп хабар берді,
Өздерінде пайдасы болған емнен.

Жер жүзінде сөйлетіп барша шөпті,
Анда қарап тағы да көрді көкті.
Анда қарап Жамсекең білді бәрін,
Тоғыз қабат көкте болған гәпті.

Екінші күн таңертең Жамсыб тұрды,
Падишаның денесін кіріп көрді.
Баяғы Шаһмаранның орта жерін
«Жеңіз» деп падишаға тағы берді.

Же дегеш жемеймін деп тұрмады енді,
Дәрігеріне қарсылық қылмады енді.
Жегеннен соң төгіліп қотырлары,
Падишаның денесі құрғады енді.

Үшінші күн тағы да Жамсыб ағаң
Құйрығын жегізді тағы да оған.
Андан соңыра біразырақ тыныш болып,
Рахаттанып қалыпты жеген заман.

Хақ Тағала берген соң кереметті,
Сондай Жамсыб патшаға қызмет етті.
Төртінші күн болғанда падишаны
Жулағалы моншаға алып кетті.

Падишаны моншаға келтіреді,
Ауруын сонда тамам бітіреді.
Моншадан сау-саламат болып шығып,
Бұрынғыдай тақытына отырады.

Хақ Тағала берген соң енді дәулет,
Патша енді Жамсыбқа қылды ізет.
Шақырып алып тақытына отырғызып,
Қисабы жоқ Жамсыбқа қылды құрмет.

Падиша ол Жамсыбты қасына алды,
Шәмһүрден артық оған назар салды.
Патшаменен тақытта отырғанда,
Тағам алып хадимдер келіп қалды.

Тағам келіп қалған соң падишаға,
Шыққалы тұра келді Жамсыб аға.
Рұқсат беріп падиша шығарған жоқ,
Келтіргізді тағамды орта араға.

Ол падиша: — Әй, Жамсыб балам, — дейді,
Отырыңыз, жеңіз тағам, — дейді.
Тағам келіп қалғанда жөнелгенің,
Ойлап қара лайық па саған, — дейді.

— Мен бір ғаріп құлыңмын жаман, — дейді,
Қалай жеймін сіздіңмен тағам, — дейді.
Сіздіңменен бірге тағам жемегіміз,
Әдепсіздік болмайды ма маған, — дейді.

— Біздіңменен жесеңіз тағам, — дейді,
Әдепсіздік болмайды саған, — дейді.
Андан Жамсыб Кейхұсрау падишамен
Бірге отырып екеуі тағам жеді.

Андан соң жарлық болды падишадан,
Мінаділер дауыстап құрды диуан.
Барша ұлық уәзірлер, патшалары
Махкамаға жиылды һәр жағадан.

Падиша уәзірлерге: — Көрің, — дейді,
Диуанға жиылған жұрт, білің, — дейді.
Мағлұм болсын, бұ Жамсыб ендіден соң
Ұлық, бас уәзірім менім, — дейді.

Мұны қылдым сіздердің бәріңе бас,
Ойламаңыз жамандық, қылмаңыз қас.
Бас уәзір қылып, Шәмһүрден артық қылдым,
Хақ Тағала қылған соң бақытын жолдас.

Оған байғат қылғызды уәзірлерін,
Кигізді бас уәзірдің киімдерін.

Хүкіметін, мөһірін оған беріп,
Оған мойынсұндырды жұрттың бәрін.

Келе еді Жамсыбқа һәдие көп,
Көптігіні мысалы жердегі шөп.
Шәмһүрдің жүмлә малын оған берді,
Жиылған малдың оған қисабы жоқ.

Жамсыб бір күн анасына: — Анам, — дейді,
Сөз айтады бұ ғаріп балаң, — дейді.
Атамның ғылым-хикмет кітабынан
Қалмады ма бір кітап маған, — дейді.

Даниал өлген уақта қағаздарды
Бәйбішеге аманат қойып ерді.
Анасы сандығынан ашып оның
Аманат қағаздарын алып берді.

Жамсыб ол қағаздарға көзін салды,
Бар ғылымдық көңілінде толып қалды.
Қайсы жерде алтын бар, қайда күміс,
Көмілген орындарын біліп алды.

Ғылым-хикмет Жамсыбың білді бек көп,
Қасиетін сөйледі ағаш пен шөп.
Химия ғылымын түзетіп ол алғаннан соң,
Қарап еді — көрінді жетінші көк.

Андан жұлдыз төріне көзін салды,
Жұлдыздардың мәнзилдерін көріп алды.
Қанша ғылым нүжүмі тәлиф қылып,
Дүниеде ғылым нүжүм содан қалды.

Мұнша ғылым дәулетпен Жамсыб ағаң
Дәурен етті дүниеде бек көп заман.
Қанша жасқа келсе де бір кетеді,
Кім көріпті опаны бұ дүниядан.

Үшбу пәни дүниеден о да көшті,
Ажалдың шеңгеліне келіп түсті.
Сондайын ғазиз болған жанның құсы,
Саидының қапасындан шығып ұшты.

Ғылым-хикмет иесі Жамсыб ағаң
Қыла алмаған өлімге һеш дауадан.
«Күллу нафси заиқатул маути»* деп-дүр,
Білүр оны Құранды білген адам.

Ажалды татқушы-дүр бар тұрған жан,
Кеткүші-дүр баршасы бұ дүниядан.
Ғылымымен қалса, Жамсыб қалар еді,
Қалмас, сірә, өлімнен һешбір адам.

Тамам.

* «Әрбір [адам] жан өлімнің дәмін татады». Құран Кәрім. 2-сүре, 185-аят.

ҒЫЛЫМИ ҚОСЫМШАЛАР

ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ШАҺМАРАН

«Шаһмаран» дастанының негізгі идеясы — жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды дәріптеу, жоғары адами қасиеттерді насихаттау, үндеу.

Бұл құндылықтар мұсылман әлемінде, Батыста христиан дінімен байланыстырылғандай, міндетті түрде Ислам дінімен, оның негізгі ұстанымдарымен, қағидаларымен байланыстырылады да соларға негізделеді. Және де оларды, көбінесе, Алланың елшісі Мұхаммед пайғамбар Алла Тағаланың жолдауымен пенделерге жеткізіп баян етіп түсіндіріп, адамзатты дұрыс, тура жолмен жүруге, ізгілікке, әділеттілікке, мейірімділікке, т.б.с.с. шақырған, үндеген деп біледі. Сондықтан дастанды дүниеге әкелу себебін жыршы былай түсіндіреді:

Мұны жаздым жүректер солған үшін,
Қайғы-уайым көңілге толған үшін.
Бұл қиссаның ішінде һәр орында
Расулдың шариф есімі болған үшін.

Шығармада көне дәуірлерде қалыптасқан тотемдік ұғымдар негізінде пайда болған архаикалық мифтер, қиял-ғажайып ертегілер мен дастандық эпостың көптеген мотивтері мен сюжеттері, Құран Кәрім хикаяттары және шығыстық аңыз, әңгімелер кең көрініс тапқан. Жыршы оларды мазмұнына сәйкес лайықты қорытынды жасап көзделген ойды дәлелдеу үшін, шығарманың негізгі идеясын жүзеге асыру мақсатымен пайдаланып отырады.

Дастан мазмұны схемалық түрде төмендегідей: Алла Тағала Мұхаммед [ә.с.][1]-нан бұрын да жер жүзіне адамдарды дұрыс

[1] Ә.с. — әләйһиссалам/а/ — Оны Алла жарылқасын! Пайғамбардың атына жалғаса айтылған сөздің қысқартылған түрі.

жолға салу үшін бірнеше пайғамбарларды жіберген. Солардың бірі — Даниал пайғамбар, оның жалғыз ұлы Жамсыб — дастанның бас кейіпкері. Жамсыб эпос кейіпкерлеріндей жылап, жалбарынып сұрап алынған перзент емес, есесіне оның дүниеге келетінін, болашақ тағдырын, келешегін, атақты ғалым болатынын әкесі Даниал пайғамбар алдын-ала хикмет кітаптарынан біліп, қайтыс болар алдында әйеліне айтады. Даниал дүние салады. Біраздан соң ұл туады, атын Жамсыб деп қояды. Бала өседі, молдасынан дәріс оқиды, бірақта әкесі болжағандай оқуға, ғылымға еш бейімі болмайды. Сонда анасы күйеуінің айтқандарын есіне түсіріп, таң қалады. Әрине, ол Даниал сияқты болашақты болжайтын ғылым-хикметтің иесі емес...

Қолынан еш нәрсенің келмейтінін сезген Жамсыб отыншы болады. Сол кәсібімен айналысып жүріп күндердің күнінде Имлиха атты жыландардың патшасы — Шаһмаранның[2] қолына түседі. Жыландар патшалығының мекені — жер асты. Рұқсатсыз, құпиялы мекенін тауып келіп қолға түскен Жамсыбты Имлиха жер бетіне жібергісі келмейді. Оның себебін былайша түсіндіреді: жер бетіне шыққаннан соң жыландар мекенін басқа адамдарға көрсетесің, ал олар бізге зиян келтіреді. Сонан соң адам нәсілінің залымдылығына, уәдеде тұрмайтынына көзінің жеткенін дәлелдеу мақсатымен ұзақ әңгіме айтады. Оны Мысырдың Ұшаһ есімді патшасының тарихынан бастайды да, сонан соң оның екі баласы — Балқия мен Қаһар, кейін Ақап, Жаһанша, т.б. кейіпкерлердің басынан өткізген оқиға, тарихтарымен жалғастырады. Әрбір кейіпкердің басынан кешкен хикаясы — өз алдына қызықты әрі ғибраты, өнегесі мол тарих.

Дастан соңында бас кейіпкер Жамсыб жер-жаһан мен жұлдыздардың сырын білетін, ғұлама ғалым болады; опасыз, залым кейіпкерлер жапа шегеді; таза жүректі, ақ ниетті адал жан дегеніне жетеді де, оның арманы орындалады; білмей жасалған күнә кешіріледі.

Осы негізгі түйін-қорытындыларды дәлелдеп, оған оқырман мен тыңдаушының көзін жеткізу үшін жоғарыда айтылғандай әр қилы материал пайдаланылған. Оларды былай жіктеуге болады:

---

[2] Шаһмаран, шаһимаран [п; маран — жылан] — жыландар патшасы. Дастанда жыландар патшасы — шаһмаранның аты Имлиха, бірақ та мәтінде оның атынан гөрі титулы жиі айтылады, демек титулы есімге айналып кеткен секілді.

1. Құран Кәрімде және одан бұрын түскен басқа қасиетті кітаптарда баяндалған аңыз, әңгімелер; мысалы, Адам атамыз бен Хауа анамыздың жаннаттан қуылып жерге түскен тарихы; Алла Тағаланың Адам атаға құлдық ет деген бұйрығына Әзәзілдің көнбегені үшін жаннаттан қуылған тарихы, т.б.

2. Шығыс пен Батыс халықтарының фольклоры мен әдебиетінде есімдері жиі кездесетін әулие, пайғамбарлардың, тарихи және аңыздық тұлғалардың [Сүлеймен пайғамбар, Хызыр әулие, Намруд патша т.б.] тарихын, олардың хикметтерін баяндайтын аңыз, әңгімелер.

3. Ортағасырлық дүниетанымдық ұғым, көзқарастарға негізделген, жер-жаһанның пайда болуы мен орналасу, реттелу тәртібін баяндайтын әңгіме, хикаяттар.

4. Жұмақ пен тозақтың сипаты [Құран Кәрімге және хадистерге сәйкес].

5. Ертегілік және дастандық эпосқа тән түрлі сюжеттер мен мотивтер, олар өте көп.

6. Көптеген ортағасырлық географиялық мәліметтер: жер-су атаулары, ғажайып өсімдіктер, таңғаларлық хайуанаттар, теңіз жылқылары, денесі жартылай адам, жартылай маймылдар жайлаған елді мекендер, т.б.

Мәтінде келтірілген аңыз, әңгімелер шығыс әдетінше үлкен мәдениетпен, байсалдылықпен баяндалады. Мысалы, Намруд Көк Тәңірісіне оқ атып дегеніме жеттім деп, кеудесіне нан піскендей боп көпіріп мастанғанда, алдынан шыққан шайтан «мұртың боққа былғаныпты ғой» деп бір сөзбен сағын сындырады.

Назар аударатын жағдай — бұл дастанда ғылым, білім, көне кітаптар жоғары бағаланып, қастерленеді. Мысалы, Даниалдың оқып зерттеген кітабы туралы былай делінген:

Дүниеде ғылым-хикмет қанша болса,
Баршасы сол кітаптан қалған екен.

Көне кітаптардан кей кезде Алла Тағаланың құдіретіне ғана лайық құбылыс, мүмкіндіктер туралы мағлұмат алуға болатыны айтылады. Мысалы, өлімнен құтқаратын шөп туралы дерек.

Қорыта айтқанда, «Шаһнамаранда» ортағасырлық дүниетанымдық көзқарастар уағыздалады. Бірақ та олар жалаң ақиқат түрінде емес, шығыс халықтары әдебиеті мен фольклоры тұрғы-

сынан, онда қалыптасқан көркем бейнелер арқылы және жалпы алғанда хикаялық [новеллалық] рухта талданып түсіндіріледі.

Сонымен қатар бұнда таза діни идеялар да көрініс тапқан. Мысалы, дүниеге келген адамның мәңгі жасамайтыны о заманнан белгілі. Соған қарамастан орта ғасырларда Шығыс пен Батыстың көптеген ғалымдары адам ғұмырын ұзартатын, мәңгі жасауға мүмкіндік беретін әр түрлі дәру, шөп, тастарды, т.б. іздеумен айналысқаны белгілі.

Талқыланып отырған дастанда оқымысты, «Құдайым көп ғылымдық оған берген» Даниал пайғамбар сондай шөптің бар екенін көне кітаптардан біледі де, «Ажал дәруі болатұғын шөп бар екен», — деп, сол шөпті іздеуге шығады.

Ал Құран Кәрім бойынша пәни дүниеде адамның ғұмыры шектеулі, және әрбір пенденің тағдыры, оның жер жүзіндегі әлеуметтік жағдайы, өмірінің бақытты я бақытсыз болуы, дүние салатын мерзімі мен орны алдын ала жазылып қойған.

Демек, мәңгі өмір сүруге ұмтылу, ажалға қарсы дәру іздеу — Алла Тағалаға қарсы шығу. Сондықтан Даниал пайғамбар шөпті іздеп жолға шыққан сәтте Алла Тағала Жәбірейілді жібереді:

— Тез енді, — Жәбірейілге бұйырды Хақ,–
Даниал келе жатыр, көпірге бақ.
Қағаздары шашылып суға түссін,
Жылдам енді сен оның кітабын қақ.

Жылдам жетіс, көпірден жүрмес бұрын,
Таулардың арасына кірмес бұрын.
«Ажалға ем болатұғын шөп таптым», — деп,
Халайыққа хабарды бермес бұрын.

Яғни, бұл жерде Алла Тағала шығарманың кейіпкері ретінде қимыл көрсетеді де тікелей сюжеттің дамуына әсер етеді, себеп болады. Бұл — діни дастандарда жиі кездескенмен, ғашықтық, хикаялық, қаһармандық дастандарда сирек кездесетін мотив.

«Шаһмаранда» көрініс тапқан тағы бір таза діни идея — Мұхаммед пайғамбардың есімі мен оның елшілік қызметі туралы Құраннан бұрын түскен қасиетті кітаптарда жазылған-мыс деген Ислам тарихы мен оның теориялық мәселелерін зерттеуші ғалымдардың жорамалы.

Ғалымдардың гипотезасы дастанда аңыз түрінде берілген. Мысырдың Ысрайыл ұрпағынан шыққан Ұшаһ атты патшасы Таураттан Мұхаммед пайғамбар туралы хабар алады:

Тауратта Мұхаммедтің мадағын көрген,
Артық-ты бар көрген пайғамбардан.
Мұхаммед — шын Құдайдың досы екен, — деп,
Көргеннен соң көңілін оған берген.

Бірақ та халқы дүниеге әлі келмеген пайғамбарға көңілін беріп өз дінінен бет бұрып кетуі мүмкін екенін алдын ала болжайды:

Ол пайғамбар бір уақыт болар, — дейді,
Оның уақытын біле алмас олар, — дейді.
Ол пайғамбар дініне кіреміз, — деп,
Өз дінінен айырылып қалар, — дейді.

Содан қауіптеніп Мұхаммед [ә.с.]-ның аты жазылған беттерді бір сандыққа жасырып қояды. Біраз жылдар өтеді. Кәмелетке жетіп әкесінің орнына патша болған ұлы — Балқия сол қағаздарды тауып алып, халыққа жариялайды да, өзі көңілін Мұхаммед пайғамбарға беріп, оны іздеу мақсатымен тақ-тәжін, ел-жұртын тастап, ұзақ сапарға аттанады. Яғни, кейіпкердің жолға шығу себебі [завязка] — ғалым-теологтардың жорамалы.

Жырлаушы шығыс мифологиясын, Ислам тарихын, Құранды жақсы біледі. Сонда да кейбір жағдайда қателеседі. Мысалы, мұсылмандар мекен еткен Наһруан атты қалада сенбі — демалыс күні делінген, ол қате, себебі сенбі — иудей дінінде демалыс күні болып саналады.

Тағы да бір жерде Мұхаммед пайғамбар үшін «жаратып-дүр жын мен перілерді, ол сондайын пайғамбар, оның үшін Ғалам халқын жаратқан Хақ Қадірім» делінген. Ал Құран Кәрімде: «Жын мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым»[3] делінген.

Шығарманың көп ерекшеліктерінің тағы бірі — Жамсыбпен қатар жоғарыда сөз болған жыландар патшасы — Шаһмаранның бас кейіпкер ретінде бой көрсетуі.

[3] Құран Кәрім: Қазақша мағына және түсінігі. Аударған Халифа Алтай. — Мәдина, 1991. — 51 сүре, 56 аят.

Көне дәуірлерде қалыптасқан архаикалық тотемдік ұғымдар, түсініктер негізінде пайда болған жыланның мифтік бейнесі шығыс халықтарының фольклорында, соның ішінде қазақ фольклорында да жиі кездеседі. Фольклорда жылан бейнесінің негізгі функциясы — адам баласына жәрдемдесу, көмек беру. Талқыланып отырған мәтінде Шаһмаран сол функцияны толық атқарады.

Дастан сюжетіне «Мың бір түн» цикліне кіретін үш ертегі арқау болған, олар: «Мәлік-Маран туралы әңгіме», «Балқия туралы әңгіме», «Жаһаншаның өмірі туралы әңгіме»[4].

Бұларды Шаһризада 428 — 484-түндер аралығында жалықпай патшаға айтып шығады. Мұндай ұзақ ертегілер көлемділігіне және кейбір жанрлық ерекшеліктеріне орай зерттеу еңбектерде фольклорлық әңгіме [повесть] деп аталады.

«Шаһмаран» дастаны өте көлемді, 9194 жолдан тұрады, мазмұны өте бай һәм маңызды, фабуласы күрделі, көп сюжетті, көпқабатты. Соған қарамастан композициясы өте тартымды, жинақы, оқуға, тыңдауға, жалпы қабылдауға жеңіл, ұғымды. Оның себебі дастан фабуласын құрайтын сюжеттер мен мотивтер, фольклорлық аңыз, әңгімелер, Құран Кәрім мифтері мен хикаяттар, бір сөзбен айтқанда, көптеген аралық әңгімелер бірбірінен туындап отырады. Олар мазмұны, кейіпкері, бастапқы идеясы, т.б. жағынан бір-біріне тікелей қатысты, өзара байланыста емес. Бірақ та оларды біріктіріп байланыстыратын негізгі кейіпкерлер — Шаһмаран мен Жамсыбтың тағдыры, сондықтан олар бір-бірінен туындап, бір-бірін жалғастырады да, дастан фабуласын құрайтын отыз шақты сюжет пен мотивтер іштей тұтастанып, шығарманың мазмұнын байытып, маңызын тереңдетіп, негізгі идеясын аша түседі.

Яғни, бұл шығармада шығыс әдебиетінде жиі кездесетін, ғылыми еңбектерде «рамочная композиция»[5] аталып кеткен тәсіл қолданылған. Нақтылап айтқанда, мұнда сол тәсілдің таза моделі сақталмаса да, дастан композициясы сол тәсілдің басты принциптеріне негізделген, сондықтан шығармаға енген ертегі, миф, аңыз, әңгімелер, хикаяттар, т.б. дастанның негізгі өзегінен өрбіп тұтастық танытады.

---

[4] Мың бір түн. Аударған Қ. Әбдіқадыров. — Алматы,1961. — 2-том: — 443-471 б.; 3-том: — 3-51 б.

[5] *Гринцер П.А.* Древнеиндийская проза [Обрамленная повесть]. — М.,1963. — С.3.

«Шаһмараннның» тілі мен стилі дастандық эпостың кітаби үлгілеріне тән. Сонымен бірге бұл шығарманың өзіндік ерекшеліктері бар:

— Мәтінде ортағасырлық жазба ескерткіштерде қолданылған бірнеше сөздер еш өзгеріссіз сақталған, мысалы: тірлік лексемасы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» [XI ғ.] поэмасында қолданылған көне тіріклік[6] түрінде, ал илану етістігі М.Қашқаридың «Диуану лұғатит түрк» атты еңбегінде [XII ғ.] кездесетін инану[7] түрінде берілген.

— Көптеген жағдайда етістіктердің көне түрлері сақталған: дейе, дейүр, дерділер, дейе-дүр, деплер, дейүп, жейер едік, жейүп, жейе-дүр, көргеш, мінгеш, барғаш, тойғаш, болмағаш, жақындағаш, алұрсың, білүр, айтұр, таң атқаш, отыра екен, көресім келіп, естіселер, білселер, біле алмаслар, көре алмаслар, тимеслер, қарасалар, сөзле, білетұрған, салатұрған, т.б.

— «Е» етістігі оғыз тілінің сөз қолдану үлгісінде кездеседі: барған ердім («едім» орнына), бар ерді («еді» орнына) т.б.

— Етістік, сын есім түріндегі сөздер «дүр» тұлғасында жиі қолданылған: бар-дүр, аян-дүр, оңай-дүр, жүрген-дүр, татқышы-дүр, т.б.

— «Мен» тұлғалы шылау «білән», «бірлән», «илә», «илән» түрінде жиі қолданылады.

— Тілек-өтінішті білдіретін -шы, -ші жұрнағының орнына сәна жұрнағы жиі қолданылады: бар-сәна, айт-сәна, қара-сәна, қуант-сәна, есті-сәна, т.б..

— Жалпы, мәтінде жоғарыда келтірілгендерден басқа да көне формалар көп кездеседі, мысалы: менім, меніммен, мұндан соң, аның, андан соң, андан соңыра, андан, анға, бегірек, үшбу, менден, соңындан, артындан, т.б.

— Бірнеше орыс тілінен ауысқан сөздер қолданылған — поднос, жаркой, замок, минут, т.б.

Дастанның жариялану тарихы күрделі. 1986 жылы жарық көрген «Қазақ кітаптары» атты библиографиялық көрсеткіште бұл дастан алғаш рет 1881 жылы «Қисса-и Шаһмаран» деген атпен Қазан қаласында жарық көргені туралы мағлұмат берілген[8].

---

[6] Древнетюркский словарь. — Л.,1969. — С.562.

[7] Древнетюркский словарь. — Л.,1969. — С.182.

[8] Қазақ кітаптары: Библиографиялық көрсеткіш (1807-1917). Құрастырғандар: С. С. Есова, Ү. Сұбханбердина, Д. С. Сейфулина. — Алматы,1986. — 48-б.

Ал 1978 жылғы «Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар» атты аннотацияланған библиографиялық көрсеткіште ол «Хикаят Шаһмаран» деген атаумен Қазан қаласында 1893 жылы басылып шыққан делінген[9].

Өкінішке орай, XIX ғасырда араб әрпінде баспа бетін көрген бұл кітаптар әзірше табылмай отыр. Қорларда шығарманың 1901, 1907,1909,1913 жылдары жарық көрген нұсқалары ғана сақтаулы. Ол басылымдардың аттары әр түрлі.

1901 жылғы басылымның бірінші титул бетінде шығарманың аты былай көрсетілген: Шаһмаран кітабы. Қазақ тілінде; 1907 жылғы басылымда: Шаһмаран хикаясы. Қазақ тілінде; 1909 және 1913 жылғы басылымдарда: Шаһмаран. Қазақ тілінде.

1901 жылғы кітаптың титул бетінде төменгідей жазу бар:

Шаһмаран кітабы. Қазақ тілінде. Бұ кітап баспасына рұқсат берілді Санкт-Петерборгта 22 май, 1901 жылы. Бұ кітап Қазан университетінің кітапханасында баспа етілмішдүр Қазан уезі Төбен айшы ауылының Исмаил Нәжмедин ұғылы Шәмсидиновның қаражаты илән 1901 жылда. Казань, лито-типография Императорского университета.

Ал 1907 жылғы кітаптың титул бетінде былай жазылған:

Шаһмаран хикаясы. Қазақ тілінде. Нашыры: Исмаил Нәжмедин ұғылы Шәмсидинов Қазанда. Казань, лито-типография Императорского университета.

Бұл басылымдарда мәтін айтушысы, жырлаушысы, жинаушысы туралы еш мәлімет жоқ, тек қана мәтіннің ең соңында мынандай жазу бар: 21 июнь 1895-ші санади[10], Көкшетау Жүсіп Нұрым ұғылының.

Ал 1909 және 1913 жылғы басылымдарда мәтінге дастанның жариялану тарихына қатысты біраз жолдар қосылған:

Бір мың сегіз жүз тоқсан бесіншіде [1895] жаздым мұны,
Көңілім болып алаң күні-түні.
Әуелі жазып жібердім Құсайыновқа,
Баспа қылып кеңесім жай деп жұртқа.

---

[9] Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. 1807-1917 (Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш). Құрастырышулар: М. Бөжеев, Д. Қазыбекова, К. Бегімбаева. — Алматы,1978. — 25-б.

[10] Санад /а/ — жыл.

Қолына бөтен кісі түсіп кетіп,
Біздерді алмай кетті ілтипатқа.

Исмаил Шәмсидинов пайдаланған,
Кеңесім баспа қылып жұртқа жайған.
Бойына бұл қиссаны сіңірген соң,
Біздерді іздемес деп жикіл сайған.

Құсайыновқа дәуеріні[11] ол уақытта,
Хатпенен атын жайып һәрбір жаққа.
Дәм таусылып Құсайыновтан шығып кетіп,
Баспашы болды өзі үшбу шақта.

Шыққанда бұл қиссаны алып кеткен,
Көңіліне жаман ойды салып кеткен.
Білер деп мұны өзі жүрдім күтіп,
Он үш жыл екі арада кетті өтіп.

Қазанға жете алмаймыз жері алыс,
Шәмсидинов хатпен жұртқа болды таныс.
Не бізге, не Құсайыновқа пайдасы жоқ,
Ізденбей жату бізге болды намыс.

Баспаға Құсайыновқа қайта жаздым,
Мехнаты бос кетпес деп өнерпаздың.
Тереңнен сөз шығарып жазып едім,
Жетпейді зейіні бұған ақылы аздың.

Қайтадан Құсайыновқа жаздым мұны,
Жетпіске пақырың келген күні.
Шәмсидинов Исмаилға көңілім қалды,
Он үш жыл сатып мұны пайдаланды.

Ғизатлу Құсайыновқа бек көп сәлем,
Тапсырып қайта жаздым қылып кәлам.
Тоғыз жүз тоғызыншы [1909] жыл дегенінде,
Январьдың он төртінде болды тамам[12].

[11] Дәуеріні — [орыс] — сенімді[доверенный].
[12] Қосылған жолдардың көлемі — 52, біз қысқартып беріп отырмыз.

Келтірілген жолдардан Жүсіп Нұрымұлы бұл дастанды алғаш 1895 жылы қағазға түсіріп, оны жариялау мақсатымен Қазан қаласына Ш.Құсайыновқа жібергені анықталып отыр. Бірақ та ойдағыдай шықпай, дастанды Ш.Құсайынов емес, оның ол уақытта сенімді қызметкері болып, кейін Ж.Нұрымұлы айтқандай, «дәм таусылып Құсайыновтан шығып кетіп» өз алдына баспагер болған Исмаил Нәжмедин Шәмсидинов өз қаражатымен басып шығарып пайдаланып кеткен. Оған наразы болған Ж.Нұрымұлы 14 жылдан кейін, яғни 1909 жылдың қаңтар (январь) айында мәтіннің тағы бір данасын дайындап, соңына біз үзінді келтірген 13 шумақ өлеңін қосып Ш.Құсайыновқа қайтадан жібереді.

Сәті түсіп көп кешікпей мәтін, 1909 жылдың аяғында болса керек, кітап болып жарық көреді.

Демек, 1909 жылы жарық көрген кітапты Ш.Құсайынов ұрпақтары Жүсіп Нұрымұлы 1909 жылы қайтадан жазып жіберген нұсқасынан бастырған. 1913 жылы осы кітап еш өзгеріссіз тағы басылып шығады. Сонымен «Шаһмаран» небәрі төрт рет кітап болып басылып шықты.

«Шаһмараннің» жарық көрген төрт басылымының арасында еш айырмашылық жоқ.

Дей тұрғанмен, 1909 және 1913 жылғы мәтіндерде кейбір сөздер, мысалы: қылды — қылдым деп, бағын — бақытын деп, түзеп — түзетіп, өлімді — адамды деп, т.б. қисынсыз өзгертіліп, қате басылып кеткен.

Бұл баспа тарапынан кеткен олқылық па, я болмаса Ж.Нұрымұлы 1909 жылы мәтінді екінші рет дайындағанда саналы түрде, я аңғармай өзгертіп жіберген бе — оны анықтау мүмкін емес.

Тағы бір анықталатын мәселе — «Шаһмараннің» қолжазбасын дайындап Қазанға бастыруға жіберген Ж.Нұрымұлы мәтінді біреудің айтуынан жазып алды ма, басқа бір қолжазбадан көшірді ме, я өзі жырлап өзі қағазға түсірді ме?

Осыған байланысты назар аударатын жайт «Шаһмаран» мәтінінде он бір рет Фахредин деген адам есімі кездеседі, мысалы:

Фахредин, арпаның шарафатын
Айттың, оның сауабын, берекетін [221-222 жол].

Әй, Фахредин, шаршатпа өзіңізді,
Көп сөз жазып талдырма көзіңізді [549-550 жол].

Шаһмаран Жамсыбқа айтып отыр,
Фахредин қағазға жазып отыр [1413 — 1414 жол].

Фахредин, айт оның қасиетін [2266 жол].

Біле алмасаң, Фахредин айтып кетсін [2478 жол].

Фахредин-ау, айтып кет мәжарасын [5308 жол].

Орта арада Фахредин сөзін бөліп
Аңласын деп айтады мұны саған [5485-5486 жол].

Бұл Фахредин перізатын
Оның мақтап кәмилатын,
Жаһаншаның хикаятын
Жайып жұртқа жаза-дүр сөз [5621-5624 жол].

Фахредин дер зікір илә
Мүллә-йа, үйірдім көңілімі [5687-5688 жол].

Ортада сөзді бөліп Фахредин
Аңласын деп айтады жүмлә жаран [6471-6472 жол].

Қай етесің, Фахредин бейшараңыз,
Оралмалы сөзі көп, өзі жалғыз [7339-7340 жол].

Келтірілген мысалдардан бұл есім бір ғана ситуацияда кездесетіні көзге түседі: жыршы өзінің атын атап «Әй, Фахредин», — деп өзіне үндеу жасап отырады.

Осыдан Фахредин есімді дастан жыршысы мен қолжазбаны жазып Қазанға екі мәрте жіберген көкшетаулық Нұрым Жүсіпұлы екі бөлек адам болған деп қорытынды жасауға болады.

Бұған қоса жоғарыда келтірілген деректерді [дастан 1881 жылы және 1893 жылы кітап болып шыққаны туралы] назарда ұстасақ және Ж.Нұрымұлы қолжазбаны 1895 жылдың июнь айында жазып бітіргенін ескерсек, Ж.Нұрымұлы дастан

мәтінін бұрын жарық көрген кітаптан, я әзірше бізге белгісіз бір қолжазбадан көшіріп, соңына өз атын қосып қойған деп болжауға болады. Себебі ол уақыттарда қағазға түсіруші, көшірушілер көптеген жағдайда өздерін жазушы деп санаған, өйткені олар жазу дегенді бір жағынан өте кең мағынада түсінуімен қатар кейде дәлме-дәл, сөзбе-сөз түсінген.

Әлбетте, 1881 жылғы және 1893 жылғы кітаптар табылмай Фахреддиннің кім екенін анықтау мүмкін емес.

Сондықтан әзірше Ж.Нұрымұлы еңбегін «Шаһмаран» мәтінінің айтушысы, көшірушісі, оны дайындап баспаға жіберуші ретінде бағалағанымыз жөн.

Дастанның өзге варианттары, қолжазбалық нұсқалары, т.б. ел аузынан жазылып алынған үзінділері әзірше кездескен жоқ. Сонымен бірге ертегілік нұсқалары бар, мысалы, «Шаймардан патша» ертегісі [ОҒК: Ш. 96].

Томға ұсынылып отырған мәтін 1909 жылғы араб әрпіндегі басылымнан еш өзгеріссіз даярланды.

Қазіргі қазақ [кирилл] әрпінде бірінші рет басылып отыр.

МӘТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет-қайымды жаратушы, Ислам дінінің баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: Алла — жалғыз, Алла — мәңгілік, ол тумайды да туылмаған, әрі оған ешкім тең емес*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәниде істеген қылықтарын таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Атап айтқанда, Мұса (Моисей) мен Иса (Иисус) осындай өкілдер болды. Мұхаммед — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен 23 жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал, табынудың басты орны — Меккедегі Қағба болып саналады: онда аспаннан Алла жіберіпті деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз тамаша есімдері көрсетеді. Мысалы: Ақбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шәріф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафур (кешірімді), т.б.

---

* Құран Кәрім. Ихлас сүресі.

Алланың атын зікір ету рәсімі 34 рет Аллаһу Акбар, 33 рет Сұбхан Аллаһ, Әлхамдулиләһи деген мадақ сөздерді іштей күбірлеп, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Адам ата — діни аңыздар бойынша Алла Тағала топырақтан жасаған алғашқы адам. Балшық-мүсін ұзақ жылдар жансыз тұрады. Ақырында Алла Тағала Адамға жан кіргізеді. Сонан соң адамның қабырғасынан Хауаны жасайды. Алғашында екеуі періштелер қатарында болып, олардың арасында «беделді», «құрметті» орынды иемденеді. Періштелер Алланың жарлығы бойынша Адам мен Хауаға бас иіп, ғибадат етеді. Бірақ Ібіліс атты періште бұл жарлықты орындаудан бас тартады. Сол үшін Алла Тағала Ібілісті жұмақтан қуып жібереді.

Осыған өкпелеген Ібіліс Адам ата мен Хауа анадан өш алудың жолын іздейді. Ақырында Ібіліс шайтанның сөзіне иланған олар алдауға түсіп, тыйым салынған жемісті жейді. Осы күнәлары үшін Адам мен Хауа бейіштен аласталып, Көктен Жерге түсіріледі. Олардан бүкіл адамзат тарайды.

Әзәзіл — діни аңыздар бойынша «Адамға сәжде қылыңдар» деген Алла Тағаланың бұйрығын орындамаған Ібілістің бұрынғы есімі; азғырушы, жолдан тайдырушы.

Әзірейіл—Аллаға жақын періштелердің бірі, жан алғыш періштенің есімі. Адамды жаратар алдында Алла жердің әр тұсынан саз әкелуге періштелерін жұмсайды. Жер оған қарсылық көрсетеді. Жәбірейіл де, Мекайыл мен Ысрапыл да жерден бір шөкім саз үзіп ала алмайды. Бұл шаруаны Әзірейіл ғана атқара алған, осы қаталдығы үшін ол жан алғыш бас періште болып тағайындалған. Адамға ажал мезеті жеткен кезде Алла Тағаланың жанында өсіп тұрған ағаштан әлгі адамның есімі жазылған жапырақ үзіліп түседі. Әзірейіл қырық күн мерзім ішінде сол адамның жанын алуға тиіс.

Даниал — аты Исламға дейін белгілі болған пайғамбар, аңыз бойынша су бетімен жүре алатын болған.

Жәбірейіл—Аллаға жақын періштелердің бірі, Алла мен пайғамбарлар араларында жүріп, оларға Алланың аянын айтушы. Ол Алла Тағаланың әмірімен Мұхаммедке (ә.с.) келіп Құран аяттарын жеткізген. Жәбірейіл Адам Атаға бейіштен қуылғаннан кейін де қамқор болған, Нұхтың құтылуына көмектескен және ұлы Ыбраһымды құтқарған. Жүсіпке көп

тіл үйреткен, Дәуітті сауыт жасауға баулыған, сонымен қатар Сүлейменге көмектесіп, Зәкарияға Жақияның қашан туатынын болжап берген.

Жүсіп — Зылиха — шығыс халықтарының «Жүсіп-Зылиха» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері.

Қожа Ахмет Иасауи — Ахмет бин Ибраһим бин Әли — атақты сопы, түркілік суфизмнің негізін салушы, философ, ақын. Шамамен 1093 жылы Түркістан шаһарының маңындағы Сайрам (Исфиджаб) қаласында туылып, XII ғасырдың аяқ кезінде қайтыс болған. Оның есімі Түркістанның «Кіші Мекке» деп аталуына тікелей қатысты. Қожа Ахмет Иасауидің мол мұрасынан бізге жеткен негізгі шығармасы — «Диуани хикмет».

Мәжнүн — Ләйлі — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Азия халықтарының «Ләйлі мен Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Араб мәнбелері бойынша Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген ақын. Ләйлі, Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Мекайыл — Аллаға жақын төрт періштенің бірі, Адам (ә.с.)-ға табынған алғашқы періштелердің бірі. Ислам аңыздары бойынша Мұхаммед (ә.с.) Миғражға көтерілгенде көкірегін ашып, жүрегін тазалағандардың ішінде болған.

Мұсылмандардың магиялық күштерге байланысты ілімінде Мекайыл періштенің есімі кеңінен қолданылған.

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар. Інжіл бойынша Моисей. Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі.

Бала кезінде Мұса (ә.с.) мен оның туыстарын перғауын (перғауын — Мысыр патшасының атағы, титулы) жендеттері құдалайды. Мұса (ә.с.) анасының арқасында өлімнен аман қалып (шешесі оны бесікке салып өзенге ағызып жібереді), оны перғауынның әйелі бағып, тәрбиелейді.

Аңыз бойынша Мұса (ә.с.) — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші Пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (ә.с.)-ға Мысыр маңында «от болып» көрінеді. Оны перғауынға өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға: «Өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық», — деп бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израилдықтар сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Мұхаммед — ең соңғы пайғамбар, Ислам дінінің негізін салушы. Мұхаммед (ә.с.) 570 жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал, анасы Әмина Расул Алла* алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алғашқы уахи рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түсті. Мұхаммед 610 жылдары 40 жасында Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін — Исламды уағыздай бастайды.

Мұхаммед (ә.с.) Ислам дінін жария еткенде арабтардың басым көпшілігі пұтқа табынатын. Олар Ислам дініне қарсылық білдіріп,түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (ә.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдина қаласына қоныс аударады. Бұл жыл Ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы — «хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (ә.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдина қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі), т.б. эпитет есімдері бар.

---

* Расул Алла — [Расул (а) — елші] — Алланың елшісі.

Намруд — аңыз бойынша көне Бабыл (Вавилон) патшалығын құрушы, Ыбраһым пайғамбарды отқа жақпақ болған патша.

Нұх — пайғамбар, Құран кейіпкері. Інжілдегі Ной. Құран Кәрімде оның аты 43 рет аталады және 71-сүре осы Нұх пайғамбар мен оның әулеттеріне арналған.

Дүние жүзі халықтарының көбінде Нұхтың есімі «топан су оқиғасымен» байланысты айтылады. Аңыз бойынша, жер бетін топан су қаптағанда Нұх пайғамбар оны Алланың жәрдемімен алдын ала сезіп, алып кеме-күпшекті жасайды да, күнәсіз адамдар мен жан-жануарлардың әр түрінен жұптан алып, әлгі кемеге мінгізеді, осы кемеге мінген тіршілік иелері апаттан аман қалып, өмір қайта жалғасады.

Ризуан — аңыз бойынша бейіштің есігін күзетуші періште.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт (ә.с.) еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен (ә.с.) мұсылман елдерінің ертегі дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Төрт жар — Шаһариарлар *[шаһар /n/ — төрт, йар /m/ — жар, серік]* — тарихта «ал-Хулафа ар-Рашидун» деген атпен белгілі, араб мемлекетін бірінен соң бірі кезекпен билеген төрт әділетті халиф — Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли.

Олар Мұхаммед пайғамбар уағыздаған жалғыз Құдайлық дінді ең бірінші болып қабылдап, оның ең жақын, шын берілген сенімді серігі, жолдасы болды және Ислам дінін тарату, нығайту ісін ары қарай жалғастырды.

Хызыр, Қызыр [Қыдыр баба] — аңыз бойынша Алла мәңгілік өмір берген қасиетті киелі тұлға, көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақтардың да мифтерінде, фольклорында, діни аңыздарында жиі кездесетін, аты аңызға айналған

архаикалық образ; оның есімі Ілияс (ә.с.) пайғамбармен қосарлана айтылады.

Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қыдыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар оны тек Ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді.

Қыдыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар.

Қазақ фольклорында Қыдыр баба — ел аралап жүрген ақ киімді, адам бейнелі әулие, адамға қамқоршы, бақыт, дәулет беруші, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы.

Ысрапыл — қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгенін сырнай (соры) арқылы жеткізеді. Ысрапыл Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлайды.

Ібіліс — діни ұғымда көктен қуылып, адамдарды Алланың ақ жолынан тайдыратын, күнәға ұшырататын перінің есімі. Ібілісті басқаша — шайтан, «Алланың жауы» немесе жай ғана «дұшпан» деп атайды.

Құран Кәрім бойынша Ібіліс Алланың тілін алмаған, Адам атаның алдында тізе бүгуден бас тартып, «Мен одан артықпын; Сен мені оттан, оны топырақтан жаратқансың» деп қарсы шыққан. Міне, осы әрекеті үшін ол көктен қуылып, тозақ отына түсуге ұйғарылды. Алайда, Ібіліс Алладан жазасын қиямет қайымға дейін кешіктіруін жалбарынып сұрады және ол өзіне іштей Аллаға жерде қастық істеуге және адамдарды теріс жолға азғыруға уәде берді.

Раджим — «таспен атқыланған» (күнәлі немесе ақ жолдан тайған) — Құранда жиі кездесетін Ібіліске байланысты қолданылатын эпитет.

СӨЗДІК*

Аға /т/ — басшы; мырза

Ағза /а/ — дене мүшелері

Ажиз, ғажиз /а/ — күйсіз, әлсіз, нашар

Ақырет, ахирет /а/ — ақырет күні. Мұсылмандардың ұғымы бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық сезіледі. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса қабір азабын тартатын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Аллаһу ағлам /а/ — Аллаға аян

Анда /т/ — онда

Андан /т/ — одан; андан соңыра /т/ — одан кейін

Анлар, аны, аның /т/ — олар, оны, оның

Асир /а/ — тұтқын; құл, күң

Ассалауат уассалам әләйка — сізге рақым мен тыныштық болсын.

Асы, ғасы /а/ — күнәһар, шариғатқа қайшы істер жасаған кісі.

Афарин /п/ — мақтау; «жарайсың»

Аһл-айлат /а/ — қатын-бала

Аһы — ah ұру, өкіну

Ашық, асық /а/ — ғашықтық, махаббат; ғашық, сүйікті

Әбсәт /а/ — қуаныш; қанағат

Әгар — егер

---

* Мәтінде басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін. Сол сөздер кейде ауыспалы мағынада да қолданылған. Сондықтан біз ұсынып отырған дастанда кездесетін осындай сөздердің мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Әдіпсін — өнерлі, белгілі бір кәсіпті меңгерген.

Әйла /т/ — жасау, істеу

Әләйһиссалам /а/ — Оны Алла жарылқасын! Пайғамбарлардың атына жалғаса айтылатын сөз. Қысқартылған түрі — ә.с.

Әлжинс мағ-әлжинс /а/ — әр жыныс өз жынысымен

Әлпет /а/ — рұқсат

Әлхамдулла, әлхамдулиллаһу /а/ — даңқтың бәрі Аллаға! Бұл сөз тіркесі «Аллаға шүкір» деген мағынада да қолданылады.

Әлхасыл /а/ — бір сөзбен, қысқаша айтқанда; әлқисса

Әлік /а/ — тура мағынасы «өзіңе», «саған»; амандасу

Әрбаи /а/ — рубаи сөзінің көпше түрі

Әсіл /а/ — түбі, тамыры, түп негізі

Әуара /а/ — есуас; әуре

Әулад /а/ — [уәләд сөзінің көпше түрі] — ұрпақ; балалар; әулет

Әулие /а/ — қамқоршы, уәли сөзінің көпше түрі

Әфсүн /а/ — арбау, дуа, сиқыр

Баб /а/ — қайнар, бұлақ

Бағзы /а/ — кейбіреулері, кейбірі

Бағыр /т/ — бауыр. Көне және орта ғасырдағы түркі әдебиеті мен фольклорында «бағырым езілді», «бағырым пара болды» және тағы басқа сол сияқты сөз тіркестері қайғылы, қасіретті жағдайды білдіреді.

Бағышлау /т/ — кешіру, ғафу ету

Байғат /а/ — ант; келісім

Байрам /т/ — мереке, мейрам

Бақ-бустан — бау-бақша

Бақи /а/ — мәңгі

Баһар /п/ — көктем

Бәйіт /а/ — қос тармақты өлең шумағы

Бәкіра /а/ — жас қыз, бойжеткен

Бәл /а/ — бірақ, дегенмен

Бәлә /а/ — иә

Бәни /а/ — ел-жұрт, ру

Бәни Ысрайыл — Ысрайыл халқы, елі

Бәрәк Алла /а/ — бәрекелді

Бегірек /т/ — бек, өте

Бек /т/ — өте, аса, тым

Бен /т/ — мен

Бенниа /а/ — ниетпен

Бенім — менің

Бикүнә — күнәлі, күнәһар

Биқам /а/ — тіп-тік

Биқисап — сансыз, өлшеусіз, өте көп

Биллур тас — тау хрусталі.

Бина /а/ — құрылыс, ғимарат.

Бинакаһ /п/ — жазықсыз, күнәсіз

Бисмилла /а/ — Алланың атымен

Биһүшт, биһүш /п/ — көңілсіз; ессіз болу, естен танып қалу

Бустан /а/ — бақша

Бүгаздау /т/ — бауыздау

Білән, бірлән, бірлә, илән /т/ — мен, бірге

Гаулау /п/ — шулау

Гәп, кеп /п/ — сөз, ірі әңгіме; хикая; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі.

Гиран /п/ — өзен, көлдің жағалауы

Гөзәл /а/ — көрікті, әдемі, сүйікті

Гүйә /п/ — сияқты, секілді

Гүнша /т/ — гүл; раушан

Ғазап /а/ — ауыр бейнет, қиыншылық; ашу-ыза; көңілі толмау

Ғазиз /а/ — қымбатты, ардақты, аяулы

Ғайып болу /а/ — жоқ болу

Ғалаб /а/ — жеңіс

Ғаламара — бүкіл әлем

Ғалат /а/ — өтірік, қате, қателік; адасу

Ғалиб /а/ — жеңімпаз

Ғалым /а/ — білімді, бәрін білуші; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Ғамкін /а/ — көңілсіз, жабырқау, қайғылы, дертті

Ғанбар /а/ — сарай, қойма; ангар

Ғар /а/ — үңгір, апан

Ғариб /а/ — жат жерлік, бөтен

Ғаршы-Күрсі /а/ — [ғаршы /а/ — тақ; ғарыш; аспан; күрсі /а/ — орындық; орын; тақ] — мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: жеті қат көк.

Ғарық болу /а/ — бату, суға кету

Ғаріп /а/ — бейшара, мүсәпір, міскін

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу; надан, қараңғы; аңқаулық

Ғиар /п/ — жылан

Ғибадат ету /а/ — құлшылық ету

Ғизатты — даңқты, абыройлы, күшті, құдіретті

Ғинаят /а/ — Құдай мейірімі, жарылқау, мейірімділік

Ғифрит /а/ — құбыжық, зұлым күш иесі

Ғишрат, ғейіш–ғишрат /а/ — сауық-сайран, қызойнақ

Ғұзыр /а/ — өтініш

Ғылым нұжұм /а/ — жұлдыздар туралы ғылым, астрономия

Дағуат /а/ — шақыру; уағыз айту

Дәпін, дәфін /а/ — жерлеу

Дәргаһ — құдай құзыры; қақпа, есік; салтанатты сарай

Дәркәр /п/ — қажет, қажеттілік

Дейүп, дейүрлер /т/ — деп, дейді

Диуан /а/ — жинақ; жиын, топ; мәжіліс, кеңес

Диуар /п/ — қабырға

Дост /п/ — дос, жолдас

Дүниәат /а/ — ғалам; жарық дүние

Есім ағзам /а/ — Ұлы есім; Алла Тағаланың 99 есімін түгел атап, өз қалауын тілейтін дұға

Жадд /а/ — ұлы, керемет

Жаллад /а/ — жендет, бас алғыш

Жамағат /а/ — қауым

Жамал /а/ — келбет, дидар, жүз, көрік; сұлулық, әдемілік

Жамиғ /а/ — топ, жиын

Жаппар /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жаркой /о/ — қуырдақ

Жауһар — гауһар

Жәдігер — мұра

Жәлил /а/ — ұлы, даңқты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Жейер — жейтін

Жеті ықлим, ықылым — мұсылман елдерінің орта ғасырлық фәлсапасы бойынша жер-жаһан жеті қабаттан тұрады деген географиялық түсінік болған. Мәтінде патшаға бүкіл әлем бағынды деген мағынада қолданылған.

Жимағ /а/ — төсек қатынасы

Жисм /а/ — тек, нәсіл

Жұрағат /т/ — ұрпақ, бала

Жұмла, жұмлә /а/ — бәрі, барлығы, түгел

Забун /а/ — әлсіз, халі кеткен

Зағиф /а/ — әлсіз, нашар; соқыр

Зағыпыран — сары түсті гүл; мәтінде ауыспалы мағынада қолданылған: сарғайып зағыпырандай.

Замок /о/ — құлып

Зарар — зиян, шығын

Зауық-сафа /а/ — ойын-сауық

Захмат /а/ — қиындық; еңбек; іс, қимыл

Заһар /а/ — у

Заһи /а/ — нұр шашқан; жарқыраған

Зәбур — Алладан түскен төрт кітаптың бірі

Зекет /а/ — мал-мүліктің қырықтан бірін алатын салық

Зина /а/ — нәпсіқұмарлық, жезөкшелік; неке бұзушылық

Зинат /а/ — көркем

Зинатталған — әшекейленген, әсемделген

Зинһар /а/ — анық, өте

Зинһар айту /п/ — ашық, жасырмай айту

Зипа, зиба /а/ — көрікті, сұлу, мүсінді

Зияда /а/ — өте, тым, көп

Зиярат /а/ — көрісу; сәлем беру, қол беру; құлшылық

Зулағырақ /а/ — жағалауы бар

Зүбәржат /п/ — жасыл түсті асыл тас

Зымыстан /п/ — адам төзгісіз, қатты; қыс

Зікір /а/ — белгі; уағыз, насихат; зікір ету, айту — еске алу, есте сақтау; ауызбен айту, баян ету; көбінесе Алла Тағаланы еске алып, жалбарыну мағынасында. Зікір жүректен [көңіл], сөзбен және дене қимылы арқылы, яғни үш түрлі жолмен орындалады.

Иә, Хайр, Халиқ Алла /а/ — иә, Қайырымды, Жаратушы Алла

Иғама /а/ — қайғы; бұлт

Иғламнама /а.п./ — хабарлама

Иғтибар /а/ — ескерту; назарға алу; сенім

Иғтирад /а/ — қарсы болу; қарсылық

Изн /а/ — рұқсат

Изһар ету, болу /а/ — нық, ашық; анықтау, таныту, көрсету; ауыспалы мағынада: қайтыс болу.

Илаһ /а/ — Құдай

Иләһи /а/ — Құдайым

Илфат /а/ — дос, жолдас

Иман-арза — [арза /а/ — ұсыныс] — имандылыққа шақыру, дінге үйрету

Инану /т/ — илану

Инғам /а/ — сыйлық; байлық

Инкар /а/ — мойындамау, бас тарту

Инсі-жын /а/ — адам мен жын

Иншалла /а/ — Алла қаласа

Ирада /а/ — ниет, ықылас, ықтияр; шешім

Ирам /п/ — байсалдылық

Ират /а/ — айла, тәсіл, жол

Иттифақ /а/ — ынтымақ, бірлік, келісім, бір ауыздылық

Ихсан /а/ — қайырымдылық, қайыр-садақа

Ихтиаж /а/ — мұқтаж болу, қажетсіну

Йасин /а/ — құранның 36–сүресі. Меккеде түскен қасиеті зор сүре. Бұл сүрені ауру-сырқау, бәле-жаладан қорғану үшін, сондай-ақ, жан тапсырғалы жатқан мұсылманның иманын үйіргенде оқиды. Пайғамбарымыз бұл сүрені «Құранның жүрегі» деп санаған.

Кәлам /а/ — сөз; әңгіме

Кәм /а/ — қанша

Кәмилат /а/ — кемел, кәмелет

Кәнизак /а/ — күң, қызметші қыз

Кәпір — пұтқа табынушы; көпқұдайшыл; шындықты мойындамаған; мұсылман елдерінде Аллаға сенбеген бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған.

Кәриһ /а/ — жексұрын

Кәрбиун /а/ — қайғылы, азап шеккен

Кәрім қылу /а/ — мейірбандық қылу

Кебап — кәуап

Кей /п/ — ғой; өйткені

Кент /п/ — қала

Керім, кәрім /а/ — жомарт, игі, шарапатты; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Кеше /т/ — түн

Көшек /т/ — жарық түсіретін нәрсе

Куһ /п/ — тау

Күрсі /а/ — орындық, тақ

Қада /а/ — үкім; сынақ

Қадар /а/ — аз; кішкентай ғана

Қадір /а/ — құдіретті, күшті; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Қайым /а/ — тұру, тік тұру

Қайыр дұға — жақсы дұға

Қалб /а/ — жүрек; орталық

Қапас /а/ — тор

Қапус /п/ — қақпа

Қаст /а/ — мақсат

Қасты болу /а/ — қас болу

Қахаттшылық /т/ — құрғақшылық

Қимат /п/ — қымбат

Қисым /а/ — бөлік

Қиямет /а/ — ақырет күні

Құбба /а/ — күмбез, шатыр; күмбезді үлкен сарай

Құдауанда — Құдай

Құдірет /а/ — керемет күш, ғажайып қасиет; Құдай, Алла, Тәңірі, Жаратушы

Құжыра /а/ — бөлме

Құран /а/ — мұсылмандардың ұғымы бойынша Алла Тағаланың сөзі жазылған, Ислам дінінің негізгі ереже, уағыздары толық көрініс тапқан мұсылмандардың ең басты қасиетті кітабы.

Құтпа /а/ — дұға, уағыз, насихат; әдетте құтпа жұма күндері мешітте айтылады

Қылует /а/ — жалғыздық; құпия орын; оңаша тұру

Лағин /а/ — малғұн, лағынет; Алла Тағаланың рақымынан мақұрым болған

Лазым, ләзім /а/ — жөн, дұрыс; лайық; керек, керекті

Лаух-Қалам: *[лаух /а/ — тақта]* — Құран Кәрім бойынша әр адамның тағдыры күні бұрын жазылып қояды. Сол жазу тақтасын лаух-қалам, лаухул-махфуз деп айтады.

Мағар баян /п, а/ — бейбітсүйгіш

Маглұм /а/ — мәлім, белгілі

Магриб /а/ — батыс

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті

Мадх /а/ — мадақ

Мадх шәріп /а/ — жақсы мақтау

Маймұн /п/ — маймыл

Маккара /а/ — айлакер, қу

Мақам /а/ — тұрғылықты жер, орын

Мақлұқат /а/ — жаратылған пенделер, күллі жанды мақұлықтар

Маншы /п/ — хатшы

Мархабат /а/ — қайырымдылық, мейірімділік

Махалла /а/ — ғимарат; орын; лагерь; квартал

Махбұб /а/ — ғашық, сүйікті

Махкам /а/ — берік, мекем

Махкама /а/ — мекеме; сот орны

Махшар /а/ — адамдардың о дүниеде жаза күніне жиналатын орны.

Маһир /а/ — қалыңмал

Машайық /а/ — [шайхы деген сөздің көпше түрі] — ақсақалдар; қариялар; ғалымдар; тайпаның, рудың ақсақалы, көсемі; діни көсем

Машақат /а/ — қиыншылық

Машриқ /а/ — шығыс

Мәгәр /п/ — тек қана

Мәжара /а/ — мән, мағына; таңғажайып оқиға

Мәжип /а/ — Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Мәзкүр /а/ — атақты

Мәкәр /а/ — мәтінде бұл сөз бірнеше мағынада қолданылған; қаһар; тазалау; қудалау; қулық, зымияндық.

Мәкүр /а/ — қу, айлакер

Мәкір /а/ — әдіс жасау; жөнін табу, ыңғайын келтіру, қайлалау

Мәлік /а/ — меншік иесі, қожайын; періште

Мәнзил /а/ — жағдайы; реті, тәртібі; тұрақ, үй

Мәрмәр — мрамор

Мәсжід /а/ — мешіт

Медет /а/ — мерзім

Мекер /а/ — сиқыршы, алдамшы, аяр

Милади /а/ — Иса пайғамбардың туғанынан бастап есептелетін жыл санағы.

Миллет /а/ — ұлт; ел, жұрт

Мөһір /а/ — мөр

Муафиқ /а/ — келісім; келісу, бір ауызды болу

Муллә /а/ — уайым-қайғы; жалығу

Мунис /а/ — дос

Мұғаллақ /а/ — ілініп тұру

Мұнафиқ /а/ — сырттай мұсылман, ішінен Ислам дініне қарсы; екі жүзді адам.

Мұстафа /а/ — таңдаулы; Мұхаммед пайғамбарға берілген есім.

Мұсылман /а/ — Ислам дінін ұстанушылар

Мұхтасар /а/ — қысқаша; аз көлемді

Мұбәрак /а/ — қайырымды, мейірман, қайырлы

Мұйіс — бұрыш

Мұмін /а/ — Ислам дінін ұстанатын адам, мұсылман

Мұсәпір /а/ — жолаушы

Мінаді /а/ — жар салушы

Нагаһан /п/ — оқыс, кенеттен

Назым /а/ — өлең, поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде шығыстық дәстүрде айтылатын өлең түрі

Нала қылу — дауыстап жылау, зарлау; қайғы-қасірет шегіп күйіну, қиналып қамығу, ренжу.

Налыс, налаш /т/ — қайғы-қасірет, мұң-шер

Нама /п/ — хат

Найылаж /п.а./ — лажсыз

Насра /а/ — көмек, жеңіс

Насрат /а/ — жеңіс

Насыр /а/ — көмекші, жақтас

Нафс /а/ — демалыс; тіршілік; жан, адам, ниет; көңіл, адамның ішкі дүниесі; тілек, арман; құмарлық, нәпсіқұмар.

Наһр /а/ — өзен

Нәби /а/ — пайғамбар

Нәжім /а/ — жұлдыз

Нәмахрам /п/ — бөтен, басқа; тыйым салынған

Нәпақа /а/ — тағам; ақы; сыйлық; ризық; пайдаланылатын нәрсе

Нәпсі /а/ — тілек, қалау, тәбет; жан

Нәһи /а/ — тыйым

Некаһ — неке

Некаһлау /а/ — үйлену, неке қию

Немәрсе /т/ — не болса да

Нигар /п/ — әдемі, сұлу

Нида /а/ — жар салу

Нидашы /а/ — жар шақырушы

Низам, назым /п/ — өлең; поэзия; нәзік сезімді, наз түрінде, шығыстық дәстүрде жазылған өлең түрі

Нияз /п/ — қажет, қажеттілік; өтініш; сый, тарту

Нон /а/ — кит

Нұжұм /а/ — жұлдыздар; астрономия ғылымы

Нығмет /а/ — шапағат; тағам; ырыс, игілік; сыйлық; бақыт

Олла /а/ — олла-білла деп ант ішу

Олмайын /т/ — болмайынша

Орам — резиденция; квартал

Паднос /о/ — ыдыс, табақ, таба

Пақыр /а/ — бейшара, байғұс

Паришан болу /п/ — қобалжу; шерменде болу; күю

Парияд, фарияд ету /п/ — зарлау, зар еңіреу

Пәруардигар /п/ — Құдай

Пәуеске /о/ — күйме

Пиада /п/ — жаяу

Публик ету /о/ — жариялау, жария ету

Пұрсат /а/ — мүмкіндік, мұрсат

Пырақ /а/ — жарқыраған; найзағайдай жүйрік ат, сәйгүлік

Рабб /а/ — тақсыр; ие, еге, қожа; патша; жоқтан бар етуші; Алланың 99 есімінің бірі, мағынасы: жоқтан бар етіп толықтырып асыраушы, тәрбиелеуші, бүкіл әлемнің қожасы, патшасы.

Рабиғ мәскүн /а/ — адамдар мекендейтін жер

Раст /п/ — рас, шыншыл; оң, тұра

Расул /а/ — елші

Расілтайр /а/ — құс басты

Расілхаят /а/ — жылан басты

Рауза /а/ — мекен

Рахмат /а/ — қайырым, мейірім

Рәмил /а/ — астрология ғылымы; құммен бал ашу

Ризуан — хадистерде айтылғандай, жаннаттың күзетшісі

Рубаи /а/ — Таяу және Орта шығыс поэзиясында кең тараған, мағынасы, көбінесе философиялық болып келетін төрт тармақты лирикалық өлең.

Рузе /п/ — ораза

Сад хазаран /п/ — жүз мыңдаған

Саид /а/ — билеуші, мырза, қожа

Сайад /а/ — аңшы, аулаушы; ұстаушы

Сақы, сақи /а/ — жомарт, мырза, қолы ашық, қайырымды

Салауат /а/ — дұға; жалбарыну; тілек,өтініш

Салла Аллаһу әләйһи уассалам, салла Аллаһу әләйһиссалам /а/ — салауат; Мұхаммед пайғамбарға айтылатын дұға, тілек

Салих /а/ — жақсы, мейірімді, қайырымды

Сандал биқам /а/ — тік өскен сандал ағашы

Сарпай /п/ — той үстінде таратылатын сый-кәде

Сафа /а/ — пәктік, тазалық; шынайылық; сау-саламат

Сахар /а/ — сәресі, таң атып келе жатқан мезгіл

Сәжде /а/ — мойынсұну, табыну; Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою.

Сәна /т/ — қайғы; тілек, өтінішті білдіретін — шы,-ші орнына қолданылатын жұрнақ [бар-сәна, айт-сәна]

Сәркардан /п/ — сергелдең

Сәрке — ішімдік

Сәруар /п/ — басшы, көсем (Мұхаммед пайғамбардың атына байланысты қолданылады).

Симия — химия

Сифа /а/ — диван, төсек

Сихнұқұр — құстың аты

Сөтке /о/ — тәулік

Станитса /о/ — бекет

Сулу /а/ — отты дем

Сулых /а/ — келісім, мәміле

Сұбхан Алла — Аллаға мадақ!

Сұннет /а/ — әдет, жол

Табиғ /а/ — тәуелді, бағынышты, қарасты

Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ең жоғары мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Тағат /а/ — құлшылық; шыдам, төзім, сабыр

Тағзият /а/ — әдептілік, сүйкімділік

Тағриф /а/ — мән, мағына, түсінік, анықтама

Тақ болу /т/ — таусылу

Тақыт — ою өрнектеліп безендірілген арқасы және жақтауы бар мүлік (қазіргі диван тектес); тақ — монархтың (хан, патша, шах) отыратын орындығы, билікке ие болу белгісі

Талиғ /а/ — тағдыр

Тамам /а/ — соңы, аяқталды

Тамиғ, тамиғкәрлік /а/ — қиял, арман; ашкөздік, сараңдық; қызғаншақтық

Таңға қалу — таң қалу

Тариқ /а/ — жол, әдіс, тәсіл

Таурат — діни ұғым бойынша жаратушы құдайдың Мұса пайғамбарға жіберген кітабы

Тауфиқ, таупих /а/ — жәрдем, көмек; табыс, бақыт; келісім

Тахсин /а/ — мадақ, жақсы сөз; жақсылық, қайырымдылық

Таһарат /а/ — су құйыну, дәрет алу, тазалану

Тәбәрік /а/ — жақсылық, қуаныш

Тәбип /а/ — емші

Тәдбир /а/ — шара

Тәкие /а/ — таяныш, тіреу, тірек; пана, баспана; жетімхана; дәруіштердің паналайтын орыны

Тәкрар /а/ — бірнеше рет қайталау

Тәлиф /а/ — жасау; құрастыру; жүйелеу

Тәмзилі /а/ — ерекше

Тәңір /т/ — Құдай

Тәсбих, тәсбі /а/ — 33 моншақ тастан тұратын тізбек. Тәсбих тарту — моншақ тастарды тере отырып, 34 рет «Аллаһу Акбар», 33 рет «Сұбхан Алла», 33 рет «Әлхамдулилла» деп Алла Тағаланы мадақтап сиыну

Тәслим /а/ — мойындау, бағыну, тапсыру

Тәрбиат /а/ — тәрбие, күту, өсіру

Тәубе /а/ — мойындау; тәубеге келу

Тұт /т/ — ұстау, сақтау

Тұтқынға кіртеді /т/ — тұтқын ету; тұтқындау

Түпірік /т/ — түкірік

Тірік, тіріклік /т/ — өмір; тірі болу; тіршілік ету

Уа /а/ — және

Уағда /а/ — уәде

Уар /а/ — бар

Уасил /а/ — келу, жету

Уахи /а/ — аян; бір нұсқаудың Алла Тағаланың тарапынан Пайғамбардың көкейіне қондырылуы; Мұхаммед пайғамбарға жіберілген хабар

Уәкіл /а/ — сенім артылған, өкілеттік берілген; көмекші, орынбасар

Уәлаят /а/ — аймақ, аудан

Уәли /а/ — басқарушы

Уәлхасыл /а/ — бір сөзбен, қысқаша айтқанда; әлқисса

Уәсил, уәсіл /а/ — бару, жету, қол жеткізу; мақсат, арман

Уд /а/ — алоэ

Үмбет, ұммет /а/ — ел, қауым, жамағат, жол; мәтінде көбінесе Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар мағынасында қолданылады

Үшбу /т./ — осы, бұл

Фаған, паған /а/ — зарлау, айғайлау; қасірет шегу

Фазыл /а/ — көрегенді, өнегелі, абзал; артық, ең жақсы

Фақат /а/ — тек ғана, небәрі

Фатиха /а/ — беташар, кіріспе; Құран Кәрімнің 1-сүресі

Фатыр /а/ — жаратушы

Фауартана /п/ — домалау

Фәһим /а/ — түсінік, пайым, ой, зейін

Фәһимлау /а/ — түсіну, ойлану, пайымдау

Фаһр әлем /а/ — әлемнің ары, абыройы, мақтанышы

Фирақ /а/ — айырылысу

Фитнә /а/ — жаман ниет, арам ой

Хабис /а/ — қапас, абақты

Хади болу /а/ — мақсат ету; көздеу

Хадим /п/ — қызметші

Хазани /п/ — күз; қайғы-қасірет

Хайф /п/ — қап, яғни өкініш

Хайыр /а/ — жақсы; жақсылық; садақа; қайырымды

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Халал /а/ — шариғат заңы бойынша ұлықсат берілген; заңды; таза, адал; некелеп алған; жарамды

Халас /а/ — құтылу, бос болу, арылу, құтқарылу; құтқару, тыю

Хале /а/ — әдемі, алтын жіппен тігілген салтанатты тон

Халид /а/ — мәңгі

Халиф, халифа /а/ — Ислам орнағаннан XIII ғасырға дейін араб елдерінде дін мен үкімет билігін бір қолға ұстаған мемлекет билеушісі

Халғит /а/ — сыйлық

Халық, халық /а/ — жаратушы; Алланың 99 есімінің бірі

Халуат /а/ — отау, оңаша үй

Хамд, хамду /а/ — мадақ

Хамду сәна, хамд сәна /а/ — Аллаға мадақ айту

Хамлә ету /а/ — шабуыл жасау

Хамле болу /а/ — жүкті болу, аяғы ауыр болу

Хаммам /а/ — монша

Хамыр /а/ — арақ

Хана /п/ — үй; жай

Хараб /а/ — қирау, быт-шыт болу

Хараж /а/ — салық

Харам /а/ — шариғат бойынша тыйым салынған, яғни ішіп-жеуге, қолдануға жарамайтын нәрсе [Құран Кәрімде бұл түсінік 71 жерде қолданылған]; заңсыз; таза емес

Харем /а/ — гарем, әйелдер бөлмесі

Хариб /а/ — қанішер; қиратушы

Хасил, хасыл /а/ — нәтиже; жүзеге асу, мақсатқа қол жеткізу; дайын

Хатаб /а/ — сөз; дұға оқу

Хатта истуа /а/ — экватор, жер ортасы

Хауыз /а/ — су қоймасы, бассейн

Хашам /а/ — қарапайымдылық; сыйлау, әдептілік

Хәдд /а/ — шек, шекара

Хәдден асты /а/ — шектен асты

Хәкім /а/ — билеуші, әкім

Хижра /а/ — мұсылманша жыл санауы. 622 жылы мұсылмандардың Меккеден Мәдинаға көшкен жылынан басталады

Хикаят /а/ — алуан түрлі ғажайып оқиғалар жайлы жазылған әдеби шығарма

Хикмет /а/ — керемет, ғажайып; дана сөз

Хилап ету /а/ — алдау; ақымақ ету; өкіну

Хош — көңілдің жан сүйсінерліктей жай-күйі, ықыласзауқы

Хошы кету — есі кету, есінен тану

Хұзыр ету /а/ — қатысу; келу, көріну

Хұзұр /а/ — ерік, ырық

Хұсни /а/ — әдемі, сұлу; әдемілік, сұлулық

Хүкім /а/ — үкім

Хүкімет /а/ — билік

Хүкімет қылу /а/ — билік жүргізу

Һайыл /а/ — сұмдық, қорқынышты; үлкен, зор
Һаман /п/ — әрқашан, үнемі, әрдайым; дәл сол
Һәдие /а/ — сыйлық
Һәлак /а/ — өлу, өлім; күйреу, құрып біту
Һәлак ету — өлтіру, құрту
Һәм — және
Һәр, һәрне, һеш — әр, әрне, еш
Һүнді — үнді
Ықлим /а/ — аудан, аймақ
Ықтият /а/ — мұқият болу; сақтану
Ілтимас /а/ — өтініш
Шағыру /т/ — ұрысу
Шайад /п/ — мүмкін, бәлкім
Шақты /т/ — дейін, шейін; сияқты
Шарафат /а/ — қасиет, берекет
Шариғат /а/ — заң; Исламның негізгі заңдар жинағы
Шариф /а/ — құрметті, ұлы, қадірлі, ақсүйек, текті; Пайғамбардың ұрпақтарына берілген атақ
Шаһид, шәһид /а/ — шейіт. Алла жолында құрбан болған адамды шаһид деп атаған. Құран Кәрім бойынша, шаһид о дүниеде жұмақтың төріне барады
Шаһмаран /п/ — [маран — жылан] — жыландар патшасы
Шәукет /а/ — күш, құдірет
Шимал /а/ — солтүстік
Шиыр /а/ — өлең
Шөгүнке /о/ — қазан
Шүбһә /а/ — шүбә, күмән; дінге сенбеушілік
Яһуди — жүһүд, еврей, Мұса пайғамбардың үмбеті

МӘТІНДЕ КЕЗДЕСЕТІН ҚҰРАН АЯТТАРЫ МЕН ДҰҒАЛАР

Аллаһуммә салла әлә Мұхаммед уа әләйһи ассалам /а/ — Алла Мұхаммедті жарылқап, қолдасын.

Әлхамду лиллаһи Раббил аламин /а/ — әлемнің жаратушысы (қожайыны) Аллаға мадақ.

Әлхамду лиллаһи әлләзи әтғаманә уа сақианә уа жағаланә мин әл-муслимин /а/ — Бізге жегізген, ішкізген және мұсылман қылып жаратқан Құдайға мадақ.

Лә иләһа илла Алла /а/ — Алладан басқа Құдай жоқ.

Лә иләһа илла Алла, Мұхаммед — Расул Алла /а/ — Алладан басқа Құдай жоқ, Мұхаммед — Алланың елшісі.

Куллу нафси заиқатул маути /а/ — әрбір адам өлім дәмін татады //Құран Кәрім, 3-сүре, 185-аят.

ЖЕР–СУ АТАУЛАРЫ

Азия, Америка, Африка, Европа — мәтінде бұлар осы заманғы түсінік бойынша қолданылған.

Бағдат — (кей жорамалдарға қарағанда ежелгі парсы тілінің «бага» — Құдай, «дад» — берген, яғни «Құдай сыйы» сөздерінен шыққан) — 1921 жылдан қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халиф Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насредин Туси, Әл-Фараби, т.б.] оқып, білім алған.

Жейхун — Орта Азиядағы ірі өзендердің бірі Амударияның көне атауы.

Жидда — Араб түбегінде орналасқан елді мекен; қала атауы.

Ирамбағы, Ирамбақ, бағы Ирам — Шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Исфаһан, Асфаһан — Иранның орталық бөлігіндегі қала. Зайенфруд өзенінің жағасында орналасқан Исфаһан ауданының әкімшілік орталығы.

Йемен — оңтүстік-батыс Арабияда орналасқан мемлекет. Шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында Йемен мол байлықтың елі деп суреттеледі.

Қап тауы — Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы

таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының ар жағын йәжуж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тілдерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Шығыс халықтарында Қап тауларымен байланысты көптеген аңыздар бар.

Құддыс — Қазіргі Израил мемлекетінің астанасы Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және Ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі — «Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (ә.с) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла Тағаламен дидарласу, яки оның хұзырында болу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Қылзам — Араб түбегі мен Африка құрлығының қосылған тұсындағы мекен, уәлаят.

Мекке — мұсылмандардың Хижаздағы басты қасиетті қаласы. Мұхаммед пайғамбар осы қалада туып, өмір сүреді және өзінің уағызын айта бастайды. Мұхаммед Меккедегі Исламға дейінгі пұтқа табынушылардың ғибадатханасы болып келген Қағбаны Исламның ең қастерлісі деп жариялап, оған барлық мұсылмандардың қажылыққа баруын өсиет етті. Қағба Меккедегі Масжид Харам деп аталатын бас мешітте орналасқан. Жыл сайын Меккеге қажылыққа әлемнің әр түпкірінен миллиондаған адам келеді.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл өзені — Африканың ірі өзені. Арабтар Нілді «құдайдың сыйы» деп атап, негізінен осы өзенді жағалай қоныстанған.

Сарандип — Цейлон аралының арабша атауы; жұмақтан қуылған Адам атаның түскен жері.

Үндістан — Азияның оңтүстік шығысында орналасқан мемлекет.

Фердаус (парсы) — дәл мағынасы: жұмақ бағы. Құран Кәрім бойынша жұмақ бірнеше бөліктен тұрады. Біреуінің атауы —

Фердаус. Мұсылман елдерінің фольклоры мен әдебиетінде «Фердаус» — мәңгі гүлдеп тұратын мәуе бақтың символы.

Хижаз — Араб түбегіндегі жазық, Қызыл теңізбен шектеседі.

Хорасан — Иранның солтүстік шығысындағы провинция, шығысында Ауғанстанмен шектеседі.

Шам шаһары — Сирияны арабтар осылай атаған. Теңеу ретінде «шариф» сөзі қосылып, көбінесе «Шам шариф» делінеді. «Шариф» — арабша құрметті, қадірлі, ұлы мәртебелі деген мағынаны береді. Кейде Дамаск [Димишк] қаласының атауы ретінде қолданылады.

Бұлармен қатар мәтіндерде басқа географиялық атаулар кездеседі, мысалы: Гауһарникин, Наһруан, Адине, т.б. Олардың кейбіреулері тарихтан белгілі, шығыс елдерінде орналасқан қала, мемлекеттердің аттары болса, кейбіреулері жартылай мифтік, ертегілік атаулар.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҺӘМ ЖИНАУШЫ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Нұрымұлы Жүсіп—1825 жылы туған, қайтыс болған жылы белгісіз. Туып, ғұмыры өткен мекен—Көкшетау өңірі. Өз заманының сауатты, мәдениетті азаматтарының бірі. Өте көлемді, 9194 жолдан тұратын «Шаһмаран» дастанының айтушысы, һәм баспаға дайындап жіберушісі.

Шартты қысқартулар

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана
Қ — Қазан қаласы
ҚҚ — Қолжазба қоры
Ш — шифр
дәп — дәптер
а — араб
о — орыс
п — парсы
т — түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Шаһмаран кітабы. Жариялаған *Жүсіп Нұрымұлы.* — Қазан, 1901.
2. Шаһмаран хикаясы. Жариялаған *Жүсіп Нұрымұлы.* — Қазан, 1907.
3. Шаһмаран. Жариялаған *Жүсіп Нұрымұлы.* — Қазан, 1909.
4. Шаһмаран. Жариялаған *Жүсіп Нұрымұлы.* — Қазан, 1913.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Құран Кәрім: қазақша мағына және түсінігі. Аударған *Халифа Алтай.* — Мәдина, Сауд Арабиясы, 1991.
2. *Әзібаева Б. У.* Казахский дастанный эпос. — Алматы: Ғылым, 1998.
4. *Гринцер П. А.* Древнеиндийская проза [Обрамленная повесть]. — М., 1963.
5. *Г. Э. фон Грюнебаум.* Основные черты арабо-мусульманской культуры. — М., 1981.
6. Ислам. Краткий справочник. — М., 1983.
7. Ислам: Энциклопедия. Бас ред.: *Р. Н. Нұрғалиев.* — Алматы: ҚЭ, 1995.
8. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: *С. С. Есова, Ү. Х. Сұбханбердина, Д. С. Сейфуллина.* — Алматы, 1986.
9. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 7-том. — Алматы: Ғылым, 2003.
10. *Қасқабасов С. А.* Жаназық. Таңдамалы. — Астана: Аударма, 2002.

11. Мың бір түн. 2,3 т. Аударған *Қ. Әбдіқадыров*. — Алматы, 1961.

12. Революцияға дейін қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар. 1807-1917 [Аннотацияланған библиографиялық көрсеткіш]. Құрастырушылар: *М. Бөжеев, Д. Қазыбекова, К. Бегімбаева*. — Алматы, 1978.

13. Арабско-русский словарь. Составитель *Х.К. Баранов* — М., 1968.

14. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.

15. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдеринова*. — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.

16. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.

17. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І. К. Кеңесбаев*. — Алматы, 1977.

18. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю.А.Рубинчика*. I-II т. — М., 1970.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова МОН РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Второй том серии включает в себя объемный, в 9194 строки дастан новеллистического содержания «Шаһмаран».

Это многотемное, многосоставное и остросюжетное произведение. Фабула его очень интересна, эпизоды сменяют друг друга в логической последовательности, в то же время налицо дидактическая направленность его и морализм.

Содержание дастана полностью следует сюжету фольклорных повестей «Рассказ о Малик-Маране», «Рассказ о Балкие», «Рассказ о жизни Жаханшы», которые в сказках «1001 ночи» рассказывала Шехерезада своему повелителю на протяжении с 428-ой по 484-ую ночь[1].

Главная установка дастана — восхваление общечеловеческих духовных ценностей, пропаганда таких человеческих качеств, как: благородство, верность слову, честность и т.д.

Вот схематическое изложение сюжета дастана. Всевышний Господь и до пророка Мухаммеда посылал своих посланцев для увещевания людей, для наставления их на правильный путь. Среди них пророк Даниал, обладатель знаний. После его смерти у него рождается сын, его нарекли Жамсыбом. Но он, хотя и был сыном ученого отца, оказался невосприимчив к знаниям. Он становится продавцом дров [отыншы]. Однажды, спрятавшись в горах от сильного дождя, попадает в царство Шаһмарана — царя змей, по имени Имлиха. Имлиха не хочет отпускать Жамсыба,

[1] Мың бір түн. Аударған *Қ. Әбдіқадыров*. — Алматы,1961. — 2-том: 443-471 б.; 3-том: 3-51 б.

который без разрешения прибыл в его царство, т.е. открыл секрет их. Жамсыб дает клятву, что никому не расскажет о царстве змей. Шаһмаран отвечает: «Я тебе не верю, ибо ранее убедился в коварстве людей, в обманности их обещаний». И начинает долгий рассказ о вероломстве сыновей Адама: о владетеле Мысра Ушах шахе, его сыновьях — Балкие и Кахаре, затем Акапе, пророке Сулеймене, Хизре и т.д.

В финале дастана Жамсыб становится великим ученым, познавшим все тайны мира; вероломство и предательство наказываются; честный, порядочный и благородный достигает искомого; грех, совершенный по незнанию, прощается.

В дастане для реализации заявленных тем и идей привлечен очень богатый, разнообразный по своим источникам материал: библейско-коранические легенды об Адаме и Еве, тиране Намвруде и пророке Сулеймене, доисламские фольклорные предания о Хизре, коранические рассказы, многочисленные сказочно-эпические сюжеты и мотивы, очень много сведений и рассказов этно-географического содержания, описание рая и ада, рассказы об устройстве земли и небосвода в соответствии с Кораном и хадисами и т.д. Но весь привлеченный материал понимается через призму средневековых мировоззренческих принципов и подается не в абстрактном виде, а через традиционные образы восточного фольклора и литературы и, в целом, интерпретируется в новеллистическом духе. Причем древние магическо-тотемические воззрения мирно уживаются с более поздними мусульманскими. В целом, создатели дастана обнаруживают хорошее знание Корана, истории Ислама и общевосточной мифологии.

Центральным персонажем произведения наряду с Жамсыбом является царь змей — Шаһмаран, его зовут Имлиха, причем в тексте чаще употребляется его титул, чем имя собственное.

Известно, что образ змеи, восходящий к древним магическо-тотемическим представлениям, довольно широко распространен в фольклоре многих народов Востока, в том числе и у казахов. И везде основная функция змеи — оказание помощи человеку, попавшему в беду. В дастане мы наблюдаем сохранение этой функции. Шаһмаран помогает Жамсыбу даже после того как не раз убеждался в неблагодарности и жестокости людей.

Более того, Шаһмаран наделяет Жамсыба магической способностью понимать язык птиц и животных, овладеть комплексом знаний об окружающем мире, т.е. стать знаменитым ученым своего времени.

Дастан очень велик по своему объему, обладает высокой степенью информативности, однако очень читабелен, воспринимается достаточно легко, ибо композиционно построен по методу ящичной, т.е. рамочной композиции, когда один эпизод легко сменяет другой, а одна история плавно переходит в другую. Эти истории порой и не связаны между собой, но их связывают и объединяют главные персонажи — Жамсыб и Шаһмаран; все рассказы и притчи, легенды и мифы в дастане вводятся с целью доказательства определенных идей, установок, для достижения вполне конкретных задач. То есть история Шаһмарана и Жамсыба лишь композиционный прием, их история — обрамление, рамка, предлог для введения «бесконечного потока историй»[2]. То есть структурно дастан построен по классическому принципу обрамленной повести.

Классический образец рамочной композиции представлен в дастане «Хикаят дастан Хатымтай», который будет опубликован в четвертом томе серии «Бабалар сөзі»; рамочная композиция характерна также и для других казахских дастанов, имеющих своими источниками восточную словесность.

Стиль и языковые особенности публикуемого в данном томе дастана характерны для книжных форм дастанного эпоса в целом. В частности, например, наличие большого удела слов, заимствованных из персидского, арабского, а также, но в очень малой степени, русского языка. Наряду с этим от уже изданных произведений «Шаһмаран» отличается тем, что в нем сохранено немало древнетюркских лексем и грамматических форм. Например, лексема тірлік [жизнь, бытие, существование] встречается в древней форме тіріклік, которая была зафиксирована в каирском списке [не позднее первой половины XIV в.][3] поэмы «Құтты білік» Юсуфа Баласагунского, созданной в 1069-1070 годы.

Точно также глагол *илану* в дастане употреблен в древней форме *инану*[4], которая отражена в «Диуани луғатит турк»

[2] *Гринцер П.А.* Древнеиндийская проза [Обрамленная повесть]. — М.,1963. — С.199.
[3] Древнетюркский словарь. — Л.,1969. — С.562.
[4] Древнетюркский словарь. — Л.,1969. — С.218.

М.Кашгарского, единственный дошедший список которого, написанный арабским письмом в 1266 году, хранится в Стамбуле.

Таким образом, это произведение кроме своей художественно-эстетической, исторической, а также информативной значимости ценно и с лингвистической точки зрения.

«Шаһмаран» был издан арабским письмом в первом десятилетии XX века. Причем история его подготовки и публикации, кратко изложенная в разделе «Комментарии», проливает свет на историю казахского книгопечатания XIX-XX в.в.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах и их вариантах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Дастан «Шаһмаран» подготовлен с Казанской публикации 1909 года, увидевшей свет на арабской графике. На кириллице публикуется впервые.

Объем тома — 22 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts under Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of multi-volume series «Babalar sozy».

The second volume includes the voluminous dastans of novelistic content «Shahmaran», including 9194 lines.

This is multi-topical, multi-compositional and sharp plot work.. Its plot is very interesting, the episodes are changing each other in a lively and logical succession, at the same time didactic orientation and morality are present.

The content of the dastan completely follows the plot of folklore narratives «Story about Malik-Maran», «Story about Balkiya», «Story about Zhakanshi's life» that were told by Sheherezada to her sovereign in the tales of «1001 nights» during 428th to 484th night[1].

The main conceptual aim of the dastan is praising of humanity spiritual values, propaganda of such human features as: nobility, faithfulness to the given word, honesty etc.

Here is a schematic content of the dastan. The Most High God before prophet Mukhammed has sent his envoys for admonishing people, for guide them for the right way. Among them prophet Danial, possessor of knowledge. After his death his son was born and named Zhamsyb. However although he was a son of educated farther, he appeared to be unreceptive to knowledge. He becomes a salesman of firewood (otynshy). Once hiding from the rain in the mountains he gets to the kingdom of Shahmaran — king of

[1] Thousand and one night. Translated : *K. Abdikadyrov*. — Almaty, 1961. — volume 2: p. 443-471; volume 3: p. 3-51.

snakes named Imlikha. Imlikha don't want to let Zhamsyb go who came to his kingdom without permission and opened their secret. Zhamsyb swears that he never tells anyone about snake kingdom. Shahmaran replies: «I don't believe you, because I know how people are insidious and deceptive» . Then he begins a long story about treachery of Adam's sons: about the ruler Mysra Ushah shah, his sons — Balkiya and Kahar, then Akap, prophet Suleimen, Khizr etc.

At the end of dastan — Zhamsyb becomes a great scientist who has learnt about all secrets of the world; treachery and betrayal are being punished; honest and decent and noble person achieves his aim; sin made by ignorance is forgiven.

The dastan includes very rich, diverse material resources for achieving declared themes and concepts: Bible-Koran legends about Adam and Eve , tyrant Nimverud and Suleimen, pre-Islam folklore legends about Khizr, Koran stories, numerous tale-epic plots and motifs, much information and stories of ethnic-geographic content, description of paradise and hell, stories about Earth and heaven according Koran and khadises etc. However all used material is comprehended through the prism of medieval philosophic principles and is presented not in abstract way but traditional images of oriental folklore and literature and is interpreted in novelistic manner. Ancient magic — totem ideas are peacefully coexisting with the latest Moslem. In general the authors of the dastan have good knowledge of Koran, Islam history and general oriental mythology.

Central characters of the work alongside with Zhamsyb is snake king — Shahmaran, his name is Imlikha, and in the text often his title is mentioned but not his proper name.

It is known that image of snake originating from ancient magic-totem ideas is widely spread in folklore of many nations of the orient including Kazakh people. Always the main function of snake is to help human who is in trouble. In the dastan this function is also observed. Shahmaran helps Zhamsyb even after he several times made sure that people are ungrateful and cruel.

Moreover Shahmaran provides him Zhamsyb with magic ability of understanding language of birds and animals, learn about the environment and become a well known scientist of his times.

Dastan is very big in volume, is highly informative , however

it is very readable, easy comprehensible because it is composed according to the method of box, frame composition when one episode shifts another one and one story smoothly passes to another. These stories sometimes are not related to each other but they are linked by the main characters — Zhamsyb and Shahmaran; all stories and parables, legends and myths in dastan are introduced with the purpose of proving certain ideas, aims for achieving concrete objectives. It means that the story about Shahmaran and Zhamsyb is only composition method, their story — is a frame, ground for introducing «endless current of stories»[2]. It means that structure of dastan is built according to the classical principle of framed narrative.

Classical example of framed composition is presented in dastan «Hikayat and Hatymtay» which will be published in the fourth volume of the series «Babalar sozy»; frame composition is typical for other Kazakh dastans that are based on oriental philology.

Style and language features of the publishing in this volume dastans are typical for book forms of dastan epos in general. In particular, for example, a big number of the loan-words from Persian , Arab and in a small extend Russian language . Alongside with this from the already published and being published works in this volume «Shahmaran» is different because of it preserves many old Turkic lexems and grammar forms. For example, lexem tirlik (life, existence) is present in old form tiriklik that was recorded in Cairo list (not later than the first half of XIV c.)[3] of the poem «Kutty bilik» written by Ussuf Balasagunsky in 1069-1070.

Same with the verb ilanu in dastan is used in old form inanu[4], that is reflected in «Diuani lugatit turk» by M. Kashgarsky the only left list of which written in Arabic letter in 1266 is preserved in Istambul.

So, these works are valuable not only for their artistic — esthetical , historical and informative value but also for linguistic point of view.

Multi volume code «Babalar sozy» is a scientific publication. The texts published are presented in the initial, adequate to the initial source kind, i.e. that any intervention into the text is excluded.

---

[2] *P.A. Grincer* Old Indian prose [framed narrative]. — M., 1963. — p.199.
[3] Old Turkic dictionary. — L., 1969. — p.562.
[4] Old Turkic dictionary. — L., 1969. — p. 218.

The volume is supplied by scientific annexes that include data on published texts and their versions; brief historic — folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are present in the texts; dictionary of old Turkic, Arabic and Persian words, terms and ideas of the religious character and geographic names; data on narrators, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

Dastan «Shahmaran» is prepared from Kasan publication of 1909, published in Arabic letters. In Cyrillic it is published for the first time.

Size of the volume is 22 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушыдан 5

Мәтін
Шаһмаран 9

Ғылыми қосымшалар
Томға енген мәтінге түсініктеме 301
Мәтінде кездесетін тарихи және діни есімдер 313
Сөздік 319
Мәтінде кездесетін Құран аяттары мен дұғалар 334
Жер-су атаулары 335
Томға енген дастанды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушы туралы мәлімет 338
Шартты қысқартулар 338
Пайдаланылған әдебиеттер 339
Резюме 341
Summary 345

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

2 том

НОВЕЛЛИСТИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Тұрлынова*
Редакторы *Ұ. Тілегенова*
Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*
Компьютерде терген *Н. Мұрсалимова*
Компьютерде беттеген *М. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 1476

Теруге 25.05.04 жіберілді. Басуға 29.06.04 қол қойылды. Пішіні 60x90$^{1}/_{16}$.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 22. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №421.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Регис СТ — Полиграф» ЖШС баспаханасында басылды

ISBN 9965-619-62-X

